

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ 811.512.122'42

Қолжазба құқығында

КОЙЛЫБАЕВА РАУШАН КУАНЫШОВНА

Қазақ отбасы дискурсының лингвоаксиологиялық аспектісі

8D02314 – Лингвистика

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының кандидаты,
профессор М.Ә. Жүніс

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Professor, Dr. Nergis Biray
(Памуккале университеті)
Түркия, Денизли

Қазақстан Республикасы

Алматы, 2023

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
АНЫҚТАМАЛАР.....	4
КІРІСПЕ	6
1 ДИСКУРСТЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН БАҒЫТТАР.....	12
1.1 Дискурс теориясының әдіснамалық негізі.....	12
1.2 Отбасы дискурсы мен отбасы коммуникациясының арақатынасы	25
1.3 Отбасы дискурсындағы лингвоаксиологиялық факторлардың көрінісі..	30
1 тарау бойынша тұжырым.....	62
2 ҚАЗАҚ ОТБАСЫ ДИСКУРСЫНЫҢ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ.....	65
2.1 Қазақ отбасы дискурсының лингвоаксиологиялық негізі.....	65
2.2 Қазақ отбасы дискурсының коммуникативті-прагматикалық қызметі....	82
2.3 Қазақ отбасы дискурсының когнитивті-семантикалық өрісі.....	106
2 тарау бойынша тұжырым.....	128
ҚОРЫТЫНДЫ.....	130
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	133
ҚОСЫМША А - Сауалнама.....	142
ҚОСЫМША Ә - Енгізу акті.....	144

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 1 қыркүйек 2021 ж. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkyna-zholdauy-183555>.

2. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі.

3. «Қазақстан – 2030» Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. 11.10.1997. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K970002030_.

4. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті – елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050/links>.

5. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1045 қаулысы.

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста келесі терминдер мен олардың анықтамалары қолданылды:

Дискурс – адресанттың адресатқа мақсатты түрде бағыттаған ойының адресат санасында интерпретациялануы нәтижесінде туындаған сөйлеу актісі.

Пропозиция – мағынаны берудің ерекше көрінісі ретінде, ақпаратты сақтаудың негізгі танымдық бірлігі ретінде, дискурсты қалыптастыруда және түсіндіруде үлкен рөл атқарады.

Инференция – сөйлеушінің басындағы ойды нақты білмегендіктен, дискурс барысында тыңдаушының дискурсты қабылдаушы интерпретатор ретінде алдын ала болжам жасауына итермелейтін когнитивті операция.

Экспликатура – жазылған немесе естіген нәрсені егжей-тегжейлі, нақты түсіндіру немесе түсіну.

Импликатура – бұл сөйлеушінің коммуникация барысында нені меңзегені, басқаша айтқанда, сөйлеуші ойының астары деген сөз.

Релеванттілік категориясы – әрбір дискурсивті мағынаның алдыңғы және кейінгі сөйлеу әрекеті мен хабарлама контексіне сәйкес келуі.

Пресуппозиция – мағыналық дұрыстығымен және контекстік өзектілігімен сипатталатын айтылымның мағыналық компоненті.

Референция – ақпарат көзіне сілтеме жасау.

Дискурстық жағдаят – дискурстық тәжірибені, әлеуметтік тәжірибені мәтін ретінде талдайтын, тілді қолданудың үлгісі.

Мәтін – дискурстық жағдаятта қолданыс табатын, жазбаша немесе ауызша тіл.

Дискурсивтілік (интердискурсивность) – дискурс түрлері мен жанрларынан мәтіннің құралуы.

Институционалды дискурс – қоғамдағы әлеуметтік институттардың өздеріне тән қалыптасқан нормалары мен типтеріне сәйкес айқындалатын дискурс түрі.

Отбасы коммуникациясы – отбасы мүшелерінің апперцепциялық білімінің тең болуының нәтижесінде өзара қарым-қатынасқа түсу формасы.

Отбасы дискурсы – коммуниканттардың ойы мен ниетіне және белгілі бір жағдаятқа байланысты туындайтын, отбасы мүшелерінің қарым-қатынасқа түсу формасы, адресант пен адресаттың маңызды интенциясы.

Отбасы ресайленсі (тұрақтылығы) – ата-ананың баланың алдындағы борышын ескере отырып, бүкпесіз, ашық әңгімелесудің нәтижесінде өзара түсіністікті қалыптастырып, отбасын сақтау, өміршеңдігін арттыру.

Апперцепциялық база – сөйлеушінің қарым-қатынасқа түсу барысында қолданысқа түсетін білімі мен осыған дейінгі жинақтаған тәжірибесі.

Конситуация – қарым-қатынасқа түсудің экстралингвистикалық жағдаяты болып табылады, қарым-қатынасқа түсу шарты және оның қатысушыларынан тұрады.

Контекст – дискурс барысында көрінетін және коммуникативтік акт кезінде өзекті болып табылатын, шынайы көрініс табатын, жағдаяттың бөлігі болатын имплицитті және эксплицитті түрде берілетін ойлар.

Жағдаят – вербалды акт бөлігі болып табылатын, объективті шындықтың үзіндісі.

Перлокутивті акт – адресанттың интенциясының адресатқа әсері.

Ассертивтер (мәлімдеме жасау) – сөйлеушінің белгілі бір жағдайды хабарлау кезінде, айтылған шешімі үшін жауапкершілігін бекіту.

Директивтер (ықпал ету) – сөйлеудің иллокутивті бағыты сөйлеушінің тыңдаушыға әрекет жасауына итермелеуді білдіреді.

Комиссивтер (міндеттеме) – сөйлеушіні бір істі жасауға міндеттейді, сонымен қатар оларда бірдеңе жасауға ниеттілігі туралы хабар болады.

Декларативтер (жариялау немесе мадақтау) – сөйлеушінің тыңдаушы мәртебесін көтеруге арналған сөздері.

Экспрессивтер (ойдың айқындығы) – коммуникация барысындағы адамдардың жауабынан шынайы психологиялық көңіл-күйінің білінуі.

Прескриптивтер (талап ету) – сөйлеуші позициясының басымдылығын білдіреді.

Реквестивтер (өтініш) – сөйлеушінің айтқан ойын тыңдаушы орындауы міндетті емес.

Суггестивтер (сендіру) – сөйлеушінің мақсаты адресатты өзіне пайдалы әрекетті орындауға итермелеуінен тұрады.

Коммуникативтік интенция – бұл сөйлеушінің алдына қоятын нақты міндеті, оған оның мінез-құлқы мен сөйлеу күш-жігері бағытталатын болады.

Коммуникативтік мақсат – сөйлеушінің ниетіне бағытталған стратегиялық нәтиже.

Коммуникативтік стратегиялар – коммуниканттардың әлеуметтік мақсатына сәйкес жалпы (басқару, билікке қол жеткізу, белгілі бір лауазымды иелену, т.б.) және жеке (сұрану, өтіну, жұбату, ескерту, т.б.) стратегиялар түрінде қарастырылады.

Коммуникативтік тактика – нақты сөйлеу қадамы (сөйлеу стратегияларының жиынтығы) ретінде сөйлеу стратегияларын жүзеге асыруға атсалысады және қатысымдық жағдаяттың мақсатына жетуін қамтамасыз ету қажеттілігінен туындайды.

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы: Тіл білімінде маңыздылығы артып, өзекті мәселеге айналып отырған дискурс мәселесі, белгілі бір халыққа тән мәдени құндылықтарды тіл арқылы танытуға негіз болатын басты фактор болып табылады. Отбасы дискурсы кезінде көрініс табатын мәдени құндылықтар санамызда сақталған күнделікті қолданылатын лингвомәдени бірліктер арқылы, яғни халқымызға тән паремиологиялық қор арқылы, наным-сенімдер, ырым-тыйымдар, фразалық тіркестер арқылы айқындалады. Жалпы, отбасы тақырыбы – қай кезде болмасын өзектілігін жоймайтын тақырып. Отбасы – мемлекеттің басты құндылығы. Мәңгілік елге айналу үшін, әр отбасының ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, берік қамалға айналуы – маңызды мәселелердің бірі. Отбасы – негізгі тұлға қалыптастырушы болып табылады. Отбасында әр баланың жеке тұлға болып қалыптасуына септігін тигізетін қайталанбас бейнесі құрылады. Зерттеуімізде, қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер, ырым-тыйымдар, салт-дәстүрге негізделген жоралғылар отбасылық тәртіптің қалыптасуына дәйекті негіз бола алатыны анықталып, отбасының негізгі функционалдық параметрлері көрсетіліп, отбасылық құндылықтар тұжырымдалып, талданды. Қазақ халқына тән салт-дәстүрлер, мақал-мәтелдер өздігінен тәрбиелік мән бермейтіні анықталып, отбасында ата-ананың сол айтылған ой мен ұстанымдарды өздері ұстана отырып, үлгі болған жағдайда ғана маңыздылыққа ие болатыны дәйектелді. Әрбір мақал-мәтел, салт-дәстүр дұрыс орнымен қолданылған жағдайда өскелең ұрпақ үшін тамаша өнегеге толы сабақ болатыны анық. Осы орайда, отбасының тетігін ұстап тұратын басты мәселе, отбасындағы жақсы қарым-қатынас, яғни дискурс мәселесі. Осы кезге дейін, отбасы мәселесі жан-жақты зерттелгенімен, отбасылық дискурс мәселесі, соның ішінде қазақ отбасындағы дискурстың құндылықты әлеуеті қарастырылмаған екен. Осы мәселені мақсат ете отырып, қазақ тіл білімінде отбасы дискурсының лингвоаксиологиялық негізін айқындауды алғаш рет қарастырып отырмыз. Жұмысымызда отбасы дискурсының семантикалық және прагматикалық мағыналарының ұлттық құндылықтар жүйесіндегі көрінісі зерттеледі. Отбасы дискурсы кезінде қолданылатын лингвомәдени бірліктердің астарындағы ұлттық когнитивтік түсінікті, ұлттық аялық білімді анықтау көзделеді. Мақсатымызға сәйкес, зерттеу жұмысымызда қазақ отбасындағы дискурстың концептілік мәні, мәдени-семантикалық құрылымы, прагматикалық әлеуеті лингвомәдени бірлік ретінде санада қалыптасқан лингвоаксиологиялық мағынасымен тығыз байланысты екенін анықтау жұмыстары жүргізілді. Зерттеу барысында тіл біліміндегі коммуникация және дискурс ұғымдарына теориялық талдау жасалды. Отбасы дискурсы ұғымына анықтама беріліп, дискурс түрлері арасындағы отбасы дискурсының алатын орны көрсетілді. Отбасы дискурсындағы құндылық мәнді базалық концептілерді жан-жақты қарастырып, ұлттық санада қалыптасқан аксиологиялық моделі жүйеленді. Сондай-ақ, қазақ отбасы дискурсының аксиологиялық бейнесін сипаттайтын құндылық негізді тілдік құралдар айқындалып, семантикалық талдау жүргізілді. Отбасы дискурсындағы сөйлеу актілерінің қызметіне және дискурстық

интенцияның рөліне талдау жасалды. Зерттеу нәтижесінде отбасылық құндылықтардың маңыздылығын тілдік бірліктер арқылы дәйектей отырып, қазақ отбасы дискурсының лингвоаксиологиялық аспектідегі моделі ұсынылды.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі: Лингвистика ғылымында қарым-қатынас үстіндегі тілді зерттеуге ерекше басымдық беріліп, лингвокоммуникация, лингвопрагматика, дискурс теориясы қалыптасты. Қазіргі кезде аталған теориялық ілімдер бір-бірімен тығыз байланысты ғылым салалары екені анықталып, жаңа бағыттағы зерттеулердің қалыптасуына арқау болып отыр.

Дискурс теориясы лингвокоммуникация, лингвопрагматика ілімінің дамуымен байланысты пайда болып, қазіргі таңда өзіне тән құрылымдық жүйесі, темасы мен ремасы, көптеген түрлері және объектілік, субъектілік мазмұны бар жаңа бағыттағы лингвистикалық сала ретінде орнығуда. Дискурс теориясын тек лингвист ғалымдардың ғана емес, жалпы әлеуметтік ортаның назарын аудартатын лингвистикалық ілімдер жүйесіне жатқызуға болады. Себебі дискурстық зерттеулер тілдік қатынас үстіндегі адамдардың сөйлеу тілі арқылы олардың тұрмыс-тіршілігін, танымын, мәдениетін, аялық білімін т.б. айқындауға қызмет етеді. Бұдан дискурстық зерттеулерге сүйене отырып, кез келген этностың, халықтың болмысын дәл тануға болатынын байқау қиын емес. Диссертациялық жұмыс қазақ отбасы дискурсына тән тілдік қолданыстар арқылы қазақ халқының отбасылық қарым-қатынасындағы мәдениетін, тәрбиесін, сөз саптауын және олардың қазақ қоғамында алатын орнын анықтаумен өзекті. Қоғам дамуының қазақ отбасы дискурсына ықпалы, бүгінгі отбасы мен бұрынғы отбасы дискурсының сабақтастығы мен ерекшеліктері, жалпы адамзаттық құндылықтар мен ұлттық құндылықтардың қазақ отбасы дискурсындағы көрінісі, оның ұлттық тәрбие мен мемлекеттік идеологияға ықпалы – арнайы зерттеуді қажет ететін өте өзекті мәселе. Аталған мәселелердің құндылығын айқындау, оны қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, афоризмдер, т.б. сияқты тілдік бірліктердің қолданысына негізделген және парасатты пайымға құрылған түрлі диалогтар арқылы зерттеп, зерделеу де аса маңызды. Бұларды қазақ отбасы дискурсындағы ұлттық-мәдени семантиканың компоненттері ретінде зерттеу алғаш рет жүзеге асырылып отыр. Бұл біріншіден, ауызекі сөйлеу стиліндегі прагматикалық ерекшеліктерді, құндылықтарды анықтауға көмектессе, екіншіден, қазақ халқына тән ұлттық құндылықтардың базасын анықтауға, қазақ лингвистикасында лингвоаксиологиялық дискурс теориясының қалыптасуына арқау болады. Зерттеу жұмысындағы лингвоаксиологиялық дискурстың мәні мен мазмұнын коммуникативті-прагматикалық, когнитивтік талдаулар негізінде айқындау, қазақ отбасы дискурсындағы когнитивті-семантикалық өрісті табу, сөйлеу тактикасын ажырату, бағалауыштық құрылым арқылы жақсы мен жаманды, оң мен терісті, дұрыс пен бұрысты ажырату да алғашқы қадам болып табылады. Зерттеу нәтижелері қоғамдық-әлеуметтік ортаға қазақ отбасы мәдениетінің моделін ұсынумен, ғылыми ортаға гуманитарлық, педагогикалық бағыттың дамуына үлес қосатынымен өзекті.

Зерттеудің нысаны: жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға негізделген қазақ отбасы дискурсы.

Зерттеу пәні: лингвоаксиологиялық дискурс.

Жұмыстың мақсаты: қазақ отбасындағы тілдік қатынас негізінде отбасы дискурсының құндылық бағдарын коммуникативті-когнитивтік аспектіде айқындау.

Жұмыстың міндеттері:

– Отбасы дискурсы мен отбасы коммуникациясының ерекшеліктерін коммуникативтік аспектіде анықтау;

– Отбасы дискурсындағы жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық құндылықтардың мәнін айқындау;

– Қазақ отбасы дискурсына тән сөз саптау арқылы оның когнитивтік аспектісі мен коммуникативті-прагматикалық қызметін анықтау;

– Қазақ отбасы дискурсына тән құндылықтарды анықтайтын сауалнама жүргізу, оның нәтижесін талдау және отбасы дискурсының психолингвистикалық қырын мысалдармен дәйектеу.

Зерттеу әдістері: Зерттеу жұмысында отбасы дискурсына қатысты ғылыми пікірлер, қағидалар мен теориялық ұғым-түсініктер негізге алынды. Ғылыми деректерге талдау жасалып, алынған түйіндер жұмысқа теориялық және әдіснамалық негіз ретінде пайдаланылды.

Зерттеу жұмысының барысында *талдау мен синтездің жалпы ғылыми әдістері, семантикалық талдау, когнитивтік талдау, концептуалдық талдау, дискурстық талдау және коммуникативтік-прагматикалық әдістер* қолданылды.

Зерттеу жұмысының теориялық және әдіснамалық негіздері: Зерттеу материалдары ретінде дискурс, соның ішінде отбасы дискурсы және құндылық мәселелерін зерттеуге бағытталған отандық және шетелдік еңбектер қолданылды: дискурс ұғымын анықтауда (Ван Дейк, Б.Қалиұлы, Г.Г.Бүркітбаева, Д.С.Храмченко, М.Хэллидей, Е.И.Шейгал), дискурстың мәтінмен және сөйлеумен өзара әрекеттестігі мәселесі бойынша (К.Қ.Садирова, Қ.Ө.Есенова, А.Е.Карлинский, А.Е.Саденова, Н.Д.Арутюнова, Х.С.Мухамадиев), дискурстың прагматикалық әлеуеті бойынша (К.К.Кенжеханова, В.Е.Чернявская), дискурстың аксиологиялық компонентін анықтауда (Г.Е.Дюсембина, А.Р.Аракелова, В.И.Карасик), дискурстың контекстік тұрғыдан қарастырылуы бойынша (П.Уерт), дискурс түрлеріне қарай (Н.Уэли, О.Ф.Русакова), отбасы дискурсы бойынша (В.В.Звягинцева, Р.Джонсон, В.С.Анохина, Ш.Блюм-Кулка), құндылықтың тілде көрініс табуы мәселесін қарастыруда (А.Ж.Шалбаева, А.Ю.Багиян, А.Р.Аракелова), құндылықтар және антиқұндылықтар арақатынасы жайында (Л.К.Байрамова, Д.А.Разорнев, Е.Андреева, Е.Назмиева, В.Насртдинова), коммуникация бойынша (Ю.В.Павлова, В.В.Красных), құндылық негізді концептілерді қарастыруда (Т.Павловски, У.А.Савельева), отбасы түсінігін анықтауда (Х.А.Арғынбаев), отбасылық құндылықтар жайында (С.З.Нишанбаева, А.М.Байғұтова (қазақ әйелі концептісі)), ұлттық тәрбие бойынша

(З.К.Ахметжанова, А.Ж.Қобланова) сияқты ғалымдардың зерттеу жұмыстары басшылыққа алынды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы:

Қазақ тілінде отбасы дискурсының лингвоаксиологиялық аспектіде зерттелуі алғаш рет көрініс тауып және қазақ тілінде отбасы дискурсында кездесетін тілдік қатынастардың аксиологиялық және семантикалық анықтамалары мен прагматикалық әлеуеті айқындалды. Зерттеуімізде, қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер, ырым-тыйымдар, салт-дәстүрге негізделген жоралғылар отбасылық тәртіптің қалыптасуына дәйекті негіз бола алатыны анықталып, отбасының негізгі функционалдық параметрлері көрсетіліп, отбасылық құндылықтар тұжырымдалып, талданды. Отбасы дискурсының негізгі міндеті – отбасындағы жағдайды реттеп отыру және жақын адамдармен дұрыс қарым-қатынас қалыптастыру екені нақтыланды.

Зерттеу жұмысында, отбасы дискурсында орын алатын отбасылық құндылықтар жалпы ұлттық құндылықтармен байланыстырыла отырып қарастырылды. Отбасының аксиологиялық бейнесін сипаттайтын концептілердің мазмұнын ашу арқылы ғана, сол ұлтқа тән танымдық түсінікті отбасы дискурсы кезінде қолданылатын тілдік бірліктер арқылы танып түсінуге болатыны нақтыланды. Тіл білімінің антропоэкеттік парадигмасына сәйкес отбасы дискурсының лингвоаксиологиялық аспектісін тіл + ұлттық құндылық + отбасы коммуникациясынан тұратын үштаған ретінде қарастыру адамзат танымының тілдік көрінісін ашуға көмектеседі. Отбасы дискурсын лингвоаксиологиялық негізде қарастыру отбасы коммуникациясының қажетті деңгейде өрбуіне және ұлттық құндылықтарды адам санасында қайта жандандыруға әсер ететіні анық.

Отбасы дискурсы кезінде қолданылатын лингвомәдени бірліктердің астарындағы ұлттық когнитивтік түсінік, ұлттық аялық білім айқындалды. Қазақ отбасындағы дискурстың концептілік мәні, мәдени-семантикалық құрылымы, прагматикалық сипаты лингвомәдени бірлік ретінде санада қалыптасқан лингвоаксиологиялық мағынасымен тығыз байланысты екені анықталды. Отбасы дискурсындағы құндылық мәнді базалық концептілер жан-жақты қарастырылып, ұлттық санада қалыптасқан аксиологиялық моделі жүйеленді.

Қазақ отбасы дискурсының аксиологиялық бейнесін сипаттайтын құндылық негізді тілдік құралдарды айқындап, семантикалық талдау жүргізу нәтижесінде *қазақ отбасының дискурсивті-лингвоаксиологиялық моделі* ұсынылды.

Жұмыстың ғылыми тұжырымдары:

- Отбасы дискурсы мен отбасы коммуникациясының ерекшеліктері коммуникативтік аспектіде анықталды;
- Отбасы дискурсындағы жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық құндылықтардың мәні айқындалды;
- Қазақ отбасы дискурсына тән сөз саптау арқылы оның когнитивтік аспектісі мен коммуникативті-прагматикалық қызметі анықталды;

– Қазақ отбасы дискурсына тән құндылықтарды анықтайтын сауалнама жүргізіліп, оның нәтижесі талданды және отбасы дискурсының психолингвистикалық қыры мысалдармен дәйектелді.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы: Зерттеудің нәтижелері мен пайымдаулары тіл білімінің танымдық бағыттағы зерттеулерінің теориялық негіздерін нақтылай түсуге үлес қосады. Сондай-ақ, дискурс ұғымының теориялық негіздемелерін дамытуға септігін тигізеді. Отбасы дискурсының тілдік, тілден тыс табиғаты зерделенді. Отбасы дискурсының лексика-семантикалық және лингвоаксиологиялық аспектідегі ерекшеліктері сараланды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы: Диссертацияның негізгі материалдары мен теориялық тұжырымдарын жоғары оқу орындарында «Когнитивті лингвистика», «Дискурс теориясы», «Лингвоаксиология», «Отбасы дискурсы» сияқты ғылыми курстар мен семинарларды жүргізуде пайдалануға болады.

Зерттеудің дереккөздері: Диссертациялық жұмысты жазу барысында отбасылық құндылыққа құралған қазақтың халық ауыз әдебиеті (мақал-мәтелдер, қанатты сөздер), фразеологиялық сөздік, ұғымдар мен атаулардың дәстүрлі жүйесі зерттеу материалдары ретінде пайдаланылды. Сондай-ақ, қазақтың жазушыларының туындылары (М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясының бірінші және екінші кітабы, Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» романы, С.Досымовтың «Мінезді ауыл» әңгімелері мен повестері, Ж.Аймауытовтың алты томдық шығармалар жинағы, Қ.Жұмаділовтің он екі томдық шығармалар жинағы, Д.Исабековтің «Гауһар тас» романы және екі томдық таңдамалы шығармалары, З.Ахметованың «Шуақты күндер», С.Мәметтің «Ар алдында», Ы.Алтынсариннің «Таза бұлақ», Б.Нұржекеевтің «Әй, дүние-ай!» романы, С.Мұратбековтың екі томдық шығармалар жинағы, Ә.Қалдыбаевтың екі томдық таңдамалы шығармалары, Т.Нұрмағамбетовтың үш томдық таңдамалы шығармалары, Ж.Дәуренбековтің таңдамалы шығармалары, Р.Отарбаевтың екі томдық таңдамалы шығармалары зерттеуімізге негіз болды.

Зерттеудің жариялануы мен мақұлданыуы: Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны мен тұжырымдары 6 мақалада жарияланды. *Оның ішінде 1 мақала Scopus базасындағы импакт-факторы жоғары журналда:*

– Patterns of interaction in Family Discourse: A Resilience Theory Perspective // International Journal of Society, Culture & Language, 11 (1), March 2023, Pages 76-90.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда 4 мақала жарияланды:

– Отбасы дискурсына тән негізгі белгілер // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы, «Филология ғылымдары сериясы», 2020. - №2 (72). – Б.202-206.

– Ұлт ерекшелігін көрсететін отбасылық құндылықтар // ҚазҰУ хабаршысы, «Филология ғылымдары сериясы», 2020. - №3(179), 122-129.

– Коммуникативтік контекст және оның отбасылық дискурста интерпретациялануы // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы, «Филология ғылымдары сериясы», 2020. - №4 (74). – Б.98-102.

– Отбасы дискурсының прагматикалық аспектісі // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ, «Филология ғылымдары» сериясы, № 3 (66) 2022. 88-99 бб.

Отандық және шетелдік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияда – 1 мақала жарияланды:

– Дискурстың аксиологиялық сипаты // Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздықтың туғанына 95 жыл толуына орай «Рәбиға Сыздық феномені: Қазақ тіл білімінің бүгінгі мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы. Алматы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, 22 қараша 2019, 111-115 б.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы: кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

1 ДИСКУРСТЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН БАҒЫТТАР

1.1 Дискурс теориясының әдіснамалық негізі

Заманауи тіл білімінің парадигмалық жүйесіне сәйкес тілдік құбылыстарды дискурстық сипатта қарастырмай, олардың дискурстық аспектілерін есепке алмайтын болсақ, тілдік құбылыстарды жеткілікті дәрежеде түсіне де, сипаттай да алмаймыз деген пікір қалыптасуда. Сондықтан да, дискурстық талдау лингвистиканың маңызды бөлімдерінің біріне айналууда. Дискурс – пәнаралық зерттеу нысаны. Тіл білімінен басқа, психология, компьютерлік тіл білімі, жасанды интеллект, философия мен логика, әлеуметтану, антропология және этнология, әдебиеттану және семиотика, тарихнама, теология, құқықтану, педагогика, аударма теориясы мен практикасы, коммуникативтік зерттеулер, саясаттану сияқты ғылымдар дискурсты зерттеумен байланысты. Бұл пәндердің әрқайсысы дискурстық зерттеуде өзіндік әсер етеді. «Discourse analysis» (дискурстық талдау) термині алғаш рет 1952 ж. З.Харристің еңбегінен бастау алады [1].

Тіл білімінде дискурсты – айтылым, сөйлеу, мәтін, коммуникативтік жағдаят, монолог, диалог сияқты ұғымдармен байланыстырып жатады.

Т.Ван Дейк дискурстың екі түрлі анықтамасын ұсынады. Бірінші анықтама, дискурс – бұл белгілі бір уақыттық, кеңістіктік және басқа контекстте сөйлеуші мен тыңдаушы (бақылаушы) арасында болатын күрделі коммуникативті оқиға. Коммуникативті іс-әрекет ауызша, жазбаша болуы мүмкін, сонымен қатар вербалды және вербалды емес компоненттерден тұрады (мысалы: досымен сөйлесу, көлік жолаушылары арасындағы диалог, газет оқу). Екінші анықтамасы, дискурс – бұл тек бір сөздік компоненттің болуын ескере отырып жұмсалатын, ауызша немесе жазбаша түрдегі мәтін. Осы позициялардан дискурс термині коммуникативті іс-әрекеттің аяқталған немесе жалғасып жатқан өнімін, оның қабылдаушымен түсіндірілетін жазбаша немесе ауызша нәтижесін білдіреді [2].

Дискурсты сөйлеу және мәтінмен қатар алып қарастыру, біріншіден дискурс ұғымын анықтауға және оған жақын ұғымдармен байланысын анықтауға мүмкіндік береді, екіншіден дискурс – сөйлеу, дискурс – мәтін түсінігін талдауға көмектеседі. Дискурсты жоғарыда келтірілген екі жағдайда қарастыру, дискурстың өзіне ғана тән ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақ тіл білімінде дискурс тақырыбы өзекті мәселелердің біріне айналып отырғаны баршамызға белгілі. Осыған орай, біршама лингвист ғалымдарымыздың дискурс және оның түрлеріне байланысты қарастырған жұмыстарын кездестіруімізге болады.

Ғалым, профессор Байынқол Қалиұлы, *дискурсты* – ауқымы кең, күрделі құрылым ретінде қарастыра келе, оған прагматикалық, когнитивтік, этнолингвистикалық, мәдениеттанымдық, әлеуметтік, менталдық, психологиялық, семантикалық сипаттар тән екендігін, айтады [3]. Дискурстың басты белгілеріне мыналарды жатқызамыз:

- 1) Екі адамның көзбе-көз отырып, ауызба-ауыз сөйлесуі (диалог);
 - 2) Дискурс мәтінінің ықшамдылығы, қысқалығы, сөйлемдердің эллипсиске ұшырайтындығы;
 - 3) Сөйлеушілердің тілдік тұлға болуы;
 - 4) Дискурс кезінде толық түсіністіктің қалыптасуы;
 - 5) Онда ұлттық және адами, әдеби мәнбірлердің көрініп тұратындығы, т.б.
- [4].

Зерттеуші К.Қ. Садированың пікірінше, мәтін болмаса, дискурс жүзеге асырылмайды. Яғни, тілсіз дискурстың орындалуы мүмкін емес. Сонымен бірге тіл болу үшін сол коммуникацияға қатысушы коммуниканттар болуы керек. Ал коммуниканттардың болуы, олардың белгілі бір шынайы уақыт осіндегі, нақты айтқанда, шынайы өмір өзегіндегі белгілі бір сұранысқа қатысты болады. Осы кезде ғана дискурс орындалады. Дискурс дегеніміз – сөз. Дискурс дегеніміз – экстралингвистикалық факторлардағы мәтін. Ал, экстралингвистикалық факторларымызға коммуникативтік ортаның бір компоненті ретінде сөйлеуші мен қабылдаушының өзі де кіреді, яғни бүкіл психологиясымен, дүниетанымымен, мәдениетімен, тәрбиесімен, білімімен т.б. Дискурс тек қана жалаң сөздің өзі емес, оның саналылар әрекеттесуіндегі қозғалысы, әсері екенін айтады [5].

Қ.К. Кенжеқанова, мәтін мен дискурсты прагматикалық тұрғыдан зерделей келе, дискурс – ашық коммуникативтік жүйе екенін айтады. Себебі, дискурста пресуппозиция, интенция, коммуникацияға түсушілердің өзіндік стратегиясы мен тактикалары т.б. айтылым ерекшеліктері прагматикалық мақсатқа сай құрылып, вербалды және бейвербалды сигналдарды діттеген мақсатқа жетуде қолданатынын айтады. Сондықтан да, дискурс – күрделі, коммуникативтік-прагматикалық тілдік акт бола алады. Ал, мәтін – жабық коммуникативтік жүйе, сондықтан мәтіннің мүмкіндігі шектеулі болады. Алайда, бұл мәтіннің прагматикасы болмайды дегенді білдірмейді. Мәтінде автор бейнесі сан алуан стилистикалық амалдармен жан-жақты беріледі, соған қарамастан оқырманға әсер ету амалдары әлсіз болатынын айтады [6].

Әрине, мәтінге қарағанда дискурстың прагматикалық әлеуетінің басым болатыны түсінікті, себебі дискурс барысында автордың түрлі вербалды және бейвербалды амалдарды қолдану арқылы және тікелей тыңдаушымен интеракцияға түсу арқылы көздеген мақсатына жетуіне толықтай мүмкіндігі болатынын айта кету керек.

Г.Г. Бүркітбаеваның анықтамасы бойынша «дискурс – екі немесе одан да көп коммуниканттардың өзара сөйлесу әрекеттестігі. Бұл белгілі бір коммуникативтік жағдаятта ауызша немесе жазбаша түрде жүргізіліп, оның нәтижесінде мәтін немесе тақырыбы бір бірнеше мәтіндер жиынтығы пайда болады» [7, 9 б.].

Профессор Қ.Ө. Есенованың зерттеулерінде, дискурс ұғымы белгілі бір мәтіннің жасалу барысымен байланысты түсінілетін күрделі қатысымдық құбылыс қана емес, сонымен бірге көптеген экстралингвистикалық факторларды қоса қамтитын құбылыс болып табылады. Ондай факторларға

ғалам, дүние, әлем жөніндегі білімдер жүйесі, дискурстық мәтінді жасаушы ниеттері, нақты мақсаты, ұстанымдары жататыны мәлім [8].

Біздің ойымызша, *дискурс* – адресанттың (ақпаратты беруші жақ) адресатқа (ақпаратты алушы жақ) мақсатты түрде бағыттаған ойының адресат санасында интерпретациялануы (талдануы, түсінілуі) нәтижесінде туындаған сөйлеу актісі. Дискурс коммуниканттар арасындағы, яғни адресант пен адресат арасындағы мазмұнды, мағыналы қарым-қатынас түрі.

Бұл жерде мазмұнды, мағыналы қарым-қатынас дегеніміздің өзі дискурстың күнделікті тілдік жағдаяттан ауқымының кеңдігімен ерекшеленетінін көрсетеді.

Сонымен қатар, екі адамның әңгімелесуі барысында тек бір адам ғана өз ойын айтып қойған жағдайда дискурс болмайды, яғни екі коммуникант бірдей өз ойларын айтып, сөйлескен жағдайда және адресанттың сөзін адресат түсініп, оған жауап қайтарғанда ғана дискурс орындалады. Бұл ретте, дискурстың диалогтан айырмашылығы сөйлеуші өз ойын білдірген жағдайда, тыңдап тұрған адамның диалог барысындағыдай жауап қайтаруы міндетті емес, тек оны түсінгенін құптаған жағдайда да дискурс орындалатынын айтуымызға болады. Мысал беретін болсақ: *Бірақ енесі бұған қадалып, тізесінен тұртіп, «не дегенін айт» дегендей ишарат еткен соң ернін Зеренің құлағына тақап: – Әкесін айтады. Қатал екен, неге аямады дейді, – деді* (М. Әуезов. Абай жолы роман-эпопеясы). Осы берілген мысалдан, Зере мен Ұлжанның арасындағы тілдік жағдаяттың диалогтан гөрі, дискурстық сипатта көрініс тапқанын байқауымызға болады. Ұлжанның енесінің білгісі келген жағдайды айтқызбай-ақ, көрсеткен ишаратынан ұғынуы дискурстың орын алуының нәтижесі. Дискурс тек сөздерді қолданып ойды білдірумен шектелмейді, сондай-ақ ым-ишара, түрлі белгілерді, бейвербалды амалдарды қолдануда дискурс орындалуының бірден-бір белгісі. Адресант пен адресаттың пікір алмасып, белгілі бір ақпаратпен бөлісіп, өз ойларын жеткізген жағдайда ғана дискурс сәтті шықты деуімізге болады.

Дискурстың орнауы үшін екі коммуниканттың аялық білімінің (әлеуметтік жағдайы, білім деңгейі, мамандығы, беріліп отырған ақпараттан хабары бар-жоғы) тең дәрежеде болуы сияқты мәселелердің маңызды факторларға жататынын естен шығармауымыз керек.

Біздің анықтауымызша, дискурстың басты белгілері мыналар:

–*Мақсатқа бағытталған коммуникативтік жағдаят;*

–*Міндетті түрде екі немесе одан да көп қатысушы адамдардың пікір алмасуы;*

–*Әңгіме немесе пікірталастың нақты тақырыптық контекст аясында өрбуі;*

–*Сөйлеуші мен тыңдаушының аялық білімінің теңдігі немесе тақырыптан, әңгімеден хабары болуы* [9].

Жалпылама дискурс түсінігіне берілген анықтамалардың негізінде осы құбылысты түсіндіруде қалыптасқан екі тәсілді айқындауға болады. Олар: коммуникативті-сөйлеу және құрылымдық-мәтіндік. Коммуникативті-сөйлеу

тәсілі шеңберінде дискурс коммуникативті процесс ретінде сипатталады, ал оның баламалары «сөйлеу», «сөйлеу әрекеті», «коммуникативті жағдай» сияқты ұғымдар болып табылады.

Дискурсты осылайша түсіндіру «сөйлеу» ұғымының барлық мағыналарына негізделген: тілдің жазбаша түріне қарама-қарсы ауызша табиғи сөйлеу түрі немесе үдерістің өзі немесе сөйлеу әрекеті және оның нәтижесі ретінде, тілдің қарым-қатынас процесінде жұмыс істеуі. Сөйлеу және сөйлеу әрекеті түсініктері арақатынасы авторлардың еңбектерінде түрліше сипатталады.

Ф. Соссюр сөйлеу әрекеті тілдің лингвистикалық қабілетпен ұштасуын жатқызады, ал сөйлеуді – сөйлеу әрекетінің жеке бөлігі ретінде қарастырады.

Л.В. Щербаның еңбегінде сөйлеу әрекеті сөйлеу және түсіну процестерін біріктіруші ретінде қарастырылады. Ал, Л.В. Селезнева сөйлеу және сөйлеу әрекетін синонимдер ретінде қарастырады [10].

Дискурс белгілі бір жағдайларға сәйкес тілді қолдану процесі немесе сөйлеу қатынасының түрі ретінде кең ауқымда қарастырылады. Сөйлеу қатынасының бірлігі – айтылым, оның басты ерекшелігі коммуникацияға қатысушылардың назарын аудару болып табылады.

Ең алдымен айтылым мен дискурстың аражігін ажыратып алған дұрыс сияқты. Т.Б. Гулярдың пікірінше, айтылым (высказывание) – сөйлеушінің мақсатына жету немесе жете алмауы мүмкіндігі бір ақ рет берілсе, ал дискурс барысында мақсатқа жету үшін түзетулер немесе бастапқы айтылған ойға өзгерістер енгізуге болады [11].

Осылайша, айтылым (высказывание) – дискурстың бірлігі ретінде жүреді, ал дискурс – айтылымдардың жиынтығы және айтылымдар алмасуы екенін айтуға болады.

Дискурсты сипаттаудың екінші жолы құрылымдық-мәтіндік тәсіл бойынша дискурсты мәтін ұғымымен байланыстырады.

Дискурстың өзіндік мағынасы жоқ. Дискурс туындайтын және қолданысқа түсетін контекстік жағдаят дискурстық мағына қалыптастыра алады. Ол әлеуметтік, мәдени және тарихи жағдайлар дискурстық мағына қалыптасуына септігін тигізетінін айтады. Осылайша, мәтінді интерпретациялауға үлкен әсерін тигізетін белгілі элементтер болады. Бұл элементтер дискурстың тарихи және контекстік ортасы мен оның мәні арасындағы сәйкестікті қалыптастыруда бір-бірімен интеграцияланады [12].

Ван Дейктің пайымдауынша, адамдардың өзара қарым-қатынасы нәтижесінде дискурс әлеуметтік жағдайға сәйкес қабылданатынын айтады. Дискурсқа қатысушылардың белгілі бір функциялары немесе рөлдері болуы мүмкін. Жағдаятқа сәйкес қарым-қатынасқа түсудің нақты ережелері, конвенциялары немесе тұжырымдамалары болуы мүмкін, сондай-ақ дискурс орнаған жердің де маңыздылығы бар. Кез келген жағдайда ештеңе айтпай қалу мүмкін емес. Оқиға барысындағы әрекеттер, мақсаттар және ықтимал дискурстар жағдайдың әртүрлі аспектілерімен шектелуі мүмкін екенін айтады. Белгілі бір оқиғаның кез келген жерде айтыла бермейтінін ескеру керектігін,

дискурстың прагматикалық қызметін әлеуметтік жағдайды анықтайтын қарым-қатынасқа түсудегі шектеулермен байланыстыру қажет екенін айтады [13].

Орыс ғалымы М.Л.Макаров дискурстың маңыздылығы жөнінде: «Бүгінгі күні дискурс категориясының қоғамдық ғылымдардағы орны евроның Еуропалық экономикадағы рөлімен пара-пар», – деген екен [14, 116.].

Қазіргі зерттеулерде тіл білімінің антропоэзектік бағыты бойынша сөздің коммуникативтік сапасына мән берудің маңыздылығы артуда. Осыған орай, отбасы дискурсы соның ішінде ұлттық құндылықтарды бейнелейтін отбасы дискурсы мәселесі өзекті мәселенің бірі болып отыр.

С.К.Гураль, дискурстың семантикалық мазмұнын анықтайтын келесідей базалық категорияларды қарастырады: *пропозиция, инференция, экспликатура және импликатура, референция, релеванттілік және пресуппозиция* [15].

Пропозиция – (ағылшын тілінен, proposition – болжам немесе талқылауға ұсынылған мәлімдеме) деген мағынада қолданылады. Пропозиция – мағынаны берудің ерекше көрінісі ретінде, ақпаратты сақтаудың негізгі танымдық бірлігі ретінде, дискурсты қалыптастыруда және түсіндіруде үлкен рөл ойнайды.

Инференция (ағылшын тілінен, inference – қорытынды, тұжырым) – деген мағынада жұмсалады. Сөйлеушінің басындағы ойды нақты білмегендіктен дискурс барысында тыңдаушының дискурсты қабылдаушы интерпретатор ретінде алдын ала болжам жасауына итермелейтін когнитивті операция.

Экспликатура (ағылшын тілінен, explication – жазылған немесе естіген нәрсені егжей-тегжейлі, нақты түсіндіру немесе түсіну. Эксплицитті – ашық түрде жеткізу деген мағынаны білдіреді және коммуникация кезінде маңызды рөл атқарады.

Импликатура (implication) – бұл сөйлеушінің коммуникация барысында нені меңзегені, басқаша айтқанда, сөйлеушінің ойының астары деген сөз. Бір сөзбен айтқанда адресаттың ойының ашық жеткізілмей, жасырын берілуі.

Дискурстың келесі базалық категориясы – оның релеванттілігі. Дискурстың релеванттілік категориясы – (relevance – сәйкес келу) – әрбір дискурсивті мағынаның алдыңғы және кейінгі сөйлеу әрекеті мен хабарлама контекстіне сәйкес келуі.

«*Пресуппозиция*» термині (ағылшын тілінің, presupposition – алдын-ала болжам) берілген тұжырымнан шындық пен орындылық ережелеріне сәйкес шығарылған үкімді білдіреді. *Пресуппозиция* – мағыналық дұрыстығымен және контексттік өзектілігімен сипатталатын айтылымның мағыналық компоненті.

Пресуппозиция айтылған ойдың астарын, яғни мағынасын болжау деген мағынада қолданылады. Отбасы дискурсы кезінде тілдік бірліктер қолданылмаса да адресанттың ойын адресаттың түсінуі, яғни болжам жасау мүмкіндігі бар. Отбасы дискурсы кезіндегі пресуппозиция имплицитті түрде жеткізіледі. Қазақ отбасындағы, астарлап сөйлеу пресуппозицияның бірден-бір көрінісі. Әсіресе, енесі мен келіні, жеңгесі мен қайын інісі немесе қайын сіңілісі арасындағы, жезде мен балдыз арасындағы, бөлелер арасындағы, бажалар арасындағы дискурста пресуппозиция анық көрініс табады. Мәселен, күнделікті отбасылық қатынаста айтылып жататын «Қызым саған айтам, келінім сен

тыңда!» – деген тілдік құралдың прессупозициялық сипаты басым. Қазақ танымында астарлап жеткізу арқылы, отбасы мүшелерін өзіндік рөліне қарай тәрбиелей алған. Яғни, бұл дискурстық бірліктің астарында қызға айту арқылы, келінді тәрбиелеу жатыр.

Референция – (reference) ағылшын тілінен аударғанда ақпарат көзіне сілтеме жасау дегенді білдіреді. Тіл білімінде референция ұғымы сөздер мен заттар, өзекті (сөйлеуге енгізілген) атаулардың, атаулы тіркестердің (атаулы топтардың) немесе олардың эквиваленттері арасындағы байланыспен түсіндіріледі.

Дискурсқа – тілді әлеуметтік тәжірибе ретінде қолдану тән, сондықтан да, дискурс ұғымына қатысты келесідей терминдер қолданылады:

Дискурстық жағдаят – дискурстық тәжірибені, әлеуметтік тәжірибені мәтін ретінде талдайтын, тілді қолданудың үлгісі.

Мәтін – дискурстық жағдаятта қолданыс табатын, жазбаша немесе ауызша тіл.

Дискурсивтілік (интердискурсивность) – дискурс түрлері мен жанрларынан мәтіннің құралуы.

Дискурс тәртібі – белгілі бір институтционалды дискурс түрлерінің дискурсивтік практикасының жиынтығы және олардың арасындағы байланыс [16].

Отбасы дискурсында көбінесе ауызша мәтіндер басымдыққа ие болады. Себебі, отбасындағы тілдік тұлғаның бір-бірімен дискурс орнатуы ауызекі сөйлеу тілі арқылы жүзеге асады.

А.Е. Карлинский мәтін мен дискурсты коммуникативті лингвистиканың макро бірлігі ретінде қарастыра келе, дискурсқа келесідей ерекшеліктер тән екенін көрсетеді:

- 1.Дискурс – дыбыс түрінде сөйлеу процесі;
- 2.Вербалды немесе бейвербалды құралдарды басшылыққа алып, белгілі бір жағдаят кезінде өздігінен сөйлеу;
- 3.Коммуниканттар арасындағы жеке байланыс;
- 4.Уақыт пен кеңістік бірлесуі жағдайында сөйлеудің қалыптасуы және қабылдануы;
- 5.Сөйлеуші мен тыңдаушы рөліндегі екі автордың кезек-кезек сөз алуы [17]. Ал, мәтінді төмендегідей ерекшеліктермен сипаттайды:

- 1.Сөйлеу процесі нәтижесінің графикалық формасы;
- 2.Өңделген сөйлеу түрі;
- 3.Коммуниканттар арасындағы жеке байланыстың жоқтығы;
- 4.Түрлі уақыт пен кеңістік жағдайында сөйлеудің қалыптасуы және қабылдануы;

5.Толық емес коммуникативті жағдаяттарда, сөйлеудің авторы бір-ақ адам болып табылады [18].

Осылайша, дискурс – тыңдаушы мен сөйлеушінің белгілі бір жағдаятқа сәйкес рөл алмасуы және екі коммуниканттың ауызша мәлімдемелерінің жиынтығы болып табылады.

П. Уерт дискурсты «сөйлеу оқиғасының өзін қоршаған жағдайлық контекст» ретінде түсіндіреді, ол дискурстың орны, уақыты және қатысушылары туралы мәліметтерді қамтып қана қоймай, сонымен қатар сөйлеу әрекетіне қатысушылар арасындағы қатынастардың сипатын ескеру керектігін айтады, сөйлеу әрекетіне қатысушылардың білімі мен тәжірибесі дискурстың лингвистикалық безендірілуін қабылдау мен өндеуге әсер ететін факторлар ретінде қарастырады [19].

Қазіргі ғылыми өзгерістерге байланысты тілді зерттеуде пәнаралық тәсілді басшылыққа алу өте өзекті мәселе болып отыр. Ғылыми зерттеулерде «жүйелілік», «кешенділік» маңызды болғандықтан да, пәнаралық байланыста зерттеу тәсілі бірге қарастырылады. Сондықтан да, қазіргі тіл білімінде дискурс сияқты лингвистикалық зерттеу объектісін талдаудың жаңа әдісі – синергетикалық әдіс пайда болды.

Дискурс күрделі жүйе ретінде – лингвосинергетиканың пәнаралық зерттеу объектісі болып табылады. Лингвосинергетика – лингвистикалық білім таңдалған ғылыми перспективалар түріне қарай түрленетін және басқа да тиісті білімдер эволюциялық-синергетикалық принциптер негізінде бірігетін ғылымның пәнаралық желілік құрылымы болып табылады [20].

Дискурстың синергиясы дискурс кеңістігінің онтологиялық және функционалды өзін-өзі ұйымдастыруына және оның ингредиенттерінің мағыналық таралуын анықтауға бағытталған, нәтижесінде күштің бірігуі мен жүзеге асуына көмектесетін, дискурс тудыратын факторлардың өзара әрекеттесуі [21].

Д.С. Храмченконың еңбегінде дискурсты күрделі ашық өзін-өзі ұйымдастыратын мағыналар жүйесі ретінде түсіндіре отырып, оның эволюциялық дамуына тәртіп пен хаос кезеңдері арқылы қарастыруды ұсынады. Флуктуация (тепе-теңдік күйден ауытқу) «ішкі процестер және коммуникация барысына және коммуниканттардың ойлау қабілетіне сәйкес сыртқы ортамен тығыз байланыс арқылы пайда болады [22].

Дискурстың одан әрі жалғасуы, яғни ойды қорытындылау жаңа, аяқ асты пайда болатын семантикалық жүйеде туындаған өзгерістерге жауап ретінде пайда болады, дискурстың мағыналық өзін-өзі ұйымдастыруы дискурстың тұрақсыздығы мен дискурстың мағыналық жүйесін дамытудың альтернативті тәсілдерінің әртүрлілігімен тікелей байланысты.

Дискурс өрісін анықтау дискурс типтері мәселесімен тығыз байланысты екенін ескеруіміз керек. Себебі, нақты бір дискурс түрінің өзіне тиесілі параметрлерін анықтай отырып және өзіне тән типтік ерекшеліктерін ескерген жағдайда ғана, біз сол дискурстың басқа дискурс түрлерінен айырмашылығын біле аламыз және сол аталмыш дискурстың қолданыс аясын анықтаймыз.

М. Хэллidayдің пікірінше, дискурс «қатысушылар + тақырып + әдіс» – атты параметрлер шеңберінде анықталады. Бұл жердегі *дискурс қатысушылары* деп – коммуниканттарды айтқан болса, ал *әдіс* деп белгілі бір мақсатқа жету жолында тілдің қолданылу қызметін, *тақырып* деп –

қатысушылардың тілді негізгі келісімге келу құралы ретінде қолдана отырып, қоғаммен араласу саласы ретінде қарастырған екен [23].

Осы критерийлерге сәйкес, дискурс типтерін ажыратуға болады. Мысалы: педагогикалық дискурс, дипломатиялық дискурс, іскери дискурс, ғылыми дискурс т.б. түрлерін атауға болады. Осы классификацияны отбасы дискурсы да толықтыра алады.

Ғалым Нұргелді Уәли «Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері» тақырыбындағы монографиясында: көркем дискурс, ғылыми, публицистикалық, іскери, бейресми дискурс деп бөледі [24].

Әрбір индивидтің іс-әрекеті немесе басқалармен қарым-қатынасқа түсуі, белгілі бір қоғамдық саладағы коммуникация нәтижесінде іске асады.

Институционалды емес аз құрылымдық дискурс типтеріне ауызша сөйлеу формасында кездесетін, *күнделікті тұрмыстық қарым-қатынасты* жатқызуға болады. Осы мәселеге В.Б. Кашкин *тұрмыстық коммуникация саласындағы дискурс* – деген атау береді [25]. Аталмыш дискурс түрі өз кезегінде бірнеше кішігірім дискурс түрлеріне бөлінеді: *жасөспірім дискурсы, достар арасындағы дискурс, жұбайлар арасындағы дискурс* т.с.с.

Біздің пікірімізше, отбасы дискурсы – ауқымы кең және мазмұны терең болып табылады. Себебі, отбасы дискурсы отбасы мүшелерінің, жақын туыстардың және алыс туыстардың қарым-қатынасқа түсуі нәтижесінде туындайды. Бұл ретте, әр жеке отбасының ішкі қалыптасқан тәртібімен реттелетін қарым-қатынастың жақындығына акцент қойылады.

О.Ф. Русакованың ойынша, институционалды дискурс қатынастар жүйесіне және белгілі бір әлеуметтік институттың қызмет етуіне сәйкес туындайтын, жағдаяттық-коммуникативтік актілерге тән белгілерден көрініс табады [26].

Институционалды дискурс дегеніміз – қоғамдағы әлеуметтік институттардың өздеріне тән қалыптасқан нормалары мен типтеріне сәйкес айқындалатын дискурс түрі.

Әлеуметтік институттардың бір түрі – отбасы институты екені баршамызға мәлім. Осы тұрғыдан, отбасы дискурсын отбасы типтеріне сәйкес отбасы мүшелерінің әрқайсысының өзіндік мәртебесіне сай қарым-қатынасқа түсу формасы, белгілі бір тәртіптік нормативтерді орындауы және мінез құлықтарының көрінісі деп қарастыруға болады.

Бұл ретте, әрбір әлеуметтік-тарихи қауымдастықта отбасы дискурсы ерекше болып келеді, әр қауымдастықтың өзіне тән мәдени және этникалық ерекшеліктері болады. Отбасы дискурсы кезінде ұлттық құндылықтар назардан тыс қалмайтынын айта кеткен жөн, себебі әр отбасындағы дискурс барысында өзіндік ұлттық ерекшеліктер көрініс табады. Бір отбасында дәрігер, ұстаз, ғалым, спортшы т.б. маман иелері, яғни түрлі әлеуметтік институт өкілі болуы мүмкін. Түрлі институт өкілінің сөйлеу тілін қамтитын дискурс түрі болғандықтан да отбасы дискурсын институционалды дискурс түріне жатқызамыз.

В.В. Звягинцева, өзінің зерттеу жұмысында, «отбасы дискурсы – экстралингвистикалық және лингвистикалық аспектілерді қамтитын процесс және нәтиже түрінде әрекет ететін (тілдік құралдарды таңдауды анықтайтын прагматикалық, когнитивтік және әлеуметтік контекстпен) отбасылық қатынастар сферасымен біріктірілген барлық мәтіндер жиынтығындағы сөйлеу әрекеті; Отбасы дискурсына қатысушылар – бір-біріне деген сүйіспеншіліктің субъективті бағалауымен анықталатын отбасы мүшелері» – екенін айтады [27].

В.С. Анохинаның пікірінше, отбасы дискурсын анықтаушы сипаттама ол – ұжымдық тәжірибеге негізделген тұжырымдардың басымдылығы – жалпы (отбасының басқа да топ мүшелерінің білетін, пайдаланатын және әңгіме барысында сөз қылып отыратын) естеліктердің болуы, яғни ортақ апперцепциялық базаның болуы [28].

Р. Джонсонның айтуынша, *отбасы дискурсы* – әр отбасы мүшесінің өзара қарым-қатынас барысында нақты мақсаттары мен күтетін нәтижелеріне сәйкес отбасы мүшелерінің бірлескен әрекеті. Отбасылық қарым-қатынас кезінде отбасы мүшелерінің орындары интерактивті агенттермен құрылады, жоққа шығарылады және келісіледі. Бұл рөлдер көбінесе отбасындағы әр адамның жынысы мен отбасындағы жағдайымен байланысты болады. Осылайша, жыныстық және отбасы дискурстары бір-бірімен тығыз байланысты [29].

Ш. Блюм-Кулканың пікірінше, отбасылық дискурс негізінен сыпайылықты талап етеді, сыпайылық көрсеткішін жалпы мәдениеттің ерекшеліктерімен байланыстырады [30].

Жоғарыда айтылған ойларды қорытындылай келе, *отбасы дискурсы* дегеніміз – коммуниканттардың ойы мен ниетіне және белгілі бір жағдаятқа байланысты туындайтын, отбасы мүшелерінің қарым-қатынасқа түсу формасы және адресант пен адресаттың маңызды интенциясы.

Отбасы дискурсының бүгінгі қоғамдағы отбасылық тәрбие және отбасылық қарым-қатынасты сипаттауда маңыздылығы артуда. Әрине, отбасы дискурсының маңыздылығын әр жеке индивидтің отбасы мүшелері арасындағы коммуникацияны міндетті түрде басынан кешетінімен түсіндіре алмаймыз, мұны қазіргі қоғамдағы отбасы коммуникациясының азайып бара жатқандығымен және сол отбасыға сай өзіндік стратегиялардың жоқтығы салдарынан қоғамдық дискурстық қатынас кезінде көрініс табуымен түсіндіруімізге болады. Себебі, отбасы қоғамдағы орын алатын қарым-қатынас пен адамдардың бір-бірімен байланысының кішігірім әлемі десек болады.

Отбасы дискурсы – отбасы мүшелерінің бір-бірімен қарым-қатынасы негізінде қалыптасады. Әдетте, Еуропалық отбасы мүшелеріне – әкесі, анасы, балалары (ұлы, қызы) кіретін болса, қазақ отбасы – *ата, әже, әке, ана, балалары* (ұлы, қызы) деген сияқты отбасы мүшелерінен құралады. Бұл жерде, біздің қазақ ұлтына тән өзіндік ұлттық ерекшелікті көруімізге болады. Енді, отбасылық дискурс кезінде осы аталған отбасы мүшелерінің әр көтерілген мәселе барысында өзіндік қарым-қатынасқа түсу мақсаты және нақты күтетін нәтижесі – болады. Отбасындағы коммуникация кезінде әр отбасы мүшесінің

өзіндік орны байқалады. Отбасы мүшелерінің дискурс кезіндегі рөлі сол адамның отбасындағы орнымен анықталады.

Жоғарыда айтылған, М. Хэллдейдің дискурсты талдау параметрлеріне сәйкес отбасы дискурсын талдайтын болсақ: 1) Отбасы дискурсының қатысушысына: бір отбасының заңды мүшелері кіреді және коммуниканттардың статустық және рөлдік міндеттері қазақ отбасыларында ұқсас болып келеді, кейбір отбасында ерекшеленетін тұстары болуы мүмкін (Үлкен тұрып кішінің сөйлемеуі, ата-ананың балаларын кәмелеттік жасқа толғанға дейін бағып-қағуы, ата-ананың ақылын тыңдау, отбасындағы балалардың тең дәрежеде қаралуы т.с.с). 2) Отбасы дискурсының тақырыбына: күнделікті отбасылық жағдаяттарға сәйкес туындайтын тақырыптар (отбасы мүшелерінің бір-бірінен жөн сұрасуы, күнінің қалай өткенігін талқылау, бір-бірімен түрлі тақырыптарда әңгімелесу, қалжыңдасу, мадақтау, мақтау, құттықтау, ұрсу, зеку т.б. жатады). 3) Отбасы дискурсы әдісіне: коммуникативтік рөл ережесіне сәйкес ұйымдастырылған полилог немесе диалог түріндегі сөйлесу әрекеті жатады. Мұндағы диалог дегеніміз – екі адамның арасындағы әңгіме болса, полилог дегеніміз – бірнеше адамның арасындағы сөйлесім түрі.

Отбасы дискурсында жазбашаға қарағанда, көбінесе ауызша түрде сөйлесу басым. Яғни, отбасы дискурсының *репрезентациялану каналына* – ауызша түрдегі сөйлесім және бейвербалды амалдарды қолдану (ым-ишара, дене қалыбы, көзқарас қимылы) жатады.

Отбасындағы ортақ мәселені шешуде, отбасы мүшелерінің бір-бірімен араласуының маңызды, әрі ортақ формасы – отбасы дискурсы болып табылады. Отбасындағы ата-ана мен баланың немесе басқа да отбасы мүшелерінің арасындағы күнделікті әңгімелердің барысында қоғаммен байланыс орнату мәселесі шешіледі. Отбасында ата-ананың балаларымен сөйлесу барысында, өздерінің мәдени сауаттылығын көрсету арқылы баласының жалпы ұлттық құндылықтарды игеруіне себепші болады. Себебі, үлкен кісілер қоғаммен араласуы нәтижесінде алған білімі мен тәлім-тәрбиесі арқылы ғана өскелең ұрпаққа үлгі болатынын, әрі ұлттық құндылықтар мен әдеп, нормалардың жас ұрпақтың бойында қалыптасып дамуына себепкер екенін айта кеткеніміз жөн.

Отбасы – бірегей коммуникативтік ландшафтты құрайды. Себебі, әр отбасы коммуникация кезінде басқа отбасылардан өзіндік даралығымен ерекшеленеді. Әр отбасының сәлемдесу немесе қоштасу кезіндегі ерекшеліктері, отбасы мүшелерінің бір-біріне өтініш білдіру тәсілдері, аса маңызды мәселелерді талқылауы немесе отбасы мүшелерінің алдағы жоспарлары туралы баяндауы сияқты интерсубъективті актілердің жиынтығының бәрі кіреді. Кейбір отбасыларда үлкен отбасы мүшелерін атымен атау қалыптасқан, отбасы мүшелерін атымен атау да отбасы мүшелерінің арасындағы жас айырмашылығының ескерілмей тең дәрежеде өз ойын білдіруіне септігін тигізеді. Мұндай жағдайда отбасының кіші мүшелері мен үлкен мүшелерінің қандай мәселе болмасын ойын ашық айтып отбасылық дискурста бәрінің қызу араласуына әкеледі.

Әңгімені тек үлкен кісілер ғана айтып қоймайды, сонымен қатар отбасының әр мүшесі отбасы дискурсының орын алуына өзіндік үлесін қосады. Кешкісін отбасы мүшелерінің дастархан басында жиналып, өз күнінің қалай өткендігін айту арқылы немесе үйден тыс уақыттағы жағдайлармен бөлісу арқылы әр отбасы мүшесі өзіндік отбасылық атмосфера қалыптастырады. Әр отбасының өзіне ғана тән сөйлесу тәртібі болады және жағдаятқа сәйкес сөйленетін сөздері болады. Отбасы қарым-қатынасындағы әңгіменің төркінін түсіну үшін әр адамның сөзін іріктеуіне, ойын білдіргенде, қай жақтан айтып тұрғанын аңғару, тұспалдап сөйлеп тұрма немесе біреуге астыртын тисіп тұрған жоқтығын немесе керісінше екінші адамды қолдап, қошеметтеп тұрғанына мән беру керек. Яғни, адамның айтпақ ойын түсінудің маңызы зор.

Отбасы дискурсы – отбасы мүшелерінің нақты бір жағдаят пен нәтижеге негізделген қарым-қатынасқа түсу формасы екенін айтқымыз келеді. Сонымен қатар, жоғарыда ұсынылған анықтамаларға сәйкес отбасы дискурсының басты белгілеріне:

–*Екі немесе одан да көп коммуниканттардың пікір алмасуы;*

–*Әңгіменің нақты отбасылық контекст аясында өрбуі;*

–*Тілдік қарым-қатынастың отбасы мүшелерінің интенциясына негізделуі;*

–*Коммуниканттардың аялық білімінің теңдігі (тақырыптан хабары болуы);*

–*Әңгіме барысында ұлттық құндылықтардың көрініс табуын, жатқызамыз.*

Отбасындағы ортақ мәселені шешуде, отбасы мүшелерінің бір-бірімен араласуының маңызды, әрі ортақ формасы – отбасы дискурсы екені жоғарыда айтылды. Қазіргі қоғамда отбасында жақын адамдармен дұрыс қарым-қатынасты қалыптастыру және түрлі кездесетін мәселелердің дұрыс шешімін табу мәселесінде отбасы дискурсының өзектілігі арта түскені анық.

Б.Қалиұлының еңбегінде: «Дискурс кезінде сөйлеушілер мен тыңдаушылардың сөйлеген сөздерінен олардың кім екендіктерін тануға болатынын, яғни адамдардың жеке бастарының ерекшеліктерін де байқауға болатынын айтады». Ондай ерекшеліктерге мыналарды жатқызады:

1) жан-дүниесі

2) мінезі

3) ой-өрісі

4) әлеуметтік жағдайы

5) мәртебесі

6) көңіл-күйі

7) тілді білу деңгейі [4, 101-102 б.].

Осы ерекшеліктерді біз отбасы дискурсынан да байқауға болатынын айта кеткіміз келеді. Біздің анықтауымызша отбасы дискурсына мынадай ерекшеліктер тән:



Сурет 1 - Отбасы дискурсына тән ерекшеліктер

Ал, енді осы ерекшеліктерді нақты мысалдармен көрсетуімізге болады. *Ұлжанның нұрлы біткен ақшыл-қызғылт жүзі ішін тоңазытқан сезімнен көкішіл тартып, қатты өзгерді. Бірақ көпке шейін үндемей отырып, жүрек тоқтатты: – Мырза, аталық арманыңды ақтар балаң болсын. Сен үшін де, өзім үшін де тілер бар тілегім осы ғана! Мынадай, сапарыңа кінә түгіл, наз ертсем, оным білместік болар еді. Мені дардай етіп көтеріп айттың. Бірақ мен ондай емеспін зой. Әр кездегі ісімді ойласам өзімнің де кінәм көп. Жөн бе, теріс пе, білмеймін, мырза, – деп күйеуінің бетіне салмақпен қарады* (М.Әуезов. Абай жолы).

Осы берілген мысалдан жоғарыда көрсетілген бірінші ерекшелікті, яғни **отбасы мүшелерінің жан-дүниесіне** қарай ерекшеленуін байқауымызға болады. Құнанбай мен Ұлжан арасындағы әңгімеден, Ұлжанның жан-дүниесінің тазалыққа және мейірімділікке толы екенін байқаймыз. – *Мырза, аталық арманыңды ақтар балаң болсын* – деген тілегінен – *үмітінді ақтайтын ұрпағын болсын* – деген тілек екенін түсінуге болады, *мынадай, сапарыңа кінә түгіл, наз ертсем, оным білместік болар еді* – деумен өзінің өте ақылды, әрі көреген екенін байқатады. Бұл жолдардағы негізгі ой алыс сапарға шыққан адамға реніш білдірудің, өкпе айтудың дұрыс еместігін көрсеткендей, яғни алысқа жол тартқан адамға ақ жол тілеу халқымыздың өте ертеден келе жатқан ұстанымы десек те болады. *Мені дардай етіп көтеріп айттың. Бірақ мен ондай емеспін зой* – деген сөздерінен Ұлжанның өте сыпайы екенін көріп отырғандаймыз. Мұндағы *дардай етіп көтеру* деген тіркес *мақтауымды асырып жібердіңіз* немесе *осы мақтауыңызға лайық емеспін* – дегенді білдіріп тұр.

Ал енді төменде берілген мысалдан отбасылық дискурс барысында **адамдардың мінез-құлқының** дараланып тұруын байқаймыз.

Серкебай нағашым өзі атқа нығарланып отырып алған соң, баяғы әмірлі үніне көшті. Тіптен қатуланып алған. Көкемді қамшымен екі-үш салып қалды да ақырып жіберді. – Жаман күшікше неменеге жалтақтап тұрсың? Ұзатылатын қыздай сызыла қалыпты ғой, қызталақ. Мен саған әлі көрсетермін. Ауылға барған соң екі аяғыңды бір етікке тықнасам ба. – Сөйтті де әжем жаққа алара көз тастап, тістене сөйледі. – Балаңның сүйегі ғана сенікі, әжеке! Қалғанын өзіме жіберіңіз бұл тентектің... (Б.Момышұлы. Шуақты күндер).

Осы мысалдағы кейіпкердің мінезінің қаталдығын, бір беткей мінезінің бар екенін көруге болады. Сонымен қатар, бұл мысалда үш адамның арасындағы дискурс көрініс тапқан. Нағашысы Серкебай, анасы және баласы. – *Жаман күшікше неменеге жалтақтап тұрсың?* – деген сөзден *қорқақтап тұрсың* деп айтқысы келгенін, *ұзатылатын қыздай сызыла қалыпты ғой, қызталақ* – деген жерде *қызталақ* дегені боқтау сөзді қолдану арқылы кінәсін бетіне басып тұрғаны. *Балаңның сүйегі ғана сенікі, әжеке!* – дегені балаңыздың тәрбиесін маған қалдырыңыз, ендігі жерде араласпаңыз дегенді білдіріп тұрғаны тек қазақ отбасына ғана таныс екенін айта кеткеніміз жөн. Себебі, қазақ отбасында бала тәрбиесімен тек ата-ана ғана емес, сондай-ақ бүкіл туған-туыс, ел болып араласатын, дәл осы тіркесті басқа ұлт өкілдерімен сұхбаттасу барысында қолданатын болсақ, оның мағынасын дұрыс түсінбеуі мүмкін, түсіністік болмаған жағдайда әрине дискурс болмайды.

Әке, бауырыңызда өсіп, бірге жасасып келгенмен жақынға жақынның қасиет, сипаты бірден танылмайды. Біртін-біртін ашылады ғой. Бүрісіп тұрған гүлден бір сәт жалт етіп жайнаған гүл туады, бір шақ майыса толықсып миуа піседі. Жаңағы айтқан өсиет сөзіңіз сол әсер дүниеге берген батаңыз ғой. Алғыс айтып, қабыл тұттық. Аталық еңбегіңізді ақтай өсу біздің де мұратымыз болар, – деді. Әкесінің өзі ғана түсінетіндей айтып, келте қайырды. Осылай айтқанын Құнанбай да мақұл көрген еді (М. Әуезов. Абай жолы).

Осы, Абай жолы романынан алынған мысалдан келесі бір ерекшелікті, яғни адамдардың **ой-өрісінің ерекшеленуін** көруімізге болады. Абайдың әкесіне берген жауабынан Абайдың ой-өрісінің тереңдігімен ерекшеленіп тұрғандай. Жоғары буын өкілдерімен көп араласатыны байқалады. *Әке, бауырыңызда өсіп, бірге жасасып келгенмен жақынға жақынның қасиет, сипаты бірден танылмайды* – деген сөздерінің астарында, әкесіне өзі туралы дұрыс ойда болмауы мүмкіндігін айтқысы келеді, *аталық еңбегіңізді ақтай өсу біздің де мұратымыз болар* – деу арқылы әке сіздің еңбегіңізді ақтау парызымыз дегісі келгені біздің халық үшін түсінікті екенін білеміз.

Келесі бір ерекшелік ол – **отбасындағы әр адамның өзіндік орны, яғни мәртебесі**. Бұл ерекшелікті біз төмендегі З.Ахметованың «Шуақты күндер» романынан алынған мысалдан анық көруімізге болады.

– *Немереңе ат қойып бер. Балалар өзіңді күтіп, атасы қойсын деп отыр!* (З.Ахметова. Шуақты күндер). Бұл мысалды қайынбике мен күйеу бала арасындағы дискурстың көрінісі екенін айтқымыз келеді. Қазақ халқында ер адамның отбасындағы мәртебесі қашанда жоғары тұратынын көрсеткендей. Адам өміріндегі ең маңызды болып саналатын ат қою мәселесін, аталарына лайықты іс көруі қазақ отбасындағы ер адамның, соның ішінде отбасының қариясы болып саналатын атасына тапсыруы, атасының сол отбасындағы өзіндік мәртебесін көрсетіп тұр.

Келесі бір ерекшелік отбасы дискурсы кезіндегі адамдарың **көңіл күйі**.

Екі-үш күннен соң Үбиан Аюбайға бармаймын деп қиғылық салып еді, бұл жолы әкем айбаттанып кетті: – Екінші рет бата бұзып, есектің миын жеді деймісің мені. Елге қайта-қайта қарабет болар жайым жоқ (Б.Момышұлы. Ұшқан ұя). Бұл мысалда әкесі мен қызының арасындағы дискурс кезінде, қызының берген жауабына қарай әкесінің көңіл күйінің бұзылғанын байқауымызға болады. – *Екінші рет бата бұзып, есектің миын жеді деймісің мені. Елге қайта-қайта қарабет болар жайым жоқ* – деу арқылы әкесі берілген серттен таймау керектігін, бата берілген жерде бас тарту көргенсіздік екенін, есектің миын жеді деймісің, – дегені есекті халқымызда ақымақтықтың символы ретінде танылғанын білеміз, сонымен бұл дискурста әкесінің серт бұзып еліме ақымақ болып көрінбеймін деп айтқысы келгенін түсіне аламыз. Ал, қарабет болу дегеніміз – елге қарайтын беті жоқ деген мағынада қолданылып тұр.

Тілді білу деңгейіне қарайда дискурс барысында адамдарың айтар ойы ерекшеленіп тұрады. Мына берілген мысалдан: *Сұртініп, демігін жаңа гана басқан Ұлжан Абай отырған биік үстелге көз салып, баласының жайын түсінді де; – Абайжан, осы сен түні бойы ұйықтамағанбысың? – деп, баласының бетіне қарады. Абайдың өңі ақшыл тартып сұрланып, екі көзі қызарып тұр еді. – Жоқ, түн ортасында көз шырымын алдым ғой! – деді* (М.Әуезов. Абай жолы). *Түн ортасында көз шырымын алдым ғой* деген тіркесті тілді дұрыс білмеген адам болса, түн ортасында ұйқтадым деген мағынада жұмсалып тұрғанын түсінбес еді. Яғни, бұл мысалда екі коммуникант тілді жақсы меңгергендіктен де дискурстың орындалғанын көруімізге болады.

1.2 Отбасы дискурсы мен отбасы коммуникациясының арақатынасы

Дискурсқа қатысты мәселелер мен құбылыстар, оның типологиясы, коммуникациямен байланысына деген назардың артуы тіл білімінің дамуына сәйкес маңыздылыққа ие болып отыр және осыған орай мәтін типологиясы мәселесі де өзекті болып отыр. Дискурсты теориялық тұрғыдан өзектілендіріп отыратын бағыт – ең алдымен мәтін мен коммуникация арасындағы сәйкестілік болып отыр. Дискурс пен коммуникация арасында күрделі көп бағытты байланыс бар.

Дискурс пен коммуникация арасындағы көп бағытты байланыс оларды сипаттағанда және тіпті анықтама бергенде көп қырлы өзара қолданыстарынан

көрінеді. Осылайша, дискурсты коммуникация арқылы анықтауға болады және керісінше. Қарастырылып отырған аспектіні ашу үшін біріншіден, дискурс ұғымын типологиялық тұрғыдан қарастыру, оны түрлерге бөлу мүмкіндігін қарастыру, сәйкесінше мәтіннің осы немесе басқа формада орны мен рөлін анықтау қажет. Мәселен, тұрмыстық жағдайды алатын болсақ, қарым-қатынасқа түсудің негізгі өзегі отбасылық мәселелер, дастархан басындағы әңгімелесу, сырласу, ақылдасу болып табылады. Отбасындағы коммуникацияның негізгі қызметі – отбасылық мәселелерді талқылау.

Коммуникация – қарапайым кодтау немесе декодтау процесі болып қана қоймай, ең алдымен екі когнитивті ортаның сәйкестігі нәтижесінде туындайтын адресаттың хабарын қайта құру арқылы тұжырым шығару [31].

Дискурс – бұл тек қана қарым-қатынасқа түсу емес, онда нақты әлеуметтік мақсаттар мен өзіндік әлеуметтік, психологиялық, ұлттық және мәдени мәртебелік ерекшеліктері бар қатысушылар болады. Бірақ коммуникацияның мақсаты қандай екені және оның қатысушылары кім болатыны дискурстың нақты бір түріне байланысты [32].

Ал енді дискурс пен мәтін ұғымының арақатынасын қарастырып көрейік. Адамдар мәтін мен дискурс құрайтын сөйлеу аппаратты мен лингвистикалық бірліктер жүйесін қолданып қарым-қатынасқа түседі.

Зерттеуші А.Е. Саденованың пікірінше, мәтін мен дискурс ұғымы бір-бірімен байланысты ұғымдар болып табылады, екі ұғым бірнеше белгілер бойынша ерекшеленеді, мәтін – тілдік құбылыс, ал дискурс – сөйлесімдік құбылыс. Мәтінге статика, ал дискурсқа динамика тән. Мәтінде ақпарат берілсе, дискурста сонымен қоса қарым-қатынас көрініс табады [33].

И.Р. Гальперин, мәтінді лингвистикалық зерттеу объектісі ретінде шартты түрде анықтай келе: «Жазбаша құжат түрінде объективтендірілген, толығымен сөйлеу процесінің жұмысы; лексикалық, грамматикалық, стилистикалық байланыстардың әр түрлі типтерімен біріккен, белгілі бір мақсаттылық пен прагматикалық қатынасқа ие атаудан және бірқатар арнайы тілдік бірліктерден (суперфразалық бірліктерден) тұратын шығарма» – деген анықтама береді [34].

Осылайша, ойдың аяқталуы, жазылуы, тақырыбының болуы, лексикалық байланыс, грамматикалық байланыс, стилистикалық байланыстың болуын және мақсаттылық, прагматикалық қатынасты мәтіннің басты параметрлеріне жатқызуға болады. Мәтіннің басты қасиеттері – оның грамматикалық ережелерге сәйкес, тілдік нормаларды қатаң түрде сақтай отырып жазылуы, мазмұнының прагматикалық мақсатты көздеуі, ақпарат беруі болып табылады. Сонымен, мәтін – бұл табиғи тілдің шартты нормалары мен ережелерін сақтай отырып бекітілген, лингвистикалық белгілер жиынтығымен іске асырылатын материалдық жоспардың ең жоғарғы коммуникативтік бірлігі. Мәтін материалды, ол қағазға, дискіге, таспаға жазылады, айтылады және т.б. Мәтіннің маңызды параметрі – негізгі интенция мен мағыналық жағынан байланысты интенциялар кешені ұсынылатын жүйе.

Мәтін құрылымындағы прагматикалық деңгей мәтінді тудыратын әртүрлі сөйлеу актілерін анықтауға мүмкіндік береді: Иллокутивті акт, локутивті акт,

перлокутивті акт. Демек, интенционалдылық мәтіннің ерекше сипаттамасы ретінде маңыздылыққа ие болады.

Дискурс әртүрлі типтегі мәтіндерден тұрады. Сондықтан да, дискурс – менталды, ал мәтін – материалды болып келеді. Дискурстың мәтіннен айырмашылығы, виртуалдылыққа жол береді, бір тақырып аясында түрлі мәтіндерді біріктіреді.

Мысалы, «спорт» тақырыбымен біріктірілген әртүрлі типтегі және мәтіндердегі виртуалды шындық спорттық дискурсты құрайды. Мәтіндердің жеткілікті үлкен жинағы дискурсты қалыптастыру процесін зерттеуге мүмкіндік береді, ал мәтіндердің шағын ғана бөлігі дискурстың контекстін зерттеуге бағытталған [34].

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, мынадай қорытынды жасауға болады мәтін – тиянақты ойды білдіріп өзгеріске ұшырамайды, ал дискурс – тиянақсыз, түрлі факторларға байланысты сөйлеушінің интенциясы өзгеріп отыруына сәйкес, дискурс – виртуалды бола алады.

Н.Д. Арутюнованың ойынша, дискурс – экстралингвистикалық, прагматикалық, әлеуметтік-мәдени, психологиялық және басқа факторлармен үйлескен мәтін, іс-шара аспектісінде алынған мәтін ... Дискурс – бұл өмірмен тығыз байланыстағы сөйлеу [35].

В.Е. Чернявская дискурсты генеративті-тақырыптық аспектісінде қарастыруды жөн көре отырып, дискурс – белгілі бір прагматикалық, психикалық жағдайларға байланысты туындайтын хабарлама және түскен хабарламаны қабылдаудан тұратын белгілі бір коммуникативті оқиға және мәтін түрлері» ретінде қарастыруды ұсынады [36]. Мәтін – дискурс байланысының тұжырымдамалық айқындылығын арттырады. Ұсынылған көзқарасқа сүйене отырып, мәтін өзі толық біртұтас болғанына қарамастан, дискурстың құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Бірқатар толық, мәтіндердің жиынтығын бір жалпы дискурстың шеңберінде жұмыс істейтін жеке топ ретінде қарастыруға болады. Тиісінше, әр мәтін жеке-жеке, дискурстан бөліп қарағанда, толық тұтас ойды білдірсе, бірақ дискурсқа қатысты алғанда – жалпы компонент ретінде қарастырылатынын ескеру қажет.

Тұтас мәтіннің мәнін тек лингвистикалық факторлармен байланысқан коммуникативті, әлеуметтік-мәдени, когнитивтік (танымдық) факторларды ескергенде ғана түсіндіруге болады. Дискурста кездесетін мәтін түрлері арасындағы байланыс пен коммуникация жанрлары арасындағы корреляция элементтерін көрсетейік.

Мысалы, отбасы дискурсындағы мәтіннің түрі – бала тәрбиесіне, отбасындағы ауызбіршілікке негізделеді, ол сонымен бірге коммуникациядағы жанрға сәйкес келеді. Мұндағы дискурс пен коммуникация мақсаттары да сәйкес келеді. Осыған байланысты дискурс пен коммуникация арасындағы байланыс коммуникативті іс-әрекет аспектісінде байқалады. Дискурс коммуникативті оқиғаның желісіне жақын болады және ол оқиғаның нәтижесінде жүзеге асырылады.

Дискурс коммуникативті оқиғаға жақын болып келеді және тұрақты хронологиялық шеңберде коммуникативті әрекет арқылы жүзеге асырылады. Бұл жерде дискурсты феномен ретінде қарастыруға болады яғни, маңызды – құбылыстық бірлік – бұл бір коммуникативті салада (жеке немесе жалпылама) жұмыс істейтін көптеген мәтіндердің (мәтін түрлерінің) күрделі өзара байланысы. Сонымен бірге белгілі бір әлеуметтік-тарихи қалыптасқан адам танымы мен қарым-қатынас салалары арнайы дискурстар, немесе басқа терминологияда дискурстың түрлері ретінде қарастырылуы ұсынылады [37].

Осылайша, дискурс – мәтінмен анықталатын, ал коммуникация – ақпаратпен анықталатынын айта аламыз.

Коммуникация (қарым-қатынас) – тіл және мәтін сабақтастығынан туындайтын ұғым. Мәтін – бұл қарым-қатынастың нәтижесі, ол табиғи қарым-қатынаста аралық сипатта болады, өйткені қарым-қатынастың өрбуіне қарай өзгеруі мүмкін. Дискурс дегеніміз – адамдардың (байланысқа қатысушылар) барлық феноменальды сипаттамаларымен және ниеттерімен анықталатын, нақты қарым-қатынас процесінде коммуникативті жағдаймен білдірілетін ұғым.

Отбасылық қарым-қатынасты анықтайтын басты белгі ол – қарым-қатынасқа түсуші екі адамның ортақ, жақын қатынасты сипаттайтын және күнделікті өмірмен тығыз байланысты екеуара ортақ апперцепциялық білімнің болуы [38].

«*Апперцепция* – қабылдаудың адамның жеке тәжірибесіне және білімі мен өзіндік ерекшеліктеріне тәуелділігі» [39]. Әр адамның алынған ақпаратты қабылдау деңгейі әртүрлі болатыны анық, мұның себебін біз өз кезегімізде адамдардың өмірден алынған білімі мен тәжірибесінің нәтижесінің көрінісі екенін айтқымыз келеді.

Е.Н. Ширяевтің айтуы бойынша: «*Апперцепциялық база* дегеніміз – сөйлеушінің қарым-қатынасқа түсу барысында қолданысқа түсетін білімі мен осыған дейінгі жинақтаған тәжірибесі» [40].

Апперцепциялық деңгейді біз өз кезегімізде аялық білім деп қарастырғанды жөн көріп отырмыз. Аялық білім – адамның өмір сүру барысында жинақтаған тәжірибесі мен білім қоры. Апперцепциялық деңгейдің екі түрі бар: *жалпылама және жекелей*. Апперцепциялық деңгейдің жалпылама түрі дегеніміз – барлық адамдарды жалпы ортақ мәселелерде біріктіреді, тіпті олай болмаған күнде де көптеген тіл өкілдерін біріктіреді. Ал жекелеген апперцепциялық деңгей болса адамдардың шағын тобын ғана біріктіре алады. Отбасындағы коммуникация немесе дискурс кезінде осы жекеленген апперцепциялық деңгейдің түрі анық көрінеді.

Дискурс барысында екі адамның бір-біріне берген жауабының семантикалық негізін осы апперцепциялық деңгейге сүйене отырып анықтауға болады.

Коммуникацияның өзі нақты бір бөліктерден тұратыны анық. Коммуникацияның мұндай белгісі, яғни қарым-қатынасқа түсудің үзіндісі (фрагмент) *коммуникативтік акт* болып табылады.

В.В. Красныйдың пікірінше, коммуникативтік актінің қолданылу аясы кең, яғни тілдік жүйеде қалыптасқан ауызша немесе жазбаша мәтіндерді бөлісуден бастап, қоғамдық және ұлттық-мәдени ортамен анықталатын тілдік және тілдік емес стереотиптермен реттелетін, коммуниканттардың жеке пікіріне негізделетін рөлдік жағдаяттар болып табылады. Әр коммуникативтік акт *жағдаят* және дискурс, сонымен қатар төрт құрамдас бөліктен құралады:

1. Экстралингвистикалық аспект: *Конситуация* – қарым-қатынасқа түсудің экстралингвистикалық жағдаяты болып табылады, қарым-қатынасқа түсу шарты және оның қатысушыларынан тұрады.

2. Семантикалық аспект: *Контекст* – дискурс барысында көрінетін және коммуникативтік акт кезінде өзекті болып табылатын, шынайы көрініс табатын, жағдаяттың бөлігі болатын имплицитті және эксплицитті түрде берілетін ойлар.

3. Когнитивті негіз: *Пресуппозиция* – коммуниканттардың конситуациялық танымнан тұратын өзіндік когнитивтік аясының қиылысу аймағы болып табылады.

4. Лингвистикалық негіз: *Сөзжасам* – коммуниканттардың сөйлесу нәтижесі.

Жағдаят дегеніміз – вербалды акт бөлігі болып табылатын, объективті шынықтың үзіндісі. *Дискурс* дегеніміз – лингвистикалық қана емес, сонымен қатар экстралингвистикалық жағдаяттардан тұратын тіл мен ойлаудың вербалданған қызметі [41].

Отбасы дискурсының конситуациясына – отбасында орын алатын түрлі жағдайлар мен отбасы дискурсындағы тілдік тұлғаны, яғни отбасы мүшелерін, *отбасы дискурсының контекстіне* отбасындағы қарым-қатынастың мазмұнын, *отбасы дискурсының пресуппозициясына* адресатқа осыған дейін таныс құндылықтарға негізделген ойдың астарын жатқызамыз. Отбасы дискурсындағы пресуппозиция өте маңызы. Отбасы дискурсында пресуппозицияның прагматикалық сипаты басымдылыққа ие, себебі, адресанттың адресатқа жасырын түрде әсер етуі жүзеге асады.

Х.С. Мухамадиевтің пікірінше, дискурс – диалог түріндегі, мәтін – монолог түріндегі тілдік әрекет. Дискурс – тілдік әрекеттің дыбысталу формасы, мәтін – тілдік әрекеттің графикалық формасы; Дискурс – белгілі бір жағдайдағы және бейвербалды құралдардың қатысымымен жүзеге асатын дайындықсыз сөйлеу, ал мәтін – арнайы өңделіп, белгілі бір мақсатқа бағытталған тілдік әрекет, бұл жерде жағдаят категориясы қарастырылмайды; дискурста коммуникацияға қатысушылардың арасында міндетті түрде байланыс орнауы шарт; мәтінде жеке қатысымдық байланыс болмайды [42]. Осы арада диалог пен дискурс айырмашылығы қандай деген сұрақ туындауы мүмкін. Диалог дегеніміз – қатысымның ауызша және жазбаша мәтіндегі түрі. Ал дискурс – белгілі бір ортақ тақырып аясында туындаған коммуниканттардың экстралингвистикалық факторларды ескере отырып жауап қайтаруы.

Диалог пен дискурстың мағынасы өзара жақын болғанымен, екеуінің қолданылу аясы екі түрлі. Диалогта тілдің интерактивтілік қолданысы байқалса, ал дискурста коммуникацияның әлеуметтік мәнмәтінге ие болуы маңызды [43].

Дискурс диалогтан құндылықты сипатымен ерекшеленеді. Диалог – екі адамның арасындағы қарапайым ауызекі сөйлеу түрі болса, дискурс – жалпы адамзат үшін немесе белгілі бір тілдік орта үшін мәдениет пен құндылықтың астарынан шығатын контекстпен ерекшеленеді.

Дискурсты жалпы коммуникация тұрғысынан қарастырғанда, коммуниканттардың реплика алмасуы, яғни коммуникативтік акт терминімен байланыстырамыз, ал коммуникативтік жағдаяттың ең кіші тілдік бірлігі – коммуникативтік жүріс (коммуникативный ход) болып табылады. Коммуникативтік жүріс сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы реплика алмасуды байланыстырады [44].

Отбасылық дискурстың негізін құрайтын бірлік ретінде отбасында белгілі бір тақырып аясында өрбитін коммуникативтік жағдаяттарды қарастырамыз.

Ю.В. Павлова, коммуникативтік мақсатқа жету жолында сұхбаттасушыға әсер ету, ақпаратқа сай оның көңіл-күйінің өзгерісі немесе ақпаратты қабылдауы коммуникативтік жағдаятқа тән құбылыс екенін айтады [45].

Осылайша, *отбасы коммуникациясы* – отбасы мүшелерінің апперцепциялық білімінің тең болуының нәтижесінде өзара қарым-қатынасқа түсу формасы болса, ал *отбасы дискурсы* – отбасы мүшелерінің нақты бір жағдаяттарға байланысты туындайтын ойы мен ниетінің нәтижесі. Яғни, отбасы дискурсы отбасы коммуникациясынан сөз арқылы, тілдік бірліктер арқылы адресатқа адресаттың әсер ете алуымен ерекшеленеді.

1.3 Отбасы дискурсындағы лингвоаксиологиялық факторлардың көрінісі

Қазіргі лингвистикада тілді ұлттық құндылықтармен байланыстыра отырып зерттеу көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр.

«Тіл және құндылық» мәселелерін зерттеу бір жағынан тілтану мәселелеріне, оның бір-бірімен байланысына қызығушылықтан туындаған ертеден келе жатқан дәстүр болса, ал екінші жағынан көптеген зерттеу жұмыстары болғанына қарамастан, әліде көптеген мәселелердің жалпы теориялық жағынан, қолданбалы тұрғысынан толық зерттелмегендігі болып табылады.

Әр ұлттың дүниетанымы, ойлау ерекшелігі, ұлттық санасы мен ұлттық онтологиясы (болмысы) өзінше бір ерекшелікке ие болады. Жалпыадамзаттық құндылықтар мен ұлттық құндылықтар арасында мүлде байланыс болмайды деп айту қате пікір болып табылады. Әрине әр ұлтқа тән өзіндік құндылықтар жүйесі болғанымен, сол құндылықтардың кейбір тұсында ұқсастықтар кездесіп жатады. Ұлттық менталитет адамның рухани және материалдық құндылықтарының тұрақталып, сақталуы нәтижесінде қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түсу барысында көрініс табады.

Қазіргі уақытта ұлттық құндылықтарды сақтап қалу және оны кейінгі ұрпақтың санасына сіңіртіп, олардың рухани-адамгершілік әлемін ұлттық болмыста дамыта отырып тәрбиелеудің басты міндеті – ұлттық тілімізді, яғни ана тілімізді дәріптеу болып табылады. Заманауи қазақ қоғамында, қазақ отбасыларында жаргон сөздерді немесе басқа тілден енген сөздерді қолданып тіл тазалығын ескермей, тілімізді бұрмалап сөйлейтін жағдайларға куә боламыз. Тіпті кейбір, жағдайларда орыс тіліндегі сөздерді көп қолданғанның әсерінен, ол сөздердің қазақша баламасын таба алмай жататын кездер болады. Әрине, бұл жағдайлардың да өзіндік себептері бар, басты себебі – орыс тілі елімізде ұлтаралық тіл қызметін атқарады және орыс ұлты көптеп тұратын болғандықтан да, сол ұлтпен жиі қарым-қатынасқа түсу нәтижесі болып отыр. Осы жағдайларға қарамастан ұлттық құндылықтарымыздың ұмыт болмауы үшін де, күнделікті тұрмысымызда ұлттық құндылықтың негізі болатын мақал-мәтелдерімізді, ата-бабамыздың өсиет-өнегелерін, халық дастандарын, нақыл сөздерімізді жиі айтып, қолданыс аясын өрбітуіміз керек.

С.Г. Тер-Минасованың пайымдауынша, тіл – бұл адамдар тобының этнос болып қалыптасуына, мәдениет, дәстүрді сақтай және тарата отырып ұлттың қалыптасуына себепші болатын көпшілікке танымал күшті құрал [46]. Тіл ұлттық менталитеттің, ұлттық құндылықтардың маңызды көзі. Адам тілдің көмегімен, қоғамда көптеген ғасырлар бойы жинақталған мәдени құндылықтармен танысады. Тілді білу ана тілінің сұлулығын, байлығын, мәнерлілігін түсінуге көмектеседі, тамаша әдеби туындыларда айқын көрінетін салт-дәстүрлер мен ұлт менталитетімен танысуға көмектеседі.

А.Ж. Шалбаеваның пайымдауынша, құндылыққа деген қарым-қатынас адамзат тілінің құрылымдық бөлшегі ретінде тіл бойында мықтап бекітілуі кездейсоқ құбылыс емес. Құндылық туралы айтқанда немесе мұны «жақсылық» ұғымымен алмастырсақ, біз адами болмыстағы қажеттілік, арман-ниет, тілек-мүдде және т.б. толып жатқан таным кеңістігінің жағымды нысандарын құрайтын ізгілік ұғымдарының қатарын алар едік [47].

Әлемнің лингвистикалық бейнесі туралы ақпаратты ескеру де көп жағдайда белгілі бір дәрежеде қоғам мүшелері арасында туындайтын қатынастардың нұсқауларына әсер етеді, осы қатынастардың менталды спецификалық сипатын анықтайды. Халықтың тілі мен мәдениеті бір-бірімен тығыз байланысты. Оның үстіне, «құндылықтар жүйесі туралы лингвистикалық ақпарат халықтың дүниетанымының ерекшеліктерін көрсетеді» [48].

Жалпы тіл мен құндылық ұғымдары тіл білімінде – «лингвоаксиология» пәнінің төңірегінде зерттеліп жүргені анық. Аксиология – адамзаттың өмірінде тілімен, дінімен, мәдениетімен, салт-дәстүрімен, менталитетімен, табиғатымен ұштасатын құндылықтарды зерттейтін сала.

Қазіргі уақытта адамзат бастан кешіп отырған әлемдік рухани құндылық дағдарысына байланысты дәуірлер тоғысында аксиологиялық зерттеулердің өзектілігі артып отыр. Аксиология – құндылықтар туралы философиялық ғылым. Бастапқыда бұл «құндылық» ұғымы – рухани әлем категорияларының

ең маңыздысы ретінде және ол адам үшін рухани құндылықтардың басымдығын мәдениет әлемін құратын және тұлға ретінде өзін шығармашылықпен жүзеге асыратын жаратылыс екендігін анықтайтын пән ретінде пайда болды.

Қазіргі таңда аксиология адамдардың синергетикалық дүниетанымына байланысты, өзгермелі әлемдегі құндылықтардың да өзгеруіне сәйкес, жеке бір адамдарға, белгілі бір ұлтқа қатысты немесе жалпы адамзатқа қатысты құндылықтардың жоғалуын, өзгеруін, қайтадан жаңа құндылықтардың пайда болуын қарастырады.

Құндылықтың адамнан адамға, этностан этносқа беріліп отыруына байланысты өміршеңдігі артады. Әрине, осыған орай, мәдениеттің өзгеру қарқыны жоғарылаған сайын, құндылықтарды тек мәдени тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар оларды лингвоаксиологиялық тұрғыдан зерттеу де маңызды, өйткені тіл мәдениетпен бірге қарқынды дамып келе жатқан жүйе, ол бізге адамзат қоғамының мәдениеті туралы тарихи және заманауи мәліметтер бере алады.

Адам өміріндегі құндылықтардың мәнін білу үшін, құндылыққа қарама-қарсы мағынада жұмсалатын антиқұндылық деген терминді түсініп алған абзал. Әрине, адам болған жерде өмірде жақсылық пен жамандық қатар жүреді. Күнделікті болып жататын жағдайларда адамның өзін ұстай білуі, оның ойлау қабілеті, сол жағдайларды жалпы адамзаттың ой елегінен өткізу барысындағы бағалауыштық коэффициентіне қарай адамдар үшін құнды және құнсыз деп табылады.

А.Ю.Багиян, А.Р.Аракелова сынды ғалымдардың пікірінше, тілде көрініс табатын құндылық концептілерінен қарағанда антиқұндылықты концептілердің айырмашылығы кәсіби қауымдастық ұсынған пайдаланушылар ұшырасатын жағымсыз тәжірибені, қорқыныш пен қиындықтарды өзектендіреді. Сонымен қатар, антиқұндылықтар мәтіндерде аз бейнеленеді. Бұл үрдістің түсіндірмесі келесідей болуы мүмкін: дискурстың адресанттары антиқұндылықтарды әйгілі ету, тарату мақсатында емес – мәтін авторларының басты ниеті, адресаттың кәсіби шындықтың кейбір құбылыстары туралы хабардар екенін арттыру, сонымен қатар субъектінің объектіге теріс қатынасын сынау мен актуализациялау болып табылады [49].

Л.К.Байрамова, «Құндылықтар мен антиқұндылықтардың фразеологиялық сөздігін» құру кезінде негізгі құндылықтар мен антиқұндылықтардың әрқайсысы қоғамның санасында, мәдениетінде кодталған және әртүрлі тілдердің атап айтқанда орыс тілінің фразеологиялық бірліктерінде көрінетін құндылықтар мен антиқұндылықтарды ашатын екі блок түрінде ұсынып, он диада түрінде көрсетуге болатынын айтады. Бұл өмірлік құндылықтар мен антиқұндылықтар (өмір мен өлім, денсаулық пен ауру); қасиетті құндылықтар мен антиқұндылықтар (туған жер және шетелдік жер); гедонистік құндылықтар мен антиқұндылықтар (бақыт пен бақытсыздық); әлеуметтік утилитарлық құндылықтар мен антиқұндылықтар (еңбек және жұмыссыздық, жалқаулық, демалыс); материалдық-утилитарлық құндылықтар

мен антиқұндылықтарға (байлық пен кедейлік); интеллектуалдық-танымдық құндылықтар мен антиқұндылықтар (ақыл мен ақымақтық); моральдық-этикалық құндылықтар мен антиқұндылықтар (шындық пен өтірік); эмоционалды-утилитарлық құндылықтар мен антиқұндылықтар (күлкі мен жылау); діни құндылықтар мен антиқұндылықтар (жұмақ пен тозақ) [50].

Д.А. Разоренов өзінің: «Американдық саяси санадағы құндылықтар мен антиқұндылықтар жүйесі» атты еңбегінде, құндылық – бұл адамдардың ұлттық санасында өте маңызды, олар үшін күресуге дайын нәрсе. Антиқұндылық дегеніміз – теріс әрекет ретінде қабылданатын, оған қарсы саяси қызметтің субъектілері күресуге қабілетті «зұлымдықтың» бір түрі екендігін айтады [51].

Осылайша, біз құндылықты адамдар үшін маңызы жоғары, өте қасиетті, адамдардың адамгершілік қасиетін арттыратын, жақсылыққа жетелейтін ізгі іс-әрекеттерді жатқызатын болсақ, антиқұндылықтар – адами қасиеттерге қарама-қайшы, адамдарың арам пиғылынан туындайтын, зұлымдықтың белгісі ретінде қарастыруымызға болады. Отбасылық өмірде де адамдардың ұлттық және әлемдік таным түсінігіне сәйкес құндылықты және антиқұндылықты әрекеттер көрініс алып жатады. Ұлттық санамызға сәйкес, қазақ отбасының құндылықты қасиеттерін және антиқұндылықты қасиеттерін сипаттайтын белгілер ретінде төмендегілерді ұсынамыз: неке беріктігі – ажырасу, балалы болу – баланың болмауы, отбасындағы ауызбіршілік – отбасындағы алауыздық, отбасындағы татулық – отбасындағы ұрыс-керіс.

Жақсы отбасындағы қатынастар екі тарап тең құқықтар мен міндеттерге ие болатын тең қатынастар деп саналады. Мұндай идеалды-типтік қарым-қатынаста әр адам сыйластыққа ие және басқа адамға да солай сыйластықпен қарайды. Әңгімелесу немесе диалог – қарым-қатынастың жұмыс істеуінің негізі [52].

Әрине, отбасында талқыланатын тақырыптың болуы, өзара әңгімелесу отбасы тұрақтылығын сақтаудың бірден-бір жолы екенін айтуға болады. Бір-бірінің жағдайын сұрап, көңіл-күйін білгенде ғана адамдар өзара жақындап, бір-біріне тез бауыр басады.

Е.Андреева, Е.Назмиева, В.Насртдинова, құндылықтар мен антиқұндылықтардың аксиологиялық шкаласының келесідей жүйелерін ұсынады. Құндылықтарды базалық деңгей, орташа деңгей, жоғарғы деңгей, ең жоғарғы деңгей деп, ал антиқұндылықтарды базалық деңгей, орташа деңгей, төменгі деңгей, ең төменгі деңгей деп қарастырады. Құндылықтардың базалық деңгейіне: өмірлік құндылықтарды (өмір, денсаулық), орташа деңгейге: қоғамдық және утилитарлық құндылықтарды (кәсіп, жұмыс), сонымен қатар: материалдық және утилитарлық құндылықтарды (байлық, молшылық), жоғарғы деңгейіне: интеллектуалдық-танымдық құндылықтарды (ақыл, білім), гедонистикалық құндылықтарды (бақыт, шаттық), моральдық және этикалық құндылықтарды (шындық, шыншылдық, әділдік, достық, сүйіспеншілік), ең жоғарғы деңгейіне: діни құндылықтарды (жұмақ), қасиетті құндылықтарды (отан) жатқызады. Ал, антиқұндылықтардың базалық деңгейіне: өмірлік

антиқұндылықтарды (өлім, ауру), орташа деңгейіне: қоғамдық және утилитарлық антиқұндылықтарды (жалқаулық, жұмыссыздық), сонымен қатар: материалдық және утилитарлық антиқұндылықтарды (кедейлік, ысырапшылдық), төменгі деңгейіне: интеллектуалдық-танымдық антиқұндылықтарды (ақымақтық, надандық), гедонистикалық антиқұндылықтарды (бақытсыздық, қайғы), моральдық және этикалық антиқұндылықтарды (өтірік, алдау, арамдық, қастық, ашкөздік), ең төменгі деңгейіне: діни антиқұндылықтарды (тозақ), қасиетті антиқұндылықтарды (өзге ел) жатқызады [53].

Осында көрсетілген, құндылықтар мен антиқұндылықтардың кез келген адамның өмірінде кездесетіні анық. Ол адамдардың ұлтына, жынысына, өскен ортасына қарамайды, барлық адамның өмірінде жақсылық пен жамандық қатар жүреді. Мұндағы жақсылық дегеніміз – адам үшін құнды болып есептелетін жағдайлар болса, жамандық дегеніміз – антиқұндылық маркерленген дүниелер.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде мынадай қорытынды жасауға болады: Әр ұлттың өзіндік тілдік жүйесі бар, сөйлеушілер соның көмегімен бір-бірімен қарым-қатынас жасайды. Мұнда тіл адам өмірінің түрлі салаларында – өндірістік, қоғамдық, рухани салаларындағы қызметінің нәтижелерінің жиынтығы ретінде анықталатын мәдениеттің құрамдас бөлігі деп пайымдауға болады. Алайда ойдың өмір сүру формасы ретінде, ең бастысы, қатынас құралы ретінде тіл мәдениетпен, ұлттық құндылықтармен бір қатарда тұрады. Тіл феноменін қарастыруға тікелей назар аударалық. Тіл арқылы қоршаған әлем бағаланып, түсіндіріледі. Ақиқаттың түрліше түсіндірілуі тілде көрініс тауып, тілдің көмегімен беріледі.

Тіл – халықтың барлық сөздерінің жиынтығы және өз ойын жеткізу үшін берік үйлесуі [54].

Тіл – индивидтер арасында қатынас құралы ретінде қызмет етуге жарамды белгілердің түрлі жүйесі [55]

Отандық ғалым Т.Т. Аяпованың зерттеуінде, тілдің лингвомәдени құрылымы антропологиялық негізде тілдің өзін ішінара зерттейтіні, тіл адамның рухани бір бөлігі іспеттес қарастырылатыны айтылады. Адамның адамдық қасиетін танытатын да, оның өмірінің барлық саласын қамтитын, заттық, рухани мәдениетін келер ұрпаққа жеткізетін де тіл болмақ [56].

Тіл – коммуникация мақсатында қызмет ететін және адамның әлем туралы білімімен түсінігінің бүкіл жиынтығын айтуына қабілетті дискретті (анық айтылатын) дыбыстық белгілерінің адамзат қоғамында стихиялық туындаған және дамушы жүйесі [57].

Тіл – ойлау жұмысын объективтілейтін және қоғамда адамдардың қатынасының пікір алмасуының және өзара түсінісуінің құралы болып табылатын дыбыстық, сөздік және грамматикалық құралдардың тарихи қалыптасқан жүйесі [58].

Кез келген халықтың тұрмыс-тіршілігінде тілдің мәні өте зор. Жоғарыда келтірілген ғалымдардың тілге берген анықтамаларын талдай келе, тілдің мәні көбіне төмендегі сипаттамаларға сай келетінін айта аламыз:

Ұлттық құндылықтар айнасы, онда адамның маңайындағы нақты әлем ғана емес, халықтың мәдениеті, менталитеті, ұлттық мінезі, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, моралі, әлем суреті көрінеді;

Тіл – мәдениеттің қамбасы, себебі белгілі бір халықтың жинақтаған барлық білімі, шеберлігі, материалдық және мәдени құндылықтары оның тілдік жүйесінде – фольклорында, кітаптарында, ауызша және жазбаша сөздерінде сақталады;

Тіл – құндылықтар жеткізуші, себебі ол ұрпақтан ұрпаққа тіл арқылы беріледі. Балалар инкультурация үрдісінде ана тілін үйренумен қатар алдыңғы ұрпақтың жинақтаған тәжірибесін де меңгереді;

Қоршаған әлем объектілерін салыстыру, ол туралы мәліметтерді жіктеу мен реттеу әдістерінің бірі. Адамның қоршаған орта жағдайына бейімделу амалы. Объектілерді, құбылыстарды және олардың ара қатынасын дұрыс бағалау құралы. Адам қызметін ұйымдастыру мен үйлестіру амалы;

Тіл – өз халқының менталитетін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, сол сияқты әлемнің ерекше мәдени бейнесін қабылдайтын адам тұлғасын қалыптастырушы құндылықтар аспабы.

Сөйтіп, тіл ақпаратты сақтап, жеткізудің, сол сияқты адамның мінез-құлқын басқарудың айырықша құралы болып табылады. Тілдің арқасында әлеуметтік тәжірибені, мәдени мұралар мен дәстүрлерді жеткізудің адамға тән нұсқасы жүзеге асырылады, түрлі ұрпақтар мен тарихи дәуірлердің сабақтастығы өткеріледі. Тіл байқалуы қиын ерекшеліктерді, бүкіл ұлт құндылығын, байлығын өз бойына сіңіреді.

Мәдениет құндылықтарын, әлеуметтік мәндерді негізгі жеткізуші әрі қуатты тасымалдаушы болғандықтан мәдениет пен қоғамда тілдің орны ерекше, қоғамдық қатынастардың (яғни әлеуметтік топтар, ұлттық-этностық құрылымдар ішінде, олардың өзара қатынастарында) тиімді үйлестірушісі және реттеушісі болып қызмет етеді. Сонымен бірге тіл – елеулі элемент қана емес, осы екі ауқымды ұғымның аса маңызды қыры. Ол бүкіл көп қырлы мәдениетті, барлық аса күрделі лексикалық және семантикалық тұрғыдан қамтуға қабілетті тұтас әлемді танытады.

Ауызекі сөйлеудің лингвоаксиологиялық интерпретациясына қарым-қатынас кезіндегі құнды пікірлерді игеру, коммуниканттарға не қажет екендігі туралы, яғни жеке бір адамдар үшін және әлеуметтік топ үшін дұрыс деп танылатын ақпаратты анықтауға мүмкіндік беруі жатады.

Кейбір диалогтық фрагменттерде сөйлеушінің құндылық қатынастары эксплицитті түрде түсіндіріледі, кейбіреулерінде олар жанама сигналдармен бейнеленеді және талдауды қажет етеді. Мұндай жағдайда түсінік мәтіннің мазмұндық-құндылық құрылымын да, терең, айқын емес бағалау қабілетін де оқшаулау үшін де, мәтінді тыңдаушының перцептивті-когнитивті-аффективті өңдеуін қажет ететін, күрделі көпсатылы құбылыс болып табылады [59].

Қазіргі таңда тіл білімінде жаңа бағыттардың аксиологиялық аспектісін зерттеу өте өзекті мәселенің бірі болып отыр. *Дискурстағы құндылықтарды* – лингвистикалық категорияларға жатқызуға болады, сонымен қатар пәнаралық

зерттеулерде өзектілігін және жоғары перспективаға ие екендігін ескере келе құндылықтардың бірқатар параметрлерге ие екендігін айта кеткен жөн.

Аксиология – күрделі феномен ретінде қарастырылып, құндылықтардың өзінің мәнін толықтай зерттеуде ғана емес, сонымен қатар басқа да лингвистикалық және экстралингвистикалық жоспарлардың құбылыстарын зерттеуде де маңызды орын алады.

Е.И. Шейгалдың пікірінше, дискурс лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлардың жиынтығына негізделі отырып, белгілі бір коммуникативтік салада қызмет көрсетуге бағытталған вербалдық және бейвербалдық белгілерді қамтиды [60]. Осы пікірді растай отырып, біз өз тарапымыздан дискурсты тілдік факторларға негізделген, белгілі бір тақырып аясындағы қарым-қатынасқа түсу формасы деп айтқымыз келеді.

Сондай-ақ, дискурс ұлттық, кәсіптік немесе басқа да лингвомәдени қауымдастық өкілдерінің ойлау және сөйлеу қызметі мен үдерісінің жиынтығы бола тұра [61], *аксиологиялық құндылықтардың жиынтығынан* тұрады, бұл, ең алдымен, құндылықтардың дискурстың ажырамас бөлігі екендігімен түсіндіріледі және дискурстағы құндылықтардың маңыздылығы құндылық негізді концептілер формасында, сонымен қатар *аксиологиялық тұжырымдардың архетиптері* негізінде берілетін аксиологиялық пайымдар сөйлеушінің қарым-қатынасы мен ниетін жеткізуде қолданылады.

Біздің пікірімізше, *дискурстың аксиологиялық дәрежесі* әр түрлі болуы мүмкін, алайда, қандай да бір дискурста, дәл адам қызметінің басқа да саласы секілді белгілі бір материалдық, рухани немесе табиғи құндылық нысандарына және басқа да құбылыстар әсерін тигізбейді деп айту өте қиын. Өйткені, әр түрлі жағдайларда қарым-қатынасқа түсуде, түрлі ұғымдар мен түсініктерді адамның ой-санасында іске қосуды талап етеді және де коммуниканттардың белгілі бір мағыналы сөздердің сөйлеу барысында қандай мақсатпен таңдағанын түсіну өте маңызды, әр түрлі дискурс түрлері барысында құндылық негізді компоненттердің қарым-қатынаста дұрыс таңдап алынуының да маңызы зор. Осылайша, дискурс коммуникацияның түрлі жақтарымен байланысты толықтай интерпретациялануы үшін дискурстың құндылық негізді күшін анықтау керек. Осы ретте, тілдік бірліктердің құндылыққа айналуының себептерін білуіміз маңызды.

Дискурстың аксиологиялық компоненті белгілі бір мәдениетке немесе қауымдастыққа тән құндылық негіздегі «кілт сөздерді» қамтиды, яғни ол сөздер белгілі бір ұлт өкілдері немесе нақты бір мәдениетте қолданыс аясына сәйкес құндылықты немесе құндылығы жоқ деп бағаланған сөздер болып табылады [62].

Біздің пікірімізше, мұндай сөздер құнылықтарды арттыратын форма ретінде келіп, аксиологиялық концептілердің өзектілігін арттырады да өз кезегінде, *аксиологиялық концептосфера* немесе *аксиосфера* сияқты белгілі бір жүйеде қарастырылады.

Тілдегі және адам санасындағы мәдениеттің құндылықтарын көрсететін концептілердің басқа да концептілерге ортақ қасиеттерімен қоса, өзіндік

ерекше белгілері де болады. Тіл ғылымын зерттеуші ғалымдардың пікірінше, аксиологиялық негіздегі концептілер белгілі бір ұлт немесе мәдениет өкілдерінің санасында сақталады және шынайы және мінсіз әлемнің бейнесін кескіндей отырып, тілде қолданысқа түсуіне мүмкіндік туындайды. Алайда, В.И. Карасиктің тіл білімінде қалыптастырған бейнелік, танымдық және құндылық сияқты концептінің үш өлшемді теориясына сәйкес құндылықтарға ие концептілердің ерекше тұсы – құндылық жағы айқын көрінуінде болып табылады [63]

Біздің ойымызша, бірқатар концептілердің құнды жағы нақты бір мәдениетке тән негізгі басымдықты анықтауда көрінеді. Осыған ұқсас концептілердің құндылықты тұсы кәсіби қауымдастық немесе индивидке тән мағыналардың болуымен және сол қауымдастық немесе индивидті құндылыққа бағытталған жүйеге біріктіруінде жатыр. Басқа сөзбен айтқанда, нақты бір топ өкілдерінің (кәсіби, қоғамдық т.б.), атап айтқанда жеке тұлғаның ұлттық мәдениеті үшін маңызды болып табылатын түрлі фактілердің болуы нақты аксиологиялық маңызы бар концептілерден тұратын, бірқатар құндылықтар жүйесінің бар екендігін көрсетеді.

Ғалымдар концептілену мен тілдік сипатқа ие болу сияқты күрделі үдерістердің нәтижесінде пайда болатын, аксиологиялық концептілердің тілдік және тілдік емес күйін сипаттайды. Мұнда концептілену жалпылама алғанда, әлемді танудың және араласудың тілде көрініс табу тәсілі.

Сөйлеу кезінде адам санасында орын алатын үрдістерді үш негізгі кезеңмен көрсетуге болады. Олар: концептілік түсінік, ойды жинақтау және сол ойдың сыртқа шығуы, яғни вербалдануы [62, 51 б.].

Құндылықты мағыналардың вербалдануы жолындағы когнитивті-дискурстық үдерістердің іске асуы келесі түрде көрінеді: индивидтің санасында нақты бір бағыттағы аксиологиялық концептінің жандандырылуы, белгілі бір тілдік белгілерге сәйкес таңдаған концептісі немесе білімінің басқа қырының көрінісімен түсіндіріледі [64]. Лингвистикалық немесе экстралингвистикалық факторлардың қарым-қатынас жағдайына әсер етуімен айқындалады. Нақты тілдік бірліктерді таңдай отырып, коммуникант сөйлеу кезіндегі тілдің әлеуметтік, мәдени практикалық және басқа да аспектілерін ескереді. Бұл ретте, коммуникацияның тиісті деңгейде өтуі үшін сөйлеп отырған адамның таңдап алған тілдік бірліктері тыңдаушының менталдық және құндылықты танымына сәйкес келетіндігін анықтап алған жөн. Тыңдаушының тілдік белгіде көрсетілген семантикалық ақпаратты дұрыс интерпретациялай алатындығына көз жеткізу керек.

Поляк ғалымы Т. Павловски, өз кезегінде, құндылық негізді концептілердің өзектілігінің артуы жолында үш кезеңнің жүретінін атап көрсетеді. Олар: 1) реципиенттің құндылықтың маңызын когнитивті және эмоционалдық деңгейде түсіну қабілетін арттыру және жетілдіру; 2) коммуникацияға түсуші адамдардың нысан немесе феномен қасиеттерінің өзіндік ерекшеліктерін қабылдауы; 3) аталмыш құндылықтарды тану және мойынсыну [65].

Осылайша, әрі қарай құндылық негізді концептілер құрамында болатын аксиологиялық пайымдар жүйесін нақтылай түскіміз келеді. Бүгінгі таңда аксиосфера ұғымы лингвоаксиологиялық және лингвомәдени негізде қарастырылып жүр. Аксиосфера деп – ең алдымен аксиологиялық концептілердің құндылыққа негізделген элементтері басым когнитивтік-коммуникативтік кеңістікті айтамыз.

«Аксиосфера» ұғымы адам және оның когнитивтік-коммуникативтік танымымен және адамды қоршаған болмыстың қандай да бір құбылыстарын бағалау үдерісімен байланысты ұғым ретінде отандық және шетелдік лингвоаксиологиялық зерттеулерде қарастырылып жүр. Дискурсты аксиосфера негізінде қарастыру нақты бір лингвомәдениет өкілінің қоршаған әлемді қабылдауындағы құндылықтар жүйесі, сонымен қатар оның өмір сүру стилі және осыған сәйкес коммуникативтік мінез-құлық моделін көрсетуіне негізделеді.

Аксиосфераның болуы екі негізгі факторға негізделеді. Олар: 1) Ойлау факторы – жеке тұлғаның қоршаған шындық белгілерін тануы және соған сәйкес ойлануы; 2) Бейнелену факторы – тілдегі және коммуникация барысындағы когнитивтік қызметтің нәтижесінің бейнеленуі.

Индивидтің аксиосферасымен қатар белгілі бір қоғамның мәдени-тарихи дамуына негізделетін қасиеттерге ие *тілдің құндылықты концептілері* қатар жүреді.

Белгілі бір мәдениет өкілдерінің өз мәдениетінде жиі қайталанатын жағдайларды тез танып қоюға қабілетті және сәйкесінше, барынша соған қарай әрекет етуге қабілетті болады [62, 54 б.]. Алайда, осыған қарамастан, индивидтің жеке тәжірибесіндегі аксиологиялық концептілердің пайда болу факторына, сол ұлт өкілдерінің барлығы бірдей тілдің құндылық негізді концептілерін немесе дискурстың жеке бір түрінің дамуына қабілетті бола бермейді. Құндылығы басым ойлардың пайда болуында және белгілі бір ұлт өкілдері арасында таралу үдерісінде, бәрінен бұрын белгілі бір мамандық иелері, танымал тұлғалар, халық арасында әлеуметтік дәрежесі немесе ықпалы бар тұлғалар (жазушылар, ойшылдар, қоғам қайраткерлері және т. б.) ықпалын тигізеді.

Нақты бір кәсіби қауымдастықтың маңызды жақтарын, нысаны немесе құбылыстарын білдіретін көптеген аксиологиялық құндылықтар дәл осы қауымдастықтың ерекше, әрі бірегей аксиосферасын жасайды. Осы тұрғыда, нақты қалыптасқан тұлғааралық қарым-қатынасқа түсу ережелері немесе жазбаша түсірілген ережелер мен нұсқаулықтар тәрізді белгілі бір кәсіптің кәсіптік немесе институционалдық дискурс аксиосферасының болуы қажетті компонент болып табылады.

Сонымен, дискурста *аксиологиялық мағынаның* саналы немесе санадан тыс түрде таралуы немесе қолданылуының нәтижелі әдісі ол – *аксиологиялық концепт* арқылы белгілі бір ұлтқа тән мәдениеттің, кәсіби немесе қоғамдық қауымдастықтардың немесе жеке тұлғаға қатысты құндылықтардың берілуі. Бұл жерде біз құндылықтардың адам санасында ақыл-ой түрінде көрініс

табатын немесе сол санадағы құндылықтар туралы білімнің сөйлеу барысында сөйлеуші арқылы талдау жасалып сөйлеу тіліне айналған формасы болатынын айтқымыз келеді.

Қазіргі таңда, мәтін немесе дискурста кездесетін аксиологиялық концептілер және олардың аксиосфераның бір бөлігі ретінде қолданылуының өзі лингвист ғалымдар тарапынан қызығушылықтарын арттырып отыр және осы құндылыққа негізделген мазмұндарды қолдануды жандандыру үшін лингвистикада нақты әдістемелік нұсқаулықтар керек екендігін айта кеткен жөн.

Дискурсты аксиологиялық аспектіде қарастыруымызға сәйкес дискурстың тағы бір маңызды сипаты – оның *архетиптік концептілер* арқылы берілуінде. «Архетип» термині алғаш рет швейцариялық ғалым К.Юнг арқылы енгізіліп, психикалық категория ретінде қарастырылды. Алайда, бүгінгі күні бірқатар ғалымдар архетип терминінің адам танымындағы қоршаған ортаның мифтік бейнесі деген пікірде, архетиптің тілдегі маңыздылығына орай көптеген ғалымдардың назарын арттырды [62, 56 б.].

Архетип дегеніміз – адам өміріне байланысты құбылыстардың адам санасында сақталып қалған бастапқы бейнесі. Архетип термині философиялық сөздіктерде: грек тілінен аударылғанда «арғы, бастапқы образ» деген мағынаны береді. Осылайша, архетип терминін адам санасындағы туа біткен бастапқы түсініктердің өмірдегі сан алуан жағдайларға сәйкес жандануымен, нақты бір бейнелерге айналуы деп түсіндіреміз.

Заманауи лингвистикада «концепт» және «архетип» ұғымдарын сәйкестендіру байқалады. Осы екі терминнің ұқсас тұстары мен айырмашылықтарының аражігін ажыратуда Н.Д. Арутюнова, В.З. Демьянков, А.Ф. Лосева, И.Г. Ольшанский сияқты лингвист ғалымдар өз үлестерін қосқан.

Архетиптік концепт рационалды рефлексияға түспейді. Архетип адам санасындағы әлемді қабылдау өнімі бола тұра, сонымен қатар ұжымдық мұра нәтижесі немесе алдыңғы ұрпақтың тәжірибесі бола алады. Атап айтар болсақ, белгілі бір құбылыстардың әмбебаптық және жалпы адами сипатта бағалануы немесе сол құбылыстарды адамдардың тым жоғары деңгейде қабылдауымен сипатталады [62, 57 б.].

Архетиптік концептілердің басқа аксиологиялық концептілерден айырмашылығы, архетиптік концептілерге негіз болатын метаконцептілердің тұрақты болуы. Алғашқы метаконцептілер бірінші қалпын сақтай отырып, әлеуметтік-идеологиялық факторларға қарамастан бір ұрпақтан келесі ұрпаққа тарала алады. Бұл жерде, әлеуметтік-идеологиялық фактор деп отырғанымыз, ол белгілі бір ұлт немесе жеке индивидтің санасынан концептілік құндылықты жоғалтуы.

Қандай да бір құндылықты мағына берерде авторлар көбінесе бәріне танымал архетиптерге жүгінеді, себебі олар барлық ұлт өкілдеріне түсінікті, әрі түсіндіріп жатуды қажет етпейді. *Архетиптік концепт* пен жай концептінің арасындағы тағы бір айырмашылық концепт неғұрлым нақтырақ мағына береді, ал архетип болса жалпылама бейне түрінде қолданылады. Алайда, екеуі де


жалпы шындық жайында ұғым беруге көмектесе алады. Заманауи лингвистика архетиптік концептілерді қалыптастыру жолдарын, олардың құрылымдық-семантикалық қалыптасуын және олардың дискурс немесе түрлі әдеби жанрларда қолданылуын дамытуды зерттеуде белсенді қолданылып келеді.

Дискурстық кеңістік белгілі бір *аксиологиялық мағыналар* арқылы коммуникацияға бағытталған, *прагма-когнитивті механизмдердің* көмегімен құралады.

Өскелең ұрпағымыздың тәрбиелі болуы, ұлттық құндылықтарымызды бойына сіңіріп өсуі және білімді болуы, ең алдымен, отбасынан, яғни отбасындағы ата-анасының тәрбиесінен басталары анық. Халқымызда: «Отанды сүю – отбасынан басталады» – деген даналық сөзі тегін айтылмаса керек. Адамды адам қылатын қоршаған орта және тәлім-тәрбие, соның ішінде отбасынан, ата-анадан алған үлгі-өнеге балалардың тұлғалық қасиеттерінің дамуына, отбасылық қатынастарды игеруіне, отбасылық сыйластық пен ауызбіршіліктің қалыптасуына негіз болады.

Отбасы дискурсының лингвоаксиологиялық аспектісін біз *тіл + ұлттық құндылық + отбасылық коммуникациядан* тұратын үштаған ретінде қарастырамыз (1 – сурет).

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауында, мемлекеттің басты міндеті – жалпы адамзатқа ортақ қастерлі құндылықтарды жастардың бойына сіңіру керектігі айтылады. Ұлттық құндылықтар жалпы адамзаттық құндылықтардан бастау алып, өзіндік бір ерекшеліктерімен толықтырылып жатса, отбасылық құндылықтар ұлттық құндылықтардан бастау алады. Ұлттық құндылықтар ұлт тілімен және отбасында тілдік құралдарды қолданудың негізінде өміршендігі арта түседі. Қазақ отбасы дискурсының құндылықты әлеуетін жоғарылату үшін, әр отбасы ана тілінің мерейін үстем етіп отыру керек, себебі ана тілінде айтылатын күнделікті сөйлеу тіліндегі тілдік құралдардың негізінде ғана ұлттық құндылықтарымыз сақталады.



Сурет 2 - Отбасы дискурсының лингвоаксиологиялық аспектісі

Әрбір әлеуметтік-тарихи қауымдастықта отбасы дискурсы ерекше болып келеді, әр қауымдастықтың өзіне тән мәдени және этникалық ерекшеліктері болады. Отбасы дискурсы кезінде ұлттық құндылықтар назардан тыс қалмайтынын айта кеткен жөн, себебі әр отбасындағы коммуникация барысында өзіндік ұлттық ерекшеліктер көрініс табады.

Қазақстан Республикасының «Неке және отбасы» туралы кодексінде: «Отбасы – некеден (ерлі-зайыптылықтан), туыстықтан, жекжаттықтан, бала асырап алудан немесе балаларды тәрбиеге алудың өзге де нысандарынан туындайтын және отбасы қатынастарын нығайтып, дамытуға септігін тигізуге арналған мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерге байланысты адамдар тобы» – болатыны айтылады. Отбасы – екі адамның келісімді түрде некесін қиып, жаңа өмірге қадам басуынан басталады. Себебі, ерлі-зайыптының жаңа құрған отбасының ортақ мүддесі үшін, балаларының жарқын болашағы үшін жасалатын қадамдары ортақ екеуара шешімдер қабылдауды қажет етеді.

Отбасы – бірлік пен берекенің, сыйластық пен адамгершілік қасиеттердің бастауы. Отбасының береке мен бірлікке толы, құрметті де, сыйлы отбасына айналуы жас ұрпақтың бойында қалыптасқан отбасы құндылығы жайлы түсініктерден қалыптасады.

Мықты, қалыптасқан ел болу үшін, ең алдымен кішігірім мемлекет саналатын – отбасының берік болуы, сол отбасында бала тәрбиесін ата-бабамыздан қалған құндылықтармен ұштастыру, бала бойында ата-анаға деген ерекше құрметті, ықыласты дамыта білу маңызды. Отбасы – ұлттық құндылықтар мен ұлттық тәрбиенің бастауы. Отбасы – жүрегі бір, тілегі бір адамдар тобынан тұратын қоғамның маңызды бір бөлігі. Қазақ халқы үшін отбасы – оттың басы, жылулықтың бастауы деген ұғымды берген. Әрине, отбасынан алатын жылулық пен мейірімді дүниенің басқа кереметтерімен салыстыруға келмейді. Отбасы – бір-бірін түсінетін екі жанның некесін қиюы арқылы қалыптасатын, ананың – мейірімінен, әкенің – тәлім-тәрбиесінен тұратын шағын орта. Әр отбасының өзіне тән ережелері мен тәртібі болады. Сол ережелер мен тәртіп, ұлттық құндылықтар негізінде жүзеге асады [66].

Отбасы – бұл ерлі-зайыптылар (әке-шешесі) некесіне, олардың балалары мен басқа қандас туыстарының рухани байланысына, тұрмыстық және моральдық жауапкершілік ортақтығына негізделген қоғамдастық [67].

Отбасы – өзіне ғана тән заңдары бар шағын мемлекет іспеттес. Сол шағын мемлекеттің гүлденуі, тату-тәтті өмір сүруі отбасы мүшелерінің барлығына тәуелді. Отбасы іргетасы – отбасындағы әр мүшенің орнымен қаланады. Ата-ананың орны қашанда жоғары тұрады.

«Қазақстан-2030» бағдарламасында: «Әкелер мен аналардың, аталар мен әжелердің өз балалары мен немерелері алдындағы жауапкершілігін күнделікті есте ұстауға тиіспіз. Біз өз балаларымыз бен немерелерімізді сонау алыс болашақта, олар біздің жасымызға жеткен кезде қандай күйде көргіміз келеді..» – дей келе, жас ұрпақ тәрбиесінің маңыздылығын көтерген. Отбасындағы тәрбиені ешқандай орта бере алмайтынын және бала қай кезде болмасын өзінің

ата-анасына қарап бой түзеп өсетінін білген дана халқымыз отбасылық қарым-қатынасқа, отбасылық құндылықтарға ерекше мән берген. Үлкен кісілердің тәлім-тәрбиесімен сусындаған және де әкесі мен анасының жылулығын сезініп өскен баланың тәрбиелі, ұлтжанды, өнегелі, көпшіл, әрі мейірімді болып өсері анық.

Қазақ отбасының негізгі құрамы ата, әже, әке, ана, балалары (ұлдары мен қыздары) сияқты отбасы мүшелерінен құралады. «Қарты бар үйдің қазынасы бар» – демекші, отбасында көпті көрген қарттары болса, ол үйде қашанда ұлттық тәлім-тәрбиенің басыңқылығын байқаймыз. Отбасында ата мен әже балаларына жақсы мен жаманды ажыратуда жол көрсетіп, өздерінің көрген білген тәжірибелерімен бөлісіп отырған.

Ананың және әкенің махаббаты табиғаты, генезисі және көріну формасы бойынша бір-бірінен ерекшеленеді және баланың тұлғалық дамуында әртүрлі әсер етеді [68].

Әке – отбасының тірегі, қамқоршысы, отбасының қамын жасайтын басты адам. Әке мектебінен тәлім-тәрбие алған бала, ұлтына да жанашыр, қамқор болатыны мәлім. Халқымызда әкені құрмет тұтып, әкені – асқар тауға теңеуі бекер емес. Әкенің ұл баланы шыңдау мақсатында ұлға деген тәрбиесі қатал болатын болса, қыз баласына деген махаббаты, ықыласы ерекше болады. Әкенің қатаң ережелеріне бағынған ұл ешқашан қателеспейтіні анық, ал досындай еркелеп, сыйласып өскен қыз бала, ертең тұрмысқа шыққанда өзінің қылықты мінезімен барған жерімен тіл табысуы да жеңіл болатыны анық. Осыған орай, әкелер де ұл-қыздарына үлгі болуға тырысатын болған. Отбасындағы әкенің мәртебесін түрлі шығармалардан, өлең жолдарынан оқитынымыз да рас. Әке мәртебесін біз төмендегі Абай жолы романынан алынған мысалдан анық көруімізге болады: – *Әй, шырағым балам, әуелі аржағыңда әкең тұр. Сәлем бер!* – деді (М. Әуезов. Абай жолы). Бұл мысалда, ана мен бала арасындағы тілдесудің көрінісі сипатталады. Анасы баласына «әуелі аржағыңда әкең тұр» – деу арқылы баласына әкесімен бірінші кезекте амандасу керектігін айта отырып, қазақ халқында ер адамның отбасындағы мәртебесі қашанда жоғары тұратынын көрсеткендей. Сонымен қатар, қазақ отбасында аналарымыз: – *Балам, әкеңмен ақылдас!* – *Әкеңді тамаққа шақыр!* – *Әуелі, әкең асты бастасын!* – деу арқылы, қай кезде болмасын өзінің балалары алдында ер адамның мерейін үстем етіп, беделін арттырып отырған.

Отбасындағы ананың орны өзінше ерекше. Халқымызда аналарымызды *от* – *анасы* деп атауы да тегін емес. Отбасындағы жылулық, мейірім және отбасының берекесін ұстап тұруда аналарымыздың орны ерекше. Ана – отбасының ұйытқысы. Әке – отбасы тірегі болса, ана – отбасының жүрегі. Көбінесе, отбасында балалар әкенің қатаң ережелері мен тәрбиесіне бағынатын болса, ана мейірімін көру арқылы қамқорлықты түсінеді. Ананың ақ сүтімен бала бойында адамгершілік, ар-ұят сияқты ізгі қасиеттер дариды.

М.Д. Шағырбаева өзінің еңбегінде: «Қазақтың халық педагогикасында әйел – отбасы өмірінің тұтқасы, рухани демеушісі, тәлімгері, перзент тіреніші,

ұрпақ жалғастыратын құдыретті күш деп танылған. Олардың адамгершілік болмысы, мейірімі, ұлттық ар мен ұяттың өлшемі, намысы саналған [69].

Отбасылық құндылықтардың алтын дінгегі – ана. Ана ұлттық құндылықтарды өсіріп отырған ұрпағына жеткізуші, бала тәрбиесіндегі басты адам болса, ал әке – сол отбасын асырайтын, қорғайтын жан. Қазақ отбасында ана – үйдің адамы, әке – түздің адамы деген түсінік қалыптасқан. Әрине, бұл түсінікті де біз ананың үй шаруасымен, бала тәрбиесімен айналысуымен байланыстырсақ, әкені сыртта жүріп сол отбасының қамын жасауымен байланыстырамыз. Отбасында тек жақсы қасиеттерді бойына сіңірген ұрпақ, ертең еліне де адал, жанашыр азамат болып өсері анық.

Қазақ әйелдері күйеулерінің атын атамай, оларды: «Отағасы», «біздің үйдің кісісі», «әлгі» немесе үлкен балаларының атымен бәленнің, түгеннің әкесі дейтін [70]. Міне бұлай қазақ әйелдерінің күйеуінің атын тіке атамауы да, қазақ әйелдерінің ізгілігі мен тапқырлығын көрсетеді.


Әр халықтың өзіне тән ұлттық ерекшеліктері мен ұлттық құндылықтары болады және сол құндылықтардың жеке отбасының қалыптасуында, бала тәрбиесінде қолданылып, ұрпақтан-ұрпаққа тарайтыны белгілі. Қазақ отбасы тәрбиесінің де өзіне ғана тән ерекшеліктері, халықтың ұлттық құндылықтарына негізделеді. Әрине, әр ұлттың шығу тарихына, қалыптасып өркениет болуына байланысты некені сақтау, дінге берік болу, ұрпақ жалғастыру, балаларға тәрбие беру деген сияқты дәстүрлі отбасылық құндылықтар болады. Бұл құндылықтарды әр ұлт өзінше ұстанады.

Отбасылық құндылықтар – адамдар қауымдастығының некелік-ата-аналық-туыстық байланысқан, бірегей бірлескен іс-әрекетінің негізіне жататын объектілер және олардың мәнінің жағымды және жағымсыз көрсеткіштері, объектілердің адамзаттың өмір-тіршілік саласына, қызығушылығына, сұраныстарына, әлеуметтік қарым-қатынастарына тиістілігі [71]. Құндылық – жақсылық пен жамандықты ажыратудың мәні, адамгершіліктің аса жоғары деңгейі болып табылады.

Отбасы құндылығы – ұлттық құндылықтарға негізделген, отбасы мүшелерін тәртіп пен тәрбиеге жетелейтін, отбасының атадан балаға беріліп келе жатқан ұстанымдары мен ережелері [66, 122-129 б.].

Отбасылық құндылықтар отбасы мүшелері арасындағы дискурс кезінде де нақты көрініс тауып жатады. Отбасылық дискурстың аксиологиялық сипаты – отбасы мүшелерінің бір-бірімен тұрмыстық әңгімелесулері кезінде, дастархан басындағы әңгімелерде көрініс табады.

Біз өз тарапымыздан, қазақ отбасының дискурсивті-лингвоаксиологиялық моделін ұсынамыз:



Сурет 3 - Қазақ отбасының дискурсивті-лингвоаксиологиялық моделі

1.Отбасы тұрақтылығы – отбасындағы жұбайлар жарасымдылығы, отбасының шаттыққа бөленуі, бақытты ғұмыр кешуі. Отбасылық өмірдің тұрақтылығын сақтайтын маңызды бір мәселе – отбасы мүшелерінің бір-біріне деген құрметі. Сондай-ақ, отбасы мүшелерінің арасындағы өзара сыйластықтың жоғары болуы, өзара көмек бере алуы, өзара түсіністіктің қалыптасуы, ата-аналық парыздың дұрыс атқарылуы нәтижесінде отбасындағы тұрақтылық арта түседі. Біз өз тарапымыздан, отбасы тұрақтылығын: неке беріктігі, ұрпақ жандылық, отбасындағы сүйіспеншілік, ауызбіршілік, сыйластық, ұйымшылдық деген сияқты микробөліктерге бөлдік.

Неке беріктігі – халқымызда неке қиылып, үлкендердің ақ батасын алған жағдайдан кейін ғана отбасы деген атқа лайық болған. Некесін қиып көтерілген шаңырақтың ғұмырлы болатынына, тұрақты болатынына ата-бабамыз да сенген, әрі сол ұстанымды қазақ отбасылары әлі күнге дейін сақтауға тырысуда. *Шешесі: – Қарағым, Момыш, қызымды алып отырған соң, сен де баламсың. Анам десең, бір жолға тілегімді қайтарма. Татулықтарың бұзылмасын. Енді ерні қыбырлап, бейпіл сөзге үйір болса, қызымның жон терісін сыпырсаң да ризамын,* (Б.Момышұлы. Ұшқан ұя) – деген енесі мен күйеу баласы арасындағы дискурста комиссивтер берілген. Енесі қызының қылығын құптамай отырған күйеу баласына, соңғы рет отбасының шырқын бұзбай кешіріммен қарауды сұрайды. – *Бір жолға тілегімді қайтарма* – деген сөздердің астарында өтініш білдіру тұр, сонымен қатар – *енді ерні қыбырлап, бейпіл сөзге үйір болса,*

қызымның жон терісін сыпырсаң да ризамын – деген жолдарда қызының әдепсіз әңгімеге жақын болса, не жасасаң да келісемін дегені. – *Жон терісін сыпырсаң да ризамын* – дегені қалай жазаласаң да өз еркін дегенді білдіреді.

Некенің беріктігі отбасындағы ерлі-зайыптылардың өзара түсіністігіне, екеуара сыйластығына негізделеді. Кез келген туындаған мәселені ерлі-зайыптылар екеуара ақылдасып шешкен жағдайда, бір-біріне қолдау көрсетуі, бір-бірімен қарым-қатынасқа түсу барысында сабырлық танытуы, балаларының алдында үлгілі бола білуі некенің берік, отбасының бақытты болуына бастар жол болатыны анық.

Ұрпақ жандылық – отбасының берік болуы үшін отбасында бала болуы маңызды. «Балалы үй – базар, баласы жоқ үй – қу мазар» – деген халқымыздың мақалы тектен-текке айтылмаса керек. Себебі, халқымызда отбасы бақытын – бала сүйюмен байланыстырған. Бала – отбасының ұйытқысы, ата-ананың арасын байланыстыратын негізгі көпір болып табылады. Сондықтан да, некенің берік болуы да отбасында баланың болуына байланысты болған. Бала – әрі ұрпақ жалғасы, әрі ата-ананың көз қуанышы.

Қазақ отбасында, дүниеге қыз келсе де, ұл келсе де, шынайы қуанып қарсы алады, сол сүйінші хабарды жақындарына естіртіп, ақ дастархан жайып, үлкен қарттарымыз жас сабиге батасын беріп мәре сәре болып жатады. – *Елеуім болса жалғыз басты, соңынан ерген не іні, не қарындасы жоқ еді, құдай оған серік болып жүретін бір еркек кіндіктісін де қимағаны ма? – деп үшінші немересінің есімін Ұлдан қояды. Төртіншісі де қыз болғанда Балемер күйіп кетіп: – Енді қашан ұл туасың? – депті келініне жылап. – Апам да қызық, әйтеуір, – деп келіні ұялып, төмен қарапты* (С.Досымов. Мінезді ауыл). Берілген дискурсқа арқау болып отырған мысалдан, қазақ отбасы үшін ұрпақ жалғастығы, отбасында ұл баланың дүниеге келуін көбірек тілге тиек ететіндері айқын көрінген. *Құдай оған серік болып жүретін* – деген тілдік бірліктер, жалғыз қалмай, бауырлары болса екен деген мағынада қолданылған. Бұл жердегі: *еркек кіндіктісі* – деген ұл баланы аңсап, ұл баланың өмірге келуін қалағанын білдіреді. Бұл мысалда ене мен келіні арасындағы дискурс бейнеленген. – *Енді қашан ұл туасың?* – деген сұрақ арқылы енесі келінінің тек қыз балаларын дүниеге әкелетініне риза еместігін білдіріп, өзіндік қалауын білдірсе, – *Апам да қызық, әйтеуір* – деп келіні апасының сөзінен қысылғанын немесе баланың ұл қыз болуы тек құдайдың қолында екенін білдіргендей. Осы бір қазақ халқына қатысты қасиетті төмендегі мысалдан да көруге болады. *Сара Төлегеннің кішкене Күлікенін көтеріп, тысқа шығып еді, ақсақал: – Бері әкелші, қарағым! – деп алдырып, немересін иіскеді. Көңілі тағы бір қарыс көтерілгендей: – Ей, құдая шүкір, тәуба! – деп тәубе келтірді* (Ж. Аймауытов. Алты томдық шығармалар жинағы). Немерелі болғанына қуану сәті, яғни тәубе ету арқылы құдай алдында разылығын білдіреді.

Отбасындағы сүйіспеншілік – отбасы тұрақтылығы мен үйлесімділігі ата-ана мен бала және ерлі зайыптылардың арасындағы сүйіспеншілік сезімімен тығыз байланысты. Ата-ана мен бала және ерлі-зайыптылар қарым-қатынасында өзара түсіністік, сыйластық орнап, отбасы мүшелерінің арасында

сүйіспеншілік сезімі болғанда ғана отбасы төрт құбыласы тең, бақытты отбасына айнала алады. «Отбасы» сөзінің мағынасы, бұл оның барлық мүшелерінің татулығы мен бірлігін білдіреді. Отбасылық татулық пен бірлік махаббатсыз болмайды. Отбасындағы махаббат таңғаларлық ғажайып нәрселер жасай алады деуге болады. Отбасында сүйіспеншілік, тек ерінің әйеліне немесе әйелінің еріне деген махаббаты емес, ол сондай-ақ отбасы мүшелерінің біртұтас махаббаты, бір-біріне деген ыстық ықыласы мен назары. Өмірге жаңа келген нәрестеге ананың адал махаббаты мен кіршіксіз көңілі ауадай қажет. Себебі, өмірге жаңа келген сәбидің өмірдің қыр-сырынан мүлде хабары жоқ. Нәрестенің өмірге келіп, өсіп-жетілуінде, ақылды да тәлімді бала етіп өсіру атананың парызы ғана емес, сонымен қатар олардың арасындағы сүйіспеншілікке да байланысты. Баланың бақытты болуы ең алдымен ата-ананың арасындағы сүйіспеншілік, бір-бірінің жан дүниесін танып, сырласып, сыйласып өмір сүруінде. Халқымызда: «Көңіл жақсы болғаны, өмір жақсы болғаны» – деген мақалда бекер айтылмаса керек. Отбасындағы ауа-райы, яғни отбасындағы үлкендердің бір-біріне деген қарым-қатынасы, балалардың да бақытты болуына, көңіл-күйлерінің жоғары болуына әсер ететіні анық.

Мысалы: *Әйелі Сара есік алдына дейін ере шығып, таксиге отырарда: – Ал жолың болсын... Аман-есен барып қайт! – деді, бұған күлімсірей қарап* (Қ.Жұмаділов. Он екі томдық шығармалар жинағы). Берілген мысалдан отбасындағы жұбайлар арасындағы сүйіспеншілікті көре аламыз. Жолға шыққан жолдасына ақ жол тілеп, амандықта қайта жүздесуді тілейді.

Ауызбіршілік – «ырыс алды – ынтымақ» – деген халқымыздың мәтелінің астары тереңде жатыр. Ынтымағы жарасқан, сүттей ұйып отыратын отбасылардың басты құндылығы отбасындағы ауызбіршіліктің болуы. Отбасындағы ауызбіршілік – отбасы мүшелерінің бір-бірімен қарым-қатынасы кезінде татулыққа, қандай істің басы басталса да ортақ келісімге келіп шешуіне негізделеді. Ауызбіршілік болған жерде отбасының ырысы артып, бақ пен берекеге кенелетіні анық. Мәселен: *Шай үстінде жасаудың кем-кетігі жайлы келелі әңгіме де қозғалды. Енді немен толтыру керек екені сөз болды. Сонан соң жеңгейлер Үбианға түрлі бұйымдар қоса бастады. – Жақсы көретін қайын сіңлім едің, бикеш. Көзімдей көріп жүрерсің, – деп әрқайсысы кесе-табақ, білезік-сақина, алқа-моншақтар сыйласты. – Құдайға шүкір, бикешжан. Мұндай жасауға әркімнің қолы жете бермейді. Әжем мен қайынағаға ризамыз. Бүтіндей бір үйдің ине-жібіне дейін түгендеп, іргеңді берік қондырғалы отыр. Мұндай жасаумен барған жеріңде де мерейің үстем болады* (Б.Момышұлы. Ұшқан ұя). Келтірілген мысалдан халқымыздың ауызбіршілігінің жоғары екенін байқай аламыз. Тұрмысқа шығайын деп отырған, қайын сіңілісіне жеңгелерінің шамалары келгенше қосатындарын қосып, қыздың жасауының толық болуына барынша ат салысқан.

Сыйластық – адам баласының бір-біріне деген ыстық ықыласының көрінісі. Отбасының толыққанды бақытқа кенелуі – ол отбасы мүшелерінің бір-біріне деген сыйластығына негізделеді. Бұл ұғымның астары терең, мән-мағынаға толы десек қателеспес едік. Себебі, сыйластық дегеніміз –

адамдардың өз бойындағы тәкәппарлықты, өзімшілдікті, менмендік қасиеттерін ысырып, басқа адамдарды сол қалпында бағалауы және құрмет көрсете алуы. Мысалы: *Апам алғашқы кезде: «Ойбүй, қарағым, өзім-ақ істеймін. Бұл тірлік біткен бе, кейін де жетер, әлден не қыласың», – деп шыр-шыр етіп оны ауыр жұмысқа жолатпайды. Бірақ ол: «Кейін тірлік болса бола жатар, ана. Жұмыссыз қайтіп отырамын, маған беріңіз», – деп апамның иығынан әкпішін алып сонау құдықтағы суға кетеді, не нәкәлай заманынан қалған нән сары самауырды майыса көтеріп далаға ап шығады* (Д. Исабеков. Гауһар тас). Осы берілген мысалда енесі мен келінінің арасындағы сыйластық көрініс тапқан. Қазақ отбасында сыйластықтың орны ерекше. Әсіресе, енесі мен келіні арасында сыйластықтың орнауы, ол шаңырақтың мәңгі жасайтынының кепілдігі. Қазақ отбасында, бала ата-анасының айтқанынан аттап кете алмаған, жұбайы анасының көңілін тауып, сыйласып өмір сүргенде ғана ол отбасының берекесі артуымен қатар, ер адамның анасын сыйлаған жұбайына да құрметі арта түседі.

Сыйластық бар жерде отбасының шайқалуы мүмкін емес. Отбасы мүшелерінің бір-бірінің көңіліне қарап, «сіз, біз» десіп өмір сүруі, сол шаңырақтың шаттыққа толып, берекесі артуына көмегін тигізері анық. «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді» – демекші, тату-тәтті, сыйласып өмір сүрген кезде ғана отбасы үшін алынбас қамал да болмайды және басқа ортада сол отбасының мерейі үстем болады. Отбасында сыйластық орнау үшін сол отбасында ата-ананың балалары алдында абыройы жоғары болуы керек.

А.С. Макаренконың пайымдауынша, «Абырой дегеніміз – балалар көзімен көріп тұрған, жасы үлкен кісінің күдіксіз қасиетті күші және құндылығы», екен [72]. Ата-ана өз баласы алдында салмақты пікір айтуымен, адамгершілігімен, еңбекқорлығымен, мәдениеттілік және кішіпейілдік қасиеттерімен абыройлы бола алады. Балалар үшін ата-анасының абыройы басқа адамдар арасындағы ата-анасының беделімен, өнегесімен өлшенетіні анық. Мысалы: – *Саған не болды? Өңің қашып кетіпті ғой? – деді Сара есіктен алқынып кірген күйеуіне қарап* (Қ. Жұмаділов. Он екі томдық шығармалар жинағы). Бұл мысалда әйелінің жолдасына деген ыстық лебізі бейнеленген. *Өңің қашып кетіпті ғой? – деп әйелі жолдасының жағдайы болмай тұрғанын сезіп, ауырып қалмадыңба, бәрі дұрыспа деген ниетін білдіреді.*

Адамгершілік – адамның ең асыл қасиеті, әр адамның бойынан табылуға тиісті құнды қасиет. Бұл қасиет адамдардың өзге адамдармен қарым-қатынасы кезінде әр айтқан сөзінен, әр істеген іс-әрекетінен білінеді. Кез келген мәселеде дұрыс шешім шығарып, әділ болуда адамгершіліктің көрінісі. Мысалы: – *Шайпайды ішіп болған соң Ыбышқа бар, малды айдасып келесің. Торғай шырылдағанда кеткеннен әлі жүр. Сусын ала бар. – Сөйтті де әкем түйе жегулі арбасына отырып жүріп кетті.* Осы мысалдан, әкесінің малға кеткен баласына екінші баласын көмекке жіберу арқылы бауырмалдық, жан ашу қасиеттерін оятып қана қоймай, сонымен қатар адамгершілік қасиетінің

дамуына түрткі болып тұр. Мысалдағы: – *Торғай шырылдағанда кеткеннен әлі жүр* – деген тіркес таң атысымен жүр деген мағынада қолданылып, ағасының шаршайтын уақыты болғанын інісіне жеткізіп, жан ашу сезімін оятқандай (Д.Исабеков. Гауһар тас).

Әрине, отбасылық дискурс кезінде баланы адамгершілікке үйрету мақсатында айтылатын үлкен кісілердің көптеген өсиет-өнегелері көрініс тауып жатады.

Балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде ұлттық педагогика қашанда халық тәрбиесін үлгі ұстайды. Ал адамгершілікке тәрбиелеудің бірден-бір жолы – осы іске көзін жеткізу, сенімін арттыру. Осы қасиеттерді балаға жасынан бойына сіңіре білсек, адамгершілік қасиеттердің берік іргетасын қалағанымыз [73].

«Адамның адамшылдығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» – деп Абай Құнанбайұлы айтпақшы, адамның бойындағы – адамгершілік сияқты асыл қасиет жанұяда ата-ананың өсиет-өнегесімен бала бойына даритыны анық.

Адамгершілік тәрбиесі – мақсатқа негізделген көзқарасты, сенімді, парасатты мінез-құлық дағдылары мен әдеттерді қалыптастыруға және адамгершілік сезімді, ұлттық сананы, қарым-қатынасты дамытуға, жалпы адамзаттық құндылықты тиімді пайдалануға бағытталған жалпы адамзаттық тәрбиенің құрамдас бөлігі [74].

2. Ұрпақ тәрбиесі – отбасындағы басты құндылықтардың бірі. Қазақ отбасында бала тәрбиесін ұл тәрбиесі, қыз тәрбиесі деп жеке-жеке бөліп қарастыру қалыптасқан. Отбасында бала тәрбиесімен отбасының үлкен мүшелері айналысады, яғни ата-әже, ата-ана ең әуелі өз ұрпақтары алдында көпті көрген, халық даналығымен сусындаған, басқаларға үлгілі екендігін көрсете отырып тәрбиелеуге тырысқан. Ұлдарды мықты, адал, намысқой қылып тәрбиелеу мақсатында әкелері тәрбиесін өзі қадағалап, қаталырақ ұстайтын болса, ал қыз баланың тәрбиесі аналардың еншісінде. Қызға, анасы ақылмен, мейіріммен жол сілтеп, тұрмыстық шаруаларды атқаруды бірте-бірте жүктейді. Әкенің де қыз балаға ықыласы ерекше болады, қыз баланың тәрбиесі қатаң емес дегеніміз, қыз баланы бетімен жіберу дегенді білдірмейді, қазақ отбасы үшін қыз – сол әулеттің намысы, тіптен елдің намысы саналып барынша әдептілікке, адалдыққа жан-жақты тәрбиеленеді. «Қыз – қылығымен» – деп санайтын халқымыз қыз баланың тек сыртқы сұлулығына ғана мән беріп қоймайды, оның мінез байлығын, жан-жақты тартымдылығын, ішкі сұлулығын бағалап, соған орай тәрбиелеуге тырысады. Өмір сүру салты табиғатпен тығыз байланысты ата-бабамыз болашақ ұрпағын жарық дүниеге әкелуші, оны тәрбиелеуші болашақ анада табиғи қасиет-қабілеттердің үйлесімді болуына жете көңіл бөлген [75]. Отбасында ана мен қыз баласына деген қамқорлық болмаған жағдайда отбасының үлгілі, өнегелі отбасылар қатарынан болуы мүмкін емес. Ұрпақ тәрбиесі – қай кезде болмасын елдің жойылып кетпей ел болып қалуы үшін маңызды болған. *«Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды*

таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады!», – деп Абай Құнанбайұлы өзінің 19-шы қара сөзінде айтпақшы, адам басқалармен тығыз байланыс орнату арқылы, солардан көрген, білгенін үйрену арқылы ғана дамып, жетіледі. Ұрпақ тәрбиесінің өзі бала бойында: *Үлкенге құрмет, адамгершілікке үйрету, әдеп тәрбиесі, салауатты өмір салтын ұстану, сана-сезім деңгейін өсіру, еңбекке баулу, білім нәрімен сусындату* сияқты қасиеттерді дамытудан тұрады. Әрине, қазіргі көзі ашық, көкірегі ояу саналы ұрпақтарымыздың тәрбиесінде бұл қасиеттер ең алдымен ата-ана бойынан табылуы тиіс. Ата-ананың бойында осы қасиеттер көрініс тапқан жағдайда, баланы оқытудың қажеті де шамалы, себебі бала отбасында көрген-түйгенін жасайтын, отбасының хал-ахуалынан хабар беретін отбасының айнасы.

Халқымызда, баланы екі-ақ ауыз сөзбен тәрбиелеген. Олар: «Ұят болады!» және «Обал болады!». Осы сөздердің түпкі ойын түсінген әр бала адамгершілігі мол болып, ізгі қасиеттерді бойына сіңіріп өсетіні сөзсіз.

«Ислам дінінде баланы әдепті, көргенді етіп тәрбиелеу – ата-ананың ең негізгі міндеттерінің бірі. Ата-ана баланы жөнге салуда байыптылықты ұстанып жеңілден қиынға, жұмсақтықтан қаттылыққа, кешірімділіктен қаталдыққа қарай тәсіл қолдануы қажет» – деп айтылған екен. Яғни, бала қателескен жағдайда ата-ананың сабырлы әрекет етуі маңызды [76]. «Не ексең, соны орасың!» – деп ата-бабамыз бекер айтпаса керек, ананың сүтімен, әкенің тәлімімен дарыған асыл қасиет баланың алдағы өмірінің бағыт-бағдары болатыны анық. Отбасындағы ата-ананың бір-біріне деген сыйластығы, құрметі жоғары болуы керек. Баланың басты ұстазы – ата-анасы болып табылады. Бала дүниеге келген күннен бастап көретіні ата-анасының іс-әрекеті, бір-біріне деген қарым-қатынасы, сол себепті де, бала үшін өміріндегі ең басты еліктейтін адамдары ата-анасы болары айтпаса да түсінікті. Отбасында ер бала әкеге қарап, ал қыз бала анасына қарап бой түзейді. Ата-ана әрбір іс-әрекетіне, айтқан сөзіне аса мұқият болуы керек. Отбасында көрген құрметті бала ертең айналасындағы жандарға, сонымен қатар, өзі отбасын құрғанда көрсетері анық.

Сана-сезім деңгейін өсіру – баланың білім деңгейін өсіру дегенді білдіреді. Махмұд Қашқари сынды әйгілі ғалымның: «*Ұлым саған айтайын өсиетін дананың, білімдіні таны да, соңынан ер, қарағым*» – деген нақылының кез-келген адамның жаңа білім алуға деген құлшынысын арттыратыны сөзсіз.

«Қазақстан – 2050» стратегиясында, бала тәрбиелеу – болашаққа ең үлкен инвестиция, ретінде қаралып, балаларымызға жақсы білім беруге ұмтылуымыз керек екені айтылады. Әрине, ата-ананың басты нысаны ол – бала. Балаға жасалған инвестицияға: баланы жан-жақты дамыту, білімін арттыру, мамандық алуға ұмтылдыру, тұлға ретінде қалыптасуға көмектесетін әрекеттің барлығы да кіреді. Қай кезде болмасын, ата-аналар балаларына дұрыс білім беруге, белгілі бір мамандық иесі атануы үшін аянбай еңбек еткен. Балаларды біліммен сусындату, отбасында дұрыс бағыт-бағдар беру, балаларға ой салатын ата-бабамыздан қалған өсиет-өнегеге толы ұлағатты сөздерді жиі айту балалардың сана-сезімінің жоғарылауына әсері зор.

– Қалай, балалар Кішкене молдадан оқығандай, бұдан да үздіксіз оқи ма? – деп сұрастырды. Әйгерім Абайды сағындырған сұлу үнімен жауап қатып: – Балалар бар ынтасымен, жанын салып оқиды. Қызығып оқиды. Жайлауға қарай көшіп келе жатқанымызда, тіпті, жаппалап қонған күндердің өзінде де Әбіш, Мағаштар бір күн қалет қылған жоқ (М. Әуезов. Абай жолы роман-эпопеясы). Мұнда Әйгерім мен Абай арасындағы әңгімеден мысал берілген. – Қалай, балалар Кішкене молдадан оқығандай, бұдан да үздіксіз оқи ма?, – деп Абай, балаларының білім алуына деген құлшынысын жұбайынан сұрап, қызығушылық танытқанына, Әйгерім де түсіне қойып: – Балалар бар ынтасымен, жанын салып оқиды. Қызығып оқиды, деп жауап қатады. Ынтасын салу – бір нәрсені бар қызығушылығымен беріліп істеу дегенді, ал жанын салу да осыған ұқсас мәнде жұмсалады. – Бір күн қалет қылған жоқ, – деген, бір күн сабақты жібермеді, қалдырмай оқыды деген мағынада жұмсалған. Жұбайлар арасындағы дискурстан балалардың білім алуына деген қызығушылығын көруге болады.

Бала күнімізде ата-әжеміз: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» – деп жиі айтатын. Балаларды еңбекке баулу арқылы ғана жауапкершілікке үйретуге болады. Отбасында үй тірлігіне көмектесіп анасының іс-әрекетін қайталаған қыз балалар, әкесінің тыстағы жұмыстарына қолқабыс студі үйренген ұл балалар ертең еліне де пайдасы тиер, ұлтына жанашыр, ата-анасына қамқор азаматтар болатыны анық. Сондықтан да, халқымызда балаға түрлі халық ертегілерін, аңыз әңгімелерін айта отырып-ақ еңбекке баулып, тәрбиелік мәні бар әңгімелер жиі құратын болған. Еңбектеніп үйренген бала өз-өзіне сенімді, кез келген ортаға тез сіңіп кететін болып өсері, қандай жұмыстың басы шықса да қиналмай алып кететіні анық. Абай Құнанбайұлы: «Еңбек қылмай тапқан мал, дәулет болмас, қардың суы секілді тез суалар» – деген екен [77].

Әрине, еңбектенбей келген дүниенің құны да төмен болады, қардың суы су болып жарытпайтыны секілді, еңбексіз келген дүние қаншалықты оңай келсе, соншалықты оңай кететіні анық. Сонымен қатар: «Еңбексіз тапқан мал бекерге кетер» – деген мақалда жиі қолданылып жатады. Бұл мақалды естіп өскен ұрпақ ата-анасының тапқан-таянғанын жатып ішер жалқау болмайтыны анық. Отбасында ата-аналар немесе үлкен кісілер осы сынды мақалдарды күнделікті әңгіме арасында қолдану арқылы жас ұрпаққа әр нәрсені еңбектеніп қол жеткізгенде ғана ыстық болатынын ұғындырған және осылайша бала танымында еңбек студің маңыздылығы қалыптасқан жағдайда отбасылық дискурс сәтті шыққанының айғағы. Мысалы: – Ал, ана, күн қысқарсын, бәріміз де тірлік істеп отыралық, – дейді әкем әжеме. Сөйтеді де әр жерде шоқшиып зерігіп отырған қыздарды нұсқады. – Сіз мыналарды да қарап отырғызбаңыз, ана. Әжем орнынан тұрып, үлкен алашаны бөлменің бір босағасына жаяды. – Сен, балам, ауызғы бөлмеден бір қап жүн алып кел, – деп қыздардың үлкені Үбианды жұмсайды. Жалтақтап отырған келіндеріне көзі түскен әжем, оларды да құр қол қалдырған жоқ. – Үйлеріңді сыпырып, ыдыс-аяқтарыңды жуып, күлдеріңді шығарып, қазан-ошақтарыңды реттеп, тамақ пісірудің

қамына кірісіңдер. Сендерге сол да жетер (Б.Момышұлы. Ұшқан ұя). Жоғарыдағы мысалдан отбасындағы ауызбіршілікті, әрі отбасының еңбекқорлығын көруімізге болады. Отбасындағы әр адамды бос отырғызбай, бос уақыттарын тиімді нәрсемен өткізіп, әр адамның өзіне жүктелген істі тындыруды үйретіп қана қоймай, жауапкершілікке және отбасылық жұмысқа араласуға тәрбиелеуде.

3. Отбасы денсаулығы – отбасы мүшелерінің амандығы бірінші кезектегі мәселе, адам өміріндегі басты құндылық. «Жарлының байлығы – денінің саулығы», «Денсаулық – зор байлық» – деген мақалдардың жиі қолданылуы да осыған дәлел. Денің сау болмаса ештеңенің маңызы да, мәні де болмайтыны анық. Бірінші мақалдағы негізгі ой – адам үшін денсаулықтан асқан құнды дүние жоқ екенін білдіріп, қанша бай болса да денсаулығың жоқ болса, сол байлықтан еш пайданың жоқтығы айтылады. Денсаулығың күту мақсатында, ата-бабамыз күнделікті тұтынған тамақтарына да аса мән берген. Әбдуәли Қайдар өзінің «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты, этнолингвистикалық сөздігінде: «Ет пен сүттің мол, әрі негізгі қорек ретінде қолданылуының басты себебін, халқымыздың ерте заманнан келе жатқан көшпелілік болмысымен, мал шаруашылығы – негізгі тіршілік көзі болуымен байланысты», деп түсініктеме берген екен [78].

Әрине, денің саулығы үшін ең бастысы қандай тағам тұтынатынымызға аса мән берген жөн. Халқымыз ет пен сүт өнімдерінің ағзаға пайдалы екенін ертеден білген.

– *Күнім-ау, түнделетіп неғып жүрсің! Шешінші шаршап келген шығарсың. Азып кетіңсің зой, жарығым-ау! Денің сау ма әйтеуір? – Сау, сау ана. Аздап шаршағандық шығар. Іштен кебісін сүйретіп әкесі шықты. – Жеті түнде жау құды ма, не боп қалды?* (Д. Исабеков. Екі томдық таңдамалы шығармалары). Келтірілген мысалда, *Азып кетіңсің зой, жарығым-ау! Денің сау ма әйтеуір?* – деп анасы баласының азғындау түріне қарап, баласының денсаулығына алаңдауын көрсетеді. Кез келген адаммен көріскенде, алдымен сол адамның хал-жағдайын, денінің саулығын сұрап барып, содан кейін ғана жөн сұрасу орынды.

Халқымыздың негізгі тағамы – ет пен сүт өнімдері болған. Еттің де, сүттің де ағзаға тигізер әсері мол және де дәруменге бай екені белгілі. Ата-бабамыз түрлі аурулардың алдын алуда да жылқы сүтін дұрыс пайдалана білген. Мүмкін, сол себепті де арғы ата-бабамыздың шымыр, алып тұлғалы болғаны жеген тағам құрамына да байланысты болса керек. Қазіргі кезде де қазақ отбасылары, ет пен сүтті жиі пайдаланады. Алайда, заман ағымына сәйкес пайда болған түрлі улы тағамдарды да күнделікті тұрмыста уақыт тапшылығына байланысты пайдаланатын кездер болады. Әсіресе, балалардың көп тұтынатыны анық. Қазір көшеден дайын тағам тұтыну сөнге айналған, өкінішке орай сол жеңіл-желпі дайындалған астың пайдасынан зияны көп екенін біле тұра тұтынып жатады. Отбасы денсаулығының басты құндылық екенін ұмытпай, отбасында дұрыс тамақтануды әдетке айналдырған жөн.

Отбасы денсаулығын нығайтудың басты қағидасы – *салауатты өмір салтын* ұстануға тәрбиелеу. Қазақ қоғамында салауатты өмір салтын ұстану сонау ата-бабамыздың заманынан қалыптасқан десек артық болмас. Көкпар тарту, бәйге, алтыбақан, асық ойнау, күресу сияқты халқымыздың ұлттық ойындары салауатты өмір салтын ұстанудың бірден-бір тиімді жолдары болғаны анық. Халқымызға тән ұлттық ойындардың барлығы дене қимылын қажет етумен қатар, жастардың артық зиянды нарселерге әуестенудің алдын-алуға көмектеседі. Салауатты өмір салты – денсаулықтың басты кепілі. Елдің жойылып кетпей қалуы, ұрпақ жалғастығын нығайтудың жолы. Өскелең ұрпағымыздың денсаулығы мықты болуы үшін де, әрі еліміздің болашағы жарқын болуы үшін де жас ұрпақты салауатты өмір салтына үйрету аса маңызды. Отбасында балаға зиянды заттардан аулақ болуға үйрету, яғни шылым шегудің, алкоголь тұтынудың, денсаулыққа зиянды улы заттарды қоланудың дұрыс еместігін құлағына құйып өсірген абзал. Оның орнына денсаулығын шынықтырып, көбірек қозғалудың тиімділігін айтып қана қоймай, сонымен қатар отбасында тәртіпке айналдыру қажет. Әрине, жоғарыда айтып өткеніміздей балаға үйретуден бұрын ата-ана өздері салауатты өмір салтын ұстанып, зиянды нәрсені қабылдаудан аулақ болған жағдайда ғана, бала отбасында көргенін жасайтыны анық. Отбасында, әкесі шылым шегуді әдетке айналдырып, бірақ баласымен әңгіме барысында: – *Балам шылым шегуге болмайды, денсаулыққа зиян* – дегенінен ешқандай нәтиже болмасы анық. Себебі, бала отбасында көргенін жасайды, ата-анасына басты пір тұтатын адамдары ретінде қарап соларға еліктеп өседі.

4.Тектіліктің көзі – адам бойындағы қандай қасиеті болмасын, соның барлығы ата-бабасының қанымен дариды. «Тектіден текті ұрпақ тарайды», – деген сөздің астары тереңде. Тектіліктің мәні – өзінің шыққан тегін жетік білу, жеті атасын жақсы тану, сол ата-бабасына тағзым ету, солардың асыл қасиетін ұмытпау дегенді білдіреді.

Тектілікті дәріптеудің арнасы кең, маңызы терең, қанша талқыласаң да, таусылмайтын тақырып. Тұқым бұзылып, тектілік қасиеттердің жойылып кетпеуін ойлаған ата-бабамыз жеті атаға дейін қыз алыспау заңын өмірге әкелген. Қазақ қоғамында жеті атаға толмаған ұл мен қыздың үйленуі рұқсат етілмеген, әлі де сол ата-бабамыздың сара жолын ұстанған халықпыз. Соның нәтижесінде ұлттық қан тазалығы сақталып келеді. Жақын туыстар отбасын құрған жағдайда олардың ұрпақтарының кеміс, әлжуаз болатыны белгілі [79]. Мысалы: – *Әй-жәй болған соң, ақсақал үйдің жарығымен үйінің жанында қой сойғызып отырып: – Күйеу бала, қай ел екен? – Білдіңдер ме? – деп Әмірден сұрады* (Ж. Аймауытов. Алты томық шығармалар жинағы). Берілген мысалдағы : – *Күйеу бала, қай ел екен?* – деген сияқты сұрақ қазақтың шаңырақ көтерейін деп отырған баласы немесе тұрмыс құрайын деп отырған қызы болса міндетті түрде бірінші болып қойылатын сұрағы. Халқымыз салауатты өмір салтына аса мән берген халықтың бірі, оның басты белгісі – жеті атаға дейін қыз алысып, қыз беріспеуі. Мұның өзі, халқымыздың қаны таза, жаны таза тектілердің ұрпағы екенінің көрсеткіші. Қазақ отбасында «*ұят болады*» – деген

сөздің өзі біраз ессіз қылықтардың алдын алуға түрткі болатын, алайда қазір ұят деген сөздің астарын ұғынудан қалып бара жатқандаймыз.

5. Әдептілік мәселесіне келетін болсақ, ол – әр отбасының өз ұрпағын кез келген ортада өзін-өзі дұрыс ұстай білуге үйретуі. Ахмед Йугнеки: «Әдептің басы – байқап сөйлеу» – деген екен. Адамдардың көңіліне қарап, әр айтқан сөзді байыппен айту да әдепті кісінің қасиеті. Әдемі сөйлеу, дұрыс киіне білу, өзін-өзі кез келген ортада дұрыс ұстай білу – әдептіліктің белгілері. Күнделікті ауызекі сөз барысында қолданылып жүрген: *Әдеп сақтау, әдептен озбау, әдеп көрген* сынды фразеологиялық тіркестердің мағынасы: отбасында дұрыс тәрбие алған, үлгілі, ибалы дегенді білдіріп, тағы да отбасындағы тәлім-тәрбиенің аса маңыздылығын көрсетеді.

Әдептіліктің астарында – үлкенге құрмет, кішіге ізет, ат тергеу, сәлем салу, табақ алу рәсімдері жатыр. Кез келген адамның көкейінде ат тергеудің, сәлем салудың, табақ алу рәсімінің әдептілікке қатысы қандай, мұның барлығы салт-дәстүр емеспе деген сұрақ туындауы мүмкін. Әрине, жоғарыда айтылған қазақ отбасыларында көрініс тауып жататын рәсімдердің барлығы да салт-дәстүріміздің адамдарды әдептілікке үйрететін жолдары десек қателеспейміз.

Отбасы тәрбиесіндегі *үлкенге құрмет көрсету* қағидасы кез келген қазақ отбасының басты ұстанымы болып табылады. Үлкен кісілердің алдын кеспеу, сөзін бөлмеу, төрден орын беру, алдымен үлкен кісілердің батасын алу әрбір шаңырақта жүзеге асатын тәрбие бастауы болып табылады. Бірнеше автордың еңбегімен жазылған, «Мәңгілік ел» кітабында: – *Жас ұрпақтың ақыл-есінің, мінез-құлқының қалыптасуы өскен ортасының өнегесі мен алған тәрбиесіне байланысты*, – деп жазылған екен [80]. Әрине, бұл сөздермен келіспеу мүмкін емес. Жас ұрпақтың дұрыс қалыптасуы, алған тәрбиесі мен сол ұрпақты тәрбиелейтін топқа тікелей байланысты. Жалпы қазақ қоғамында, бала тәрбиесінде ауылдың үлкен ақсақалдары араласып, өздерінің дұрыс деп тапқан жолын нұсқап отырған. Үлкенді сыйлаған халықпыз, сондықтан да, отбасында үлкен тұрып, жастардың ақыл айтуы немесе үлкеннің жолын кесу сияқты қылықтар қазақ отбасылары үшін жат қылық болып, әдепсіздіктің, көргенсіздіктің белгісі болып саналған.

– *Неге күлесің, ана шиеттей бала-шағаңды әуедегіні арбап, жердегіні жалмап жүріп асырамасаң болмайды енді. Менің арқам шығар – осы күнге дейін бір баланың қиыншылығын көрмегенің. Әншейін ертелі кеш аршыған жұмыртқадай етіп қойған балалардың бетінен сүйіп, дәндеген бұл қу жал-ғ-ыз... – Болды, болды... жем де болады, ана....* (С. Досымов. Мінезді ауыл). Келтірілген мысалда анасы мен баласы арасындағы дискурс бейнеленген. Мұндағы: – *шиеттей бала-шаға* – кішкентай балалар деген ұғымды білдірсе, – *әуедегіні арбап, жердегіні жалмап жүріп асырамасаң болмайды* – жанталасып, бар күшінді салып балаларыңды бағуың керек деген мағынада жұмсалған бірліктер болса, – *Менің арқам шығар* – дегені менің көмектесіп, балалардың бар тірлігін өзім атқарам деген мағынада айтылған. Ал, – *аршыған жұмыртқадай* – деген үстілері таза, жуынып, тазаланған, киімері бүтін деген мағынада айтылған. – *Дәндеген бұл қу жал-ғ-ыз...* – деген сөйлемнен жалғыз

баласы екенін және анасына әбден арқа сүйеп алғандығы айтылады. – *Болды, болды... жем де болады, ана.....* – анасының жоғарыдағы сөздерінің мәнін түсініп, сұрағанын алып келетінін айтып жатқаны. Яғни, бұл берілген мысалда отбасылық дискурс сәтті шықты деуге болады, нәтиже бар – ол баласының анасының айтқан тілегін, бұйрығын орындауға уәде беруі. Сондай-ақ, үлкеннің сөзіне деген құрметтің көрінісі жақсы сипат алған.

З.К. Ахметжанова, Қазақ мәдениеті үшін мінез-құлық нормасы жас ұрпақтың аға буынға деген сыйластық қатынасынан тұратынын айтады, өйткені қарт адамдардың өмірлік тәжірибесі көп болғандықтан, білім қоры да жастарға қарағанда көп. Үлкендер кішілерге, әкесі ұлына қамқорлық жасауға міндетті. Ұлына тек әкесінен қалған материалдық мұрадан ғана емес, сонымен бірге әкесі өмірден озса да адамдардың жадында сақталатын әкесінің беделінің, есімінің тигізер әсері мол [81].

Ұлттық санамызда «үлкенге құрмет, кішіге ізет» – деген қолданыс қатар жүреді. Мұның астары терең мағынаға тұнып тұр. Үлкендерді сыйлап, сөзін бөлмей, айтқан ақылына құлақ қоюмен қатар, кішілерге де құрмет көрсету, өз ойларын айтуға мүмкіндік беру, үлкен кісілердің жастардың шалыс басқан қадамы болса көрегендігін көрсетіп, жалықпай түсіндіруі де ізеттіліктің белгісі, әдептіліктің керемет көрінісі болары анық.

Қазақ отбасының әдептілігін айқындайтын келесі бір мәселе ол – ат тергеу. *Ат тергеу* – адамдардың атын тура айтпай атына ұқсас сөздермен баламалап, жұмсақтап айтудың түрі. Ат тергеуді көп жағдайда отбасындағы жаңа түскен келінмен байланыстырып жатамыз. Ата-бабамыз, жаңа түскен келіннің, әдепті, ибалы, көрген жердің қызы екенін сол өзінің күйеуінің ата-анасының, бірге туған ағайындарының немесе туыстарының есімін атауынан-ақ түсінетін болған. Жақсы жерден шыққан қыз барған жеріндегі, адамдардың атын тіке атамай, аттың баламасын тауып айтатын болған. Ат тергеу дәстүрін қолдана отырып, қазақ келіндері түскен ауылының үлкендеріне деген құрметін көрсетуімен қоса, сол ауылдың сыйлы келініне айнала білген.

– *Шырайлым-ау! Бейуақта неғып жатырсың? Шам жағатын уақ болды ғой, – деп еді, Ақбілек енжарлана есінеп, еркелі, назды, майда үнін созып: – Жазғы-лар деді. – Шам қайда еді? Мен жағайын.... – Жеңеше, несіне асығасың, ерте ғой, – деп, Ақбілек еңсесін бұраңдатты* (Ж. Аймауытов. Алты томдық шығармалар жинағы). Келтірілген мысалда жеңгесі мен қайынсіңілісі арасындағы дискурс берілген. Мұндағы: – *Шырайлым-ау!* – деген бірлік, жеңгесінің қайынсіңілісінің атын тура атамай ат тергеу дәстүрін ұстанып тұрғанының көрінісі. Жалпы, қыз балаға жеңгелер түр-әлпетіне қарай ат берген. – *Шырайлым-ау!* – деген көрікті, әдемі деген мағыныда жұмсалады. – *Бейуақ* – деген уақытты білдіреді, яғни кеш бата бастаған шақтағы елең-алаң уақыт. Бұл қолданысты жалпы қазақ қоғамы ғана түсінеді және халқымызда бейуақта жатуға болмайды, ауырып жатқан адамға ғана болады деген сияқты түсініктер қалыптасқан.

Ат тергеу мәселесін, зерттеуші А.Ж. Қобланова өзім-өзге бинарлық концептісі тұрғысынан қарастырады. Ұзатылған қыз өзінің үйреншікті,

дағдылы ортасынан мүлдем өзге ортаға келгенде, объективті дүние, этноәлеуметтік құрылым ұқсас болғанымен тілдік, тілдік емес қарым-қатынас ортасы мүлде бөлек болатынын жазады. Рулық санадағы мифтік ой-қиял дүниесі мен символдар әлеміне тап болады, сол мифтік ой-қиял дүниесі өзінше бір әлем болып табылады. Тыйым сөздер сол әйел айтуға болмайтын сол ой-қиял дүниесінің тілдік репрезентанттары болады. Күйеу жұртына келген соң жаңа түскен келін табиғат нысандарын атын тура атамай, бүркеме атпен атауға тиіс екенін жазады [82].

Әрине, жаңа отбасына келген жас келін үшін ол отбасының тыныс-тіршілігі де, тұрмысы да жат болып, өзге орта болатыны анық. Сол өзге ортаға сіңісіп кету үшін де, отбасы мүшелерінің атын тура атамай, ат тергеу салтын ұстану арқылы отбасы мүшелерімен жаңа түскен келіннің сыйластығы артқан.

Жасау-жабдық түгелденіп болған соң, әпкемді ертіп келді. Ауылдың үлкен жеңгесі алдынан қарсы алып, қолтықтады да, отауға қарай беттеді. Осы сәттегі әйелдердің толқуында шек жоқ еді. Бәрі қыбырсыз тына қалды. Демдерін іштеріне тартып салтанатты сәт күткендей, кейбіреуі көзіне жас алып жатыр. Әлгі үлкен жеңгеміз босағаға жақындағанда Үбианға тіл қатты: – Отауыңа оң сәт тілеп, есігін аштырғалы тұрмыз, еркежан. Отауың бақытқа толсын, иелері қайғысыз болсын (Б.Момышұлы. Ұшқан ұя). Мысалда, жеңгесінің қайын сіңілісінің атын тура атамай еркелетіп, *Еркежан* деп атауы халқымыздың керемет дәстүрінің белгісі. Қазақ келіндері өзінің қайын жұртының атын атамаған, әсіресе келін атасы мен енесінің, яғни түскен отбасының үлкендерінің атын тура атамай ізеттілік көрсете білген. Ат тергеу дәстүрін көп жағдайда өзінің қайын сіңілісі немесе қайын інісіне қатысты жақсы ұстанған халықпыз. Отбасында ұл балалар болса олардың түр-әлпетіне, жүріс-тұрысына қарай: *Сері жігіт, Ерке бала, Еркем, Мырза жігіт, Батыр бала, Ақын бала, Тентек бала* – деген сияқты аттар қойған болса, қыз балалардың да ажарына, мінез-құлқына қарай: *Шырайлым, Сырғалым, Ерекшем, Еркежан, Бұрымдым, Шашбаулым, Дана қыз, Дара қыз* – деген сияқты теңеулер берген.

Сәлем салу – әдептіліктің тағы бір әдемі көрінісі. Үлкенге иіліп сәлем салу арқылы келіннің сол үлкен кісілерге деген құрметін білдіріп, жаңа түскен келіннің жас пен кәрінің алдында сыйластығын арттыратын дәстүр. Иіліп сәлем салып тұрған келінге үлкен кісілер: *«Көп жаса!»*, *«Бақытты бол, айналайын!»*, *«Көсегең көгерсін!»* деген ақ бата, жақсы сөз, игі тілектерін айтып жатады. Үлкен кісілердің *«Көп жаса!»* – дегені, жас келінге ұзақ ғұмыр тілеуі болса, *«Бақытты бол, айналайын!»* – дегені жас келіннің бағы ашылып, өмірінде тек жақсылыққа кенелуін тілегендері, ал *«Көсегең көгерсін!»* – деген тіркеске І. Кеңесбаевтың сөздігінде алғыс деген түсініктеме берілген екен, яғни үлкен кісілердің келінге ризашылығын білдіріп, алғыс айтуы екен [83]. Мысалы: Осы кезде іштен келіні де шығып, атасының жүзіне қарай алмай күлімсіреп, ұяла сәлем берді. – *Бәрекелді, өмірлі бол, балам. Ана немелерің қайда? – Үйде. Ұйқтап жатыр* (Д. Исабеков. Екі томдық таңдамалы шығармалары). Келтірілген мысалда атасын көре салысымен келінінің сәлем салуы

сипатталған. Сәлем салған келініне, атасы өз тарапынан: *Бәрекелді, өмірлі бол, балам!* – деп айту арқылы ризашылығын білдіріп, келініне ұзақ ғұмыр тілейді. Әрине осы сынды жақсы тілектер, келіннің бағының ашылуына да себепші болып жатады.

Тапа-тал түс болса да есікке келін:

– *Бұл кім? – дедім. – Мен! Атаңмын! Бар, киін! – деді күн күркірегендей үн есіктің сыртынан. Алғашқы қорыққаным қорыққан ба, зәрем ұшты. «Бар, киін» деген сөздің байыбын бірден ұза алмай, үйде киіп жүретін халатымның түймесін бір салып, бір азытттым. Киім салатын икафқа жүгірдім. Сасқалақтап, киімдерімді жұлмалап, әлекке түстім де қалдым. Дегенмен өзіме-өзім «сабыр-сабырлап» үстіме жеңі ұзын көйлек, басыма орамал, аяғыма шұлық тауып кидім. Барып есік ашып, ата-бабамның салтымен иіліп сәлем салдым. – Бақытты бол, балам! – деп қолын болар-болмас басыма тигізіп, бөлмеге кірді. Ата жалғыз емес, қасында бір кісі бар, өң-түсінің қандай екенін көргенім жоқ, бірден басымды көтеруге батылым жетпеді...» (З. Ахметова. Шуақты күндер). Бұл мысалда да, қазақ келінінің әдептілігі көрінеді. Атасын көрген сәтте ізеттілік танытып иіліп сәлем беру ұлттық танымымыздың көрінісі. Атасының бір-ақ ауыз, *Бар, киін!* – деген сөзінен келінінің үстіне жеңі ұзын көйлек, басына орамал, аяғына шұлық тауып киюі де келінінің әдептілігін көрсетеді. Жалпы ата-ене немесе үйде бөтен кісілердің алдында ашық-шашық киінбей, етек-жеңін жауып жүру де келіннің негізгі әдептілігінің белгісі.*

Ата-бабамыз аяғы ауыр келінді уақытша, яғни баланы дүниеге әкелгенше, ал күйеуі қайтыс болған келіншекті біржола сәлем салудан босатады екен. Алайда бұрыннан келе жатқан сәлем салу үрдісі бүгінде еліміздің барлық өңірінде сақталып қалды деуге келмейді. Уақыт өте, көптеген дәстүрдің біразы ұмытылып, тиісінше орындалмай жүргені рас.

Сәлем салу көбінесе екі жағдайда орын алады, біріншісі – келіннің өзінің күйеуінен үлкен ағайындарымен және үлкен кісілермен сәлемдесу мақсатында салса, екіншісі – шаңырақта ағайын жекжат бас қосып тамақтанғаннан кейінгі сәтте, келін келіп табақты алып сол шаңырақтың ақсақалына қарап иіліп сәлем береді. Сәлемді алған ақсақал немесе сол дастархан басындағы кез келген жасы үлкен кісі *«Ұл тап, қарағым!»*, *«Өркенің өссін!»*, *«Көп жаса!»* – деген сөздер арқылы батасын беріп, алғысын білдіреді. Әрине бұл сәтте де келін мен үлкен ақсақал арасында дискурс орнайды.

Табақ алу – сәлем салумен байланысты жағдай екенін жоғарыда айтып өттік. Табақ алып, сәлемін салған келін үлкенге деген сыйластығын білдіреді де, сыйластықтың жауабы ретінде үлкеннің батасын алады. Қазақ отбасыларында, келінге жүктелетін міндет өте көп деуге болады. Мұның басты себебі, келін болашақ ана, яғни келінді баптап, тәрбиелеу арқылы болашақ сол отбасының балаларының тәрбиесінің дұрыс болуын көздеген. Келін баланы тәрбиелеу үшін, отбасына жылылық, береке орнатуы үшін де осы сынды түрлі дәстүр отбасына жаңа түскен келінді тәрбиелеумен байланысты болған. Әрине, жаңа түскен келін сол отбасына келе салысымен сәлем салуды білетін

болған. Қыздың тәрбиесіне қазақ халқында тек жеке отбасы ғана емес, бүкіл ауыл-аймағы, әулеті жауапкершілікпен қарайды. Сәлем салу дәстүрі жас буынды тәрбиелеу мақсатында қалыптасқан. Себебі, келінге қарап, сол үйдің кіші ұл-қыздары бой түзейді. Сәлем салу арқылы отбасында сыйластық орнайды.

«Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда» – деген мақал қазақ отбасыларында жиі айтылады. Мұның себебі, жат жерге түскен келінді үркітіп алмау және сол үйдің қызын тәрбиелей отырып, келінді де тәрбиелеу болған. Ақылы бар келін, енесінің қайынсіңілісіне немесе қайынапасына айтқан ақылын немесе бұрыс қылықтарын бірден түсініп түзеуге тырысқан.

6. Қонақжайлылық – қазақ қандай халық дегенде, бірден қонақжай халық деген стереотип қалыптасқан. Әлбетте, бұл жағымды стереотип және халқымыздың жақсы бір әдетін бейнелейтін стереотип. Әдетте, қандай қонақ келседе құрақ ұшып қарсы алып, қонақтың алдына барымызды ұсынатын қасиетіміз бар. Жолай соққан мейман болсын, арнайы келген мейман болсын бөліп-жармай, дастарханға барын салып күту қанымызға сіңген қасиет. Сонымен қатар, халқымызда келген қонақтың да қадамына қарай түрлі болжамдар жасалынатын болған. Мысалы: қонақ келген отбасында бір жақсылық орын алса, ол жақсылықты: «*Құтты қонақ келсе, қой егіз табады*» – дей отырып, қонақтың келген қадамын жақсылықпен байланыстырған. Әрине, бұл біздің халқымызда сонау ата-бабамыздан келе жатқан асыл қасиет болып табылады.

Қонақ кез келген үйге түспейтін болған, үйі таза, ұл-қызы бар адамның үйіне түсетін болған. Қазақтың әр үйінде «қонақтың ырыздығы» бар деген ұғым қалыптасқан [84].

Қазақ отбасында, қонақ күту дәстүріне үйретудің қажеті жоқ, себебі әр отбасында қонаққа деген ілтипат пен құрметті жас ұрпақ қай заманды алмасақ та көріп өсуде. Халқымыз келген қонақты бөліп жармай, қонағына өте жайлы болған. Бейтаныс адамдардың алыстан ат терлетіп барар жерлеріне жете алмай, жолай кез келген шаңыраққа тоқтап сол үйдің құтты қонағына айналуы біздің ата-бабамыз үшін үйреншікті нәрсе болған.

– *Жо-жоқ, үшеумізден басқа тірі пенде қазір есігімізден қарамайды. Тіпті мына көршілер екі шақырғанда біз бір де жауап қатпадық. Тіпті өзгеріп барамыз...* (С. Досымов. Мінезді ауыл). Берілген мысалда жұбайлар арасындағы отбасылық дискурс берілген. – *Үшеумізден басқа тірі пенде қазір есігімізден қарамайды* – дегені баласы, өзі және күйеуінен басқа адамның ол босағаға бас сұқпайтыны, яғни қонақ шақырылмайтыны айтылады. – *Тіпті мына көршілер екі шақырғанда біз бір де жауап қатпадық* – көршілерімізге тиісінше жауап қайтарып, сый көрсете алмадық дегені болатын. – *Тіпті өзгеріп барамыз...* – бұл жердегі көп нүктенің өзі, ойлан дегенді білдіріп, тіпті қазақтыққа жат қылық танытып, қонақжайлығымызды ұмыттық дегені болатын.

Біраз жылдар бұрын, келген қонақтың кім екенін білу маңызды болмаған, ең бастысы келген адамды кері қайтармай, бар жақсысын салып қонақ етіп, дәм

татқызып, ас суын ұсынып қайтаратын болған. Алайда, қазіргі заманда қонақ күту дәстүріміз кішкене өзгеріске ұшырағаны анық. Оның себебін, адамдардың ниетінің, ойының өзгеруімен байланыстыруға болады. Кез келген бейтаныс адамды қонақ етіп қарсы алудан қорқатын заман. Бұрынғы кездердегідей кез келген адамның үйіне шақыртусыз барудың өзін ұят санайтын заман. Мұның басты себебі, уақыттың тапшылығы да болып табылады. Ата-бабамыздың кезіндегідей от анасы, үйде отырып қонақты кез-келген уақытта қарсы ала алмайтыны тағы бар. Қазір отбасында бала асырау қамымен, үйдегі аналарда жұмыс басты болып жатады. Осыған қарамастан, халқымыздың қонақжайлылық қасиеті әр шаңырақта сақталған деуге болады. Әр отбасында өзіне сыйлы қонақтарды, белгілі бір келісілген уақытта шақыру, үлкен ұлан-асыр тойлар жасап, көптеген жақын адамдардың басын қосу да, қонақ күтуді жақсы көретін халық екеніміздің дәлелі.

7.Бауырмалдық – адам бойындағы туысшылдық, ағайыншылық қарым-қатынасты сақтап, жақын аралық байланысты үзбеуді білдіретін ұғым. Бауырмалдық – туыс адамдардың арасындағы жақсы қарым-қатынасты, бір-біріне деген мейірімділікті, жанашырлық, қамқорлық сияқты құнды қасиеттерді жоғалтпау. Сондай-ақ, бауырмалдық тек бірге туған адамдардың арасында көрінетін қасиет емес, сондай-ақ ол кісінің адамгершілік, тектілік, қамқорлық қасиеттерін айқындайтын адам мінезінің жағымды көрінісі. Өзгені бауырына тарта білу, жақынына жанашыр болып, қамқорлық көрсету сияқты жақсы қасиеттер адамдар арасындағы өзара жақындықты, бірін-бірі құрметтеу, жақсы көру сезімдерін қалыптастырады. Мәселен: – *Бауырым, жиен-ау! Сені де көретін күн бар екен!* – деп ұшып тұра келіп, мойнынан құшақтай алды. – *Сен мұнда қайдан келдің?* – *Сен қайдан келдің?* – деп екеуі де сасқалақтап, қатар сұрасты (Ж. Аймауытов. Алты томық шығармалар жинағы). Осы мысалдағы баланың анасының тәркіндері және туыс адамдары, яғни нағашылары, қыздың баласын «*жиен*» деп атайды. Қазақ халқында: «*Жиен ел болмайды, желке ас болмайды*» – деген мақал айтылып жатады. Яғни, мұндағы жиен қанша жерден өз қызынан дүниеге келсе де оның өз жұрты бар, әкесі жақта өседі, солардың тәрбиесімен сусындайды, сондықтан да нағашыларымен күнделікті жақындығы жоқ болып есептеледі. Алайда, осыған қарама-қарсы ойда айтылатын мақал да ұшырасады: «*Жиен неге ел болмасын жайлы болса, желке неге ас болмасын майлы болса*». Бұрынғы кездерде жиен нағашыларына жиі бара бермейтін, өз жұрты бағып өсіретін. Қазіргі қоғамда осы бір жайт кішкене өзгеше сипат алған. Қазір, керісінше көп жағдайда жиеншарды, яғни қыздан туған баланы нағашылары бағып, өсіретін заман туды. Қазақ дәстүрінде нағашы мен жиен арасында үлкен сыйластық жүреді. «*Жиенді ұрған адамның, қолы қалтырап қалады*» – деген халық даналығы да осыдан шықса керек. Нағашылар жиеніне қашанда ыстық ықыласын бөлуге әзір тұрады, олардың араларында көреалмаушылық деген сияқты жаман әрекеттер болмайды, олардың арасында өте бір жақын байланыс болады. Жоғарыда келтірілген мысалдағы: – *Бауырым, жиен-ау!* – деген сөздерден, ерекше бір сағынышты, бауырмалдықты көруге болады. – *Сені де көретін күн бар екен!* – біршама уақыттан бері бір-бірін

көрмегенін, қауышпағанын білдіреді. Қазақ өте бауырмал, кеңпейіл, туысшыл халық. Біз туысқандармен араласып, шүйіркелесіп, мәре-сәре болуды ұнататын халықпыз. Жақсылығымыз болса да, жайсыз хабар болса да бір-бірімізбен бөлісуді жөн көреміз. Әлбетте, бұған себеп біздің бауырмалдығымыз, қандай жағдай болмасын бауырымызға көмек қолын созуға даяр тұратынымыз немесе жақсылығын бірге бөлісуге тырысатынымыз.

8. Салт-дәстүр жалғастығы және ырым-тыйымдарды ұстану – әр халықтың ұлттық танымын, көзқарасын, өзіне тән жеке ұлттық ерекшелігін білдіретін наным-сенімдері, әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері болады. Ата-бабамыздан келе жатқан салт-дәстүрдің ұмыт болуына жол бермей, бүгінде өте жарасымды етіп қолданып жүрген халықпыз. Халқымыз дәстүрге өте бай. Сол дәстүрдің сақталуы шағын мемлекет саналатын, жеке отбасыларына тікелей байланысты. Отбасылық жиындарда, түрлі дәстүрлі шараларды қамту отбасының басты құндылықтарын сақтаумен тең. «Халқын сүйген – салтын сүйер» – деген халық даналығының астары тереңде. Ұлт жанашыры, халық қамын ойлайтын адам ретінде біз ең бірінші салт-дәстүрімізге қанық болуымыз қажет. Салт дәстүрге байланысты да отбасылық дискурс түрліше сипат алады. Сонымен қатар, отбасында үлкен кісілер күнделікті ауызекі сөйлеуде ырымдар мен тыйымдарды қолдана отырып қарым-қатынасқа түсетін болса, сол ырымдарды құлағына құйып өскен бала мен үлкен кісілер арасында да өзіндік бір отбасылық дискурс орын алады. – *Па шіркін, қыз өссе Нәзирадай боп өссін. Бір үйдің ер-азаматын жоқтатпас!* – деп тамсанады. Сондайда араға әжем килігеді. – *Осы жұрт сұқтанбаса жүре алмайды-ау деймін түге. Қызымды ауыртасыңдар, тфәй деңдер, – дейді* (С. Мұратбеков. Таңдамалы). Берілген мысалда: – *Па шіркін, қыз өссе Нәзирадай боп өссін.* – көршілердің Нәзираның керемет, тәрбиелі болып өскеніне таңданыстарын білдіріп, *бір үйдің ер-азаматын жоқтатпас!* – деген айтылымда қолынан бәрі келеді, икемді, ер адамның да тірлігіне мықты екендігін айтқылары келген. – *Осы жұрт сұқтанбаса жүре алмайды-ау деймін түге* – деген әжесінің сөзінен қазаққа тән ырымшылдықты көреміз, сұқтану – деген таңырқау, тесіле қарау, көзін тігу дегенін білдіреді. – *Қызымды ауыртасыңдар, тфәй деңдер* – деген сөздер адамға тесіле қараған жағдайда сол адамға көз тиеді деген ырымға сену болған, «тфай» деңдер – деген сөздер қазақ отбасында әсіресе кішкентай нәрестеге қатысты жиі айтылатын сөз. Халқымыздың наным-сеніміне сәйкес, *тфәй* деп айтылған жағдайда, қараған адамның көзі кішкентай нәрестеге өтпейді деп сенген.

Отбасында ата-ананың салт дәстүрді ұстануы арқылы бала бойында адамгершілік, ауызбіршілік, бауырмалдық сияқты құндылықтарды қалыптастыра алады. Отбасылық өмірде көрініс табатын салт-дәстүрлерге: құда түсу, сырға салу, қыз ұзату, қыздың жасауын жасау, енші бөліп беру, нәрестенің дүниеге келуімен байланысты дәстүрлер, бесік той, тұсау кесер, сүндет той т.б. жатады. Осы жоғарыда келтіріліген дәстүрімізге сай үрдістердің негізінде де түрлі отбасылық дискурс орындалады. Біз қазақ халқында қалыптасқан еншілік институты деген ұғымға және қыздың жасауы деген

дәстүрлерге тоқталуды жөн көріп отырмыз. Енші дегеніміз – бұрынғы кездерде үйленген жігіттің әкесінің үйінен бөлек отау болып шыққанда көтеріп беретін үйі, арнайы бөліп беретін малы болған. Қазірде еншілік институты өз өміршеңдігін жойған жоқ. Ата-ана шамасының келгенше бөлініп шығатын баласына еншісін береді. Әрине, қазір енші ретінде төрт түлік малды бөліп беріп, бөлек отау құрып бермесе де, жиған тергенінен бөліп балаға еншісін беруге тырысады. Бөлек шыққан баланы үйлі-жайлы жасайды немесе қаржылай көмектеседі. Әрбір ата-ана үйленген ұлына «енші», қызына «жасау» беріп бөлек шығарады. Қазақ отбасыларында еншісін алып, бөлек кетіп, ата-анасына қолқабыс етпейді деген түсінік мүлде болмаған. Отбасында бірнеше бала болған жағдайда солардың әрқайсысының еншісін беріп бөлек шығарып, ал кенже баланы енші бермей, қара шаңыраққа қалдырады. Яғни ол сол отбасының мұрагері болып табылады. Отбасы мұрагері – сол отбасының түтінін түтетіп, ата-анасына қарайлап отыратын бала. Ата-бабамыздың кезінде отбасы мұрагері – кенже бала болуға міндеттелсе, қазіргі қоғамда кез келген ата-анасының бабын таба алған баланың, сол отбасында ата-анасымен бірге қалуы дәстүрге айналған. Тіпті, кей жағдайларда отбасындағы жалғыз баланың өзі ата-анасын тастап бөлек шығып жататын кездерді де көреміз. Мұны біз сол отбасындағы байырғы дәстүрдің ұстанылмауымен немесе баланың бойында қазақи тәрбиенің жоқтығымен түсіндіреміз. Енші бөлген кезде де отбасында дәстүрімізді дәріптеу мақсатында отбасы мүшелері арасында туындаған қарым-қатынастың нәтижесінде отбасы дискурсы орын алады.

Қыз баланы қонағындай құрмет тұтып, сый көрсеткен халықпыз. Сондықтан да, «қыз – қонақ» – деген түсінікпен, қызды еркелетіп, барынша өз үйінде еркін сөйлеп, еркін жүруіне мүмкіндік жасайды. Қазақ халқы ерте кезден қыз жасауына аса мән берген. Бұрын қыздың дүниесі малмен бағаланса, бүгінде ол үй жиһаздарымен, тұрмыстық техникамен, көлікпен, ақшамен бағаланатын болған. Қызға жасау жасағанда, жүгін апарғанда, қыздың жасауына зат қосқан кезде қарым-қатынасқа түсетін адамдар арасында да отбасылық дискурс орындалады.

Отбасы дискурсы қазақ отбасында болатын күнделікті сөйлеу барысындағы *ырым-тыйымдарды* қолдану кезінде де сипат алып жатады. Отбасында, әсіресе үлкен ата-әжесі болған жағдайда – *Нанды баспа! – Нанды бір қолыңмен үзбе! – Таңдайыңды қақпа! – Үйде ысқырма! – Аяғыңды көкке көтерме!* – деген сынды тыйым сөздер көптеп айтылады. Әлбетте, мұндай тыйымдарды естіп өскен бала мен үлкен кісілер арасында дискурс орнайтыны рас. Қазақ отбасында айтылатын ырым-тыйымдардың түрі өте көп. Ол табиғатқа зиян келтірмеуге қатысты болады, киім-кешекке қатысты (ер адамның киімін жоғары ұстау, жерге тастамау сияқты) айтылатын ырымдар мен тыйымдар да бар.

Көненің көзі – деген дәстүрде бар. Ол – бұрынғы кезден қалған затқа, салт-дәстүрге қатысты айтылады. Мысалы: Әжесінен қалған жүзікті сақтау, оны сол отбасының қызына немесе келініне тағу арқылы, әжесінің бойындағы құт-береке сол жаңа таққан адамға дарысын деген ырым болған. Атасынан

қалған ер тоқымды немесе қамшыны сақтау және соны сол отбасындағы кішкене баласына беру арқылы, сол атасы сияқты дәулетті болсын деп ырымдаған.

9.Киенің тылсым күші – қазақ қоғамында ата-бабамыздан бізге мирас болып қалған, әлі күнге дейін халқымыздың сана-сезімінде сақталған наным, сенімдердің түрі өте көп. Олар табиғаттың, өмір заңдылықтарының және де төрт түлік мал мен жан-жануарлардың қадір-қасиетіне байланысты санамызда қалыптасып, бойымызға сіңіп кеткен. Кие дегеніміз – белгілі бір заттың немесе тіршілік иесінің қасиеттілігін, жоғары тылсым күшке ие екендігін білдіретін түсініктің қалыптасуы. Кие де – суггестияның бір түрі. Суггестия термині – наным, сенім дегенді білдіреді. Яғни, кие сөзінің астары да сол табиғаттың, жан-жануарлардың, өсімдіктердің кейбір тылсым күшіне сенуден шыққан. Мысалы: – *Ол алма ағаштың түбінен өткендеріңде ең болмаса шүберек іліп кетіп жүріңдер – деп, қоятын әжеміз. – Тұу, әже, соған да сенесіз бе? – Киелі түгі де жоқ, – дейтін сондайда Нәзира әпкем. – Тек әрі! Тіліңді кесейін бе осы! – деп әжем зекіп тастайтын* (С. Мұратбеков. Таңдамалы). Әжесі мен немересі арасындағы дискурстан өсімдіктердің де киесі болатындығы көрсетілген. – *Ол алма ағаштың түбінен өткендеріңде ең болмаса шүберек іліп кетіп жүріңдер, – халқымызда киелі санайтын орындарға, әсіресе мәуелі ағаштың киесі болады деген түсінік қалыптасып, сондай ағашқа шүберек байлау немесе түбіне теңге тастау үрдісі де бар. Мұның себебін, халқымыздың ырымшылдығымен байланыстыруға болады, мәуелі ағаштың көктеп көгеруі секілді, отбасым көгерсе екен, балаларым ғұмырлы болса екен деген тілеуін білдірген. – Тұу, әже, соған да сенесіз бе? – Киелі түгі де жоқ, – деген немересінің жауабынан жас өспірімдердің ондай ырымдарға сене бермейтінін көруімізге болады. – Тек әрі! – адамдар дұрыс сөйлемеген жағдайда қолданылатын бірлік, әсіресе үлкен ақсақалдар мен кәрі әжелеріміз көп айтады. – Тек әрі! – деген сөздің астары тектілігіңді ұмытпа деген нұсқау іспеттес. Қазақта: «Баласын – тек демеген, итін – кет демеген» – деген қолданыс бар. Яғни баласын тоқтамға шақыра алмаған, дұрыс тәрбие бере алмағанмен тең.*

Қазақтар үшін үйдегі ас дайындайтын қара қазан да киелі есептелген. «Ырыстың басы – қара қазан» – дейтін қазағымның танымында, «ошақ», «отбасы», «қазан» киелі ұғымдар болып саналған. Қазанды берекенің, ауызбіршіліктің, отбасы жарасымының символы деп есептеген. Қазекең астарлап жеткізетін кейбір ұғымдардың қазанға қатыстысы да жетерлік. Күні бүгінге дейін кей ауылдардағы зираттардан қабірдің үстіне немесе сол моланың ішінде төңкерулі қазанды кездестіреміз. Бұл халық түсінігінде «әулеттің оты өшті, ешкімі қалмады» дегенді білдіреді. Яғни, мұрагері жоқ, балалары қалмаған әулетті осылай білдіріп отырған. Ертеректе үлкендер «қазанды төңкерме» деп ұрысып жатушы еді, оның астары тереңде жатқан екен. Қазақ «ырысым өзге үйге кетіп қалады» деп өзге үйге өзінің қазанын бермеген. Сол сияқты қайтыс болған адамның тұқымы тоқтаусыз өле берсе, зиратына құран оқытып, қазан төңкерген. «Қазаның толы болсын», «Қазаның оттан түспесін» деген сияқты қазақтың алғыс батасы бар болса, осыған қарама-қасы мәндес,

«Қазаның қайнамасын» деген қарғысы да болған. Келін толғатқанда толғағын жеңілдету мақсатында жарыстыра қазан асып «жарыс – қазан» жасаған [85].

Қазақтар жануарлар мен аң құстың киесіне қатты сенетін халық. Киелі жануарлар – қазақтар үшін жақсылықтың жаршысы, береке әкелуші, бақыт пен табысқа жетелеуші, молшылықтың нышаны болған. Киелі малды немесе аң-құсты ұрмайды, өлтірмейді, олай жасаған жағдайда, сол жануардың киесі ұрады деп қорқады. Аңдардың киесіне байланысты да бізде түрлі мақал-мәтелдер айтылады. Қазақ халқы үшін төрт түліктің бәрі де киелі деп есептелінеді. Жылқы атасы – Қамбар ата, сиыр атасы – Зеңгі баба, түйе атасы – Ойсыл қара, қой атасы – Шопан ата, ешкі атасы – Сексек ата деген сынды, әр түліктің өз иесі бар. Қазақ халқы үшін әсіресе, жылқы – ең қасиетті жануар болған. «Ер қанаты – ат», «Ердің құны – жүз жылқы, ары – мың жылқы» – деген мақалдарда жылқының қазақ үшін құнын көрсеткендей. Жылқы көп жағдайда, сыйлы қонақтарға мінгізіп жататын немесе қыздың жүгін апарған кезде, қосымша ең ірі, ең әдемі жылқыны таңдап мінісі ретінде апаруы да кәделі сыйлыққа бағаланғаны. Сонымен қатар, қазақ отбасында осы төрт түліктің иесін балаларына өлең шумақтары арқылы жаттатып, олардың біздің танымымызда жоғары орын алатынын түсіндіруге тырысқан. Әсіресе, жылқы мен түйенің киесі ерекше айтылады. Киелі малды сатқанда, не тарту еткенде жылқының ноқтасын, жүгенін, түйе мен сиырдың бұйдасын бермей алып қалады. Сол жануарларың киесі басқа адамға өтіп кетпесін деген оймен. Мысалы: – *Бүбітай жынданыпты, – деді. – Тек әрі, не дейді?! – деді әжем мен апам қосарлана тіксініп. – Рас. – Астапыралда! – деп көкірегін ұстаған әжем дұға оқыды. – Айтып ем зой, Көкінайдың қарғысы жібермес деп айтып ем зой* (С. Мұратбеков. Тандамалы). Берілген отбасылық дискурстан кие деген ұғымның бар екенін түсінуге болады. – *Бүбітай жынданыпты* – дегенді ести салысымен, оның жындануының себебі де осы жануарлардың киесіне байланысты екенін түсінген әже, – *Айтып ем зой, Көкінайдың қарғысы жібермес деп айтып ем зой* – деген сөздерінде Көкінай деген ит болғанын және сол иттің балаларын көршісі Бүбітайдың бірін қалдырмай өлтіріп тастауын жаман ырымға балағанын осыған дейін өзара әңгіме қылғандарын айтып жатыр. – *Көкінайдың қарғысы жібермес*, – балаларын өлтіргенінің кесірі тиіп, Бүбітайдың жындануына сол себепші дегені болатын. Ит – адамның досы деп есептелінеді және өз иесін сатпайды деп айтылады. Ақылды ит иесі өлгенін біледі және жоқтап ұлиды. Сондай-ақ, иттің өз-өзімен ұлығанын да жамандыққа балаған, ит ұлыса – сол үйдің иесіне бір жамандық көрінеді деген ойлар да қалыптасқан. Киікті атпайды деген нанымда бар. Себебі, киік – киелі жануар есептеліп, киік атқан адамның ұрпағы азаяды, киіктің қарғысы ұрады деген сенім де бар. Осыған ұқсас, қасқырды атсаң немесе бөлтірігін өлтірсең, ол да сол адамның балаларын алып, өшін алады деген нанымдарда айтылады.

1 тарау бойынша тұжырым

Дискурс – адресанттың (ақпаратты беруші жақ) адресатқа (ақпаратты алушы жақ) мақсатты түрде бағыттаған ойының адресат санасында

интерпретациялануы (талдануы, түсінілуі) нәтижесінде туындаған сөйлеу актісі. Дискурс коммуниканттар арасындағы, яғни адресант пен адресат арасындағы мазмұнды, мағыналы қарым-қатынас түрі.

Институционалды дискурс дегеніміз – қоғамдағы әлеуметтік институттардың өздеріне тән қалыптасқан нормалары мен типтеріне сәйкес айқындалатын дискурс түрі.

Отбасы дискурсы дегеніміз – коммуниканттардың ойы мен ниетіне және белгілі бір жағдаятқа байланысты туындайтын, отбасы мүшелерінің қарым-қатынасқа түсу формасы және адресант пен адресаттың маңызды интенциясы. Отбасы дискурсында жазбашаға қарағанда, көбінесе ауызша түрде сөйлесу басым. Яғни, отбасы дискурсының репрезентациялану каналына – ауызша түрдегі сөйлесім және бейвербалды амалдарды қолдану (ым-ишара, дене қалыбы, көзқарас қимылы) жатады.

Отбасылық дискурс мәселесін зерделей келе, отбасылық дискурсқа тән мынадай басты белгілерді анықтадық:

- Екі немесе оданда көп коммуниканттардың пікір алмасуы;
- Әңгіменің нақты отбасылық контекст аясында өрбуі;
- Тілдік қарым-қатынастың отбасы мүшелерінің интенциясына негізделуі;
- Коммуниканттардың аялық білімінің теңдігі (тақырыптан хабары болуы);

– Әңгіме барысында ұлттық құндылықтардың көрініс табуы.

Сонымен қатар, зерттеу жұмысымыздың барысында отбасылық дискурсқа тән ерекшеліктер анықталды. Олар:

- 1) отбасы мүшелерінің жан-дүниесі;
- 2) мінез-құлқы;
- 3) ой-өрісі;
- 4) отбасындағы әр адамның өзіндік орны, яғни мәртебесі;
- 5) көңіл-күйі;
- 6) тілді білу деңгейі.

Отбасылық дискурс кезінде осы ерекшеліктердің дискурстың өрбуіне тікелей әсер ететінін айта кетуіміз керек.

Ауызекі тілдегі сөйлеудің барлық түрі – *отбасы коммуникациясы* болса, *отбасы дискурсы* құндылықтарға, мәдениетке негізделген қарым-қатынас түрі. Дискурста аксиологиялық мағынаның саналы немесе санадан тыс түрде таралуы немесе қолданылуының нәтижелі әдісі ол – аксиологиялық концепт арқылы белгілі бір ұлтқа тән мәдениеттің, кәсіби немесе қоғамдық қауымдастықтардың немесе жеке тұлғаға қатысты құндылықтардың берілуі. Бұл жерде біз құндылықтардың адам санасында ақыл-ой түрінде көрініс табатын немесе сол санадағы құндылықтар туралы білімнің сөйлеу барысында сөйлеуші арқылы талдау жасалып сөйлеу тіліне айналған формасы болатынын айтқымыз келеді.

Отбасы дискурсының лингвоаксиологиялық аспектісін біз тіл + ұлттық құндылық + отбасылық коммуникациядан тұратын үштаған ретінде қарастырдық. Отбасы құндылығы – ұлттық құндылықтарға негізделген, отбасы

мүшелерін тәртіп пен тәрбиеге жетелейтін, отбасының атадан балаға беріліп келе жатқан ұстанымдары мен ережелері.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, отбасы тұрақтылығы (неке беріктігі, ұрпақ жандылық, отбасындағы сүйіспеншілік, ауызбіршілік, сыйластық, адамгершілік), ұрпақ тәрбиесі (сана-сезім деңгейін өсіру), отбасы денсаулығы, қазақ отбасындағы тектілік (жеті атасын білу, жеті атаға толыспай қыз алысып, қыз беріспеу), әдептілік (үлкенге құрмет, кішіге ізет, ат тергеу, сәлем салу, табақ алу рәсімі), қонақжайлылық, бауырмалдық, салт-дәстүр жалғастығы және ырым-тыйымдарды ұстану, киенің тылсым күші сияқты негізгі қазақ отбасының көрсеткіштері арқылы *қазақ отбасының дискурсивті-лингвоаксиологиялық моделі* ұсынылды.

2 ҚАЗАҚ ОТБАСЫ ДИСКУРСЫНЫҢ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

2.1 Қазақ отбасы дискурсының лингвоаксиологиялық негізі

Мәдениет энциклопедиялық білім, ұлттық және мәдени коннотация, бейнелі мазмұн, рәміздер, стереотиптер, стандарттар арқылы әр ұлттың санасында сақталып, тіліне енеді және бекітіледі [86].

Сондықтан да, дискурсты зерттеуде, сол тақырыпты қамтитын концептілерді, яғни лингвомәдени санада белгілі бір ұлттың тілінің және мәдениетінің көрсеткіші ретінде танылатын танымдық түсініктерді қарастыру маңызды.

Коммуникацияның маңызды шарты ол адамның қоршаған орта шындығын тіл арқылы тани алуы. Когнитивті лингвистиканың өкілдерінің айтуынша (Дж. Лакофф, В.А. Маслова, А.А. Потебня, С.Г. Тер-Минасова), әрбір тіл белгілі бір концептілік жүйеге баламалы және осының негізінде әрбір тіл өкілдері қоршаған ортадан түскен мәліметтерді қабылдайды, құрастырады, классификациялайды және оны жүйелеп қолданысқа енгізеді. Концептілердің ерекшеленуін және олардың байланыстары адресант және қабылдаушының концептуалды жүйелерінің өзара әрекеттесуі ретінде қарастыруға болатындықтан, қарым-қатынас процесіне жаңаша қарауға мүмкіндік береді [87-90].

«Концепт» ұғымының түрлі анықтамалары кездеседі. Концептіні этностық-мәдени ерекшелікпен бейнеленетін, тілдік көрінісі болатын, коллективті сананың бірлігі ретінде қарастырады. Нақтырақ айтатын болсақ, концептінің вербалдылығы және этностық-мәдени таңбалылығы оны ұғымнан, түсініктен және мағынадан ерекшелейді. Осылайша, концепт – лингвомәдениеттанудың базалық бірлігі болып табылады [91].

Концепт дегеніміз – қоршаған ортадағы белгілі бір нысанға қатысты жалпы әлемдік таным түсінік. Белгілі бір ұлттың өзіндік тәжірибесінің негізінде қалыптасатын, сол ұлттың мәдениетімен, ұлттық құндылықтарымен, тарихымен байланысты бағалауыштық категориясы жоғары болып есептелетін когнитивтік бірліктер.

Ғалым Ж.А. Манкеева, тілді – адамның әлеуметтік тұрмысын қамтитын мәдениет пен тарихты кешенді сипаттайтын таңбалық жүйе ретінде қарастыра келе, әрбір этностың тілі арқылы сақталған болмысының «ішкі» мазмұнын ашу – «мәдениетті тану кілті» және тіл – таңбалар жүйесі ғана емес, ол – көркемсөзбен көмкерілген әр халықтың ұлы мұрасы, ұлттың тарихи жетістігі, екенін айтады [92].

В.И. Карасик пен Г.Г. Слышкиннің пайымдауынша, лингвомәдени концепт тілді, сана-сезімді және мәдениетті кешенді зерттеуге бағытталып, шартты ақыл-ой бірлігі ретінде анықталады. Олардың ойынша, лингвомәдени концепт үш ортамен (сфера) байланысты болады:

1) Сана-сезімдік – концептінің мекендеу аймағы (концепт санадан табылады);

2) Мәдени – мәдениет концепті анықтайды;

3)Тілдік немесе сөздік – бұлар концепт заттандырылатын аймақ болып табылады [93].

Дискурс кезіндегі коммуниканттардың интенцияларының құрылымын когнитивті тұрғыдан зерттеу концептілік фрейм немесе сценарий тұжырымдамасы, прагматикалық түсіну, прагматикалық контекст және оны талдау схемасына негізделген [94].

Концепт – біздің санамыздағы психикалық және менталды ресурстардың бірлігін таныту қызметін атқаратын немесе адамның білімі мен тәжірибесін анықтайтын құрылымды танитын термин. Басқаша айтқанда, концепт – адам психикасында бейнеленген ғалам бейнесінің индивидтің ойлау және концептуалдық жүйесінің, менталды лексикасының, жадының мазмұндық оперативті бірлігі болып табылады [95].

Фрейм – білім қалыптастырудағы басты операциялардың бірі. М. Минский адамның көргеннен алған ақпараты мен есінде сақталған ақпаратын модельдеу тәсілін зерттеу арқылы фрейм ұғымын танытты. Ғалым фрейм туралы зерттеуін былай дәлелдейді: «...Мәселен, бөлмеге кірген адамның ондағы заттар мен құбылыстардың қандай екенін, қалай орналасқанын, санада сақталған осы ақпараттардың қаншалықтысы ақиқатқа сәйкес келетінін анықтауы адам жадындағы модельдерді көрсетеді. Бұл модельдер – фрейм деп аталады. Бұл құбылыс фильмнің әрбір кадры секілді санадағы дүниелерді визуалды стереотиптік жағдайда тану әрекетіне келеді. Фрейм – жадыда сақталған білім мен ақпараттың бір дүние шеңберіне ұйымдасқан, адам тәжірибесіндегі дүние туралы нақты фрагменттерден құралған ақпарат. Фрейм көп жағдайда дүниенің лексикалық мағынасы, ол тұлғаның энциклопедиялық және экстралингвистикалық білімі негізінде санада көрініс табады. Негізінен фрейм концепт ядросының төңірегіне ұйымдасатын құрылымдық элементтерді ассоцияцаландыра отырып ақпарат жинайды» [96].

М.Л. Макаровтың пікірінше: «Фрейм – адам санасындағы нақты заттардың өзіне тән ерекшеліктері мен коммуникациясы туралы белгілі ситуациялар арқылы берілетін білімнің когнитивтік құрылымы» [14, 46 б.]. Сонымен айтылғандардан шығатын қорытынды, адам белгілі бір жаңа затқа атау беруде өз жадындағы сол затқа қатысты нақты бейнелердің ерекшеліктерін, қасиеттерін, ерекше сипаттарын, еске түсіре бастайды. Затқа немесе құбылысқа берілген атау адам санасындағы ақпараттар нәтижесінде жүзеге асады. Ендеше тілдегі фрейм – бұл элементтері ұғымдық құрылымның жеке бөлігі (сөз, тіркес, сөйлем) болып табылатын лексикалық қатар. Қарапайым фреймдер бір ғана лексикамен берілуі мүмкін, ал күрделі фреймдер тіркестер немесе сөйлем арқылы танылуы мүмкін. Әрине, бұл тек шартты түрдегі тілдің көрінісі. Тіл білімінде фрейм – әрбір сөзі белгілі бір бөлшекті (мағынаны) немесе кейбір концептуалды және акционалды бүтіндікті айқындайтын сөздер жинағы ретінде танылады.

Фрейм контекстік күтулердің әрі қарай уақиға барысының жоспарын құрастыруға негіз болады. Басқа жағынан, ол мүмкін болатын интерпретациялардың шеңберін қалыптастырады. Фреймнің тетігі табиғи тілді

түсіну процесінде когнитивті шектеушінің рөлін атқарады. Жағдаяттарды шешуде фреймдерден басқа да скрипт және сценарийлерде негізгі қызмет атқарады.

Сценарий адамға күнделікті тіршілік жағдайларын бағдарлауға көмектесетін және оқиғалардың сюжетті дамуына үлес қосатын адам жадындағы қосымша білім болып табылады.

Сценарий фреймнен туындайтын эпизод фрагменттерінен құралады. Оның қарапайым танымдық элементтері фрейм болса, әрбір фрейм тармақтарының төңірегінде оқиғалар мен жағдаяттар жүйесін құрайтын бөлшектер жинақталады. Бірақ ол фреймнен уақыт өлшемін шешетін факторлар арқылы ажыратылады. Сценарий концептінің идеясын дамытатын сюжеттерден құралады. Сценарий – іс-әрекеттік фрейм ретіндегі оқиғалар мен жағдаяттар жүйесі. Фрейм белгілі бір жағдаятқа байланысты құрылым болса, сценарий – іс-әрекеттің бірінен соң бірінің болатындығын көрсететін құрылым. Яғни сценарийде оқиға белгілі бір ретпен, белгілі бір іс-әрекеттердің кезектесіп келуімен сипатталады.

Фрейм – статикалық (қозғалыссыз, тұрақты), сценарий – динамикалық (қозғалмалы) ойлау образы. Фрейм – стереотипті ситуацияға қатысты ойлау образы... [97].

Мысалы: «Кешкі ас» – фрейм болса, ал сол кешкі астағы отбасындағы дискурс – сценарий болады, біз оны фреймдік сценарий деп қарастырамыз.

Әр сценарийде іс-әрекетті орындау тәртібі жағдайға байланысты түрленуі мүмкін. Бұдан айта кететін жайт, яғни әр көріністің орын тәртібі орындаушының еркіне байланысты өзгеріп отыруы мүмкін.

Сонымен қатар отбасылық кешкі астың сценарий отбасы мүшелерінің (әке, ана, бала) іс-әрекетіне немесе жағдаятқа байланысты түрліше өзгеруі мүмкін.

Концепт «құндылық» ұғымдарымен тығыз байланысты болады. Адам өз айналасындағы әлеммен таныса отырып өзі үшін ненің маңызды, ал ненің маңызы жоқ екенін және ненің ерекше мәні бар екенін, ал ненің ол үшін мүлде маңызы жоқ болатынын шешеді, яғни адам қоршаған заттар және құбылыстарды әлемге өзіндік құндылық қатынастарына сүйене отырып бағалайды.

Ұлттық құндылықтың ерекшелігін, ой-өрісін, сана-сезімін, таным-түсінігін, болмыс-бітімін, бір сөзбен айтқанда, этно-құндылықтық-танымдық болмысын танытатын тілдік модельдердің жиынтығын «концептілік мәнге ие доминант» ретіне қарастыру керек [98].

Кез келген ұғым концептілік мәнге ие бола алмайды. Тек ұлттық құндылықтардың, салт-дәстүрдің, ұлттық сананың негізінде қалыптасқан, ұлттың болмысына тән, мән-мағынаға толы бірліктер ғана концепт деңгейіне көтеріле алады.

Отбасы дискурсында да отбасы макроконцептісінен тарайтын, ұлттың санасында өзіндік құндылыққа ие концептілер бар. Оларға: «әке» концептісін, «ана» концептісін, «бала» концептісін жатқызуға болады. Аталмыш

концептілерді тілдік тұрғыда зерттей отырып, отбасы сөзінің маңыздылығын айқындауға болады.

«Әке» концептісі

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде әке ұғымына үш түрлі анықтама берілген: 1.Балалы болған ер адам. 2.Ауыспалы мағынада – бір нәрсенің ең үлкені, ең зоры. 3.Қарағым, қалқам. Тілімізде әке концептісін ашатын түрлі тіркестер, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер көптеп кездеседі. Әсіресе, әкенің орнын, мәртебесін айқындайтын паремиологиялық қорымыз жетерлік. «Әке» ұғымы, тілімізде «ата» ұғымымен мәндес жүреді. Сондай-ақ, әкелерін балалары «көке» – деп те атап жатады. Яғни, көке сөзінің мәнісі тереңде. «Көке» – деген сөздің шығу тарихы «Көк» немесе «Аспан» деген ұғымдардан шығады. Отбасындағы, әкені «Көк аспанға» теңеудің өзі, әкенің мәртебесінің балалары алдында жоғары екендігін көрсетеді. Әкесі балаларына қорғаны болып, тірегі болып қашанда баланың сенетін адамы бола білген.

Отбасында әкенің тәрбиесін көрген балалар тәртіпті, ашық және адал болып өседі. Бала өзінің қалауы бойынша ғана емес, парыз бен міндет сезімін басшылыққа ала алатын болады. Әкесі ұлына ер адам қандай болу керектігін, өмірге еркек сияқты қарауды, мәселелерді шешуді, адамдармен сөйлесуді үйретеді. Мейірімді әкенің қарауында өскен қыздар өздерін қауіпсіз сезінеді, оларда тұрақты отбасы туралы ой қалыптасады және болашақ отбасын құрғанда да сол алған әке қамқорлығы өзіндік әсерін тигізіп жататыны анық. Өз тарапымыздан «әке» концептісін сипаттайтын төмендегідей кестені ұсынуды жөн көрдік:

«Әке» концептісі	
Ұлттық дүниетанымдағы «Әке» концептісінің құндылықты сипаты: <ul style="list-style-type: none">- Отбасы тірегі;- Сыншы;- Бала қорғаны;- Ұл баланың айнасы;- Отбасын асыраушы;- Әке өсиеті.	Ұлттық дүниетанымдағы «Әке» концептісінің антиқұндылықты сипаты: <ul style="list-style-type: none">- Өгей әке;- Донор әке;- Әке қарғысы.

Сурет 4 - «Әке» концептісі

Әке – асқар тау. «Әке – асқар тау, ана – баурайындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» – деген бір даналық сөздің астарында бүкіл қазақи тәрбиенің маңыздылығы сыйып тұр. Асқар таудай әкесін пана тұтқан бала

жасық болмайтыны, ана атты бұлақтың мейіріміне қанып өскен баланың өзгеге де мейірім көрсете алатыны анық. Отбасында, әке мен ананың бала тәрбиесінде өзіндік алатын орындары бар.

Әке – отбасын асыраушы. Этно танымымзға сәйкес, отбасында ер адам яғни, әке – отбасындағы табыс табушы, отбасын асырайтын басты адам болып табылады. Көп жағдайда отбасында әйел адам дүниеге бала әкеліп үй шаруасымен айналысу бұрынғы кездерде үйреншікті жағдай болған. Алайда, заман талабына сәйкес қазіргі заманауи отбасыларында ерлі-зайыптылар бірдей табыс табуға, отбасына жағдай жасауға құқылы деуге болады.

Әке – отбасы тірегі. Әке шаңырақ иесі, арқа сүйер жар, отбасының асыраушысы. Бүтін бір отбасының намысы, сол отбасының отағасы, ер адамы яғни, әкенің намысы болып есептелген. Қазақ қоғамында ер адамдар бала тәрбиесіне көп араласа бермейді. Көп жағдайда бала тәрбиесімен отбасында аналар айналысады және бұл қазақ қоғамы үшін қалыпты жағдай. Әкелер, отбасының жағдайын жасаймын деп күн ұзаққа жұмыс бабымен жүреді, ал аналар болса сол отбасындағы балаларды тәрбиелейтін бірден-бір адам болады. Алайда, бұл қазақ отбасында, бала өмірінде әкенің беделін төмендетпейді, қайта әкенің сол отбасының тірегі екендігін, сыртта жүрген әкенің қас-қабағынан-ақ қайтуды үйретеді.

Әке – сыншы. Әкенің бейнесі, оның жеке қасиеттері, басқалармен қарым-қатынасы, білімі мен дағдылары балаға күнделікті үлгі бола алады. Отбасында әке ұл мен қызға бірдей әсер етеді. «Атасыз ұл ақылға жарымас, анасыз қыз жасауға жарымас», «Әкеге қарап ұл өсер» – деген сияқты халық мақалдары да әкенің орнын, әсіресе әкенің балаға ақыл айтатын, жол көрсететін басты тұлға екенін бейнелейді, сондай-ақ, баланың әкеге қарап өсетіні, әсіресе ұл баланың әкеге қарап бой түзейтіні айтылады. Отбасында балаға, әкеден қарағанда аналардың жақынырақ болатыны анық. Сосын, баланың дұрыс емес жасаған әрекеттерін түзетіп, сын айтатын адам да әке болып табылады. «Ата – балаға сыншы» – деген мақалда осының дәлелі. Сондай-ақ, «Атаның жақсысы жездедей-ақ» – деген мақал, әке мен бала арасындағы жақындықты сипаттайды, «Адам еткен әкеңнің атын ақтап жүргейсің» – бұл мақалдың мағынасы да, өсіріп жеткізген әкеңнің атына кір келтірмеу, еңбегін ақтау дегенді білдіреді.

Әке – бала қорғаны. Ана – отбасының жылуы болса, әке – сол отбасының қорғаны, балалардың бойында қауіпсіздікті, сенімділікті қалыптастыратын жан. Әкесі бар бала, қашанда өзіне сенімді болып өседі. Әкесіз бала, өз-өзіне сенімсіз, жалтақтау болып өседі. Себебі, қандай да бір қиындық туындаса өзін қорғай алатын алып әкесінің жоқ екендігін түсінеді. «Әкесін сыйлаған ер болар, сыйламаған жер болар» – деген мақалда да әкені сыйлау, әкені құрметтеудің маңыздылығы айтылады. Әрине, әке балаға анасындай жақын болмаса да, бала алдындағы әкенің орны жоғары, құрметке лайық екені анық.

Әке өсиеті. Әкенің баласына айтқан ақылы. Ешқандай әке баласын жаман болсын демейді, балам адам болса екен дейді. Сондықтан да, отбасында әкенің айтқан бір ауыз сөзі балаға ақыл болып, бойына бітеді.

Бір адам он жасар баласын ертіп, егіннен жаяу келе жатса, жолда қалған аттың бір ескі тағасын көріп, баласына айтты:

– Анау тағаны, балам, ала жүр, – деп.

Бала әкесіне:

– Сынып қалған ескі тағаны алып неғылайын, – деді.

Әкесі үндемеді, тағаны өзі иіліп алды да, жүре берді.

Қаланың шетінде темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң, әкесі қайырылып, манағы тағаны соларға үш тиынға сатты. Одан біраз жер өткен соң, шие сатып отырғандардан ол үш тиынға бірталай шие сатып алды. Сонымен, шиені орамалына түйіп, шетінен өзі бірем-бірем алып жеп, баласына қарамай, аяңдап жүре берді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артында келе жатқан бала да тым-ақ қызығып келеді екен, жерге түскен шиені жалма-жан жерден алып, аузына салды. Бітегенеден соң және бір шие, онан біраз өткен соң және бір шие, сонымен әр жерде бір әкесінің қолынан түскен шиені он шақты рет иіліп, жерден алып жеді. Ең соңында әкесі тоқтап тұрып айтты:

– Көрдің бе, мана тағаны жамансынып жерден бір ғана иіліп көтеріп алуға еріндің, енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп бір еңкеюдің орнына он еңкейдің. Мұнан былай есіңде болсын: аз жұмысты қиынсынсаң – көп жұмысқа тап боласың, азға қанағат ете білмесең – көптен де құр боласың, – деді (Б. Алтынсарин. Таза бұлақ).

Б. Алтынсариннің «Таза бұлақ» шығармасынан алынған мысалдан әкесінің баласына айтқан өнегелік сөздерінің тәрбиелік мағынасы жоғары екенін байқауға болады. Кішкене жұмыстан қашқан баласының іс-әрекетінің дұрыс еместігін түсіндіру үшін баласына өмір бақи сабақ болатындай тәлім көрсетуі әке өсиетінің, әке даналығының көрінісі.

Әке – ұл баланың айнасы. Қазақ отбасында ұл бала тәрбиесімен әкелер айналысатынын жоғарыда айтып өткен болатынбыз. Отбасында әке өзін қалай ұстаса, ер бала да ер жете келе өзінің әкесінің іс-әрекетін қайталайды. Әке өзінің игі істерімен үлгі бола білсе, әрине оны көріп өскен ұлы да сол қасиеттерді бойына сіңіреді. Ал жаман қылықтарын көрсетсе, ұл баланың да сол қылықтарды жасайтыны сөзсіз. Халқымызда жиі айтылатын: «Атасы бұлан атпағанның, баласы құлан атпайды», «Атадан бала туар, атасының жолын қуар» – деген мақалдар да осының дәлелі. Яғни, бұл мақалдар баланың әкесінің жолын қуатынының дәлелі. Сондай-ақ, балаға даритын мінез-құлықты да халқымызда көбінесе әкесіне ұқсатып жатады. Ж.Баласағұнның: «Ұл, қыздан да жаман мінез шығады, қырсыз қылық тек әкеден жұғады» – деген нақыл сөзінде де баланың әр нәрсеге ептілігі немесе қолынан ештеңенің келмеуі де әкеден берілетін қасиет екенін айтады.

Әке – қарғысы. Әке қарғысы өткір болатынын ұмытпауымыз керек. Себебі, ана қанша ұрсып, қанша ренжісе де, ана жүрегі елжіреп, баланың шалыс қылығын тез ұмытатыны сөзсіз. Дана халқымыз: «Әке қарғысы – оқ, шеше қарғысы – боқ», «Атаңа не қылсаң, алдына сол келер» – деген сияқты мақалдарымен әке қарғысы ең ауыр екенін айтып өткен.

Өгей әке – баланың туған әкесі емес. Бұрынғы күйеуінен қалған балаға, кейінгі әкесі «өгей әке» болады. Өгей әке – ұғымы қазіргі қоғамда құндылықты және антиқұндылықты сипатта қолданылады. Себебі, өзінен туылмаған баланы өгей деп танымай, өз баласындай жылы қабақ танытып, өз баласынан артық көріп жататын кездер болады, осы тұста ұлттық танымымызда қалыптасқан *өгей* сөзі де құндылықты қасиетке ие болады.

Донор әке – С. Мәмет «Егемен Қазақстан» газетіне берген мақаласында, донор әкеден өскен бала уақыт өте келе ер жетіп, қыз бой жетіп, білместіктен отау тігіп жатса, не болатындығын сұрақ ретінде қоя отырып, донор әке болу мәселесі жеті атаны жайына қалдырып, ұлтты аздырып, ұрпақты тоздыру кеселіне ұрындыратынын айтады. Қазақ жеті атаны былай қойып, он бес, он жеті атаға дейін қыз алысып, қыз берісе қоймағандығын айтып, донор болудың салдарын тілге тиек етеді [99].

Донор әке – деген термин ата-бабамыздың заманында мүлде болмаған. Қазір заман өзгеруіне сәйкес, шет елдіктерден алған тәжірибелердің нәтижесі деуге болады. Әрине, бала сүйе алмай жүрген отбасыларға үміт сыйлау игі іс болғанымен, оның салдарын да ойлаған жөн.

«Ана» концептісі

«Ана» концептісі – отбасы құндылығының негізгі көрсеткіші ретінде, мәдениет пен қоғамның базалық концептісі болып табылады. Сондай-ақ, бұл концепт ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты, ерекше қамқорлықты сипаттайтын символдық мағынаға ие және ұлттық санада қалыптасқан сенімдер, әдет-ғұрыптар, нормалар, мінез-құлық стереотиптері туралы идеяларды қамтиды.

«Ана» концептісі – әртүрлі гендерлік, әлеуметтік және әртүрлі жастағы адамдар тобының ұлттық лингвистикалық санасында қалыптасқан ұлттық ақыл-ой тәрбиесінің көрінісі. «Ана» концептісінің мазмұнын қалыптастыруда тілдік факторлардан басқа, тілден тыс, яғни экстралингвистикалық факторлар да маңызды рөл атқарады. Оларға мәдени-тарихи факторлар, мифология мен дін, экономиканың және өнеркәсіптің дамуы, әлеуметтік ортаның санасының осы аталмыш факторларға сәйкес өзгеруі және аналардың өзіндік орнының осы факторларға сәйкес өзгеріп жатуы кіреді.

Әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, Ләззат Сүлеймен өзінің: «Құндылықтарға – құрмет» атты мақаласында қазақ әйелінің басты сипаты – халық дәстүріне адал, намысты, инабатты, ізетті, сыпайы, әдепті, қылықты, білімді, талапты қазақ қызы болатыны сөзсіз екенін айтады. Қазіргі қазақ қызы туған халқының мәдениетімен қатар әлем мәдениетін меңгерген, білікті, әлеуметтік ортаға бейімді, қоғамдық өмірде белсенді. Бұл – заман талабы. Бүгінгі құндылықтың ең маңыздысы – қоғамдық тәрбие. Қазақ анасы өз қызын отбасы құруға, шаңырағының ұйтқысы болуға, отбасы мен қоғам берекесін қатар сақтауға, амандық пен табысқа жауапты етуге бала күнінен баулуы тиіс. Бұл жерде жеке үлгі маңызды. Үлкенге сәлемдесу, орын ұсыну, жол беру, кимелеп баса көктеп өтпеу, қонақтың атын байлатып, есік ашып, төрге шығарып, жақсы қабақпен қарсы алып, орнымен шығарып салу, ағайынға,

жетім-жесірлерге, мүгедектерге, жора-жолдастарға қайырымды болу сияқты ата салт-дәстүріміздің бірде-бірі ескірген жоқ. Бұлар – ешқашан ескірмейтін құндылықтар екенін айтады [92, 50 б.].

Ұлттық дәрежеде болған «ана» концептісінің тілдік деректерін этнолингвистикалық аспектіде қарастыру маңызды. Яғни, тіліміздің құндылықтарына, мақал-мәтелдеріне, фразеологиялық тіркестерге, көркемсөз байлығына аса мән берген абзал.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде ана сөзіне келесідей үш түрлі анықтама берілген: 1. Ана балалы болған әйел, туған шеше. 2. Ауыспалы мағынада: тәрбиелеп өсірген орта, ел-жұрт. 3. Ауыспалы мағынада: шыққан ұя, тұрақты мекен [100].

Ана – жаратушы, адамзаттың анасы. Құран Кәрім аңыздарының кейіпкерін, Адам Атаның зайыбы, адамзаттың анасы – Хауа Ананы айтуға болады. Хауа Ана бір ұл, бір қыздан егіз тауып, бірнеше ұрпақ дүниеге әкеледі [101].

Халқымызда, сонымен қатар **аңыз ана** және **абыз ана** деген тіркестер өте жиі қолданыс тапқан. Қазақ халқында аты аңызға айналған, тарихи тұлғалар, әулие кісі аталған аналарымыз көп. Солардың бірі – Ұмай ана. Ұмай Құдай – әйел бейнесі қазіргі кезде көптеген түркі халықтарының этнографиясында кездеседі. Садақ оғымен бірге Ұмай-ананың басты сақтаушы нышаны ретінде солтүстік халықтарында балалардың бесігінің үстіне ілінген. Ұмай ана – ауыр босану кезінде көмектеседі және сәбилерді бәле-жаладан, яғни жын-шайтаннан сақтайды деген түсінік қалыптасқан. Ұмай ана – өмір сыйлаушы. Баласы жоқ отбасылар, баласы аз немесе баласы бір жайсыз жағдайға ұшыраған сәтте әйелдер Ұмай анаға жалбарынып бала сұраған [101, 23-24 б.].

Абыз аналарымыздың – керемет үлгісі ретінде Домалақ ананы алуға болады. Домалақ ана елге ақылдылығымен, даралығымен, даналығымен танымал болған. Оның даналығы, абыздығы, тапқырлығы жайында ел арасында түрлі аңыз-әңгімелер тараған. Домалақ ана жасынан сөзіне жұртты ұйытатын сәуегей, әулие кісі болғанына байтақ елдің түкпір түкпіріндегі замандастары мен кейінгі ұрпақтарының көзі анық жеткен. Домалақ ана көрегендікпен айтып ескертіп кеткен екен деген аңыз-әңгімелер елде кең тараған [101, 45 б.].

Ана – қазақ отбасындағы басты адам. Ана кез келген халықтың мәдениетіндегі басым бейне. Ана ежелден үйдегі жылу мен махаббатты сақтаушы болып саналған. Бала көретін және сезінетін бірінші адам ол – ана, бала дүниеге шыр етіп келген бойдағы бірінші көретін адамы ол оның – анасы, бала ананың бойындағы мейірімділікпен, сүйіспеншілікпен, нәзіктікпен өсіп жетіледі. Анасымен тығыз қарым-қатынаста бола отырып, бала өзі жеке тұлға ретінде қалыптасады, өзінің отбасындағы орнын, кейінірек қоғамдағы орнын анықтайды.

Отбасындағы ананың, әр отбасы мүшесі үшін маңыздылығы жоғары. Соның ішінде ананың бала өмірінде алатын орны ерекше.

Ана – бала үшін ең мейірімді, қайырымды жан. «Ақ жаулығы ананың – ақ көрпесі баланың» – деген мақал бала мен ананың арасындағы ыстық

ықыластың көрінісін сипаттайды. *Шешесі мен әкесін көріп, Сәмен қастарына өзі келді. – Балам-ау, сырт киіміңді шешпей ойнасаңшы, мұздайсың зой, – деді, Жүзік баласын кеудесіне қысып. – Бәрі шешіп тастады, ыстықтап кеттік. Шәйі Сәменді құшақтап, шашынан иіскеді. – Тер қатып қалмасын, ойнап біткен соң тез киініп ал. Қарның ашқан жоқ па? Қалтамда бір құрт жүр екен. Мә, аузыңа сала қойшы! – Әкел, әпке. Кеттім, ана. – Бара зой, құлыным. Байқап жүгірші!* (Б. Нұржекеев. Әй, дүние-ай!). Мысалда, анасы баласына: – *мұздайсың зой, – байқап жүрші* – деген сияқты сөздермен қамқорлық білдіре отырып баласына деген ыстық мейірімін көрсетеді. Ананың балаға деген мейірімі шексіз. Мейлі, баласының өзі ана атанып немесе әке атанып отырса да, ана жүрегі баласына қашанда мейірімге толы болады.

Ана – бала тәрбиесіндегі басты адам. Ананың бала тәрбиесіндегі рөліне байланысты, халқымызда мақал-мәтелдер өте көп. Мысалы: «Анаға қарап қыз өседі, әкеге қарап ұл өседі», «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген мақалдар отбасылық тәрбиеде жиі ұшырасады. Халқымыздың салтына сәйкес аналар, әсіресе қыз бала тәрбиесінде басымдыққа ие болатынын осы мақалдардан аңғаруға болады. «Әкесі тұрып, ұлы сөйлегеннен без, шешесі тұрып, қызы сөйлегеннен без» – деген мақалда да ата-анаға деген құрметтің маңыздылығы айтылады. Әсіресе отбасында тәрбие бар жерде үлкеннің сөзін бөлу, үлкенге сөз қайтару деген сияқты әдепсіз қылықтардың болмайтыны анық. Ана тәрбиесіне қатысты «Ана көрген» деген тұрақты тіркес жиі қолданылады. І. Кеңесбаевтың редакциялауымен жарияланған «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» Ана көрген – үлгілі, өнегелі әйел бала туралы айтылады деген анықтама беріледі [83, 40 б.].

Ана тілі – ұлттың тілі. Ұлттың ұлт болып қалыптасуының айғағы. «Ана тіл – дана тіл» – деген мақалда тілдің маңыздылығын, адам өміріндегі анасының маңыздылығымен сипаттайды. Ана – адам өміріндегі ең басты тұлға болса, ана тілі де белгілі бір ұлт үшін ең қастерлі, ең құнды.

Ж. Аймауытов айтпақшы: «Ана тілі – халық болып жасалғаннан бері жан дүниесінің айнасы, өсіп-өніп түрлене беретін, мәңгі құламайтын бәйтерегі». Әрине, бұл сөздермен келіспеу мүмкін емес, себебі, ана тілі – әр ұлттың қалыптасып, одан әрі гүлденуімен қатар жүретін, халықтың тарихынан, салт-дәстүрінен, ұлттық болмысынан хабар беретін айнасы.

С.Мұқанов: «Әркімге туған тілі – туған шеше, оған бала міндетті сан мың есе» – деген сөздерінде де тілдің орны, адам өмірінде туған анасының орнымен пара-пар екенін жеткізеді. Яғни, біз анамыз алдында қаншалықты борыштар болсақ, ана тіліміз алдында да соншалықты борыштармыз.

Ана – отбасының ұйытқысы. «Атасыз үй – батасыз, анасыз үй – панасыз. Ананың отбасындағы орны халық мақалында ана болмаған жерде үйде жылу, үйде береке болмайтындығымен сипатталып, анаға – үйдің панасы деген теңеу берілген. Пана – деген бірлік қамқор деген мағынада жұмсалады.

Ана – қасиетті. Ананың қадір қасиеті жайында ел ауызында көптеген мақал-мәтелдер тараған. «Ана тілін алмаған – аман болып көп жүрмес», «Атадан – өсиет, анадан – қасиет», «Ана – алдында құрмет, ата – алдында

қызмет», «Анаңа ауыр сөз айтпа, атыңа ауыр жүк артпа» сынды мақалдарда, ана жүрегі нәзік келетіні, ана қашанда құрметке лайық екені айтылады. «Анаңды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да, парызыңды өтей алмайсың» – деген сияқты ананы құрметтеу бала алдындағы басты парыз екені Мұхаммед пайғамбарымыздың хадистерінде де жазылады.

Ананың ақ сүті. І. Кеңесбаев жинақтаған «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» адамгершілік, ар-ұят, (ананың адал ниеті туралы айтылады). Бойдағы адамдық сана ананың ақ сүтінен нәр алып, нұрланған деген анықтама беріледі. Әрине, кез келген адам дүниеге шыр етіп келе салысымен, анасының ақ сүтімен қоректеніп, күш-қуат алып, адам қатарына қосылады. Ананың сүті арқылы балаға деген ананың махаббаты, мейірімі, ыстық ықыласы тарайды. Ана сүтін ақтау деген де осыдан шығады, яғни ананың берген бар ықыласын, түн ұйқысын төрт бөліп қараған сәттерін естен шығармай, ананың еңбегін бағалау, балалық парызды атқару дегенді білдіреді. «Ана сүті бой өсіреді, ана тілі ой өсіреді» – деген мақалда ана сүтінің асыл-қасиеті арқылы, бала бойындағы мейірімділік, адамгершіліктің даритыны айтылған.

Ана – қамқор адам. «Бала – ананың бауыр еті, көз нұры». Бала үшін ана кез келген қиындықты еңсереді, баласын көзінің қарашығындай қорғау аналардың ғана қолынан келетін іс.

Сондай-ақ, ана сөзіне қатысты «**ақ жаулықты ана**» деген тіркестер де қолданылады. Ақ жаулық дегеніміз – аналарымыздың басына тағатын орамалы. Жаулықты қыз бала тақпаған, тек әйел немесе аналар тағатын болған.

Отан-ана – отан деген адамның туып-өскен мекені, ең ыстық орын екені анық. Анаға деген махаббат, анаға деген ықылас қандай ыстық болса, адамның отанға деген ықыласы соншалықты ыстық. Жыраққа кеткенде ең бірінші сәбидің аңсап көрісетіні анасы болса, адамның да алыс сапарда жүргенде аңсап келетін жері, кіндік қаны тамған жері – Отаны. Т.Молдағалиев сөзін жазған «Отан – Ана» әнінің қайырмасын мысал ретінде алатын болсақ, әннің сөзінің өзі отанға деген сүйіспеншілікті оятуға арналған туынды екені анық.

Жайнап өмір,
Жұлдыз көгімде,
Тұр ғой жарқырап,
Көңіл көзді көп арбайды,
Қиялыңды түгел тартып ап.
Отан-Анадан қуат аламыз,
Алға жеңіспен біз барамыз.
Бақта бұлбұл сайрайды ұзақ,

Жайнайды кең даламыз. Мұндағы: «Отан-Анадан қуат аламыз» – деген жолдардан адам үшін Отанының болуының өзі бір бақыт екенін, «Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды» – демекші анаңның амандығында бақытсызбын деген күнә секілді, отаны бар адамда еңсесін тік көтеріп жүре алатыны анық.

От-ана – оттың иесі, киесі. Қазақтар жер-ана, су-ана және от-ана рухына сыйынады. Өмірде әсіресе отқа табыну үлкен рөл атқарады [102, 459 б.].

Қазақ ұғымында от – үйдің жарылқаушысы, шам-шырағы. Қазақ отты ерекше құрметтейді. Жаңа түскен келінді үйге кіргізгенде үлкен үйдегі отқа сәлем бергізеді. Одан кейін от басына төселген жұмсақ бөстекке (теріге) отырғызады. Онысы – оттай жайнап тұр, терідей жұмсақ бол дегені.

Жаңа түскен келін отқа сәлем бергенде: «От-ана, Май-ана, жарылқа!» деп тілеу тілейді. Басқа әйелдер отқа май құйып, алақандарын қыздырып алып, келіннің бетін алайды. Бұл – келіннің жүзі жылы, дидары ыстық болсын, тіл-көз тимесін дегені [103, 70 б.].

Халқымыздың күнделікті тұрмыста қолданатын түрлі дәстүрлері мен ырым-тиымдарының астары тереңде жатыр. Отбасына жаңа қосылған жас келінге сол үйдің табалдырығын аттай салысымен отқа май құйғызу, халқымыздың танымындағы оттың құдіретімен сипатталады. Жас келінге отқа май құйғызу арқылы сол отбасыға келген жас келіннің тезірек сол отбасына сіңіп кетуін тілеп, оттай ыстық болсын, нұрын шашып тұрсын, яғни жадырап қабағы ашық жүрсін деп ырымдап, сол отбасының үлкен аналары немесе сол әулетке сыйлы келіндер ырымын жасаған.

Жер-ана – әркімнің туып өскен мекені, туған жері. Жерді анаға теңеп жатамыз, себебі, жерде ана секілді өзінің бойына бүкіл адамзатты сидырып, өсіп-өнуіне себепші болады. Жалпы «Отан-ана» және «Жер-ана» деген концептілік ұғымдар ұқсас мәнде жүреді. Ұлттық болмысымызға сәйкес екі ұғымда, туған жер, өсіп-өнген орта деген мағынада жұмсалады.

Көшпелілер түсінігінде жер жай ғана қоршаған орта емес, ол – тірі, жанды бейне, «Жер-Ана». Көшпелілер өзін сол Жер-Ананың перзентімін деп есептейді. «Туған жер топырағынан жаралдым» дейтін адам табиғатқа қарсы қиянатқа бара алмаған. Сондықтан да, туған жерді қорғау аңызды қорғау, арынды, өз өмірінді қорғау деп халық санасында есептеледі [103, 4 б.].

Адамзат анасына дүниеге әкелгені үшін қаншалықты қарыздар болса, туған жері алдында да тура солай қарыздар. Жер-ананы қастерлеуге, оны көркейтуге әрбір адам борышты.

Сонымен қатар, «ана» ұғымы, «шеше» деген атаумен де беріліп жатады. Көп жағдайда «шешей» – деп қартайған кісілерге, бөтен, таныс емес, қарт аналарға қаратпа сөз ретінде қолданылады.

Ел анасы – еліне еңбегі сіңген, еліне аналық қамқорлық көрсетіп, жақсы істерімен танылған аналарға айтылады. Халқымызда аты аңызға айналған аруларымыздың өнегелі өмірі туралы түрлі аңыздар мен дастандар бар. Елдің қамын жеген ел анасы мен ел басына күн туғанда түрлі мәселелерді шешуде танымал болған дана аналарымыз өте көп. Мәселен, Ұмай ана, Домалақ ана, Айша бибі, Бегім ана сынды елге танымал аналарымыздың жас ұрпаққа, әсіресе қыз-келіншектерге керемет үлгі болары анық.

Кіндік шеше – жаңа туған нәрестенің кіндігін кесетін әйел. Халқымыз нәрестенің кіндігін кез келген адамға кестіре бермеген. Айы күні жақындап отырған аяғы ауыр әйелге алдын ала кіндік шешені тағайындап, ол адамға өзіндік мәртебе жүктелген. Кіндік шешеге мейірімді, көпті көрген, тәжірибесі мол, өзіндік ұстанымы бар әйел адамды таңдайды. Себебі, халқымыздың


танымында кіндік шеше, баланың екінші анасы атанып қана қоймай, сол тағайындалған ананың жақсы қасиеттері балама дарысын деген ырыммен де арнайы адам таңдалған. Кіндік шеше болудың өзінің жол-жоралғылары бар.

Өгей шеше – баланың дүниеге әкелмеген, алайда әкесінің үйленуіне сәйкес анасының орнына келген ана орнындағы адам. «Анаң өлсе, өгей шешенің қабағына қарамағанда қайтесің», «Өгей – өгейлігін жасайды» – деген сөздерді естіп жатамыз. Әрине, туған ана мен өгей ананың арасы жер мен көктей. Өкінішке орай, қазіргі заманауи отбасыларында ерлі-зайыптылар келісе алмай ажырасып, балаларды әкесі алып өгей ананың тәрбиесіне беретін жайттар да кездесіп жатады. Бұл ұлттық құндылықтарымыздың құлдырап, антиқұндылықтардың қалыпты нәрсеге айналуы. Бұрынғы кезде ата-бабамыз баланы анасынан айырмаған, бала толыққанды отбасында өмір сүргенде ғана балалықтың бал шағын толыққанды көріп өседі. Өгей шеше – ұғымы да екі сипатқа сай келеді. Күйеуімен еріп келген баланы өзім деп қарап, жетімсіретпей, өз баласындай бауырына басатын болса, ондай жағдайда бұл ұғымның құндылықты мағынасы басымырақ болады.

Көкек ана – өз баласын тастап кете баратын, тасбауыр аналарды айтады. Халқымыздың дәстүрінде баланы тастау деген болмаған. Алайда, қазіргі жаңа қоғамда осындай ана деген аяулы атқа, кір келіп осындай теңеу қосылып жатқаны өте өкінішті жағдай екені анық. Көкек – өз жұмыртқасын кез келген құстың ұясына тастап кете баратын құс. Көкек ана деген ұғымға да сол тәрізді, өз баласын тірі жетім етіп, кете баратын аналар қауымын жатқызады. Әрине, бұл атау біздің халқымыз үшін жат ұғым, жат қылық.

Ғалым, профессор Қ.Ө. Есенова «Көкек ана» ұғымының бұлжымас, өзгермес, фундаментальді, тек жақсы қасиеттерді қамтитын *ана* ұғымының семантикалық аясына сыйыспайтын, тіркеспейтін (жаман) теріс мағыналы сөздермен еніп, бірте-бірте онымен қатар қолданылатынын айтады. Бұл жағдайды ұлт танымында, тілдік ұжым санасында қалыптасып, мықтап орныққан *құндылықтың бұзылуы* деп бағалай келе, оқиға – ситуацияларға орай жоғары, биік, асқақ сезімдермен байланыста ассоциацияланатын рухани құндылықтар жүйесі әлсіреп, нашарлап, жақсы қасиет – белгілерінен біртіндеп айырыла бастайтынын жеткізеді. Бұл жалпы халықтық кризиске әкеліп соғуы мүмкін аса қауіпті проблеманы «*Ұрнақтың азғындауы*» – деген терминмен таңбалауға болатынын айтады [104].

Жоғарыда берілген дәйектемелердің негізінде жалпы «ана» концептісінің өзін екі топқа бөлуімізге болады. Біріншісі, халқымыздың дүниетанымында қалыптасқан ана сөзінің тек жақсы жақтарын сипаттайтын ұлттық құндылық маркерленген ұғымдар болса, ал екіншісі ұлттық дүниетанымымызға қайшы, яғни ұлттық мүдденің өзгеруімен қалыптасып, ұлттық санамызға сіңіп жатқан антиқұндылық маркерленген ұғымдар.



Сурет 5 - «Ана» концептісінің сипаты

Осылайша, талданған мақал-мәтелдерде, тұрақты тіркестерде, нақыл сөздерде ана ұғымы – барша адамзатқа ғұмыр сыйлаушы, босану кезіндегі қиындықтарға төтеп беретін мықты тылсым күш иесі. Ана – тек өз баласының бесігін тербетіп қана қоймай, сондай-ақ ұлттық тәрбиенің сарқылмас көзі ретінде әлемді тербетуші. Ана – сондай сабырлы, кез келген іске шыдамдылық таныту аналардың ғана қолынан келеді. Баласының сұрағанын ерекше байыппен түсіндіріп, ауырып қиналғанда жарғақ құлағы жастыққа тимей, баласының сауығуын тілейтін жан. Ананың мейірімі шексіз, оның ыстық

алақаны кез келген адамды жылытуға, жұбатуға дайын тұрады. Ана – өте төзімді, әрі мықты. Балаларының бақыты үшін, отбасының ғұмырлы болуы үшін кез келген жағдайға төзуге дайын. Ұлттық дәстүр ұрпақ бойына ана арқылы сіңеді, ана арқылы өркен жаяды. Ендеше біз ұлттық тәрбиені өз балаларымыздың санасына сіңіру арқылы, оны құрметтеу арқылы мыңжылдық отбасы дәстүрімізді жалғастыра аламыз. Отбасындағы ана мәртебесін, құндылығын нығайта отырып, мемлекетімізді нығайта аламыз.

«Бала» концептісі

«Бала» концептісі – отбасы құндылығының негізгі көрсеткіші болып табылады. Сондай-ақ, бұл концепт ұлттық санада қалыптасқан отбасында баланың орнымен байланысты сенімдер, әдет-ғұрыптар, нормалар, мінез-құлық стереотиптері туралы идеяларды қамтиды.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде бала ұғымына төмендегідей анықтамалар берілген. Бала: 1. Сәби, нәресте, бөбек; 2. Ата-ананың перзенті, ұрпақ, тұқым; 3. Жан-жануардың күшігі, балапаны; 4. Ауыспалы мағынада: Ержетіп, ысылмаған, балғын, жас [100, 103 б.]. 5. Тең көру, бірдей санау. Мысалы: Жақсылыққа балау [105].


«Бала» концептісі – бұл баланың өмірінің барлық кезеңдері (туылуы, өсуі, тәрбиесі, ата-анасымен қарым-қатынасы) шоғырланған фразеологиялық бірліктердің, мақал-мәтелдердің жиі кездесетін компоненттерінің бірі. Мақал-мәтел қорындағы концептіге осылай интерпретация жасау жалпы адамзаттың отбасылық қатынастарын бейнелейді, бірақ сонымен бірге оның ұлттық ерекшеліктерін де сипаттайды.

Қазақ тілінің паремиологиялық қорында «бала» концептісінің маңыздылығын көрсететін мақал-мәтелдер орасан зор. Тілімізде кездесетін мақал-мәтелдерді отбасындағы баланың орнын сипаттауына қарай төмендегідей бөліп қарастырамыз:

1. Ата-ана үшін баланың орны;
2. Ата-ананың баламен қарым-қатынасы;
3. Ана мен баланың байланысы;
4. Отбасында ата-ананың қыз балаға деген қарым-қатынасы;
5. Отбасында ата-ананың ер балаға деген қарым-қатынасы;
6. Отбасындағы баланы тәрбиелеу түрлері;
7. Отбасындағы бала санына байланысты туындайтын ерекшеліктер.

«Бала» концептісінің маңыздылығы отбасында ата-ана үшін баланың аса құндылығымен білінеді, әсіресе ана үшін баланың болуы өте маңызды.

Отбасындағы баланың орны және балаға тән қасиет, сондай-ақ, баланың өзін қалай ұстауы жөніндегі ұлттық танымда қалыптасып, орныққан көзқарастарға сүйене отырып, «бала» концептісін сурет арқылы шартты түрде былай көрсетуге болады:



Сурет 6 - «Бала» концептісі

Кестеде «бала» концептісінің құндылықты сипаты: *Бала – үйдің берекесі, бала – ұрпақ, бала несібесі, бала мінез, елгезек бала, балалық шақ* – деген ұғымдар арқылы бейнеленсе, ал антиқұндылықты сипаты: *тілазар бала, өгей бала* – деген сияқты ұғымдармен бейнеленді. Сондай-ақ, халқымыздың когнитивтік түсінігіне сәйкес баланың жынысына қарай: *ұл бала, қыз бала, келін бала, күйеу бала* – деген сияқты ұғымдарда жиі қолданылады. Бала санына қарай да: *жалғыз бала* деген түсінік бар.

Бала – үйдің берекесі. «Бала – көңілдің гүлі, көздің нұры», «Балалы үй – базар, баласыз үй – қу мазар», «Бесіксіз үйде береке жоқ» – бала отбасының жылуы екенін, бала болған жерде ғана береке болатынын халқымыз келтірілген мысалдар арқылы бейнелеген.

Бала – ұрпақ. Бала ең алдымен ата-ананың ізін жалғастырушы, ұрпағы. Қазақ отбасы үшін отбасында баланың болуы, ерекше маңызды. «Баласы жоқ ханым тұл, баяны жоқ ғалым тұл», «Жаман да болса ұрпақ қалсын, өз орнында отың жансын» – деген сияқты халқымызда кездесетін мақалдар да отбасында бала болудың маңыздылығын анық көрсетеді. Балалы үйде күнделікті естілетін мәре-сәре, шат-шадыман балалардың үндері үйге бір ерекше реңк беріп, отбасының беріктігін арттыра түсетіні анық. «Бала адамның бауыр еті» – деген

мақалда баланы адамның ағзасындағы ең маңызды бөлігіне теңеу арқылы, бала ата-ананың маңызды бөлігі екенін көрсетеді.

Бала несібесі. Халқымызда әр бала өмірге өз несібесімен келеді деген түсінік бар. «Бала өз нәпақасын, өзі ала туады» – деген мақалда осының дәлелі болса керек. Дүниеге келген әр баланың осы өмірден алар өз үлесі бар, өзіне тиесілі несібесі бар. Несібе адамға әр түрлі мөлшерде беріледі. Біреуге молынан, біреуге азырақ берілуі мүмкін.

Бала мінез – бала сияқты әр нәрсеге сенгіш, аңқау, алаңсыз жан [83, 92 б.]. Бала қашанда уайым-қайғысыз, жүрегі таза, көңілі пәк болып келеді. Сондықтан да, тілімізде біреуге жақсы тілек тілегенде: «*Балаша уайымсыз болыңыз!*» – деген тілектер айтылып жатады, яғни бұл тілектің астары – ешқандай жамандық атаулы өміріңізде орын алмасын деген мағынада жұмсалады. Осыған орай, «Аузынан ана сүті кеппеген, белінен бесік табы кеппеген» – деген мақалда жиі кездеседі. Жалпы бұл мақал екі мағынада қолданылады, яғни бірінші мағынасы – бала әлі кішкентай, аңғал деген мағынада қолданыс тапса, екінші мағынасы бала бола тұра үлкендердің ісіне араласқан жағдайда немесе орынсыз сөйлеген жағдайда қолданылады. Көбінесе екінші мағынада баланы негативті тұрғыдан сипаттау мағынасында қолданылады. «Бала, баланың ісі шала» – деген мақалда тілімізде жиі қоланыс тауып жатады. Баланың аңғалдығымен байланыстырамыз, бір істі бастап, оны аяғына дейін жеткізбеуіне байланысты немесе тиісті деңгейде орындамауына байланысты айтылады.

Сондай-ақ, тілімізде баланың қасиетіне байланысты **елгезек бала** және **тілазар бала** деген қарама-қарсы мағынада қолданылатын теңеулер бар. Елгезек бала дегеніміз – айтылған ойды тез қабылдайтын, жұмысын тыңғылықты атқара алатын балаларға қатысты айтылса, тілазар бала дегеніміз – айтқанға көнбейтін, тіл алмайтын балаға айтылады [83, 532 б.].

Халқымызда, «Балаң тілалғыш болса ғажап, тілазар болса азап» – сияқты мақал да кездеседі. Яғни, тіл алатын баласы болса ата-ана үшін бала тәрбиесі жеңіл болады, себебі ондай бала айтқанды екі еткізбейді, ал тілазар баласы болса бір айтқанын қайта-қайта айтып жатады, одан да нәтиже шықпауы мүмкін.

«Анаға баланың алалығы жоқ», «Балаға жанның ашуы бірдей, қай қолыңды кессеңде жанға батуы бірдей» – деген мақалдар, ата-ананың сүйіспеншілігі, мейірімі, балаға деген қамқорлығы барлық баласына бірдей деген мағынада қоланылады. Яғни, ата-ана ешқашан балаларын бөліп-жарып қарай алмайды, балаларына деген ықыластары бірдей болып келетіні айтылады.

Жалпы, баланың жынысына қарай **ұл бала** және **қыз бала** деп қараймыз. «*Ұл – қоныс, қыз – өріс*» – мұнда ұл бала мен қыз баланың отбасындағы өзіндік орны, алатын тәрбиесі, өз-өзін ұстауы өзгеше екендігі айтылады. Ұл бала – шаңырақтың иесі, ал қыз бала – қонақ. Сонымен қатар, қазақ отбасында бала тәрбиесі де, баланың қоғамдағы рөліне байланысты ерекшеленеді. Ұл баланың тәрбиесімен көп жағдайда, отбасында ер адам айналысатын болса, қыз баланың тәрбиесімен аналары айналысады. «Баланың ұяты – әкеге, қыздың ұяты –

шешеге» – деген мақалда осының дәлелі болса керек. Өсе келе ұл бала – күйеу атанса, қыз бала – келін атанады. Сол уақытта, өзін жақсы қырынан көрсетуі немесе ештеңеге ебі жоқ, қолынан түк келмейтінін көрсетуі ата-анасының берген тәрбиесімен байланыстырылып жатады. Ер жетіп отау құрған ұл бала қайын жұртының алдында – **күйеу бала** деген атқа ие болса, бойжетіп тұрмыс құрған қыз бала да барған жерінде – **келін бала** деген атқа ие болады.

Бала санына байланысты да, көптеген тілдік бірліктер бар. Халқымыздың паремиологиялық қорында: «Жалғыз баласы атқа шапса, анасы үйінде тақымын қысады»; «Жалғыз ұлы бар кісінің шығар-шықпас жаны бар, екі ұлы бар кісінің өкпе, бауыр, жалы бар» – деген мақалдар бар. Яғни, бұл жерде **жалғыз бала** – деген отбасында бір-ақ баланың болуымен қолданылатын түсінік. Жоғарыда келтірілген мақалдың, негізгі мағынасы жалғыз баласы бар отбасының уайымы да жоқ емес дегенге келіп тұр.

Қазақта жалғыз ұл балаға жамау-жамау киім кигізіп, төбесіне айдар қояды. Онысы – балаға жат көздің сұғы қадалмасын, тіл тимесін дегені [100, 576.].

Жалпы қазақ халқы өте ырымшыл халықтың бірі. Жалғыз баласы бар отбасының бар тілеуі сол жалғыз баланың амандығы болады. Бар тапқанын сол баласының алдына тосып, баласының қатардан қалмауын тілеп, ұрпағының бас амандығы үшін түрлі ырымдар жасаған.

Тілімізде, адам баласына деген сүйіспеншілікті сипаттау мақсатында, баланы жан-жануарлар төліне теңеп жатады. «Іштен шыққан шұбар жылан» – деген мақалда адам баласын жыланға теңеу қолданылып жатады, жылан – суық, жамандықтың символы ретінде қолданылатынын бәріміз білеміз, алайда осы бір мақалдың мағынасы қанша жерден өз баласы жамандық жасаса да немесе жаман мінез танытса да, ата-ана үшін бала бәрібір ыстық, осы тұрғыдан баласын ақтау немесе жамандыққа қимау мақсатында айтылады. «*Қарға баласын аппағым дер, кірпі баласын жұмсағым дер*» – деген мақалда, әр адам үшін өз баласынан асқан бала жоқ деген мағынада қолданылады. Сондай-ақ, «*енесі тепкен құлынның еті ауырмас*», мұндағы құлын сөзі, бала деген сөздің орнына жұмсалып, бала ата-анасынан ешқашанда теріс айналмайтынын жеткізеді.

«Бала қорыған жерге өш» – деген мақалда жиі қолданылады. Бұл жерде, баланың өте белсенді болатынын, *қой болмайды* деген нәрсеге әуес болатыны айтылады. «Балалы үйдің ұрлығы жатпас» – деген мақалда кішкентай баласы бар отбасында ешқандай құпия болмайтыны айтылады.

Балалық шақ – кәмелетке толмаған балғын шақты айтады [105, 80 б.]. Бала сөзінен туындайтын сөз. «Балалық шағы – патшаның тағы» – деген мақал, балалық шақ бала өміріндегі ең жақсы кезең екенінің дәлелі.

Өгей бала – өзінен тумаған бала, яғни күйеуімен немесе әйелімен бірге еріп келген бала деген мағынада қолданылады. «Өз балаң өзекке тепсеңде кетпейді, кісі баласы кісендесеңде тұрмайды» – сияқты мақал осы өгей балаға қатысты айтылады. Сонымен қатар, Қорқыттың да сөзі бар: «Біреудің баласын бағып, бала қыла алмайсың». Әрине, өгей балаға бәрібір өз баласындай қарай

алмайтындар бар немесе керісінше өгей балаға қанша жерден жақсы жағдай жасалғанымен бәрібір өгейлігін жасауы мүмкін.

2.2 Қазақ отбасы дискурсының коммуникативті-прагматикалық қызметі

Отбасылық дискурс бір сөзді немесе сөйлемді айтып қоюмен шектелмейді, тілдің көмегімен коммуникациялық мақсатқа жетуді көздейді. Яғни, өз сезімдерімізді білдіру немесе біреудің іс-әрекетін бағалау, маңызды оқиға туралы хабарлау, адресатты белгілі бір әрекеттер жасауға итермелеу немесе оларды тоқтатуға мәжбүрлеу деген сияқты коммуникациялық маңызды мәселелерді шешу болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, дискурс барысындағы негізгі мәселелер прагматикалық амал-тәсілдерді қолдану арқылы жүзеге асады. Дискурс барысындағы сөйлеу актілерінің көмегі сөздердің семантикалық деңгейінен прагматикалық деңгейіне ауысуға көмектеседі. Дискурстық мақсатқа сәйкес сөйлеу әрекеті тиісті эмоционалды-экспрессивті бірліктермен беріледі. Сөйлеу актісінің иллокутивті мақсатын басшылыққа ала отырып, адресант бағалаушылық көрсеткішке ие болатын белгілі бір атаулар жиынтығын немесе өзі құрастырған атауды қолданады.

Бағалаушылық көрсеткіш мазмұн құрылымындағы маңызды сілтеме. Оның астарында, тілдік құралдармен эксплицитті (айқын) немесе имплицитті (жасырын) түрде білдірілген, адресанттың объектіге деген объективті немесе субъективті қатынасы жатады. Көптеген ғалымдар, келісу, келіспеу, теріске шығару, ойын ашық білдірмеуден шығатын, пейоративті (теріс), мелиоративті (оң) және ситуативті (бейтарап) бағалау түрлерін ұсынады.

Пейоративті бағалау – (латын тілінен алғанда – «бүлдіру») бір нәрсені немесе біреуді теріс бағалауды, мақұлдамауды, сөгуді, иронияны немесе менсінбеуді қамтитын сөздер мен сөз тіркестері. Сәйкесінше, пейоративті бағалау – белгілі бір атау мағынасының жағымсыз компоненті. – *Проводникте ыстық шәй бар ма екен? – Бар-р, ба-ар, – деді Перизат тістене сыбырлап. – Бір стакан әкеп бере зойшы, шекем шығып бара жатыр. – Құлдық, тақсыр-р! – ол стаканды алып, көзінің жасын жолай сүртіп шығып кетті.* (Д.Исабеков. Таңдамалы шығармалары). Келтірілген мысалда жолдасы мен әйелінің арасындағы дискурс бейнеленген. Бұл жердегі әйелінің күйеуіне қаратып айтқан тақсыр сөзі, әйелінің жолдасын жақтыртпай тұрғанын сипаттайтын, пейоративті бағалау түріне жатады. Сондай-ақ, мына бір мысалдағы, – *Күйеу балаңыз – барып тұрған Шығайбай. Бұлардың такси пұлы қашанда менің мойнымда, – деп қояды қалжыңдап* (Қ. Жұмаділов. Он екі томдық шығармалар жинағы). Қайын ағасының тарапынан айтылған *Шығайбай* деген теңеу де, күйеу баласының қолының ақшаға келгенде қаттылығын бейнелеп, пейоративті бағалауға мәндес болып тұр. Себебі, қазақ халық ертегісіне сәйкес Шық бермес Шығайбай деген байдың сараңдығы жайында аңыз бар. Яғни, қолында бола тұра ешкіммен бөлісуді білмейтін немесе өзіне тиесілі заттың ақысын төлемейтін адамдарды көбінесе Шық бермес Шығайбай – деп жатады.

Мелиоративті бағалау (латын тілінен алғанда – «жақсарту») мақұлдау, адресатқа деген оң көзқарас, оған деген сүйіспеншілік және т.б. білдіретін атауларда көрініс табады. Мысалы: – *Әпке! Маған да бір нәрсе жүктесеңізіші... – Сен қонақсың ғой, қарағым!* – *Қашанғы қонақ болып отыра бермекпін, әпке.* – *Ыңылдап өлеңіңді айтып отыра берсеңші, қарағым, Құлжатай,* – дегенде бәріміз күліп жібердік. – *Тоба, сондай да тірлік болады екен-ау,* – деп *Құлжабай да күліп жатыр* (Б.Момышұлы. Ұшқан ұя). Берілген мысалдағы *әпке, қарағым, Құлжатай* деген апеллятивтер мелиоративті бағалау түрлеріне жатады. Себебі, мұнда адресатқа деген жақсы қатынас, яғни адресант тарапынан көрсетілген сыйластық, келтірілген апеллятивтер арқылы бейнеленген.

Ситуативті бағалау (бейтарап) түрі. Кейбір апеллятивтерде кездесетін бейтарап компонент, алдыңғы екі бағалау түріне қарағанда, адресатта қатты эмоциялар туғызбайды, ал апеллятивтердің өзі бағалаушы – сипаттаушыдан гөрі вокативті қызмет атқарады [27, 147 б.]. – *Апа деймін, тұрыңызшы, не болды сонша? – Ештеңе, құлыным, ештеңе. Бүгін Сапар кетті, ертең сен кетсең, мына төрт керегенің ортасында мен қалмақпын ба?* (С.Мәмет. Ар алдында). Мысалдағы *апа* деген вокатив нейтралды қарым-қатынасты көрсетіп, ситуативті бағалау түрі болып тұр.

Ф.Браун, атаулар сөйлеушінің хабарлама алушыға қатынасын көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар адресаттың өзі туралы, оның әлеуметтік жағдайы, тәрбиесі, жеке қасиеттері туралы ақпаратты қамтитындығын атап өтеді [106].

Заманауи лингвистикалық әдебиеттерде қатынас атауын «сөйлеу бағытталған адамдарды немесе заттарды атау үшін зат есімдерді, есімдіктерді, сын есімдерді немесе оларға теңестірілген сөз тіркестерін қолдану» деп түсіндіреді [107].

Кейінгі кезде қатынас атауы терминімен бірге, «апеллятив», «адресат», «вокатив» деген терминдер бірге қарастырылып жүрген жұмыстарды жиі кездестіруге болады.

Дискурста қаратпа сөздер немесе атаулы сөйлемдер де дискурстың микроконтексті бола алады. Дискурс кезіндегі айтылған қаратпа сөз немесе атау өзінің қызметін жүзеге асыратын сөйлеудің минималды бөлігі болып табылады. Сөйлеу кезінде автордың сөзінсіз апеллятив жеке сөйлеу әрекеті ретінде оқшауланып қолданылған жағдайда да микроконтекст орын алады. Бұл қаратпа сөздің өзіне тән функциялардың кем дегенде біреуін орындайтындығына байланысты, мысалы, ауызша сөйлеу кезінде интонацияның жоғарылауымен көрінетін және жазуда леп белгісімен белгіленетін вокативті қызметімен байланысты болып келеді [108].

Сөйлеудің апеллятивті қызметі дегеніміз – (ақпарат алушының) яғни адресаттың (ақпаратты берушіге) адресантқа адресат ретінде қол жетімді екендігіне негізделген, демек, бұл адресатпен кері байланыс мүмкіндігі бар екендігін білдіреді, сондай-ақ бұл адресанттың оның адресатының фондық білімін ескеруді қажет етеді [109].

Апеллятивтер коммуниканттардың рөлдік функцияларын көрсетеді, сөйлеуге қатысушылардың әлеуметтік мәртебесінің теңдігін немесе теңсіздігін, олардың жасының, жынысының арақатынасын, таныстық дәрежесін білдіреді. Бұл коммуникацияның өту ортасына қарай атау сөздерді тиімді қолданумен байланыстырылады. Бір коммуникант әртүрлі ортада коммуникацияға түсу нәтижесінде оның әлеуметтік мәртебесі әртүрлі болады. Осыған орай, түрлі адамдармен коммуникацияға түсу кезінде оған берілетін атау сөздер әр түрлі болмақ. Мәселен, ер адам отбасында (отағасы, әке, көке) деген сияқты атаулармен аталатын болса, достарының ортасында Жаке, ал қызметте Жандос Ерболатұлы немесе Жандос мырза, Жандос ағай деген атаулар берілуі мүмкін.

Ал сөйлеудің вокативті қызметі дегеніміз – адресаттың назарын аудару үшін қолданылатын есімдердің қызметі [110].

Атау сөздерге анықтама беру үшін, оның функционалдық сипаттамаларын ескерген жағдайда айқынырақ болады, оны функционалды-прагматикалық аспект шеңберінде қарастыру нәтижелі болмақ.

В.В. Звягинцева өзінің «Отбасы дискурсындағы апеллятивтер» атты монографиясында, орыс және ағылшын тілдеріндегі отбасылық атау сөздерді коммуникативтік функциясына қарай келесідей түрлерге бөліп қарастырады: *Атауыштық (номинативті)* – (сөйлеу барысында адресатқа атау беру функциясы), *вокативті*, *әлеуметтік-реттеуші* функциясы немесе *этикеттік* функциясы (белгілі бір әлеуметтік ортада қалыптасқан мінез-құлық нормаларына сәйкес коммуникацияға түсу түрі), *бағалау-сипаттауыштық* функциясы немесе адресатпен жеке қатынасты көрсету функциясы [27, 34 б.].

Атау сөздер немесе қаратпа сөздер әртүрлі ортада қолданылуына сәйкес түрліше сипат алады. Түрлі жағдайларға байланысты қарым-қатынас кезінде бір адамның мәртебесі әр түрлі болады.

У. Шуай, өзінің диссертациялық жұмысында атаулардың төмендегідей семантикалық түрлерін ажыратады: «туыстық атаулар», «аты-жөнімен атау», «кәсіби немесе қызметтік атаулар», «жалпы қолданыстағы атаулар», «есімдікті атаулар», «нөлдік атаулар» [111].

Әрине, күнделікті отбасындағы әңгімелер барысында біз адресатпен байланысқа түсуге көмектесетін нақты бір сөздер жиынтығын қолданамыз. Алайда, байланысқа түсер алдында біз өзімізбен коммуникация орнататын адамды қаратпа сөз немесе атау сөздердің көмегімен өзімізге қаратып, көңіл бөлгенде ғана әңгімеге көшеміз.

Отбасындағы дискурс барысында көп жағдайда туыстық атаулар, аты-жөнімен атау, отбасы мүшелеріне тағылған бүркеншік атымен (прозвища) немесе лақап атымен атау жиі ұшырасады. Біз өз тарапымыздан, дискурс кезіндегі туыстық атаулардың қолданылуын, соның ішінде тікелей отбасылық атауларды және туыстық атауларды қарастыратын боламыз. Мұндағы атау сөздер дегеніміз – қаратпа сөздер. Қазақ отбасыларында да атау сөздердің *атауыштық* қызметі жиі ұшырасады.

Тікелей отбасылық атаулар: ата, әже, әкешім, анашым, балам, қызым т.б. атаулар.

Туыстық атаулар: нағашы, жиен, қайын аға, қайын сіңілі, балдыз, құда, құдағи т.б.

Мысалы: – *Әже, – деді. – Әу, құлыным? – Сырттан неге үрмейді? – Ұйықтап қалған шығар. – Иттер де ұйықтай ма? – Ұйықтайды* (Д.Исабеков. Таңдамалы шығармалары). Келтірілген мысалдағы *әже* сөзі күнделікті қазақ отбасында қолданылатын тікелей отбасылық атау болып атау сөздердің атауыштық қызметін атқарып тұрса, ал *құлыным* деген сөз әжесінің тарапынан айтылған бір жақты қатынасты білдіретін бағалаушы номинатив бола алады.

Әлеуметтік – реттеуші немесе *этикеттік* атаулар да қазақ отбасында дискурс кезінде қолданылады. Отбасы сөйлеу мәнеріне, яғни қарым-қатынасқа түсу этикетіне сәйкес өзінше бір коммуникативтік кеңістікті құрайды. Кейбір отбасылар үшін отбасы мүшелері арасында белгілі бір коммуникативтік нормалар сақталып, қарым-қатынастың өзі сыйластықтың негізінде жүретін болса, ал кейбір отбасылар үшін коммуникативтік ережелер сақталмайды және көп жағдайда отбасы мүшелерінің атын тікелей атау түрі немесе отбасы мүшелеріне лақап ат беру түрі кездеседі.

Қазақ отбасылары салт-дәстүрге берік және күнделікті отбасылық әңгіме барысында да қалыптасқан дәстүрді ұстанады деуге болады. Отбасылық дискурс кезінде туыстық атаулар апеллятивтердің қызметін атқара отырып міндетті түрде қолданысқа түсетінін айтуға болады. Туыстық атаулар, соның ішінде отбасылық атаулар тыңдаушының назарын аударту мақсатында ғана қолданылмайды, сондай-ақ, отбасындағы сол адамның деңгейін де көрсететіні анық. Мысалы, қазақ отбасыларында (*отағасы, отанасы, анасы, әкесі, аға, әпке, қарындасым, келін және т.б.*) – деген сияқты отбасылық атаулар қолданылады. Көбінесе, мұндай апеллятивтер мелиоративті бағалауды көрсетеді және отбасы мүшелерінің бір-біріне деген сыйластығы мен құрметін арттырады. Сонымен қатар, осы сынды атау сөздер өзінің атауыштық және вокативті функциясын атқарумен қатар, бөгде адамдардың алдында отбасы мүшелерінің мәртебесін көрсетіп, ал кейде кейбір отбасы мүшелерінің өзіндік орны мен міндеттерін айқындайды. Мысалы: – *Келін деген осылай ырғалып-жырғалып жүре ме екен? Ертерек келіп, дастарқанды дайындап қоймайтын ба? – деп, Қарлығаш оны одан ары қызартты* (Қ.Жұмаділов. Он екі томдық шығармалар жинағы). «*Келін*» деп енесі, атасы немесе күйеуінен жасы үлкен туыстарының атауы мүмкін және бұлай атаудың өзі келіннің өз міндеттерін есіне салып тұрады. Жоғарыда келтірілген мысалда, келін деп қайын сіңілісінің тарапынан айтылған атау тисіп, шағып сөйлеу мақсатында қолданылып пейоративті бағалауды көрсетеді. *Әй, кемпе-ер! – деді ол үйіне көңілдене кіріп. – Шалың делегат болып кетті ғой, делегат боп! – Жайшылық па, байғұс-ау, ол несі тағы?* (Д.Исабеков. Таңдамалы шығармалары). Келтірілген мысалда, *кемпе-ер* деген атау шалының кемпіріне қаратып айтылған атау сөз отбасындағы екі адамның отбасындағы мәртебесіне қарай қолданылып, әлеуметтік-реттеуші функциясын атқарып тұр. Сондай-ақ, *шалың* деген сөз *апеллятив* ретінде жұмсалып тұрғаны анық. Мысалы: – *Өйтпе, бәйбіше, бәріміз де ерке тотай қыз болып өсіп, келін болып түстік емес пе? Қайта осы күнгі*

балалардың бақыты зор (С.Мәмет. Ар алдында). Осы сөйлемдегі бәйбіше деген атау сөз отбасындағы әйел адамның ерінің алдындағы мәртебесін көрсетіп, әлеуметтік-реттеуші атау ретінде беріліп отыр. *Бір кезде күйеуінің сырт жағына айнала беріп, қолындағы кітапқа көзі түсті де: – Көкесі-ау, қашаннан бері өлең оқитын болғансың? – деді таңданғандай. Әбдірасыл кітаптан көз алмаған күйі жауап берді. – Оқымаған дүниеміз көп екен ғой, бәйбіше. – Оқымасаң – оқы, қолың босады ғой.... Кітап оқымағанда не бітіресің? – деп қағызтты, Рахима шкафтың әйнегін сұрткілеп жатып...* (Қ.Жұмаділов. Он екі томдық шығармалар жинағы). Берілген мысалдағы *көкесі-ау* – деген апеллятив балаларының әкесі екенін көрсететін болса, *бәйбіше* – деген апеллятив ер азаматтың бірінші әйелі және отбасындағы ер адамнан кейінгі маңызды шешімдерді қабылдайтын адам ретінде қолданылады. Жоғарыда келтірілген мысалдардың бәрінде тікелей отбасылық атаулар сипатталса, ал мына бір мысалдағы, – *Ас-масты қой, құдағи. Қатарға отыр мына. Зыр жүгірсең келін баланы неге сұрадың?* (С.Мәмет. Ар алдында). *Құдағи* деген атау қыз алысып, қыз беріскен адамдар арасында қолданылатын атау түрі.

Кеңестік дәуірде қазақ отбасыларында орыс тілінен енген туыстық атаулар да жиі қолданылды. Мәселен: *анашым* деген сөздің орнына *мама* немесе *мам*, *мамуля* деген атау сөздер қолданылатын болса, *әке*, *әкешім* немесе салтымызға сәйкес (қазақ отбасылары баланы атасының баласы немесе апасының баласы деп атаған) әкелерін тура атамай *көке* деп қолданылған атау сөздердің орнына *папа*, *пап*, *папуля* сөздері қолданылды. Мысалы: – *Қызмет істеген, еңбек сіңірген адам болса, біздің папамыздай-ақ болсын!* – деді *Әдия келін* (Қ.Жұмаділов. Он екі томдық шығармалар жинағы). Мысалда келінінің атасын *папа* деп атауы көрсетілген. Алайда, қазіргі таңда жаңа буын арасында *анашым*, *әкешім* деген сияқты қазақи атаулардың қолданылып жүргенін байқаймыз.

Дискурстық қатынас кезінде отбасы мүшелеріне тағылған бүркеншік атымен (прозвища) немесе лақап атымен атау дискурстың семантикалық әлеуетінен қарағанда, прагматикалық әлеуетін арттырады. Лақап атты, отбасының кіші мүшелеріне қаратып айтатын жағдайларды немесе аралары жақын бауырлардың қолдануын жиі кездестіруге болады.

М.А. Кронгауз атау сөздерді екі аспектіде қарастыруды ұсынады: қарым-қатынасқа қатысатын адамдардың өзара әрекеттесу нүктесі ретінде және адресатқа әсер ету құралы ретінде, ол кейде хабарламаның өзінен гөрі күшті және тиімдірек болады [112].

Апеллятивтерді қолдану кезінде кез келген ұлттың мәдениетінің маңызды элементтерін көруге болады. Тілде, сөйлеу әрекетінде, қарым-қатынастың үлгілерінен, әр ұлтқа тән бай ұлттық жинақталған тәжірибесін, әдет-ғұрпын, өмір салтын, өмір сүру жағдайларын көруімізге болады. Қазақ отбасыларындағы апеллятивтер де халқымыздың жинақтаған тәжірибесімен тығыз байланысты. Отбасында үлкен кісілерге деген құрмет, әрдайым бірінші орындағы мәселе болып табылады.

Отбасы дискурсы барысында антропонимдер, яғни кісі атымен атау жиі кездеседі. Біз мұны атау сөздердің *вокативті* функциясына жатқызамыз. Т.Жанұзақовтың пікірінше, антропонимдердің адамзат қоғамында маңызы зор. Антропонимика ономастиканың кісі аттарын зерттейтін негізгі бөлімі болып есептеледі. Ал, антропоним, антропонимия тілдегі кісі аттары туралы материалдар деген ұғымды білдіреді. Антропонимия – (гректің *Anthropos* «кісі» және *онома* «ат», «есім» деген сөзі) деп бір тілдегі яки, бір облыстағы кісі аттарының жиынтығын айтады [113].

Қазақ отбасыларында отбасы мүшелерін атымен атау қалыпты жағдай. Әсіресе бұл ерлі-зайыптылар арасында немесе бауырлар арасында жиі қолданылады. – *Қарлығаш, амансың ба, балам? Хабарласпай кеттіңдер ғой... Сендер үндемей қалғанға шешең алаңдап, отыра алатын емес... Кешке үйге келіңдер, жарай ма? Нұрландарға, Жұмандарға өзің хабарларсың. Сөйт, айналайын!* (Қ.Жұмаділов. Он екі томдық шығармалар жинағы). Келтірілген мысалда атау сөздердің *вокативті* функциясы берілген, яғни әкесі қызын атымен – *Қарлығаш* – деп атауы *вокатив* болатын болса, әкесінің сөзінің соңында айтқан *айналайын* – сөзі бағалауыштық қасиетке ие бола отырып *апеллятив* ретінде жұмсалып тұр.

Сонымен қатар, туыстық атаулармен қатар жасы шамалас адамдар арасында немесе жасы кішірек адамдарға сыпайылықтың белгісі ретінде қолданылатын атау формалары кездеседі. Мұндай атаулар, адамдар есімдерінің бірінші буынына – *ке*, – *еке* немесе адам атына – *жан* жұрнағы жалғану арқылы жасалады. Яғни, мұны *аффикстік* тәсіл – түбір сөзге қосымша жалғану арқылы жасалуын айтамыз. Мысалы: Асқар – Асеке, Ермек – Ереке, Гүлнар – Гүлеке, Жанат – Жаке, Марат – Маратжан т.б. Мысалы: – *Асанжан*, бастық болыпсың. Биыл әлгі бір жаман жиенің оқу бітіреді. Ағадан ақыл-кеңес алсам деп жүр, – деді Сәлима жаулығын кейін сырып қойып (С.Мәмет. Ар алдында). – *Әсетжан*, атаңның кемпірі қайтыс болған жуырда, ұмытпай қазір көңіл айт (С.Мұратбеков. Екі томдық шығармалар жинағы). – *Айгүлжан*, атаң мен әжең, Қанаттар келеді екен. Сенің анадағы айтпа деген сөзің бар еді ғой, соны айтсам деп отырмын ол кісілерге, – деді (С.Мәмет. Ар алдында). Мысалдардағы: – *Асанжан*; – *Әсетжан*; – *Айгүлжан* – деген атаулар *вокативтер* ретінде жұмсалып тұр.

Қазақ отбасыларында туыстық атаулармен қатар, отбасының тегімен атау да ұшырасады. – *Кешке осында Толыбаевтар түгел жиналатын болды. Күтіп аларсың. – Айналдым балаларынан! Армашканы ала кел дедің бе? Ол күшікті де көрмегелі көп болды, – деді Рахима немересін еске алып* (Қ.Жұмаділов. Он екі томдық шығармалар жинағы). Мұндағы *Толыбаевтар* жиналады деп әкесі балаларын шақырғанын, яғни балалары жиналатынын айтады.

Сипаттаушы атаулар – белгілі бір қарым-қатынас тонын жасай отырып, әдетте жайбарақат, достық, кейде таныс тонмен адресатқа деген қатынасты білдіру үшін қолданылады [114].

Сипаттаушы атаулар үшін бастысы – сөйлеудегі бағалау-сипаттау функциясы. Бұл жағдайға сәйкес мотивацияланған *мелиоративті* және

пейоративті сипаттамаларды білдіретін экспрессивтік номинациялар. Қазақ отбасыларында отбасылық дискурс кезінде атау сөздер ретінде адресаттың сипаттамаларын қамтитын және сөйлеушінің оған деген қатынасын білдіретін эмоционалды-бағалау номинациялары да қолданылады. Жағымды эмоционалды-бағалау тудыратын атау таңдау, әдетте адресатқа деген субъективті сезімдермен анықталады, яғни адресатқа деген жақындықтан туындаған сезімдермен тікелей байланысты деп айтуға болады.

Мәселен, жас жұбайлар бір-біріне (*қымбаттым, жаным*) деген сияқты сипаттамалық атаулар беріп жатады. Кейде, (*алтыным, айым, жүрегім*) деген сияқты отбасы мүшелеріне теңеулер беріп жатады. Мысалы: – *Тұрдың ба, сәулем? – деп, Алтынай оң қолымен қолтығына қысып, маңдайынан сүйді* (Ж.Аймауытов. Алты томдық шығармалар жинағы). Жеңгесінің қайын сіңілісіне қаратып айтқан сөзі бейнеленген. Мұндай атаулардың мелиоративті күші басым деуге болады. Адамға деген ыстық ықыласын білдірудің бірден-бір көрінісі бейнеленген. Сондай-ақ, эмоционалды-бағалау көрсеткішті атаулар ата-ана мен бала арасындағы дискурс кезінде жиі байқалатын көрініс. Қазақ отбасыларында (*балапаным, байлығым, алтыным*) деген сияқты атаулар балаларға жиі айтылады. Мысалы: Жәдігер балаларына қарай құшағын жая ұмтылды. – *Құлындарым, қошақандарым! Қане, келіңдерші!* (Д.Исабеков. Таңдамалы шығармалары). Берілген мысалда – *құлындарым, қошақандарым* – деген апеллятивтер әкесінің балаларына деген ыстық ықыласын көрсетіп эмоционалды-бағалау көрсеткішін сипаттап тұр. Мұндай апеллятивтердің иллюкутивті функциясы адамды шақыру немесе өзіне қарату ғана емес, сондай-ақ адресанттың адресатқа деген сүйіспеншілік пен жақын сезімдерін көрсетуден тұрады.

Сонымен қатар, дискурс кезінде отбасы мүшелерінің мінез-құлқына немесе өзіндік бір ерекше қасиетіне сәйкес жан-жануарлардың төліне немесе өсімдіктерге теңеп жатады. Яғни, мұның барлығын санамызда қалыптасқан когнитивтік түсінікпен тікелей байланыстыруымызға болады. Әсіресе, мұндай апеллятивтер қазақ отбасыларында кішкентай балаларға қатысты айтылады. Мысалы: Күнделікті коммуникация барысында (*құлыным, ботам, балапаным, жарығым, қозым т.б.*) деген апеллятивтер барлық қазақ отбасыларында қолданылады деуге болады. Ер баланың қорықпай, өзінше жасаған бір ерлігіне баға беру мақсатында (*арыстаным*) деген атау беріп жатамыз. Қыздардың әдемілігіне, нәзіктігіне қарап (*қызғалдағым*) деп атаймыз. Мұндай апеллятивтердің эмоционалды-бағалау көрсеткіш деңгейі жоғары. Кейде бір нәрседен қорыққан балаға қарап (*қоян немесе қояным*) деген сөздер айтылып жатады. Қоян – қорқақтықтың символы деп жатамыз, сондықтан болар кей нәрседен қорыққан адамға *қоян* – деген атау беріп жататынымыз. Яғни, осы сынды теңеулердің барлығы когнитивтік түсініктің жемісі.

Заманауи лингвистикалық теориялар қарым-қатынасқа түсу, коммуникация, дискурс мәселелерін адресант пен адресаттың қоғамдағы рөлдерін ескере отырып бір-біріне деген қатынасы негізінде зерттеуді көздейді. Әрине, осыған сәйкес лингвопрагматиканың әлеуеті артып отырғаны сөзсіз.

Оның көмегімен сөйлеушінің өзіндік орнын, коммуникативті ниетін және оны жеткізу тәсілін анықтауымызға болады. Қарым-қатынасқа түсетін тараптардың ауызша байланысы ауызша түрде шартты бекітілген байланыс формулаларының көмегімен жүзеге асырылады.

Тіл білімінде сөйлеу қызметі прагматикаға тікелей қатысты болып табылады. Сөйлеушінің интенциясы мен оның адресатқа және сөйлеу кезіндегі жағдаятқа деген қарым-қатынасы прагматикалық аспектіге кіреді. Коммуникация кезіндегі сөйлеу актілерінің негізгі қызметі – бұл сөйлеушінің тыңдаушыға әсер етуі және танымдық іс-әрекет процесінде өзара әрекеттесу мақсатында орындалатын сөйлеу әрекеті болып табылады. Прагматика сөйлеу актілерінің жүйелілігін зерттейді. Біз өз жұмысымызда прагматиканың дискурс барысындағы қызметін, яғни белгілі бір сөйлеу актісіне қатынасы бар айтылымдарды қалыптастыру сияқты жағын қарастыратын боламыз. Бұл айтылымдар, әдетте, адресаттың сенімдері мен мақсаттарын өзгертуді немесе өз ойында қалуын қамтиды.

Зерттеуші, ғалым Д.А. Алкебаеваның еңбегінде, прагматика автор мен оқырманның арасындағы байланысты қарастырып, сөйлеу актісі кезінде жүзеге асатынын айтады. Прагматика – коммуниканттардың бір-біріне және мәтіннің мазмұнына (ауызша және жазбаша түрде) олардың коммуникативтік пиғылымен және сұхбаттасу мән-жайы мен санасқан жеке қарым-қатынасы [115].

Жалпы дискурстың прагматикалық сипатына – коммуникация барысындағы коммуниканттардың сөйлеу интенцияларына негізделі отырып сөйлеу актілерінің орындалуы жатады. Прагматика барлық дискурс барысында орын алады деуге болады. Отбасылық дискурс барысында да, отбасы мүшелерінің бір-бірімен әңгімелесуі кезінде сөйлеушілер белгілі бір мақсатқа жетуі үшін прагматикалық тұрғыдан әсер етуге тырысады.

Отбасы дискурсының прагматикасы дегеніміз – отбасы мүшелерінің эксплицитті және имплицитті интенциясынан туындайтын, тыңдаушының іс-әрекетін, сана-сезімін коммуниканттың мақсатына қарай басқаруға көмектесетін ерекше күштің белгісі. Бұл жердегі эксплицитті интенция дегеніміз – коммуникацияға түрткі болып отырған отбасы мүшесінің өз ойын, қалауын ашық айта отырып өзінің прагматикалық мақсатына жетуі болса, ал имплицитті интенция дегеніміз – коммуниканттың түпкі мақсатын астыртын, яғни жасырын ұстауы, алайда тыңдаушыға жанамай әсер ету арқылы діттеген мақсатын іске асыра алуы. Отбасы дискурсының сәтті шығуы адресанттың түпкі ойын адресаттың түсінуіне, соған қарай берген жауабына байланысты болады. Адресант өз кезегінде адресатқа әсер ету үшін түрлі тілдік бірліктерді немесе тілден тыс амалдарды жасайды. Дискурстың сәтті шығуы үшін прагматикалық әлеуеті басым болуы маңызды [116].

Прагматика лингвистикалық актілер мен олардың жүзеге асатын тілдік қатысымының мәнмәтінін зерттейді. Аталмыш саланың өз шешімдерін талап ететін келесідей екі мәселесі бар: 1. Сөйлеу актілері мен сөйлеу әрекеті өнімдерінің қызықты түрлерін анықтау; 2. Тілдік қатысымда айтылым ретінде

жұмсалып отырған сөйлемнің астарында нендей мағына жатқанын анықтауға өзіндік септігін тигізетін сөйлесім мәнмәтінің сипатын анықтау [117]. Прагматиканың басты зерттеу нысаны – сөйлеу актісі болып табылады. Сөйлеу актісі өз кезегінде 3 түрге бөлінеді: локутивті акт, иллюкутивті акт, перлокутивті акт.

А.Ю. Маслова сөйлеу актілеріне былайша анықтама береді: 1.Локутивтік акт – айтылымды берілген тілдің грамматикалық ережелеріне сай дұрыс құру; 2.Иллюкутивтік акт – коммуникативтік мақсатты жеткізу әрекеті; 3.Перлокутивтік акт – сөйлеу актісінен кейін туған адресаттың реакциясы [118].

Дж. Остин де сөйлеу актісінің құрылымын сөйлеу коммуникациясының компоненттеріне қатысты үш деңгейге бөліп қарастырады: 1.Локутивті акт – тілдік құралдарға қатысты; 2.Иллюкутивті акт – айтылған ой мен мақсаттың байланысы; 3.Перлокутивті акт – айтылған ойдың адресатқа қатысы [119].

Иллюкутивті актіні жүзеге асыру сәтті немесе сәтсіз болуы мүмкін. Егер иллюкутивті актінің орындалуының барлық шарттарына сәйкес келсе, онда ол сәтті болады. [120]. Төмендегі мысалдан көндіру немесе түсіндіру сияқты иллюкутивті актінің орындалғанын көруімізге болады: – *Япыр-ау, бикеш-ай, бізді масқара етпекпісің шынымен. Өз ықтиярың болған соң келмеді ме ол екеуі. Енді көргенсіз ел атанбайық, – деседі жеңгелері.* (Үбиан сол ызаға булығып қасарысқан қалпынан қайтпапты), (Б.Момышұлы. Ұшқан ұя). Бұл мысалдағы иллюкутивті акт сәтті шықпағанын байқауымызға болады. Яғни, жеңгелерінің қайын сіңілісіне өзінің іс-әрекетінің дұрыс еместігін түсіндіруге, көндіруге тырысқаны: *Өз ықтиярың болған соң келмеді ме* – қыздың бастапқыда өзінің келісімі болғанын еске салуда, сонымен қатар *көргенсіз ел атанбайық* – деу арқылы *көргенді жерден шыққан, жақсы тәрбие көрген, жақсы ұядан шыққан* деген атыңа кір келтірме дегенді түсіндіруге тырысып отыр. Алайда, коммуникация барысында адресант адресаттан келіскен жауабын ала алмағандықтан да бұл жердегі дискурс сәтсіз аяқталды, яғни иллюкутивті актінің дұрыс жүзеге аспауы деп түсіндіре аламыз. Жоғарыда келтірілген мысалдан сөйлеу актісінің үш деңгейінің де орын алғандығын көріп отырмыз. Мысалдағы, *япыр-ау, бикеш-ай, масқара, көргенсіз* деген тілдік құралдар сөйлемде локутивті акт болып тұрса, ал бұл жердегі иллюкутивті акт-*түсіндіру және көндіру* сияқты мақсаттарды көздеп отыр. Ал дискурс кезінде перлокутивті нәтижеге жете алмағандығын адресаттың дұрыс жауап қайтармай қасарысуымен байланыстырамыз. Бұл жерде біз коммуникативті ынтымақтастық принципінің бұзылғанын байқаймыз. – *Япыр-ау, бикеш-ай* деген тілдік амалдар арқылы адресант таң қалғанын білдірсе, *көргенсіз ел* – деген тіркес адресат реакциясын көру, ауызша түрткі болатын коммуникативті нәтижеге жетуге деген ұмтылыс екенін көреміз.

Егер сөйлеушінің интенциясы (ниеті) айтылған мәлімдеменің адресатқа әсер етуімен сәйкес келсе онда перлокутивті акт жүзеге асты деген сөз. Отбасылық дискурс барысында белгілі бір сендіру, талап ету, сұрақ қою, қорқытып-үркіту сияқты отбасылық дискурстың тактикалары адресаттың ойын түбегейлі өзгертуі мүмкін. Аталмыш тактикаларды адресант коммуникация

барысында қолдану арқылы адресатты қуантуы, ашуландыруы немесе белгілі бір нәрсеге сендіруі мүмкін. Нәтижесінде адресат адресанттың қалауын орындауы мүмкін немесе орындаудан бас тартуы мүмкін. Келтірілген тактиканы қолдану кезіндегі адресаттың шешімі перлокутивті акт мысалы бола алады. Дискурс барысында адресанттың ниеті көрініп тұрмауы мүмкін, ал бірақ адресатқа әсер ете алады, яғни мұндай жағдайда перлокутивті акт сәтті шықты деуге болады.

– *Не істегенсіңдер? – Что за безобразие! Ашулы арыстандай аласұрып, айналасын қолымен сілтей көрсетеді. Нені айтып жатқанын түсінбей мен тұрмын. – Неге тиістіңдер қағазыма?! – дегенде барып бірдемені ұғып ақтала бастадым. – Мен реттеп едім. – Бүйтіп реттегенің құрсын! Сапта тұрған солдаттай қақишып қалған не пәле мыналарың? Қалай табам енді? Қалай? – Атамның жүзіне көз тоқтатып қарай алмаймыз, түтігіп, көздері от шашып тұр* (З.Ахметова. Шуақты күндер).

Көріп отырғанымыздай, жоғарыда келтірілген мысал атасы мен келіні арасындағы дискурс болатын. Коммуникация барысында қолданылған тілдік амалдар сөйлеушінің ойын жеткізіп тұр және мысалдағы: – *Неге тиістіңдер қағазыма?!* перлокутивті акт қызметін атқарып тұр. Атасы өз қағаздарын келінінің рұқсатсыз реттеп қойғандығын ұнатпауы көрінеді. – *Мен реттеп едім* – деу арқылы келіні атасының алдында ақталып отырғандығын білдіреді және атасынан рұқсат алмай реттеуі дұрыс еместігін түсініп отыр. Яғни, берілген дискурста перлокутивті акт нәтижелі орындалды деп айтуға болады. Сонымен қатар, берілген мысалдағы: *Сапта тұрған солдаттай қақишып қалған не пәле мыналарың?* – деген сөйлем отбасылық дискурстың белгісі болып табылады. Себебі, берілген теңеуді қазақ отбасы мүшелері ғана түсінуі мүмкін және дұрыс интерпретациялай алуы мүмкін, *сапта тұрған солдаттай қақишып қалған* деген теңеу рет-ретімен деген мағынада айтылып тұр, алайда адресант берілген теңеуді сарказм ретінде, жақтыртпай тұрғандығын білдіру ретінде қолданып отыр. Бұл мысалдағы отбасылық дискурстың тағы бір белгісіне адресанттың жан-дүниесін коммуникация барысында көрсетуімен байланыстырамыз. Яғни, алынған мысалдағы атаның рөлінде – белгілі жауынгер Бауыржан Момышұлы, *сапта тұрған солдаттай* – деп өз жан-дүниесін көрсетіп, өмірлік тәжірибесімен байланыстырғандай.

Сонымен, *перлокутивті акт* дегеніміз – адресанттың интенциясының адресатқа әсері. Перлокутивті акт кезінде адресатқа әсер ету адресанттың ниетімен байланысты бола бермейді. Перлокутивті нәтиже адресанттың арнайы жоспарлы түрде дайындалуына байланысты болуы да, болмауы да мүмкін. Егер адресат адресанттың интенциясын түсінбеген жағдайда немесе назар аудармаған жағдайда сөйлеу актісі жүзеге аспады деуге болады. Сөйлеу актісінің нәтижесінде, коммуникацияның перлокутивті аспектісі адресаттың жауап қайтаруына байланысты орындалады.

Түрлі ғалымдардың еңбектерінде иллокутивті актіге сан түрлі жіктеме беріледі. Дж. Серль иллокутивті актіні бес түрге бөледі: 1)Ассертивтер; 2)Директивтер; 3)Комиссивтер; 4)Декларативтер; 5)Экспрессивтер [121].

Жұмысымызда, аталмыш терминдердің келесідей баламаларын ұсынамыз: ассертив – мәлімдеме жасау, директив – ықпал ету, комиссив– міндеттеме, декларатив – жариялау немесе мадақтау, экспрессив – ойдың айқындығы.

Ассертивтер (мәлімдеме жасау) – сөйлеушінің белгілі бір жағдайды хабарлау үшін, айтылған шешімі үшін жауапкершілігін бекіту. Дискурс барысындағы сөйлеушілердің өз ойын нақтылауы немесе теріске шығаруы, болжам жасау, сипаттамалар, жаңалықтар жатады. Мысалы: – *Не болды, шалау, айтсаңшы жәндеп. Саған бірдеңе деді ме олар? – Деді, демесе жекен саяқтың салқыны тиді дейсіңбе? Өз күнімізді өзіміз көреміз дейді* (Д.Исабеков. Екі томдық таңдамалы шығармалары). Келітірілген мысалда шалы кемпіріне балаларының шешімі туралы бар білгенін хабарлап жеткізіп тұрғандықтан да бұл мысал иллюкутивті актінің ассертивті жіктемесіне кіреді. Мұндағы: – *Жекен саяқтың салқыны тиді дейсіңбе?* – деген бірліктер, өз-өзімен ашуланып тұрмын дейсіңбе? – деген мағынада жұмсалған.

Директивтер (ықпал ету) – сөйлеудің иллюкутивті бағыты сөйлеушінің тыңдаушыға бірдеңе жасауына итермелеуді білдіреді. Директивтерге: кеңес беру, бұйыру, ұсыну, өтініш, тілек, тыйым, бұйрық, шақыртулар жатады. Келесі келтірілген мысал иллюкутивті актінің *директивті* жіктемесіне кіреді.

Әкем дастарқан шетінде қымыз құйып отыр. Ол мені ымдап шақырды да құлағым: «*Сен немене, аталарыңа сәлем беруді ұмытпа дегенім қайда?!*» – деп сыбырлады (Б.Момышұлы. Ұшқан ұя). Бұл жерде әкесі баласының үлкендермен амандасуды осы уақытқа дейін айтатынын, баласының балалықпен естен шығарғанын көрсетіп отыр.

Комиссивтер (міндеттеме) – сөйлеушіні бір істі жасауға міндеттейді, сонымен қатар оларда бірдеңе жасауға ниеттілігі туралы хабар болады. Яғни, сөйлеушінің өзіне жүктелген міндеттемені қабылдауы немесе ниет білдіруі. Оларға мысалдар: уәде беру, келісімшарт жасау, ниет білдіру, келісу. Мысалы: – *Базана бір кемпірқауын әкеп қойып ем, соны өз қолыңмен жарып-жеп кетші. – Одан да ала кетейін ана. Мен Арысқа жеткенше таң сыз беріп те қалар. Тағы келемін зой* (Д.Исабеков. Екі томдық таңдамалы шығармалары). Анасы мен ұлының арасындағы дискурста комиссивтер бейнеленген. Яғни, анасының баласына тым болмаса дәм ауыз тигізуді ниеттеніп қауын жеп кетуін өтінеді, алайда баласының: *Мен Арысқа жеткенше таң сыз беріп те қалар* – деу арқылы діттеген жеріне жеткенше таң атып кететінін тілге тиек етіп, анасының ұсынған қауынын алып кетейін деу арқылы келісімге келеді.

Декларативтер (жариялау немесе мадақтау) – сөйлеушінің тыңдаушының мәртебесін көтеруге арналған сөздері, белгілі бір жасаған әрекетін мақтап, мерейін көтеру жатады. Мысалы: – *Енді маған не жетпей барады? Құдайға шүкір, кемпір екеуміздің пенсиямыз күн көрісімізге жетіп жатыр. Тіпті жетпей бара жатса, мына сендер асырамайсыңдар ма?* – деп Әбекең қарқылдап тұрып күлді. – *Да... онда тұрған не бар, шынында?* – деді Нұрлан әкесін қостап. – *Қызмет істеген, еңбек сіңірген адам болса, біздің папамыздай-ақ болсын!* – деді Әдия келін (Қ.Жұмаділов. Он екі томдық

шығармалар жинағы). Берілген мысалда отбасылық жиын кезіндегі дискурста иллюкутивті актінің декларативті түрі орын алған. Бұл жерде әкелерінің осы күнге дейін жұмыс істеп, балаларының алдындағы парызын орындағанын айтады, ал баласы өз тарапынан әкесінің айтқанымен келісетінін білдіріп жатса, ал келіні болса атасының нағыз еңбекқор адам ретінде мәртебесін көтеруі декларативке мысал болып тұр.

Экспрессивтер (ойдың айқындығы) – коммуникация барысындағы адамдардың жауабынан шынайы психологиялық көңіл-күйінің білінуі. Мысалы: Алғыс айту, құттықтау, кешірім сұрау, көңіл айту, өкіну, қарғыс айту жатады. – *Жатқан жерің жаннат болсын, маңдайыма сыймай кеткен періштем, Рәзия, – деп өзінен-өзі отырып, көзіне жас алып қайғыратын* (Б.Момышұлы. Ұшқан ұя). Келтірілген мысалда иллюкутивті актінің *экспрессивтілік* мазмұны айқын көрінеді.

– *Жатқан жерің жаннат болсын* – деу арқылы келініне деген ризашылығын білдіріп, қайтыс болған кісінің жаны тынышталсын дегені еді. *Маңдайыма сыймай кеткен періштем* – деген сөздерден нағыз *экспрессивтілік* байқалады. Жастай кеткеніне өкініш білдіру, жақсы адамның артынан қайғырудың белгісі.

Осы көрсетілген сөйлеу актілерінің негізінде, бұйыру, қарсылық білдіру, талап ету, өтіну, болжау, уәде беру, жауап беру сияқты әрекеттер жатыр. Кез келген сөйлеу актісінің түрін анықтаудың негізінде ықпал етуші күш, сөйлеу актісіне қатысушылардың психологиялық күйі, мақсаттары, білімі, сөйлеу жағдаяты т.б. көптеген факторлар жатыр.

Директивті сөйлеу актісінің өзі үш түрге бөлінеді. Олар: 1.Прескриптивтер 2.Реквестивтер 3.Суггестивтер [122].

Прескриптивтер (талап ету) – сөйлеуші позициясының басымдылығын білдіреді. Сөйлеу актісінің бұл түрі: *Талап ете отырып – тыйым салу*. Мәселен, *Шәмшібай қарт етігін дәлізге шешіп тастап, Есіркептің жеңіл тапочкасын аяғына сұға салды да, ішке енді. Тәрдегі салулы көрпеге жантая бергенде Есіркеп те кіріп келді. – Көке, сіз демала беріңіз, біз тамақ дайындап жіберейік. – Қазан-аяқта сенің жұмысың қанша, отыр шошаңдамай былай. Әңгіме айтпай ма екен адам деген* (Д.Исабеков. Екі томдық таңдамалы шығармалары). Осы келтірілген мысалда директивті сөйлеу актісінің прескриптивті түрі берілген. – *Біз тамақ дайындап жіберейік* деген ұлының сөзіне әкесі тыйым салып, ер адамға қазан-ошақта орын жоқ екенін айтады. Сондай-ақ, жалпы күнделікті тұрмыста балаларға үлкен кісілер тарапынан: – *Үлкен кісілер сөйлегенде бөлме!* – деген талап ете отырып, тыйым салу түрі жиі ұшырасады.

Талап ете отырып – қорқыту: – *Тамақтарыңды тез ішпесеңдер, сырғанаққа бармайсыңдар!* – деген мысалдан балалардың тамақ ішулерін талап ете отырып, егер тез ішпеген жағдайда сырғанаққа алып бармайтынын айтып ата-аналар қорқытып жатады. Мұндай дискурс көп жағдайда мектеп жасына дейінгі балалар мен ата-аналар арасында жиі болып тұрады. Ата-анасының күнделікті айтылатын сөзін бірден ұғатын бала, тамағын тез ішуге тырысады.

Талап ете отырып – сөгіс айту: – Е – е! Жаман бала болмасаң етті! Бұзақының тірлігі зой мынауың, – деп әжем қолымнан ұстай алды. – Қарлығашқа неге тиесің? Бұл киелі құс екенін, адамның досы екенін білмеуші ме ең, сен бейбақ? Балапанын емін-еркін ұшырып, бақытын тапқанша, бұл құс менің үйімнің төріндегі ең қадірлі қонағым зой... Қонағымға қол көтергенің – мені де сыйламағаның емес пе, шұнағым, – деп ұялтып тастады (Б.Момышұлы. Ұшқан ұя). Келтірілген мысалда, әжесі немересіне қарлығашқа тиіспеуді талап ете отырып, қарлығашты – менің қонағым, қонақты сыйлау керек дей келе, баланың ұятын оятып отыр. Бұл жерде, қарлығаштың халқымызда киелі құс ретінде танылуымен, адам баласының досы, қарлығаштың ұясын бұзу – үлкен қателік екенін түсіндіре отырып, баланың қылығына сөгіс айтылады.

Реквестивтер (өтініш) – сөйлеушінің айтқан ойын тыңдаушы орындауы міндетті емес. Сөйлеу актісінің бұл түріне: рұқсат беру, өтініш білдіру, райынан қайтара отырып-келісімге келу жатады. Мысалы: – Қойшы әрі, баланы желіктірмей. Жанымызды тындырып отырған осы емес пе? Бір-екі ірі қараң, бес-алты уақ малың, отын-су, бәрін өзі жайлап жүр. – Жарайды. Бір жөні болар – деп көкесі қабақ шытты (С.Мәмет. Ар алдында). Осы мысалда ері мен әйелінің арасындағы дискурс бейнеленген. Қалаға барғысы келген баласына рұқсат бергісі келмеген әйелінің сөзін күйеуі құптамай райынан қайтарады. Яғни, мысалда директивті актінің реквестивті түрі анық бейнеленген. – *Жанымызды тындырып отырған осы емес пе?* – деген әйелінің сөзінен балаларының сол үйдегі тірлікті өзі атқарып, ата-анасына қолқанат болып жүргенін сипаттайды. Ал, әкесінің: – *бір жөні болар* – деген сөзі баласына рұқсат бергенін білдіреді, әрі сол бала жасап жүрген тірліктің онсызда атқарылатынын білдіреді.

Рұқсат беру: – Сабағыңды орындап бітірсең, ойын ойнауыңа болады, – деген мысалда ата-ана тарапынан сабақ орындалған жағдайда ғана ойын ойнауға рұқсат берілетіні айтылған.

Өтініш білдіру: – Суықта көп жүрмейші, ауырып қаласың! – деген мысалдан баланың ауырып қалмауының алдын алып, балаға өтініш білдіріліп тұр.

Райынан қайтара отырып – келісімге келу: – Кәне, екеуміз тақпақты бірге жаттайық – дей отырып ата-ана тақпақты жаттауға ынтасы жоқ баланы райынан қайтарып ынталандырады. Осы келтірілген мысалдар күнделікті тұрмыста жиі қолданылатын айтылымдар.

Суггестивтер (сендіру) – сөйлеушінің мақсаты адресатты өзіне пайдалы әрекетті орындауға итермелеуінен тұрады. Ақыл айту, ұсыныс айту суггестивтер болып табылады. – Жылама ана! – Сапар тастай бекіп апты. Өңінен де еш өзгеріс білінер емес. Баяғы қалпы. – Апамды ренжітпе. Өмірі бейнетпен келеді, өзіңе аманат (С.Мәмет. Ар алдында). Келтірілген мысалда, жаста болса баласы ағасының соғысқа аттанып бара жатқанына қайғырып жылауына басу айтып, ағасының да өз еркімен бара жатқанын апасына білдіріп, ақыл айтуы бейнеленген. Сондай-ақ, ағасының да інісіне айтқан ақылы

суггестивке мысал бола алады. Ағасының: *Анамды ренжітпе, өмірі бейнетпен келеді, өзіңе аманат* – деген сөздерінен апаларының көп тауқымет тартқанын айта келе, ағасы жоқ уақытта бас-көз болып, апаларына қамқор болуды сұрайды. Отбасылық дастархан кезінде: – *Тамағыңды үрлеп же!* – деген сөздер айтылады. Бұл мысалдағы дискурстың мағынасын бала бірден түсінеді, яғни тамақтың ыстық екенін, үрлемесе аузы күйетінін түсінеді. Бұл суггестивке мысал бола алады, ата-ана тарапынан балаға ақыл айтылған. Келесі мысалда ұсыныс айту анық көрініс тапқан. – *Алтын уақыттарыңды зая кетірмей, кітап оқысаңдаршы* – деген мысалдың көбінесе қазіргі ата-аналардың уақытын компьютер ойындарын ойнап немесе ұялы телефон шұқылап отырған балаларына айтатын сөзі. Ата-ана ойын өз тарапынан бұл мысалда тек ұсыныс ретінде айтып тұр. Әлбетте, бұл сөздерді естіген бойда бала уақытын тиімді нәрсеге арнап, яғни кітап оқып немесе сабағын қарайтын болса ата-ана мен бала арасындағы дискурс сәтті шықты деуге болады.

Сөйлеу әрекеті кезіндегі интенция – көздеген мақсатымызға қарай оқиғаның өзімізге тигізген әсерін білдіре де білдірмей де сөйлейміз. Сұрай, өтіне, бұйыра, тыңдаушыға белгілі бір талап қоя сөйлейтін кездеріміз де болады. Тыңдаушыға айтар хабарымызбен бірге көңіліміздің мейірін қоса білдіреміз. Хабар – қуанта, таңдандыра, күлдіре, ызаландыра, өтіне, кекесіндей, сұрай, бұйыра, қандай әсері барын ашпай да айтылады [123].

Күнделікті ауызекі сөйлеу стилінде адамдар қатысым барысында өздерінің қатысымдық интенцияларына байланысты ойша түрлі қатысымдық стратегиялармен жұмыс істейді. Ол стратегиялар адамдарға өздері қатысып отырған коммуникативтік актілердің түрлі экстралингвистикалық, әлеуметтік және психологиялық аспектілерін ескеріп қажетті сөздерді пайдалануы мен ой-пікірлерін білдіруге нұсқау береді. Қарым-қатынас стратегиялары сөйлеу тактикалары кешенін қолдану арқылы орындалады. Сөйлеу тактикасы – нақты сөйлеу амалы болып табылады [124].

Жалпы қатысым барысында *коммуникативтік интенция (ниет), коммуникативтік мақсат, коммуникативтік стратегия, коммуникативтік тактика* болғанда ғана дискурс орын алады.

Коммуникативтік интенция – бұл сөйлеушінің алдына қоятын нақты міндеті, оған оның мінез-құлқы мен сөйлеу күш-жігері бағытталатын болады.

Коммуникативтік мақсат – сөйлеушінің ниетіне бағытталған стратегиялық нәтиже.

Коммуникативтік стратегиялар – коммуниканттардың әлеуметтік мақсатына сәйкес *жалпы* (басқару, билікке қол жеткізу, белгілі бір лауазымды иелену т.б.) және *жеке* (сұрану, өтіну, жұбату, ескерту т.б.) стратегиялар түрінде қарастырылады.

Коммуникативтік тактика – нақты сөйлеу қадамы (сөйлеу стратегияларының жиынтығы) ретінде сөйлеу стратегияларын жүзеге асыруға атсалысады және қатысымдық жағдаяттың мақсатына жетуін қамтамасыз ету қажеттілігінен туындайды [125].

Отбасылық дискурс барысында жүзеге асатын коммуникативтік стратегия мен тактиканы төмендегі мысал арқылы көруге болады. «Абай жолы» романынан алынған үзіндіде автор Абайдың: – *Көріп, біліп келдік. Кәмшат ауру. Әл үстінде. Бізді танымады. Бауыры суып, аямас қас көргендей барлық жанды...не айтайын?* – деп тоқтап қалды. Бұл жерде Абай өгей шешесі Айғызға жауап қайтару барысындағы басты коммуникативтік стратегиясы өзінің әңгімені тыңдап тұрған әкесінің шешімінің дұрыс болмағандығына сендіру еді. Абайдың сөйлеу барысында таңдаған тілдік амалдары *сендіру стратегиясының* тактикасы болып отыр. Яғни, Кәмшаттың ауру екенін айта отырып, оның өлетін халде екенін жеткізу арқылы әкесіне әсер ету тактикасын ұстанады. Алайда, адресанттың адресатқа бағытталған тактикасы іске аспайды, себебі: – *Әй, шалағай балам-ай, көңілің түзу болғанмен, жолдан тыс жайылып отырсың зой!* – дей келе, кейбір жағдайлардың жай-жапсарын балалықпен түсінбейтінін жеткізеді (М.Әуезов. Абай жолы).

Бұл жерде айта кететін жайт, дискурс барысында адресанттың ұстанатын стратегиялары мен тактикалары адресатқа әсер ету арқылы дискурс сәтті аяқталып, адресаттың ойлаған жоспарын түбегейлі өзгертуі мүмкін, ал кейбір жағдайларда коммуниканттың ұстанған стратегиясы мен тактикасы адресатқа әсер етпей дискурс сәтсіздікке ұшырап жатады.

Дискурс фрагменттерін түсіну үшін сөйлеушінің сөйлеу интенциясының тілдік актуализаторларын анықтаған жөн. Дискурстың интенциялық сипатын айтылымның мағыналық құрылымын, сөйлеушінің интенциясын нақтылайтын элементтерді эксплицитті (айқын) және имплицитті (жасырын) түрде қамтитын контекстті, коммуникативті жағдай мен коммуниканттардың қарым-қатынасын сипаттайтын, сондай-ақ адресаттың вербалды және бейвербалды реакцияларын оның коммуниканттардың сөйлеу ниеттерін тануының дәлелі ретінде анықтауға болады.

Коммуникативтік интенция тілдік құралды таңдауды анықтап қана қоймай, сонымен қатар, мақсатты әрекеттің туындауына түрткі болуы мүмкін. Коммуникант сөйлеу барысында нақты бір мағыналық және коммуникативтік нәтижеге бір уақытта жетуге талпынады. Ой интенцияның қайнар көзіне айналады [126].

Дискурста интенция сөйлеу әрекетіне әсер етеді, осылайша сөйлеуші бір ақпаратты жеткізеді немесе тыңдаушыны белгілі бір әрекетті орындауға итермелейді. Құрылымы бойынша сөйлеу интенциясы екіжақты құбылыс болып табылады. Оның астарында психологиялық негіз немесе мотивациялық негіз болуы мүмкін. Сөйлеу интенциясының психологиялық негізі тыңдаушыға психологиялық тұрғыдан әсер ету қызметін атқарып, сөйлеу барысында: *Мақұлдау, уәде беру, келісу, бас тарту* – сияқты әрекеттермен байланысты болады. Ал, мотивациялық негіздің басты қызметі адресатқа әсер ету және *адресатпен келісіп әрекет ету болып табылады. Яғни, дискурс барысында: – Мен сізге уәде беремін, сіздің ойыңызбен толықтай келісемін, өзіңіздің кеңесіңіз қажет болып тұр* – деген сияқты сөйлемдермен беріледі. Интенциялар *жағымды* (мақтау, келісім беру, уәде беру, жақтау) және

жағымсыз (келіспеу, алдау, қорқыту) болып екіге бөлінеді. Алайда, сөйлеу мәдениетінде осындай жағымсыз интенция түрлерін тікелей жеткізбей, мәдениетті түрде астарлап жеткізуге болады. – *Мен сізге қуана, қуана көмектесер едім алайда қолым тимейді*, деген сияқты тілдік бірліктерді дұрыс таңдау арқылы адамдарға жағымсыз ниетімізді тікелей көрсетпей, астарлап жеткізуге болады.

Интенцияның *эксплицитті* (ашық) және *имплицитті* (жасырын) түрлері кездеседі [127]. Интенцияның эксплицитті түріне ойды ашық жеткізу тән. – *Мен сізге уәде беремін, кеңес беремін*, сияқты тіркестер интенцияның эксплицитті түріне мысал бола алады. Ал интенцияның имплицитті түрі бойынша ойды ашық айтпай, астыртын жеткізу немесе жасырып қалу тән. Жасырын интенция түрлеріне: өтірік айту, жала жабу, жағымпаздану, сөз тасу т.б. жатады.

Сөйлеу интенциялары сөйлеушінің мотивтер жүйесінен бастап нақты коммуникативті ниет пен тұжырымдау мақсатына дейін қалыптасу кезеңінен өтеді, содан кейін ғана интенция іске асады [128].

Осылайша, дискурстық интенция дискурстың негізгі мақсатын айқындайтынын айта аламыз. Коммуникативтік интенцияға қарағанда дискурстық интенцияның орны басымырақ болады. Дискурстық интенция адресаттың назарын аударатын тілдік құралды анықтап қана қоймай, сонымен қатар, мақсатты, әрі мазмұнды әрекеттің туындауына түрткі бола алады. Адресант сөйлеу барысында нақты бір мағыналық және коммуникативтік нәтижеге бір уақытта қол жеткізуге тырысады. Дискурстың негізгі міндеті де осылайша жүзеге асады.

Отбасы дискурсын зерттеуде отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас кезінде туындайтын коммуникативтік мінез-құлықты анықтау маңызды.

Коммуникативті мінез-құлық адамдардың белгілі бір тобының нормалар мен дәстүрлер жиынтығының байланысы ретінде түсініледі [129]. Отбасылық қарым-қатынас кезінде отбасы мүшелерінің әрқайсысының өзіндік тұлғалық ерекшеліктеріне қарай коммуникативтік мінез-құлық сипат алады. Коммуникативтік мінез-құлық отбасылық дискурс барысында отбасы мүшелері тарапынан қолданылған коммуникативтік стратегиялар мен тактикалар нәтижесінде көрінеді.

А.П. Сковородниковтың пікірінше, «Сөйлеу стратегиясы – бұл кезең-кезеңімен ойластырылған сөйлеуші немесе жазушы жүйесін таңдауда көрсетілген сөйлеу мінез-құлығының жалпы жоспары немесе «векторы» [130].

Отбасы дискурсының стратегиясы сөйлеушінің немесе тыңдаушының сөйлеу интенцияларының бірігуі нәтижесінде, ортақ шешімге келуінен туындайды.

Әр сөйлеу стратегиясы сөйлеу тактикасының белгілі бір жиынтығымен сипатталады. Сөйлеу тактикасы – бұл қарым-қатынас барысында сөйлеу стратегиясын жүзеге асыру барысындағы нақты бір сөйлеу жүрісі (қадам, бұрылыс, кезең); Сөйлеуді жүзеге асырудың сол немесе басқа кезеңі

стратегиялар және осы кезеңнің белгілі бір коммуникативті міндеттерін шешуге бағытталған сөйлеу әрекеті (сөйлеу әрекеті немесе бірнеше сөйлеу әрекетінің жиынтығы) [130, 6 б.].

Т.В. Матвеева, коммуникативті стратегияның қызметін сөйлеуге дейінгі және сөйлеу кезіндегі сияқты екі кезеңге бөліп қарастырады: Сөйлеуге дейінгі кезеңде сөйлеу стратегиясы жалпы сөйлеушінің ниетіне байланысты, өзі ойлап тапқан сөйлеу әрекетінің мотивациясына, оның нәтижесін болжауына, сөйлеудегі мақсатына байланысты болса, ал сөйлеу барысындағы кезеңге сөйлеу кезіндегі коммуникативті стратегия сөйлеушінің коммуникациялық мақсатқа жету үшін, фактілерді және сөйлеудің басқа мазмұндық бірліктерін, сөйлеуді безендіру бірліктерін, сөйлеу әрекетінің жекелеген түрлеріне бағытталуы сияқты бірқатар шығармашылық мақсатты іс-әрекеттер қолдануын жатқызады [131].

Сөйлеу қатынасындағы стратегияның функционалдық сипатын ескере отырып, Т.А. Ван Дейк семантикалық, прагматикалық, риторикалық стратегияларды анықтайды. *Прагматикалық стратегиялар* орындалуы қиын нәрсені өтіну немесе айыптау сияқты прагматикалық мақсаттарға икемді және тиімді түрде қол жеткізуге бағытталады. *Семантикалық стратегиялар* реципиенттің эпизодтық модельдерін оңтайлы жаңартуға, соның ішінде мағыналық макроқұрылымды қалыптастыруға бағытталған дискурс немесе оның фрагменті. Автор *риторикалық стратегияларды* дискурстық жоспардың өлшемі ретінде анықтайды, олар қайталау, төмендету, асыра сілтеу немесе метафора сияқты сендіруге байланысты риторикалық операцияларды қолдануды қамтуы мүмкін. Риторикалық стратегиялар сөйлеушінің мағыналық немесе прагматикалық мақсатын оңтайлы қабылдауға бағытталған бірнеше деңгейде бір уақытта жұмыс істей алуы [94, 278 б.].

О.С. Иссерс коммуникативті стратегия типологиясын функционалдық жағынан қарастырып, стратегиялардың екі түрін ажыратады: Негізгі (семантикалық, когнитивтік) және қосалқы. Негізгі стратегиялар коммуникация барысында мотивтер мен мақсаттар иерархиясы тұрғысынан ең маңызды болып табылады. Егер негізгі стратегиялар адресатқа, яғни оның құндылықтар жүйесі, оның мінез-құлқы (физикалық және зияткерлік) әсер етумен байланысты болса, ал қосалқы стратегиялар тиімді диалог құруға ықпал етіп, адресатқа оңтайлы әсер етуді көздейді [125, 106 б.].

Е.М. Лазуткина сөйлеу стратегиясы коммуниканттың (барлық коммуниканттардың) макроинтенциясын айқындайды және ортақ тіл табысумен, қарым-қатынас тонусын таңдаумен, тиімді қарым-қатынас үшін сәйкес тілдік құралдарды таңдаумен байланысты деп санайды. Диалогқа қатысушылардың ауызша қарым-қатынасты ұйымдастыруда ынтымақтастық принципін ұстануы стратегияларды жіктеудің негізі ретінде қарастыра келіп, зерттеуші сөйлеу стратегияларын кооперативті (келісімге келу), кооперативті емес (келісімге келмеу), бағытталмаған (белгісіз) деп үш түрге бөледі [132].

Дискурс кезінде адамдар көбінесе бірнеше мақсатты көздейді. Қарым-қатынас мақсаты сөйлеушінің жалпы стратегиясын, сұхбаттасушының жауап

беруде ойластырған стратегияларын, қарым-қатынасқа түсуші екі адамның тактикалық қимылдарын, олардың сөйлеу әрекеттерінің сипатын анықтайды. Мақсаттар санына немесе олардың басымдылығына байланысты коммуниканттардың өзара сөйлесуінің әр түрлі кезеңдерінде қарым-қатынасқа түсуші адамдар өздерінің ауызша әрекеттерін реттеп отырады. Бұл әр сөйлеу стратегиясы белгілі бір тактикалардың жиынтығымен сипатталатындығының арқасында мүмкін болады.

Сөйлеу тактикасы сөйлеу стратегиясын жүзеге асыру тәсілдерінің функциясын атқарады: олар диалогтың бөліктерін құрайды, әңгімелесудің модальді реңктерін топтастырады және кезектесіп келуін реттейді. Мысалы: бағалау, пікір білдіру, ашулану, қуану және т.б.



Сурет 7 - Отбасы дискурсында қолданылатын стратегиялар

Отбасы дискурсы барысында көбінесе екі жағдай орын алады. Осыған орай, біз өз тарапымыздан отбасы дискурсында туындайтын стратегияларды екі топқа бөліп қарастырамыз. Олар: отбасының ауызбіршілігінен туындайтын *ынтымақтастық стратегиялары* және отбасы мүшелері арасында туындайтын *қақтығысу стратегиялары*. Дискурс барысында орын алатын коммуниканттардың стратегиялары мен сөйлеу тактикалары коммуникацияның мақсатын айқындайды. Сөйлеу стратегиялары мен тактикалары бір-бірімен байланысты болады, әрі бірін-бірі толықтырып отырады.

Ал енді осы стратегиялардың екі түрін мысалдар арқылы қарастырайық. Отбасының ауызбіршілігінен туындайтын *ынтымақтастық стратегияларының өзі*: алғыс айту тактикасы, құттықтау тактикасы, кеңес беру тактикасы, келісімге келу тактикасы, қолдау көрсету тактикасы, мақтау тактикасы, ұсыныс білдіру тактикасы, өтініш білдіру тактикасы, жұбату тактикасы сияқты бірнеше тактикалар жүйесінен тұрады. Отбасы мүшелері арасында туындайтын *қақтығысу стратегиялары*: қарсыласу тактикасы, келіспеу тактикасы, келемеждеу тактикасы, бұйрық беру тактикасы, ескерту

тактикасы, жалыну тактикасы, қорлау тактикасы, сөзді бұрмалау тактикасы, қорқыту тактикасы т.б. тактикалар жүйесінен тұрады.



Сурет 8 - Отбасы дискурсында орын алатын стратегиялық тактикалар

Ынтымақтастық стратегиясын жүзеге асыратын дискурстың тактикалары отбасылық қарым-қатынас кезінде үйлесімділік орнаған кезде қолданылады.

Алғыс айту тактикасы – көп жағдайда сөйлеуші мен тыңдаушы арасында жақсы қарым-қатынас туындап, екі жақтың біреуінің қуанышын білдіргісі келгенде жүзеге асады. Отбасылық дискурс кезінде алғыс айту тактикасы отбасы мүшелерінің бір-біріне ыстық ықыласын тілек айту арқылы білдіргенде, үлкен кісілердің бата беру кезінде көбірек орындалады. Яғни, алғыс айту тактикасы ұлттық құндылықтарға сәйкес әр халықтың тұрмыс-тіршілігінде өзінше ерекшеленеді. Қазақ отбасыларында алғыс айту халқымыздың ұлттық құндылықтарына негізделеді. Төмендегі мысалда аялдамадан үйіне дейін қолындағы ауыр жүгін көтеріп әкелген көрші балаларға айтқан әженің алғыс айту тактикасы берілген.

– *Балалар, бері келіңдер. «Әлмегенге өлі балық жолығады деген». Мынаны үйге дейін көтеріп барсаңдар қайтеді. Кендірбай оны-мұны толы торын маған берді, өзі әжейдің жүгін көтеріп алды. Нагима әжей аяғын санап басады. Екі тор иығымды түсіріп, қолымды қиып барады. Әжейдің қақпасына әрең жеттім. – Ал, әжей, біз қайттық. – Үлкен жігіт болыңдар, шырақтарым, көсегелерің көгерсін! Біраз жолдарыңнан қалдырдым.*

Аялдамасы құрғырдың әуресі бұл. Автобус бұрынғы орнына тоқтаса зой, еңбектесем де жетер едім. Қарыс жер мұң зой бізге. Сендер болмасаңдар, жете алмайтын едім. Үлкен жігіт болыңдар! (Ә.Қалдыбаев. Екі томдық таңдамалы шығармалары). Мұндағы: «*Өлмегенге өлі балық жолығады деген*» – мақал қазақ халқының ұлттық танымында қисыны келейін деген іс болса, қиыннан қиысады, яғни бір нәрсенің септігі тиеді немесе басқа жандардың септігі тиеді деген мағынада жұмсалады.

«*Үлкен жігіт болыңдар, шырақтарым, көсегелерің көгерсін!*» – деген ақ батасы арқылы, әжей балалардың жасаған көмегіне ризашылығын білдіріп, алғыс айтқаны. «*Көсегелерің көгерсін!*» – дегені, адресанттың ізгі ниетін білдіріп, адресаттың жолы болып, құт береке дарысын деген мақсатта жұмсалады.

Құттықтау тактикасы – адресанттың адресаттың белгілі бір жетістіктерін айтқанда немесе өміріндегі бір айтулы күннің, оқиғаның болуына орай өзінің тілегін білдіргенде қолданылады. Отбасы дискурсында, құттықтау тактикасы отбасы мүшелерінің бір-бірінің туған күнімен құттықтау сәтінде немесе белгілі бір жетістігімен құттықтаған сәтте орындалады. – *Қоныстарың құтты болсын деп атам үйге кірді! Отбасының анау-мынау әңгімесін кейін айтам біраз демалайын деп бөлмесі жаққа кетті* (З.Ахметова. Шуақты күндер). Мысалда атасының тарапынан құттықтау тактикасы қолданылған. Балаларының алған қонысының құтты үй болуын тілеген.

Кеңес беру тактикасы – отбасы дискурсы кезінде көбінесе отбасының үлкен мүшелері тарапынан отбасындағы балаларға қатысты қолданылады. Дискурс барысында кеңес беру тактикасы тікелей адамға әсер етуді көздей отырып сол адамның өзіне ақыл айту арқылы орындалады немесе жанама түрде басқа бір адамға қатысты айтылған ой ретінде көрсетіп, тыңдаушылардың бәріне бірдей әсер етуді көздейді. Кеңес беру – ақыл айту түрінде жүреді, ал кейде жай ғана ұсыныс ретінде көрініс табады. Мысалы: *Осы жолы маған да жеке ат тиіп жетісіп жүрмін. Құнан шығар қара жирен айғырды көкем ерттеп мінгізген болатын. – Өзіңе абай бол. Додаға жақындап жүрме. Көкпарға әлі шамаң жоқ, – деп әбден нысықтап алды* (Б.Момышұлы. Ұшқан ұя). Берілген мысалда көкесі кеңес беру тактикасын ұстанады. Яғни, інісінің әлі көкпарға қатысуға жасы келмегенін ескертіп, көкпарға қатысып жүрме деген кеңес береді.

Келісімге келу тактикасы – отбасылық қарым-қатынаста адресанттың адресанттың көзқарасына, пікіріне оңтайлы реакция танытуы кезінде жүзеге асады. Келісім тактикасы адресанттың құптауды білдіретін сөздерді айтуымен немесе жай ғана басын изеу сияқты бейвербалды амалдарды қолдануы арқылы көрінеді. Мысалы: *Сен енді бойжеттің, қарғам. Мына кісілер саған үкі тағуға келіп отыр. Не дейсің? Қарсылығың бар ма? – деді, қызының бетіне қадала қарап. – Жоқ, – деді, Шәйі, жүзін тайдырып. Ақылыңнан айналдым! – деді, шешесі бетіне шапшып шыға келген шаттықтан нұрланып* (Б.Нұржекеев. Әй, дүние-ай!). Анасы мен қызының арасындағы дискурста анасының айтқан

ұсынысына қызының тарапынан қарсылық білдірмей келісімге келу тактикасы қолданылған.

Қолдау көрсету тактикасы – отбасы дискурсында отбасындағы бір отбасы мүшесінің жасаған іс-әрекетін құптау нәтижесінде көрінеді. Бұл тактиканың түрі отбасындағы адамдардың бір-бірінің ісіне бейжай қарамай, қызығушылық таныта алатынын көрсетуден немесе отбасы мүшелерінің бір-біріне деген қамқорлықтан туындайды. Мысалы: *Шәке: Баптаған өзім, қаршыға-лашын бабын үйрендім зой! – деді. Абай інісінің өнеріне сүйсіне түсіп: Рас, ол – өнер. Кісі қызығарлық өнер – саятшылық. Бұл талмайтын табандылықты керек етеді. Азамат болғаныңның белгісі де, енді бізге өнеріңді көрсет. Ердік кәні! – деп, астындағы жарау атты тебіне жорғалатты. Өзі де аңды қызық көргенін білдірді* (М.Әуезов. Абай жолы). Інісінің саятшылық өнеріне тәнті болған Абай, саятшылық көп еңбекті талап ететін өнер екенін айта келе, інісінің айналысып жүрген өнеріне қолдау көрсеткен.

Мақтау тактикасы – адресатқа әсер етуді ойластырудан немесе адресаттың белгілі бір қадамға баруына түрткі болуды көздеуден туындайды. Мақтау тактикасын отбасылық дискурс кезінде көбінесе отбасының үлкен мүшелері балаларға қатысты қолданады. Бір нәрсені жасауға қырсығып отырған баланы мақтау арқылы, баланың қызығушылығын оятады. Мақтау тактикасы екі жағдайда орын алады. Бірінші жағдай – адамның жетістігін шынайы түрде бағалау арқылы сөйлеудің иллюкутивті актісі жүзеге асады. Екінші жағдай – адресаттан қалаған нәрсені алу мақсатында адресанттың алдын-ала дайындалған астыртын әрекетінің нәтижесінде іске асады. *Қайран қыран!.. Не деген бап!.. Қарық қылды зой! – деп құсты бір мақтап, – Аңшының, саятшының шебері өзің екенсің! Жігіт болса, сендей болсын... Ержеткеніңді бүгін білдім зой! – деп Шәкені екі мақтады* (М.Әуезов. Абай жолы). Келтірілген мысалда, мақтау тактикасы жақсы көрініс тапқан.

Ұсыныс білдіру тактикасы – адресанттың өзінің ойындағы нәрсені адресатқа жасатуды көздегенде орындалады. Адресант өзінің қалауын жай ғана ұсыныс ретінде ортаға сала алады және адресанттың тілегінің орындалуы немесе орындалмауы екіталай. – *Ел бүйтіп бүлініп жатқанда, біздің кәде сақтап кергігеніміз кімге дәрі? «Ораза, намаз тоқтықта» деген. Некеңді той-томалақсыз ақ қыйғыза салайықта. Әкең де көнер, сен де түсін. – Мейлі, апа. Үрей құшақтап үйде уайымдағаниша, не де болса Тазабектің қасында болайын* (Б.Нұржекеев. Әй, дүние-ай!). Анасының тарапынан айтылған ұсынысқа қызының келісімін беруі сипатталған. Мұнда анасы ұсыныс білдіру тактикасын қолданса, ал қызы келісімге келу тактикасын қолданған. – *Ел бүйтіп бүлініп жатқанда, біздің кәде сақтап кергігеніміз кімге дәрі?* – Елдегі азаматтарды босқын қылып алып кетіп жатқанда, біздің қалың мал сұрап отыруымыз жөн емес деген мағынада айтылған.

Өтініш білдіру тактикасы – бұл тактиканың түрі де адресанттың қалауынан туындайды. Мұндағы иллюкутивті мақсат – адресанттың келісімін алу. Отбасындағы басты құндылықтың бірі – ауызбіршілік екенін жоғарыда айтып өттік. Яғни, отбасындағы сыйластықты арттырып, ауызбіршілікті

сақтауда отбасы мүшелерінің бір нәрсені қалауынан туындайтын сұраныстарын өтініш түрінде көрсету орынды. Халқымыздың: «Қалауын тапса, қар жанар» – деген мақалы да осы адамдардың өтіне білуіне де қатысты айтылғаны анық. Яғни, отбасында бұйрық бергеннен қарағанда, өтініш білдіру арқылы адресанттың ойын жеткізгенде, адресаттың келісімін алуға да көбірек көмегі тиіп жатады. – *Саматтың үйіне барасыңба?* – *деді көкесі шынтағындағы жастықтан тұрып жатып.* – *Барам, көке, барам,* – *деді Сатан тез-тез сөйлеп.* – *Жалғыз қалай барасың? Кім апарды енді?* – *Өзім-ақ барам. Отарбай аға апарып тастайтын болды. Әлгінде ғана сөйлестім ол кісімен.* – *Қайсы Отарбай? Мына көршінің баласы ма?* – *Иә, жаңа жылға келіпті. Бүрсігүні кетеді екен.* – *Бара ғой, бар.* – *Барсын деп апама айтыңызшы.* – *Айтам, жібереді* (С.Мәмет. Ар алдында). Әкесі мен баласының арасындағы дискурстан өтініш білдіру тактикасы мен қолдау көрсету тактикасы қатар қолданылғанын байқауға болады. Баласы әкесінің апасына айтуын сұрап өтініш білдірсе, әкесі қолдау білдіріп апасының да жіберетінін айтады.

Жұбату тактикасы – отбасы мүшелерінің белгілі бір жағдайға қатысты көңіл-күйінің түсіп, құлазыған сәтінде басқа отбасы мүшелерінің қолдау көрсетіп, қайғысымен ортақтасуы кезінде немесе көңілін көтеру мақсатында айтылған ыстық лебіздің астарында жатады. – *Кеше Маямның ботасы өліп қалды, дей беріп тағы да жылап қалғаны...* – *Қайдағы бота?* – *Естімеген де екенсіңдер-ау. Маям боталаған... Соны үй-ішімізбен қуаныш қылып жүргенде, маяны қорға алып, колхоз дегенің ой-қырға жұмсады емес пе? Бота түгілі адам шыдар ма мұндай дықатқа... Кеше ақыры-ы...* – *Қойыңыз, көке... Маяңыз аман болсын, деп Дүрдікыз жұбатқан* болды (Т.Нұрмағамбетов. Үш томдық таңдамалы шығармалары). Берілген мысалда өзінің бағып өсірген түйесінің ботасының өліп қалғанынан іші ашып отырған әкесіне қызы Дүрдікыз басу айтып, ең бастысы түйеңіз аман болсын деп басу айту арқылы, әкесімен әңгімесінде жұбату тактикасын қолданады.

Қақтығысу стратегиялары – отбасылық әңгімелесу кезінде отбасы мүшелерінің бір-бірінің шешімімен келіспеген жағдайда және отбасында үйлесімділік жоқ кезде туындап жатады.

Қарсыласу тактикасы – адресанттың өзіне қатысты адресаттың шығарған шешімімен келіспеуден шығады. Әрине, отбасылық дискурс барысында көбінесе ата-аналардың қабылдаған шешіміне балалар тарапынан қарсылық білдірген жағдайда осы тактиканың түрін қолданады. Кей кездері тіпті үлкен кісілір арасында келіспеушілік туындап, қарсылық көрсетіліп жатады. Мысалы: – *Қой, енді, сонша термелеп не көрінді саған?* – *деп Жантөре қатқылдау айтты.* – *Өзің ұрысып, өзің жыладың. Ешкім бетіңе келген жоқ. Енді тағы да өзіңді-өзің кінәлап жасқа булығып отырғаның. Аздап ұялсаңшы.*

– *Сен өйтіп білгірсіме, былай! Бұл үйде мен сенің қатының емеспін!* – *деп ықылықтады әпкем.* – *Өзімнің кіндік кескен шаңырағымда, ата-анамның құтқана мешітінде сен өйтіп қожандама. Төркінімде мен саған қатын емес, «қалыңдығыңмын»* (Б.Момышұлы. Ұшқан ұя). Келтірілген мысалда

жолдасының айтқан сөздеріне әйелінің тарапынан қолданылған қарсыласу тактикасын байқауға болады.

Келемеждеу тактикасы – конфликті қарым-қатынас жағдайында сөйлеушінің адресатқа деген жағымсыз немесе сыни көзқарасын агрессивті мінез-құлық танытуында немесе кекесін сөздерді қолдануынан көрінеді. Келемеждеу тактикасы – теріс пікірді білдірудің жанама тәсілі. Көбінесе адресатты ренжіту және жағымсыз эмоциялар тудыру мақсатында қолданылады. Бұл әңгімелесу барысында адресаттың кейбір қылықтарын жақтырмау мақсатында туындайтын, адресатты мазаққа айналдырып, жағымсыз нәрсені немесе қорлайтын әзіл айту арқылы іске асады. *Көкем ақталмақ боп, жаңа тәртіп жайлы түсіндіре бастайды. Ондайда: – Тауыққа жұмыртқасы ақыл үйрететін болған ба, – деп кекететін Серкебай нағашым. – Есердің естіге жөн үйреткені ме, шынымен! – Нағашы-ау, сіздің шалқыған дәуіріңіз өтіп барады ғой. Ендігі өмір талабы өзгешелеу* (Б.Момышұлы. Ұшқан ұя). Нағашы ағасы мен жиенінің арасындағы дискурста келемеждеу тактикасы қолданыс тапқан. Яғни, мұндағы: *Тауыққа жұмыртқасы ақыл үйрететін болғаны ма?* – деген қолданыс өзімнен кішкентай баланың өмірді көрген мен сияқты қарт адамға ақыл айтуы орынсыз деген мағынада жұмсалған. – *Есердің естіге жөн үйреткені ме, шынымен!* – деген теңеуден де нағашысының жиенінің ісін жақтырмай келемеждеу мағынасында айтқанын ұғамыз.

Отбасы дискурсы кезінде келемеждеу тактикасы балалар арасында, әсіресе жас аралары өте жақын тете өскен бауырлар арасында жиі қолданылады.

Бұйрық беру тактикасы – сөйлеушінің адресатты қандай-да бір іс-әрекетті жасауға мәжбүрлеуге ұмтылуы, ал адресат өзінің позициясы мен көзқарасына байланысты өзіне жүктелген әрекетті қабылдауы немесе қабылдамауы мүмкін. Жанжалды жағдайда бұл тактика көбінесе агрессивті жауап қайтаруға итермелейді. Мысалы: *Әкем келіп қасына отырғанда, әжем мейірлене көз тастады: – Момышжан! – деді әлден соң дауысы қалтырап, Қыздарым мен немерелеріме хабаршы жібер. Жүздесіп қоштасайын. – Қойыңызшы, ана, оныңыз не! – деп әкем шоршып түсті. – Сен алдымен сөз тыңдап ал, – деп әжем қатал әмір етті. – Тәуіп іздеп таусылмай-ақ қой. Әзірше молданың да керегі жоқ. Онан да Момыңқұл екеуің кезектесіп қасыма келіп отырыңдар. Тәңірден иманымды тілеп мінәжат етіңдер* (Б.Момышұлы. Ұшқан ұя). Келтірілген мысалда анасы мен баласы арасындағы дискурс бейнеленген. Ауырып жатқан анасының, өзінің халінің нашар екенін сезгендіктен басқа да балаларын жинауын сұрап баласына тілек білдіреді, алайда баласы анасын өлімге қымай жақсы болып кетесіз деген ниетпен, анасына қарсыласады, алайда анасы өз айтқанын орындауын бұйыра түсіндіреді.

Ескерту жасау тактикасы – дискурс барысындағы адресанттың прагматикалық мақсатына тікелей байланысты. Отбасында орын алатын белгілі бір жағдайларға байланысты отбасы мүшелерінің арасында туындайтын

әңгімелерде кездеседі. Ескерту жасау арқылы адамдардың қателігін түзеп, дұрыс жағынан өзгеруіне түрткі болып жатады, ал кей жағдайларда ескертуді дұрыс түсінбей қарсылық көрсететін кездері де болады. – *Аз гана тыныс алып, әжем ойланып жатты да, сөзін жалғады. – Серкебайды шақырма, бәріңе айқайлап әңгіртаяқ ойнатып жүрер. Ал егер өзі келіп қалса, Момынкұл көзіне түсіп көңілін бұза бермесін... Әкем әлдене айтпақ боп оңтайланып еді, әжем тыңдаған жоқ. – Бар-бар, енді айтқанымды орында, – деп сабырлы әрі қатал сөйледі* (Б.Момышұлы. Ұшқан ұя). Бұл мысалда, анасы өзінің бауырының мінезінің шатақ екенін айта отырып, қазіргі ауырып жатқан халін көрмей-ақ қойсын деп баласына ескерту жасайды.

Жалыну тактикасы – адресанттың әлсіздігін, дәрменсіздігін адресатқа тәуелділігін көрсетіп, адресаттың мейірімділігін ояту мақсатында қолданылады. Бұл тактиканы қолданудың нәтижесінде тыңдаушыда жағымды немесе жағымсыз көзқарас қалыптасуы мүмкін. – *Жалынамын, Қайыркен, айтпашы. Мен жай...Әйтпесе түк те ән айта алмаймын зой. Кей-ін, кейін, бір жылдай өткен соң өзім-ақ айтамын, жарай ма?* (Д.Исабеков. Гауһар тас). Қайын жұртының алдында ән айтудан ұялған жас келіннің өзінің қайын інісіне ән айтқанын айтпауын сұрап, жалыну тактикасын қолданған.

Қорқыту тактикасы – көп жағдайда адресаттың әлсіз тұсын ұстанып, адресанттың өзінің қалауын орындатуы. Мәселен: – *Сау басыңа сақина тілеп алып отыр, отыр осылай біреудің малын бағып... Өз малымызға су жетпей жатқанда, бұларға құдықтан су тартып, мені өлсін дедің бе?! Не болса о болсын. Маған десе қаталап қырылып қалсын. Өзің суар, балаларды да жібермеймін! Отыр сосын біреуге қой төлеп, – деп, быжылдап-быжылдап қойды* (Ж.Дәуренбеков. Таңдамалы шығармалары). Берілген мысалда, әйелінің тарапынан күйеуін қорқыту тактикасын ұстанғанын көреміз. *Сау басыңа сақина тілеу* – деген тұрақты тіркес өз өзіне қиындық тауып алу деген мағынада қолданылады. Бұл жерде күйеуінің біреудің малын айдап келіп, оны бағып отырғанымен келіспей, сол малдарға су бермеймін деп күйеуін қорқыту арқылы, ол малдарды бағып отырудың реті жоқ екенін, кісінің малын өзіне қайтару керек екенін түсіндіреді. Отбасы дискурсында қорқыту тактикасын көп жағдайда ата-аналар ұстанады, ал кей жағдайларда балалар тарапынан да осы тактика көрініс тауып жатады.

Қорлау тактикасы – лингвистикалық деңгейде ол объектіге, оның іс-әрекетіне немесе шешімдеріне деген жағымсыз эмоционалды қатынасты білдіру және айқын негативті сөздерді қолдану арқылы жүзеге асады. Бұл тактикада қолданылатын дәстүрлі құралдар экспрессивті және жағымсыз бағалау лексикасы болып табылады, оның көмегімен жағымсыз прагматикалық мақсат айқындалады. Мысалы: *Жанболаттың баруы да мұң екен, ошақтағы бықси жанған от кәресін құйғандай лауылдап берді. Бағанадан ызыңдап жатқан қазан астаң-кестеңі шығып сақырлап қайнап кетті. Үйдің жоғарғы жағын ақ бу жайлады. Бөлме іші бұрынғыдан күңгірт тартып кетті. Қазанның қақпағын ашып қойған әйелі кекесінді кескінмен күйеуіне кәрін төгіп алды. – Ештеңеге ебің жоқ, сорлысың зой. Ең аяғы отты да жаға алмайсың...*

Жетер, Жанболат енді жақпа (С.Мұратбеков. Таңдамалы). Келтірілген мысалда, әйелінің қорлау тактикасын қолданғаны анық көрінеді. Яғни, – *Ештеңеге ебің жоқ, сорлысың зой* – деу арқылы, күйеуінің қолынан түк келмейтінін жеткізіп тұр.

Сөзді бұрмалау тактикасы – қарым-қатынас барысында конфликттік жағдайдың алдын алу мақсатында немесе тақырыпты өзгерту мақсатында қолданылады. Мысалы: *Әңгімені басқа жаққа аударғысы келіп, қызы мұның тысын күн жеген қаракөл бөркін қолына алды. – Көке, бөркіңіз ескіріп қалыпты зой. – Е, тозса, шүберек қой, – Құрышжан күңк етті. «Бота өліп жатқанда бөрік те сөз болып па, тәйірі» дегендей* (Т.Нұрмағамбетов. Үш томдық таңдамалы шығармалары). Қызы әкесінің көңілін басқа жаққа аудару мақсатында әңгімені басқа жаққа бұрып, яғни әкесінің бас киімінің тозғанын сөз етеді.

2.3 Қазақ отбасы дискурсының когнитивті-семантикалық өрісі

Отбасы дискурсының басты ерекшелігі ұжымдық тәжірибелерге негізделген прецеденттік айтылымдардың, отбасылық естеліктердің болуымен және апперцепциялық базаның болуы. Біз отбасылық дискурстың прецедентті бірліктеріне: белгілі бір маңызды отбасылық жағдайлар кезінде болған оқиғалар, іс-шаралар – үйлену тойлары, баланы бесікке салу, қырқынан шығару, шілдеhana тойын жасау сияқты отбасылық маңызды оқиғаларды және сол іс-шаралар кезінде болған оқиғалар мен отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасқа түсу формасын жатқызамыз. Прецедентті айтылымдардың болуы отбасы түрлеріне қарай қалыптасқан нормаға сәйкес отбасылық бағдарламалар мен жағдайлар арқылы отбасылық дискурс түрін анықтауға көмектеседі. Сәйкесінше, отбасылық прецедентті отбасылық стереотип ретінде қарастыруға болады. Отбасында бірге тұратын отбасы мүшелерінің бір-бірімен тікелей байланысқа түсуі және отбасылық мәселелерді біріге отырып шешуі сияқты отбасылық ішкі факторлардың әсері отбасылық дискурс кезінде анық байқалып отырады.

Дискурс когнитивтік және семантикалық ұғымдардың жиынтығынан тұрады. Когнитивтік ұғымға дискурсивті хабарламадағы білім кіретін болса, ал семантикалық ұғымдарға жеке бірліктердің мағынасы, сөз тіркестерінің мағынасы кіреді. Дискурс адам санасындағы белгілі бір ұғымдардың тілдік бейнесі ретінде көрініс табады. Дискурс когнитивтік-семантикалық құбылыс ретінде фреймдер, сценарийлер түрінде зерттеледі, яғни коммуникацияның адам санасында көрініс табуы болып табылады.

Дискурстың когнитивті-семантикалық өрісі дегеніміз – қарым-қатынас барысындағы жекелеген фразалар мен ұғымдардың адам санасында қалыптасқан нақты бір когнитивтік бейнемен сәйкестігінің нәтижесінде, коммуниканттар арасында өзара түсіністіктің қалыптасуы. Дискурстың когнитивті-семантикалық өрісі жекелеген сөздердің когнитивті-семантикалық өрісінен ауқымының кеңдігімен ерекшеленеді. Дискурс лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларды қамтитын қатынас түрі болғандықтан,

отбасы дискурсы кезінде түрлі тақырып аясында қарым-қатынас орнауына байланысты, жекелеген бір сөзді айтып қоюмен шектелмейді. Яғни, түрлі тақырып барысында коммуниканттардың нақты интенциясына, мақсатына, таңдап алған дискурстық тактикаларына сәйкес дискурстың когнитивті-семантикалық мазмұны ұлғаяды. Отбасылық мәселелерді талқылауда немесе отбасылық ас ішу барысында екеуара немесе бірнеше адам арасында коммуникация орын алады. Сол коммуникацияның негізінде отбасылық дискурс жүзеге асады. Ал, әр коммуникация өзіндік коммуникативтік мағынадан тұрады.

Коммуникативтік мағына дегеніміз – коммуниканттардың өзара түсінісуіне көмектесетін қатысым кезінде көрініс табатын вербалды және бейвербалды амалдардың астарында жатқан ой. Отбасы дискурсының нәтижелі шығуы отбасы мүшелерінің жас ерекшеліктеріне мән берумен тікелей байланысты. Жалпы адамдардың жас ерекшелігіне қарай *балалық шақ, жастық шақ, ересектік кезең, қарттық кезең* деп төрт негізгі кезеңге бөлінеді. Отбасы дискурсында осы төрт кезеңдегі адамдардың жас ерекшелігіне сәйкес қарым-қатынасқа түсу және отбасы мүшелерінің психологиялық көңіл-күйін ескеру маңызды. Әр кезеңге сәйкес қарым-қатынасқа түсу формалары мен коммуникация барысындағы тактика да түрленіп отырады. Әсіресе, мектепке дейінгі жастағы, мектеп жасындағы, жеткіншек жастағы балалармен үлкен кісілердің, яғни ата-ана немесе сол отбасындағы басқа да отбасы мүшелері арасындағы дискурста ерекшеліктер байқалып отырады. Кішкентай нәресте өмірге келген күннен бастап ата-анасы, бауырлары немесе ата-әжесі арасында дискурс орнайды, яғни айналасындағы адамдарды түсіну арқылы сол отбасы мүшелері арасында дискурстың орын алатынын айтуға болады. Сонымен қатар, отбасылық дискурстың маңызды белгісінің бірі – ол отбасылық талқылау, баяндау, әңгімелеу болып табылады. Әңгімелеу – нақты бір сюжеті бар әңгімені айтудан ғана тұрмайды, соған қоса адамның сөйлеу интонациясын, дауыс ырғағын, айтылатын ойын кімге бағыттағаны да кіреді. Дүниеге келгенге дейін де сәбилер ата-анасының арасындағы әңгіменің бір бөлігіне айналады. Бала анасының құрсағында жатқан күннен анасы екеуінің арасында бір тылсым байланыстың болатынын мамандар айтып жатады. Яғни, құрсақ көтерген күннен бастап болашақ ана жақсы ойлар ойлап, баласына түрлі ертегілер оқып беру арқылы болашақ дүниеге келетін нәрестені ерте бастан дамуына ат салысады.

Балалық шақтағы отбасылық дискурс сипаты:

Туылғаннан 6 айға дейінгі нәрестелер. Бұл жастағы балаларда өздігінше дискурста түсе алады. Отбасы мүшелері тарапынан шығарған түрлі дыбыстарға елеңдеп, басын бұрып, уілдеп, күліп жауап қатады. Баланың дүниеге келгеннен кейін де тыңдайтын бесік жыры белгілі бір өмірлік тәжірибеден алынған әңгіменің түрі болып табылады. Бесік жырының өзі ана мен бала арасындағы дискурстың түрі екенін айта кету керек. Мысал келтіретін болсақ:

Жылама бөпем, жылама,

Жілік шағып берейін,

*Жілігінің майы жоқ
Жіпке тағып берейін.
Көк сиырдың сүтінен
Көже жасап берейін.*

Оның тұзын кім татар

Жыламайтын ұл татар, – деп мәпелейтін еді. Сол кезде әдемі әнге елтіп жатып балбырап ұйықтап кетер едім (Б.Момышұлы. Ұшқан ұя). Осы берілген мысалдың әже мен бала арасындағы дискурстың көрінісі екенін айта кеткіміз келеді. Бұл жерде әжесі мен немересінің арасында диалогтың болмағанымен, дискурстың сәтті шыққанын, немересінің айтылған лебездің өзіне арналғанын ұғынып, мазасыздықтан арылып бір сәт тыныш ұйқыға кетуі екеуара дискурстың орнағанының көрінісі. Бұл жерде, адамдарың барлығы тілдік ортада, яғни, нақты әңгіме немесе оқиға айтылатын ортада дамып, жетілетінін айтқымыз келеді. Біз қай кезде болмасын, белгілі бір адамдардың бастан кешкен әңгімесін тыңдап немесе өзіміздің тәжірибелік оқиғамызды баяндау арқылы қарым-қатынасқа түсе аламыз.

6 айдан – 1 жасқа дейінгі нәрестелер. Бұл жастағы нәрестелер өзінің атын атағанда жалт қарау арқылы, ересек адамның сұрағанын қимылмен, ыммен көрсету арқылы отбасы мүшелерімен дискурсқа түсе алады. «Иә, болады» және «жоқ, болмайды» деген сөздердің айырмашылығын түсінеді және біледі. Осы жастағы балалардың дамуында көбірек әңгімелесу, яғни баланың сөйлесе алмайтынына қарамастан ерінбей әңгімелесудің маңызы зор. Өмірінің бірінші жылында бала қанықтылығы жағынан өмірінің басқа кезеңімен салыстыруға келмейтін ақпараттың үлкен мөлшерін алады. Дәл осы кезеңде ата-анамен бала арасындағы дискурс баланың тұлғалық дамуына үлкен септігін тигізетіні анық. Мәселен: – *мынау орындық, – мынау қасық, – доп, – қуыршақ* – деп әр нәрсенің атын ерінбей айтып отырғанда ғана баланың өзінің ана тілін қабылдап, бірте-бірте сол сөздерді өзіде қолдана бастайды. Нәрестенің шығаратын түрлі дыбыстары өзінің ата-анасын қаратудағы алғашқы қадамдары болып табылады. Көрнекілікпен толықтырылып отыратын, дыбыс палитралары нәрестелерді ақпаратпен қамтамасыз етеді. Нәрестемен үнемі тілдесу арқылы, олардың қарым-қатынасқа түсудің жағымды жақтарын әдетке айналдыруға көмектеседі.

1 жас – 2 жас аралығындағы балалар. Бұл жастағы балалар дауыс ырғағымен ата-анасына өтініш білдіру арқылы, сондай-ақ үлкен кісілердің сұрағанын әкелу арқылы дискурсқа түсе алады. Бір-екі жолдан тұратын тақпақтарды қайталап айтуға талпынады және дене мүшелерін көрсету арқылы дамиды. Мысалы: – *Балам көзіңді көрсетші;* – *Басы қайсы екен?* – деген сияқты сұрақтарды қойғанда, бала өз тарапынан сол дене мүшелерін көрсету арқылы кері байланыс орнатады, бұл да нәресте мен отбасы мүшелерінің арасындағы дискурстың нәтижесі болып табылады.

2 жас – 3 жас аралығындағы балалар. Балалар бес-алты сөзден тұратын сөйлемдерді өз бетімен айта алады, әрі өзіне де айтылған сөздерді жақсы ұғынатын кезең. Бұл жаста балалармен дискурс кезінде дауыс ырғағы мен

сөйлеу тембріне аса мән берген абзал, сонымен қатар күнделікті ересектердің сөзін бала қайталайтынын ұмытпауымыз қажет. Себебі, ата-ана немесе отбасының үлкен мүшелерінің күнделікті айтатын сөздері балаға сенімділік пен тәжірибе береді. Күнделікті ас ішер алдында, тамақты үлкен кісі, яғни сол үйдің атасы немесе әкесі бата беріп бастаса, бала күнделікті көргенін әдетке айналдырады және дастархан басына отыра салысымен екі қолын жайып үлкен кісіге қарауды әдетке айналдырады. Сондай-ақ, отбасында отбасы мүшелері бір-біріне рахмет айтуды әдетке айналдырған болса, оны көрген бала да соны қайталайтыны даусыз. Әкесі: – *Қымбаттым, бүгінгі тамағың сондай дәмді болыпты, рахмет!* – дегенді естіген бала міндетті түрде алғыс айтуды үйренеді. 2-3 жас аралығындағы балаларда: – *Анашым, мультик қосып бергеніңізге рахмет!*, – *аға, қолымды жуып бергеніңізге рахмет!* – деген сияқты алғыс білдіруді әдетке айналдырады.

3 жас – 4 жас аралығындағы балалар. Бұл жастағы балалар еркін сөйлейді және көп сұрақ қойғыш болып келеді. Өзі сөйлегенде ересектердің баланың әңгімесін бөлмей тыңдағанды жақсы көретін кезең. Баламен дискурста түсу барысында дұрыс тактиканы қолданған жөн. – *Өзің көп сұрақ қоя береді екенсің!* – дегенді естіген бала өз тарапына айтылған негативті ойды бірден қабылдап, оны ойын барысында ойыншықтарына айтып немесе ойыншықтарына ұрсып ойнауынан көруге болады. Ал енді керісінше: – *Сен ақылдысың, сенің қолыңнан бәрі келеді* – дегенді естіген бала, ойыншықтарымен де сондай жағымды қарым-қатынас орнатады. Сондай-ақ, 3-4 жас аралығындағы балалар өздерін мақтағанды, жылы сөз айтқанды, көбірек еркелеткенді жақсы көретіні белгілі. Осы жастағы балаларды бір нәрсені орындату үшін басқа нәрсені беретінімізді айтып көндіретін кездерде болады. Мысалы: – *Менің баламның аузы үлкен!* немесе – *тамағынды тез ішсең далаға шығарамын!* – дейтін кездер болады. Яғни, бұл да ата-ана мен бала арасындағы дискурста қолданылатын тактика болып табылады. Осындай сөздерді естіген бала бірден тамағын тауысуға тырысады, осылайша анасы мен баласының арасындағы дискурстың нәтижесінде бала тамағын тез ішеді.

4 жас – 6 жас аралығындағы балалар. Балалар еркін ойын жеткізе алады. Тыңдаған әңгімелерін баяндап береді және отбасы мүшелерімен толыққанды дискурста түсе алады. Бұл жастағы балалар ертегілер арқылы немесе үлкен кісілердің әңгімелерінен ақ ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре бастайды. Сондай-ақ, үлкен кісілердің күнделікті айтып отыратын ырымдар мен тыйым сөздердің мағынасын толық түсінбесе де, олай жасамау керек екенін автоматты түрде ұғына бастайды. Мысалы: – *Есікті керме! Аяғыңды аспанға көтерме!* – *Жағыңды таянба!* – деген сияқты тыйымдарды естіген бойда бірден бала қоя қояды, бұл тұста бала жауап қайтармағанымен бала жаман әрекетін тоқтату арқылы баламен атасы немесе әжесі арасында дискурс орын алады. Алайда бала, осы айтылған тыйымдардың мағынасын толық түсінбеуі мүмкін, бірақ бірте-бірте осындай тыйымдарды естіп өскен бала, мағынасын да түсінетін болады.

Жоғарыда біз өз тарапымыздан нәрестенің туылған сәтінен 6 жасқа дейінгі аралықты адамның жас ерекшелігіндегі маңызды кезең ретінде қарастырдық. Себебі осы жас аралығында естілген, күнделікті отбасы мүшелерінің бір-бірімен дискурсы балаға жаттанды әрекет болып, әдетке айналады. Отбасы мүшелерінің дискурс барысында қолданатын қарым-қатынасқа түсу формасы, тактикалары жағымды болса, бала болашақта өзінің жеке отбасын құрған кезде де сондай жағымды дискурс орын алатыны сөзсіз.

Мектеп жасындағы балалар мен ата-аналар арасындағы отбасылық дискурс сипаты.

Отбасылық қарым-қатынастың көмегімен отбасында шынайы өмірлік өзара әрекеттесу барысында әлеуметтену мәселелері шешіледі. Ата-аналар баланы мәдениетке баулиды және құндылықтар мен мінез-құлық нормаларын жеткізушілер ретінде әрекет етеді. Мұндай тапсырмалар отбасылық дискурстардың мақсаттары мен міндеттерін анықтайтындығын атап өту маңызды.

Г.И. Резницкаяның пікірінше, отбасылық дискурс тактикалары мен стратегиялары ата-ана мен бала арасындағы қандай да бір мәселені шешуге байланысты айтылатын мақтау, айыптау, талап ету, әлеуметтік бақылауға бағытталған мәлімдемелердің астарында жатады [133].

Кіші мектеп жасындағы балалардың сөйлеу мәдениетін қалыптастырудың қайнар көзі отбасы, мектеп, кітаптар, достарымен байланыс, бұқаралық ақпарат құралдары (теледидар, радио, газет, телефон, интернет) екені белгілі. Сонымен қатар, теледидар балалардың бойында ұлттық құндылықты, оның ішінде тілдік қатынасты қалыптастыруға белсенді әсер ететін ақпараттың ең ауқымды және қол жетімді құралы болып табылады. Қазіргі таңда газет оқитын, кітап оқитын балалар саны бірен-саран. Еңбектеген нәрестеден, мектеп жасындағы балаларға дейін, тіпті кей кездері ересек адамдардың да тамашалайтыны смартфон десек қателеспейміз. Түрлі арналардан балаларда көптеген мәлімет алу арқылы өздері сол ортамен бірге дамиды. Баланың сөйлеу жұмысы сыртқы фактормен – көркем образдың, мультфильмдегі персонаждарды қайталаумен дамып отырады. Көп жағдайда мектеп жасындағы балалар мен ата-аналар дискурсы кезінде иллюкутивті актінің директивті түрі жиі ұшырасады. Себебі, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас қашанда тәрбиелік мәнді көздейтіні анық. Мысалы: *Әжесі Кәкеннің алдына табақпен ет, кесе толы сорпа әкелді. – Сорпа ішпеймін, шай ішемін. – Кәкен сорпаны кейін жылжытты. – Иш. – Реңің кірмейтіні осы зой. Ет – етке, сорпа – бетке. Ішіп ал, күнім. Мен саған ұрыссам, жақсы болсын деп ұрсамын. Ішіп ал осыны...* (Ә.Қалдыбаев. Екі томдық таңдамалы шығармалар). Келтірілген мысалда, әжесі мен немересі арасындағы дастархан басындағы әңгіме ұсынылған. Мұнда да, сөйлеудің иллюкутивті актісі көрініс табады. Яғни, әжесі: «Ет – етке, сорпа – бетке» – деген халқымызда жиі қолданылатын мақалды айтып, еттің пайдалы, ақуызға толы екенін, әсіресе сорпасы күш беретінін, немересінің өңінің қуарып жүргенін айтып, сорпаны ішуге ынталандырады.

Жалпы отбасы дискурсын психолінгвистикалық тұрғыдан алатын болсақ, қазақ отбасында отбасы мүшелерінің жасына, жынысына, өзіндік көзқарасына сәйкес бәріне бірдей айтыла бермейтін жайлар болады. Отбасында ұл баланың тәрбиесімен әкесі немесе атасы, ал қыз баланың тәрбиесімен анасы немесе апасы айналысады деп айтып өткеніміздей, сол балалардың да, әсіресе қыз баланың өзіндік құпияларын анасына ғана айтуы немесе өзінің жақсы көретін жеңгесіне айтуы халқымыздың ұлттық болмысына тән қасиет. Қазақ отбасында, қызы анасына ғана айтып, әкесіне айта алмайтын жағдайлар болады. Мұның өзі, ұлттық мәдениеттің басымдылығы, әрі осылайша отбасындағы коммуникация кезіндегі психолінгвистикалық ахуалдың тұрақты болуына, әр отбасындағы мүшенің өзіндік орны мен кеңістігін сақтай отырып, отбасылық сыйластықтың сақталуына көмектеседі. Мұндағы психолінгвистикалық ахуал дегеніміз – психолінгвистикалық жағдай деген мағынада қолданылады. Яғни, отбасы дискурсы барысында отбасы мүшелерінің жасын, жынысын, өзіндік орнын ескере отырып қарым-қатынасқа түсу. Дискурс кезіндегі адресанттың басты ұстанымы адресаттың психологиялық жағдайының тұрақтылығына аса мән беру болып табылады.

Қ.Бағашар, өзінің «Исламдағы бала тәрбиесі» атты еңбегінде: «Балаларға өз жынысына сай ойындар ойнауына жағдай жасаған абзал. Ер балалардың секіріп ойнауларына рұқсат беру керек. Бұл олардың бойында жиналған энергиясын шығаруға көмектеседі, болашақта батырлық сезімін қалыптастырады. Ер балаларға үстін тез кірлететін түстегі киімдерді кидірмеген дұрыс. Шаштарын қыздың шашына ұқсатып өсірмеу керек. Оған қыз бала секілді биязы, нәзік болуды үгіттемеу керек. Ал қыз баланы ұлға ұқсатып киіндіру, оны айналасындағыларды ұрып-соғатындай етіп төбелеске үйрету, қыз балаға тән қылықтарына теріс әсер етуі мүмкін. Сондықтан қыз бен ұл баланы өзіне сай әдеттерге дағдыландыру керек» – екенін айтады [76, 161-162 б.].

Әрине, отбасында жынысына қарай тәрбие беруде ұл бала мен қыз баланың қарым-қатынас дағдыларын дамытумен қатар, киім кию үлгісіне, ойын түрлерін ойнауына, өзін-өзі ұстау қабілеттеріне де тиісті деңгейде көңіл бөлу керек.

Сондай-ақ, халқымызға тән өзіндік бір ерекше қасиет, отбасында тұңғыш баладан туылған баланы атасы мен әжесінің баласы деп өсіру. Яғни, тұңғыш немерені ата әжесіне тән қылып өсіреді, кенже баласы сияқты қамқорлық көрсетеді. Кейде тіпті, отбасының қариялары тұрып, дүниеге келген басқа да балаларды баласы мен келінінің менің балам деп айтуы үлкен әбестік болып жатады. Мысалы: – *Жалғыздан көрген жалқым-ау. Садыржан әскерге жүргелі жатыр. Үйге оң аяғыңмен аттап кірдіңбе? – пештің жанына келе берген мұны әжесі дауыс салып құшақтай алған. Шешесі де теріс айналып үнсіз жылайды. Бұл сөздер бала жанына мықтағанда: «Әкең базаршылап барғалы отыр» – дегендей әсер етсе керек. Еркелеп жүгіріп барды да: «Мен ата баласымын», – деп төрде отырған атасының алдына қисая кетті. – Ой, өркенің өссін, әне, ата-әжесінің сүт кенжесі сүйтеді. – Иә, Садыр мен Мадинаға бала қайда? –*

Ертең-ақ ағасы жауды жеңіп келгенде алдынан жүгіріп шығар. Оған дейін өзі де дәу жігіт болып ер жетер, құлыны жел жетпес жүйрік болар, – деп көрші-көлем әңгіме желісін өзіне аударған (Р.Отарбаев. Екі томдық таңдамалы шығармалары). Берілген мысал қазақ отбасындағы өзіндік әдептің көрінісі бола алады. – *Жалғыздан көрген жалқым-ау* – деген әжесінің сөзі немересіне қаратылып, жалғыз баласының ұлы екенін айтса, ал – *мен ата баласымын* – деген немересінің сөзі, қазақ отбасындағы қалыпты сөз болып есептеледі. Себебі, үйге келген қонақ қашанда кішкентай баладан «кімнің баласысың?» – деп сұрауы орынды және әр үлкен қарты бар, қазақы болмысы бар отбасында тәрбиеленген бала: «Ата баласымын» – деп жауап қайтаруы біздің ұлттық болмысымызға тән, әрі халқымызға өзіндік ерекшелік беріп тұратыны сөзсіз.

Немерелерін ата-әжесінің көзінше ұрсу, ұруда қазақ отбасыларына жат қылық. Үлкен кісілер тарапынан баланы менің көзімше ұрғаның, мені ұрғаның деп келін баласына ренжіп жататын кездер болады. Осыған орай, қазақ отбасында дискурс барысында отбасындағы психолінгвистикалық ахуалдың дұрыс болуы үшін де, отбасында әркім өз орнын біліп, соған сай қарым-қатынасқа түсуі қалыпты. Мысалы: *Айналдырған жалғыз баланы жер-әлемге сыйғызбайсыңдар. Бала ойнамаған, бала шашпаған үйлерің құрсын! Не сұмдық бұл! Жұмыс істеп жатырмын деп анау данышпаның қасынан қуады, әрі бар тамақ пісіріп жатырмын деп сен айдап шығасың. Одан қалса анапаға (анпақ ана) апарып тастап құтыласың. Маған келіп еді жұлмалап ала жөнелдің. Кез келген жерінен теуіп ойнайтын доп па бала сендерге? Он человек! Надо уважать достоинство ребенка!* (З.Ахметова. Шуақты күндер). Мысалда атасы мен келіні арасындағы дискурс берілген. Немересіне араша түсіп жатқан қайын атасының сөздерінен-ақ, үлкендердің алдында балаға ұрсу немесе ұрудың өрескел қылық екенін аңғаруға болады.

Ежелгі заманнан бері отбасы – адамның мінез-құлқының құндылықтары мен нормаларының жүйесі ретінде әрекет ететін әлеуметтік құбылыс. Қазіргі қоғамда, әсіресе жас отбасылар арасында отбасылық қатынастардың тұрақсыздығы артып келеді. Бұл жастардың ұлттық құндылықтарды ұмыта бастауы мен моральдық бағдарының төмендеуіне байланысты, отбасы мүшелерінің қайшылықтарынан туындап, неке мен отбасылық қатынастардың тұрақсыздығына әкеледі және отбасы функциясының сапасына кері әсер етеді. Тіл – ұлттық мәдениеттің маңызды құрамдас бөлігі және ол қазіргі адамдардың шындық туралы ойлары ретінде және ұрпақтан-ұрпаққа берілетін құндылықтар, көзқарастар мен стереотиптер ретінде қабылданады. Заманауи лингвистикалық зерттеулерде аксиологиялық бағыт бойынша зерттеулердің артып келе жатқанын көруімізге болады. Тіл арқылы өрбитін түрлі тақырыптарды коммуникация құруға тікелей немесе жанама әсер ететін лингвомәдени құндылық факторларын ескеру маңызды. Тіл арқылы берілетін құндылықтардың қарым-қатынасқа түсуде және адамның мінез-құлқына, ауызша дискурсқа әсері маңызды екенін мойындау керек.

Дискурста аксиологиялық мағынаны саналы түрде және бейсаналы түрде таратудың және білдірудің ең тиімді әдістерінің бірі ретінде адам санасында

саналы түрде қалыптасқан құндылықтардың болуын айтуға болады, яғни бұл ұлт мәдениеті, әлеуметтік қауымдастық немесе даралық құндылықтарын аксиологиялық ұғымдар арқылы аудару дегенді білдіреді [134].

Құндылыққа бағдарланған стратегияларды қамтитын коммуникация актісінің хабарлама немесе мәтін авторларына тактикалық және стратегиялық міндеттерді орындауға әсер ету мүмкіндігі бар. Бұл жағдайда қарым-қатынастың ең маңызды сипаттамасы – сөйлеушінің адресатты кез келген көзқараспен сендіруге, хабар алушының әлемдік моделін өңдеуге ұмтылуы [135].

Тіл – әдістерге, қарқындылыққа, формаларға байланысты бағаланатын құндылықтар мен құндылықтардың берілуіне байланысты сипатталатын, өмірдің барлық салаларының ажырамас бөлігі. Адамның тілдік болмысы қарым-қатынасты ұйымдастыратын дискурс арқылы жүзеге асатын негізгі тәсілдердің бірі болып табылады және ол ең алдымен, байланысты мәтіндердің жиынтығынан көрініс табады. Мұндай мәтіндердің айрықша ерекшелігі – тілмен берілетін және аксиосфераның құндылықтар жүйесін анықтау мен сипаттауға негіз болатын құндылықтарға бай мазмұн.

Құндылықтар жеке тұлғалық жіктеудің, бағалаудың және тұжырымдау процестерінің нәтижесі болып табылады. Құндылықтардың тілде көрініс табатыны таңқаларлық емес, өйткені тілдің көмегімен сөйлейтін субъект өзінің құндылықтар әлеміне бағдарланады және басқаларға бағыт береді, олардың кейінгі жағдайлары мен әрекеттеріне реттеуші әсер етеді. Құндылық ұғымдары дискурстың барлық дерлік түрлерінде жаңартылады [136].

Отбасы мүшелері отбасылық қарым-қатынас кезінде құндылықтардың аксиосферасына түсе алады. Ұрпақтан-ұрпаққа берілетін отбасылық оқиғалар бойынша қайталанатын әңгімелер, жоғары бағаланатын пікірлер отбасына ең маңызды ақпаратты әрі қарай кейінгі ұрпаққа таратуға ықпал етіп қана қоймайды, сонымен қатар адамның санасындағы құндылықтарды қамтитын аксиосфераны (түсінік, бағалау, талғам, идеал, нормалар мен әдеттер), яғни құндылықтар әлемін қалыптастырады.

Қазақ мәдениетіндегі отбасы бірлігі отбасы мүшелері арасындағы рөлдердің иерархиясын болжайды. Ата-ананың балаларға деген сүйіспеншілігі және сонымен бірге олардың тәрбиесіндегі каталдығы – бұл ата-аналардың сөйлеу мінез-құлқынан көрінетін айрықша белгілер, ата-анаға деген құрмет пен бағыну балалардың сөйлеу әрекетінің міндетті параметрлері болып табылады. Қазақ отбасының беріктігі де ата-ананы құрметтеуге, әке мен шешенің еркіне бағынуға негізделген. Қазақ отбасыларына тән аксиологиялық пайымдау – бұл моральдық принциптердің ең маңыздысы – ата-ананы құрметтеу.

Отбасылық дискурстағы лингвоаксиологиялық аспектінің негізгі белгілері отбасылық коммуникацияның оқиғалардан тұруымен ерекшеленеді. Оқиға белгілі бір сюжетті ғана емес, сонымен қатар адамның қалай сөйлейтінін, қандай интонациямен, кімге бір уақытта жүгінетінін қамтиды. Біз туылған күннен бастап ата-анамыздың қамқорлығына, түрлі өзгерістер мен есте қалған оқиғалары туралы әңгімелерінің бір бөлігіне айналамыз. Біз еститін бесік жыры

өмірлік оқиғалардан құралған және тәрбиелік құндылықтарға толы. Адам тек лингвистикалық ортада ғана емес, оқиғалар мен әңгімелер ортасында дамиды. Біз әрқашан біреуден әңгіме естіп, өзіміздің бастан кешкен оқиғамызды баяндап отырамыз. Отбасының маңыздылығы да осында, яғни адмның ішкі жан-дүниесін ақтарып, сеніммен ой бөлісе алатын жақын жандардың болуы.

Э.А. Салихова, К.В. Нилова өздерінің «Отбасылық коммуникацияның интразоны: элеуметтік – психолінгвистикалық аспект» атты жұмыстарында: «Отбасы – бұл адамды элеуметтендірудің нәзік, бірегей құралы, онда ол өзін жайлы сезінеді. Мұнда адам қабілеттерін іске асырудың қажетті алғышарттары қалыптасады, мүмкіндіктер пайда болады, адамдар арасындағы ерекше сипаттағы қатынастар – жақындық, теңдік, толеранттылық және өзара түсіністік қатынастары қалыптасады» – дейді [137].

Отбасы – ұлттық құндылықтардың бастауы. Әке – отбасының тірегі, ал ана – отбасының ұйытқысы. Бала туғаннан бастап ата-анасының қамқорлығын, қарым-қатынасын көріп өседі және оның отбасында қолданылған ережелерді біліп қана қоймай, мәңгі есінде сақтап, өмірлік тәжірибесінде қолданады. Қазақ қоғамының басты құндылықтарының бірі – отбасын құру және баланы дүниеге әкеліп, ұрпақ сүю. Қазақ отбасылары өздерінің барлық бақытын сәбидің дүниеге келуімен байланыстырады және балалардың алдында сөйлегенде өздерінің сөйлеуі мен әрекетіне назар аударады. Әрине, балалар ата-анасының іс-әрекетін қайталайтын, екінші бейнесі екенін жоққа шығаруға болмайды. Отбасылық қарым-қатынасқа тәрбиелеу қазақ отбасылары үшін жәй ғана қалыптасқан ереже емес, бұл тура жол мен сыйластықты тәрбиелеудің үлкен мектебі. Қазақ отбасыларында әйел табиғатынан адалдыққа бейім, мейірімділік пен тазалықтың символы болып табылады. Осындай жақсы қасиеттерімен ол болашаққа деген сенімнің үлгісі, сондықтан әйелдерге қойылатын талаптар үнемі жоғары болған.

Отбасылар әртүрлі болады, сондықтан да әр отбасының өзіндік құндылықтары мен отбасылық дәстүрлері болады. Отбасылық құндылықтар жалпы ұлттық құндылықтар негізінде, дінге деген сенімге байланысты, БАҚ құралдарына және элеуметтік жағдайларға байланысты қалыптасады. Құндылықтардың өзін адам өміріндегі маңыздылығына қарай екіге бөліп қарастыруымызға болады. Жоғарғы деңгейдегі құндылықтарға – рухани құндылықтарды жатқызар болсақ, ал төменгі деңгейге – материалдық құндылықтарды жатқызуымызға болады. Отбасы институты алғашқы элеуметтік институттардың бірі екені баршамызға белгілі. Демек, отбасылық дискурсты отбасындағы мәртебе мен рөлдік нұсқаулықтар және тәртіптік стандарттарының функцияларын орындайтын мағыналар мен құндылықтар кешені ретінде қарастыруға болады.

Отбасы дискурсы – әр түрлі отбасылық жағдайларда отбасы мүшелерінің өзара әрекеттесуінің ауызша түрі. Ол коммуниканттардың нақты мақсатына негізделеді және күнделікті қарым-қатынастан мағыналы ойларымен және коммуниканттардың алдын ала жоспарланған ниетімен ерекшеленеді. Отбасы

дискурсының қатысушылары – қоғамдық мәселелерге ортақ көзқарасы қалыптасқан, туыстық жақын қатынастағы адамдар тобы.

Қазақ халқының мәдени идеялары мен өмірлік тәжірибесін бекітетін отбасылық құндылықтар, ұрпақтар арасындағы қарым-қатынас қазақтың мақал-мәтелдерінде керемет көрініс табады. Шын мәнінде, отбасы – бұл ерлі-зайыптылардың, сондай-ақ, ата-аналар мен балалардың арасындағы, неке мен туыстық қатынастарына негізделген байланыстар жүйесі. Отбасы – бұл ең алдымен бірегей коммуникативтік ландшафт. Бір отбасының басқа отбасынан ерекшелігі де осы коммуникативтік қатынастардың ерекшеленуінен көрінеді. Ол сонымен қатар субъективті актілердің толық жиынтығын қамтиды: сәлемдесу мен қоштасудың ерекшеліктері, бір-бірімен сөйлесу, маңызды мәселелерді талқылау тәсілдері, жоспарлар, отбасы мүшелері арасындағы үй кеңістігін бөлісу және т.б. Отбасы жазбаша заңдарды қажет етпейтін, отбасы мүшелерінің қарым-қатынасынан тұратын, бірегей қауымдастық ретінде қалыптасады. Күнделікті өмір салты ауызша келісімдермен анықталады. Отбасы түрлеріне қарай түрлі мәселелер кездесіп жатады. Сондықтан да, отбасында нақты белгіленген нормалардың болмауына байланысты отбасылық мәселелерді үнемі талқылау, әңгімелесу қажеттілігін туғызады, оның барысында дәстүрлер, мүмкін болатын және тыйым салынған жағдайлар қайталанатын немесе қайта талқыланады. Отбасы – белгілі бір қатаң тәртіп пен заңдарды ұстанбайтын, адамдардың өзінің ойын ашық айта алатын, сенім білдіре алатын, адамға еркіндік сыйлайтын мекен.

Әңгімелерді ересектер балаларға ғана айтпайды. Отбасының әрбір мүшесі, бейтаныс адамдардың алдында айтылмайтын жалпы әңгіме, отбасылық әңгімелердің қорын қалыптастыруға қатысады. Әңгіме отбасы мүшесін үйге қайтарудың символдық функциясын орындайды. Кешке жиналғанда отбасы мүшелері бір-біріне күнді қалай өткізгені туралы айтады, отбасы мүшелері үйден тыс оқиғалар туралы хабарлау арқылы отбасылық ахуалды қалпына келтіреді [138]. Отбасы дискурсының орнауы нәтижесінде ұрпақтан-ұрпаққа берілетін отбасылық құндылықтар мен отбасылық дәстүрлер қалыптасады.

Е.Ф. Серебренникованың пайымдауынша, дискурстың аксиологиялық компоненттерінің арасында ерекше маңызды рөл белгілі бір тіл мәдениетінің немесе қауымдастықтың құндылықтар сферасының «негізгі сөздері» мен мәдениеттің немесе адамдар тобының құндылықтарын немесе антиқұндылықтарын күшейтетін сөздерге тиесілі [138, 45 б.].

Біздің ойымызша, мұндай сөздер құндылықтарды жүзеге асыру формаларының бірін білдіретін аксиологиялық түсініктерді жаңартады және өз кезегінде аксиологиялық концептуалды сфераның белгілі бір жүйесіне немесе аксиосфераға айналады.

Мәдениет құндылықтарын тіл мен санаға енгізетін ұғымдардың барлық ұғымдарға ортақ белгілері де, спецификалық белгілері де бар. Сонымен, когнитивистердің пікірінше, аксиологиялық ұғымдар ұлт пен мәдениет

өкілдерінің жадында сақталады, нақты немесе идеалды әлемнің объектілерін көрсетеді және тілде жаңару мүмкіндігіне ие бола алады.

К.М. Гальвиннің айтуынша, отбасы дискурса тәуелді, яғни отбасының өзіндік ерекшелігі отбасының ішінде, сондай-ақ отбасынан тысқары адамдармен қарым-қатынасқа негізделген [139].

Отбасылық дискурс ерлі-зайыптылардың, ата-аналар мен балалардың немесе басқа туысқандардың үнемі өзара әрекеттесуімен анықталады. Әдетте бұл күнделікті диалогтар мен әңгімелермен, телефонмен қысқа әңгімелесу, шын жүректен айтылатын әңгімелер, балалармен тәрбиелік мағынадағы әңгімелер, демалыс туралы немесе бір затты сатып алу туралы талқылаулар, кейбір отбасы мүшелерінің арасындағы жанжалдардан тұрады. Бұл азды-көпті ритуалданған коммуникативтік әрекеттер нақты отбасылық дискурстың аксиологиялық аспектісіне негізделеді. Отбасы мүшелері балалық шақта үйренген ата-анасы мен туыстарының тәжірибесінің қарым-қатынасының әсерінен ғана емес, сонымен қатар бұқаралық кеңістік құралдарымен үнемі өзара әрекеттесетін қызықты идеяның негізінде, қазіргі адамның нақты қарым-қатынасы негізінде отбасылық дискурсты қалыптастырады. Отбасылық дискурста коммуниканттардың ортақ бастан кешкен тәжірибелері болады, сондықтан да коммуниканттар бір тақырыптан екіншісіне еркін және тез ауысады, ал әр түрлі тақырыптық үзінділерде «жақын адамдардың амандығы» тұрақтылығын қамтитын құндылықтарға негізделген ортақ аксиологиялық параметрді анықтауға болады. Сонымен қатар, отбасылық қарым-қатынас шынайылық пен ашықтықпен сипатталады, үйдегі ахуал отбасы мүшелерімен ешқандай шектеусіз тығыз және ашық қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді.

Қазіргі қазақ қоғамындағы отбасылық құндылықтардың маңыздылығын анықтау мақсатында түрлі салада оқитын және жұмыс істейтін адамдар арасында сауалнама жүргіздік. Сауалнама сұрақтары зерттеу жұмысымыздың А – қосымшасында берілген. Сауалнама google test форматында дайындалып, 6 ай көлемінде ашық болды. Сондай-ақ, сауалнамаға қоғамымызда кездесетін отбасылардың негізгі төрт түрі қатысты. Олар: толық отбасы (ата-анасымен), толық емес отбасы (ерлі-зайыптылардың біреуінің болмауы, кеңейтілген отбасы (ата-әже, басқа да туыстық қатынастағы адамдардың болуы), көп балалы отбасы. Сауалнамаға жалпы 167 респондент қатысты. Оның ішінде: 50 ер адам, 112 әйел адам, және 5-і белгісіз. Респонденттердің жасы 15-65 аралығында болды.

Кесте 1 - Респонденттер туралы ақпарат

Жынысы	Ер адам	50
	Әйел адам	112
	Белгісіз	5
Жасы	15-25	49
	25-35	49
	35-45	21

	45-55	31
	55-65	11
Отбасы түрі	Толық отбасы	62%
	Толық емес отбасы	9%
	Кеңейтілген отбасы	17,5%
	Көп балалы отбасы	11,5%

Респонденттер google test форматында дайындалған сауалнамаға жауап берді [140]. Зерттеудің барлық сұрақтары бір сауалнамада қамтылып берілді. Сұрақтар отбасылық құндылықтар және оның отбасылық әңгімелесумен байланысымен ұштастыра қойылды. 2-кестеде респонденттерден отбасылық құндылықтарды өз отбасылары үшін маңыздылық коэффициентіне қарай 1-ден 8-ге дейін белгілеу сұралды.

Кесте 2 - Отбасылық құндылықтардың маңыздылығы

Отбасы мүшелерінің бір-бірін қолдауы, қамқорлық көрсетуі, өзара түсіністік	134 (80,7%)
Отбасындағы сүйіспеншілік	90 (54,2%)
Ата-ананың разылығы	73 (44%)
Отбасында баланың болуы	63 (38%)
Материалдық жағдайдың тұрақты болуы	60 (36,1%)
Бос уақытты отбасымен өткізу	54 (32,5%)
Отбасындағы тұрақтылық	51 (30,7%)
Қоғамдық көмектің болуы	19 (11,4%)

2-ші кестедегі зерттеу сұрағына берген респонденттердің жауаптарына қарасақ отбасылық құндылықтар категориясы сауалнама қатысушыларының жауаптарына қарай өзгеріс табады. Сауалнама жауаптары бойынша: отбасы мүшелерінің бір-бірін қолдауы, отбасындағы сүйіспеншілік, ата-ананың разылығы сияқты отбасы құндылықтарының маңыздылығы респонденттер үшін ең жоғары болып тұр. Яғни, бұл құндылықтар қазіргі қоғам үшін аса маңыздылар қатарына кіреді. Бұл нәтижелер отбасылық құндылықтардың біздің ата-бабамыздың уақытына қарағанда басқаша бағаланатынын көрсетеді. Ертректе қазақ отбасы үшін ұрпақ сүю мәселесі маңызды орында болатын. Өйткені олар өз өмірін баламен байланыстырды. Өкінішке орай, балалы болу біздің сауалнамада 4-ші орында. Бұл қазіргі заманғы адамдардың түсінігіндегі үлкен өзгерістерді көрсетеді. Біз отбасындағы тұрақтылық тек 7-ші орында тұрғанын көре аламыз, әрине, бұл нәтижелерден қазіргі отбасылар үшін бұл құндылықтардың соншалықты маңызды емес екенін түсінуге болады. Мүмкін бұл қазіргі қоғамдағы ата-ананың жауапкершілігінің аздығынан да болар, бұл ажырасулар санының өсуіне әкеледі. Әрине, отбасында адамдар арасында бір-бірін қолдау және бос уақытты бірге өткізу сияқты әдеттер басым болғанда, сол отбасы мүшелері мағыналы дискурс орнатуды жақсы біледі деуге болады.


Қарым-қатынасты бағалайтын отбасылар, ұлттық құндылықтардың да маңызын өте жақсы түсінеді және күнделікті отбасылық коммуникация кезінде де отбасылық құндылықтарды ұлттық құндылықтармен ұштастырып отырады. Әсіресе, «қарты бар үйдің қазынасы бар» – демекші, кеңейтілген отбасылар, яғни үлкен қариялары бар отбасыларда отбасылық дискурс жиі орын алады. Себебі, отбасында ата-әжесі болғанда, олар міндетті түрде ырым-тыйымдарды негізге ала отырып ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін түсіндіріп отырады. Сол айтылған құнды әңгіменің астарын түсінгенде ғана отбасында дискурс орнады деуге болады. Үлкен қариясы бар отбасылар, тамақты да батасыз бастамайды. Мұндай құндылыққа толы тәрбиені көріп өскен жас ұрпақ, міндетті түрде сол құнды істерді өз бойына сіңіріп, әрі қарай таралуына себепші болады. Зерттеудің нәтижесінен, қазіргі заманауи отбасылар үшін нағыз отбасылық құндылық болып есептелетін – бос уақытты отбасымен өткізу құндылығына аса мән беріле бермейтінін байқай аламыз. Отбасы мүшелері бір-бірімен аз уақыт өткізген жағдайда, ондай отбасыларында дискурстың, мағыналы әңгімелердің болуы мүмкін емес. Бұл жәй ғана отбасылық дискурстың болмауы мәселесі емес, сондай-ақ, жалпы отбасының жаңа қоғам үшін маңыздылығының төмендеуіне әкеледі. Адамдар өзара түсіністікті бағалап, уақытты бірге өткізгенде, олар бір-бірімен мағыналы әңгімелесуді үйренеді. Зерттеуіміздің келесі сұрағы барлық адамдарға қатысты болды. Мұнда, біз отбасыларды түрлеріне қарай бөлген жоқпыз. Алынған нәтижелер, отбасындағы ата-ананың рөлін анықтауға, заманауи қазақ отбасында қандай отбасылық дәстүрлерді қолданатынын білуге, отбасында ұстанатын құндылықтарды балалардың бойында қалай қалыптастыратынын анықтауға көмектесті. Жоғарыда жазып өткеніміздей, отбасылық дискурстың аксиологиялық негізі тек әңгімелесу, сұхбаттасу арқылы ғана өрбиді.

Кесте 3 - Отбасында кім маңызды шешімдерді қабылдайды?

Әке	27,7 %
Ана	3,6%
Ата-ана екеуара шешім қабылдайды	64,5 %
Әркім өз мәселесіне жауапты	4,2%

Респонденттердің жартысынан көбінің жауабында, ата-ана екеуара шешімді бірге қабылдайды. Отбасындағы жауапкершілік бойынша екінші орында отбасындағы отағасының мойнында екенін жауаптардан көре аламыз. Қазақ отбасылары үшін әке отбасындағы шешімді қабылдайтын басты адам болып есептелген, сондықтан да отбасында аналардың маңызды шешім қабылдауын бірен-саран кездестіруімізге болады. Мұны, қазіргі қоғамдағы әйел адамдардың ерлермен жарыса жұмыс істеп, отбасын асырап жүруімен байланыстыруға болады. Сауалнама жауаптарының тек 4,2% респонденттер әркім өз ісіне жауапты екенін белгілеген. Әрине, мұндай жауаптың өте аз белгіленуі қазақ отбасыларында әр шешім ата-ананың разылығымен ғана, солардың құптауымен ғана қабылданатымен байланысты болар.

Зерттеудің келесі сұрағында сауалнама респонденттерінен жауаптар ішінен өз отбасыларында қандай дәстүрлер қалыптасқандығын белгілеу сұралды.



Сурет 9 – Отбасында қалыптасқан дәстүрлер

Сауалнамаға жауап берген әрбір екінші адам «кешкі аста отбасы мүшелерінің бәрі бірдей дастархан басына жиналу» деген жауапты таңдаған. Қазақ отбасылары үшін бірге тамақтанудың маңыздылығы өте жоғары десек қателеспейміз. Дастархан басында жиналып, бір-бірінің мәселелерін талқылау, жетістіктеріне қуану отбасының беріктігін арттырып, отбасы мүшелерінің мейірімін оятады. Қазақ отбасында, дастархан басында сол үйдегі қария, болмаса сол үйдің отағасы ас ішер алдында бата беру арқылы ғана тамақтануды бастаған. Мұның өзі астары тереңде құндылыққа толы тәрбие мен отбасында қалыптасқан тәртіп деуге болады. Батаның өзі аксиологиялық мағынаға толы – отбасылық дискурс. Себебі, бата берген адам ұлағатты сөздерді қолдана отырып, өзінен кейінгі ұрпағының өсіп-өнсе екен деген жылы лебізін білдіреді. Сондай-ақ, тілімізде алғыс мәндегі бата-тілектермен қатар қарғыс мәнін білдіретін сөздер мен сөз тіркестерінің де молынан кездесетіні бар. Қарғыстардың шығу тарихы да алғыстар секілді көнеден келе жатқандығын айтуға болады. Мұның себебін адам психологиясының қуану мен ренжу сияқты көңіл күйлері кезектесіп отыратындықтан алғыс пен қарғыс, оң бата мен теріс бата да ситуацияға байланысты айтылып отырған.

Зерттеуші А.Ж. Машимбаева тілек-бата ұғымдарын халықтық суггестия тудырушы ұғымдар қатарына жатқызады. Суггестияны зерттеуші, халық ұғымындағы «сенім» сөзімен байланыстырады [141].

Әрбір бесінші респондент отбасыларында қалыптасқан дәстүр ретінде: «Ұлттық мейрамдарды тойлауға қатысты қалыптасқан отбасылық дәстүр»,


«отбасылық мәселелерді бірге талқылау», және «отбасы мүшелерінің жетістіктерін атап өтуге арналған дәстүрді» яғни, (баланың алғашқы қадамы, 1-ші сыныпқа баруы) екінші кезектегі маңызды дәстүр ретінде таңдаған. Бұл дәстүрлер барысында адамдар коммуникацияға түседі және осы тұста отбасылық дискурстың аксиологиялық негізі адамдардың бір-біріне айтқан тілегі, басқа адамның басынан кешкен оқиғасын талқылау кезінде, ұлттық әндерді жиындарда айту арқылы, ұлттың жинақтаған тәжірибесімен байланысты сөздерді, ұғымдарды қолдану нәтижесінде басымдыққа ие болады.



Сурет 10 – Отбасында ұстанатын құндылықтарды балалардың бойында қалыптастыру

Сауалнамадан алынған жауаптардың ішінде, отбасында ата-ананың ұлттық құндылықтарды өз бойынан көрсетуі нәтижесінде бала үйренеді деген жауап басымдыққа ие болып тұр. Келесі кезекте: «Отбасындағы қалыптасқан әдеп пен ережеге сәйкес үйренеді» – деген жауапты көре аламыз. Соңғы орында: «Баламен әңгімелесіп, отбасылық дәстүрдің маңыздылығы түсіндіріледі» – деген жауап. Әрине, респонденттердің жауаптарымен келіспеу мүмкін емес. Себебі, бала – ата-ананың айнасы іспеттес. Отбасындағы ата-ананың айтқан сөздеріне, іс-әрекетіне балалар мән береді. Ата-анадан көрген асыл қасиеттерді, ертең балада кейінгі ұрпаққа берері анық.

Зерттеуіміздің келесі сұрағы: «Отбасында балаларға түнде жатар алдында аңыз әңгімелер, ертегілер айтылады ма?» – деген сұрақ болатын.



Сурет 11 – Отбасыңызда балаларға түнде жатар алдында аңыз әңгімелер, ертегілер айтылады ма?

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, отбасылардың 16%-ында ғана балаларымен дискурс орнатады. Өйткені, біз айтып өткендей, ертегі айту – балалар мен ата-ана арасындағы дискурстың бір түрі. Ертегілер айту арқылы біз балалардың кішкентай кезінен кітап оқуға деген қызығушылығын дамыта аламыз және бұл балалардың кейінгі өміріне бағыт болады. Ертегілер арқылы балалар өмір мен әлем туралы көбірек ақпарат ала алады. Ертегі балаларға түрлі дәстүрлер туралы тәжірибесін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл олардың өздерінің дәстүрлі құндылықтары туралы түсініктерін дамытуға көмектеседі. Отбасылардың 25%-ның балалары ертегі айтуын ата-анасынан сұрағанда немесе өтінгенде ғана айтатындарын көре аламыз. Бұл мұндай отбасылардың да балаларымен толық байланыс орната алмайтынын білдіреді. Сауалнамаға қатысқандардың 11%-ы ертегі айтқысы келетінін, бірақ үлгермейтінін көрсетеді. Әрине, адамдардың көпшілігі балаларын қаржылай қамтамасыз ету үшін таңертеңнен кешке дейін жұмыс істеуге тура келеді, өкінішке орай, мұндай отбасы мүшелері арасында байланыс жоқ және ешқандай дискурстың да болмайтыны анық. Сауалнамаға қатысқандардың 24%-ы ертегі айтудың қажеті жоқ деп жауап берді, себебі олардың балалары youtube немесе теледидар арқылы кез келген уақытта қалағанын көре алады.

Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы қаулыда, қазақ тіліндегі қолжетімді және қажетті цифрлық контентті әзірлеу қажет екені айтылады. Жаңа заманның талабы цифрлік контенттің үлкендерге де, балаларға

да қолжетімділігі. Қазіргі адамдардың, әсіресе өмірге жаңа қалыптасып келе жатқан жас ұрпақтың цифрлық бағдарламаларға тәуелділігін ескере келе қазақ тілді цифрлық контентті көбейту керек. Ана тілінде ертегі немесе аңыз әңгімелер айтылмайтын отбасыларда отбасылық дәстүрлер мен ережелердің жоқтығын байқай аламыз және бұл отбасылардағы балаларға ата-аналары тарапынан ешқандай тыйым салынбай, бала өз білгенін жасайтыны анық. Әрине, мұндай ата-аналар мен олардың балалары арасында ешқандай дискурс болмайды, өйткені отбасында әркім өз істерімен айналысады. Ұлттық құндылықтарымызды қазақ тілді бағдарламалар арқылы да жас ұрпаққа жеткізуге болады. Респонденттердің тағы 24% өз жауаптарын жазды. Жауаптардың ішінде: «Біз ешқашан ертегі айтпаймыз немесе оқымаймыз, біздің балалар ересек, біз оларға кішкентай кездерінде айттық» – деген жауаптар болды. Сондай-ақ, кейбір респонденттер балаларына айтатын ертегілерінің аттарын жазды. Олардың ішінде: «Ер төстік, алтын балық, бауырсақ» т.б. Сауалнама нәтижелерін талдай келе, әрине біз жақсы өмір сүруге тырысып, жаңалыққа ұмтылу керектігін айтқымыз келеді, алайда отбасымызбен байланысты үзбеуіміз керек, ұлттық және отбасылық құндылықтарды ұмытпай, керісінше қайта жандандыруға талпынуымыз керек.

Қазақы дәстүрлер бұрын естімеген, ата-бабамыздың кезінде қолданылмаған дәстүрлермен толығып жатыр. Соның бірі – *gender party* (гендер пати), яғни дүниеге әлі келмеген нәрестенің жынысын анықтау дәстүрі. Туылмаған баланың жынысын анықтау мерекелік шараның басты көрсеткіші болып табылады. Көбінесе ата-ананың өзі баласының жынысын білмейді, бұл туралы мереке кезінде ата-аналармен алдын ала келісіп, үшінші тарап, яғни сол отбасына жақын адам хабарлайды. Гендерлік ақпаратты ашу «қызғылт» және «көк» командалар арасындағы викторина түрінде болуы мүмкін. Жағымды жаңалық тортты кесу, шарларды жару, конфетти, түсті түтін және басқа әдістер арқылы жеткізіледі. Қызғылт түс қызды, көк түс ұлды білдіреді.

Алғаш рет гендерлік кештер АҚШ-та 2000 жылдардың аяғында өткізіле бастады. Сонымен қатар, олардың танымалдылығы 2010 жылдардың аяғында айтарлықтай өсті, бұған YouTube, Instagram сияқты әлеуметтік желілердің көмегі тиді [142].

Батыстан келген қазақ қоғамына жат дәстүрлер қоғамымызда, әсіресе жастар арасында үйреншікті болып барады. Қазақтың танымында «гендер пати» сияқты кештер болмаған. Алайда, халқымызда «кұрсақ той», «кұрсақ шашу» немесе «төсек той» сияқты тойлар өткізілген.

Нәрестемен байланысты туған, негізгі уәжі бала сүю болып табылатын дәстүрдің бірі құрсақ шашу. Аяғы ауыр әйел ұялмасын, тіл-көзден сақтасын деген оймен перзентті болатынын ашып айтпай, *күмәнді, аяғы ауыр, ішінде көжегі бар* деген сөздермен басқаларға жеткізген. Құрсақ шашу кезінде әйелдің жерігін қандыруға, жеймін дегенін тауып беруге тырысқан [143].

Жаңа түскен келіннің бала көтеріп, жерік болғанын сезсе, қайын енесі ағынан жарылып, «төсек той» жасап, көршілерін де қуантады. Жиналғандар төсекке теңге, қыран құстың қасиетті саналған дене мүшелерін іледі.

Жастығының астына пышақ жастап қояды. Онысы бала аман-есен жарық дүниеге келсін. Тіл-көзден аман болсын дегені [103, 64 б.].

Құрсақ той кезінде баланың жынысы туралы айтылмаған, тойды өткізудің мақсаты келіннің аяғы ауыр екенін жеткізу болған. Құрсақ той немесе құрсақ шашу – бұл өзінің келінінің аяғы ауыр екенін білген енесі туыстарын, көрші-қолаңдарын шақырып, мол дастархан жаю дәстүрі. Бұл шараның мақсаты жүкті болған келіннің көңілін аулау. Үлкендер жағы болашақ анаға баталарын берсе, құрбылары, жеңгелері өздерінің өмірлік тәжірибелерімен бөліседі.

Қазақ – өте ырымшыл халық. «Гендер пати» жасау біздің ырымшыл халық үшін өте жат қылық. Мұндай шаралардың жағымсыз салдары болуы мүмкін. Дүниеге келмеген нәрестенің жынысын «гендер пати» арқылы көпшілікке алдын ала жариялағанда сол туылмаған балаға көз тиюуі мүмкін. Біз баланың жынысын айтып сүйінші сұрамаған халықпыз, тіпті дүниеге келетін нәрестеге алдын-ала киім-кешегін дайындамаған. Аяғы ауыр келіншектің жүріс-тұрысына, ішінің көлеміне, аяғы ауыр кезде сүйіп жеген асына қарап-ақ, болашақ нәрестенің ұл боларын немесе қыз боларын анықтай алған дана халықтың ұрпағымыз.

Қазақ қарттары екі қабат әйелге қай аяғын алдымен басар екен деп қарайды. Егер оң аяғымен табалдырықтан бұрын аттап кірсе – ұл туады. Сол аяғымен кірсе – қыз туады деп жориды [103, 70 б.].

Дүниеге келетін нәрестенің жынысын дана қарттарымыз осылайша болжап қана қоймай, сонымен қатар қазақ әйелдері болашақ нәрестесінің қыз немесе ұл болғанын қалауына байланысты да ырымдап түрлі әрекеттер жасаған.

Екі қабат әйел «ұл табамын» десе, еркектің қару-жарағын, шалбарын басына жастанып жатады. Ал қыз тапқысы келсе – қызыл ала шым, әйелдің көйлегі, жүзік, сырға, алқа, маржан білезік, моншақ жастанады [103, 70 б.].

Қоғамда жиі қолданылып жүрген тағы бір ұлттық танымымызға жат дәстүрдің бірі – *тортқа шырақ жағып үрлеу* дәстүрі.

Туған күнге арналған торттарға шырақ жағып оны үрлеудің тарихы түрлі деректерге байланысты ерте заманнан бастау алады. Зерттеулерге сәйкес тортқа шырақ жағу дәстүрі ежелгі Грекиядан бастау алады, яғни гректердің аңшылық құдайы Артемиданың ғибадатханасына шам жағылған торттарды әкелумен байланыстырылады. Кейбір деректерге сәйкес шырақ түтіні құдайға адамдардың тілектері мен дұғаларын жеткізеді деген сенім қалыптасқан. Ал, басқа да деректерде 1700 жылдары Германияда граф Людвиг Фон Зинзендорфтың туған күнін тойлауда графтың жасына сәйкес тортқа шырақ жағу дәстүрі орын алғаны туралы баяндалады [144].

Қазіргі таңда бұл дәстүрдің әлемнің түкпір-түкпіріне таралып кеткені баршамызға белгілі. Тіпті, «шырағың сөнбесін» – деген ата-бабамыздан қалған ұғымды біле тұра осы дәстүрді сәнге айналдырып, отбасылық мерекенің, туған күндердің, үйлену тойларының ажырамас бір бөлшегіне айналдырып отырған отбасылар жоқ емес. Әсіресе, бұл жас отбасылар арасында кеңінен таралуда.

Себебі, ұлттық танымымыздағы «шырағың сөнбесін» – деген ұғымның мағынасын түсінбейтін жас ұрпақ көбеюде. Алғаш ақ босаға аттаған жаңа түскен келінге отқа май құйғызу дәстүрі де осы ұлттық танымымыздағы оттың киесімен түсіндіріледі. Отқа май құйған жас келінге: «Шырағың сөнбесін» – деген бата беріледі. Бұл батаның мағынасы кең, ауқымы тереңде. Осылай бата беру арқылы, дана қарттарымыз жаңа құрылған отбасының аман болуын, қазаны оттан түспеуін, шаңырағының шайқалмауын тілеген.

От сөзіне байланысты түрлі ұғымдар, ырым-тыйымдар көптеп кездеседі. От сөзінің жалпы отау сөзімен мәнделс жұмсалатын тұстары бар. Тілімізде: Оты жанбаған, отын өшірді – деген тіркестер қолданылады. *Оты жанбаған* – деген ұғым үйленіп, *ошақ көтермеген* адамға қатысты айтылса, отын өшірді – деген тіркес ошағы ойрандады, берекесі кетті, жігері құм болды деген мағынада жұмсалады. Сондай-ақ, от ұғымының отау, отбасы ұғымдарына тікелей қатысымен байланысты ырымдар да бар. Мәселен: Жанып тұрған шырақты үрлеп сөндірмейді, бір затпен басып өшіреді. Үрлеп өшірсе – бақ таяды, бақыт сөнеді, адам ұмытшақтық дертіне тап болады деп ырымдайды [103, 59 б.].

Бұл ырымның мағынасы айқын беріліп тұр. Қазақтардың жанып тұрған отты үрлеп өшірмеуінің себебі осы ырымның астарында жатыр. Ата-баба ырымдарын, салтын ұстанатын отбасынан шыққан, әсіресе отбасында қарты бар адамдар отты өшірудің қаншалықты ауыр екенін, оттың киесі оның алдағы өміріне әсер ететінін білген. Ал, қазіргі қоғамның салтын ұстанатын жастарымыз оттың киесі болатынын түсіне алмай жатқандай. Мерекелік шараларда, туған күн кештерінде шырақ сөндірудің салдары қазіргі қоғам отбасыларында көрініс тауып жатыр. Осындай халқымыздың когнитивтік түсінігіне жат дәстүрді жасау салдарынан, қазіргі таңда отбасы болмай жатып, шаңырағы шайқалып ажырасып жатқан отбасы көбеюде. Бабаларымыз шырағың сөнбесін деп, отбасының үлкен бір отау болғанын тілеген болса, қазіргі таңда үйлену тойларында торттың бетіндегі шырақты сөндіру арқылы, құрылмаған отбасының, яғни жас отбасының ғұмырын қысқартып жатыр.

Отты және оттың басын сабамайды. Бұлай істелсе – үй-ішінің құты қашады, шаңырақтың оты өшеді деп жориды [103, 73 б.].

Осы бір ырымнан да, оттың – отаумен тығыз байланысын көруге болады. От адамға жылу береді. Жылу бар жерде береке бар. Береке-бірлігі жарасқан отбасының ешқашан ошағы ойрандамайды.

Өркениетті елдер қатарына қосылудың өзіндік артықшылықтарымен қатар, кемшіліктері де бар. Кемшіл тұсы қазақ жастарымыздың өзінің түпкі тамырын, яғни қазақи түсініктерді, ырым-тыйымдарды ұмытып, еліктеп, басқа салтымызда жоқ түрлі дәстүрлерді ұстануы.

Заманауи қазақ жастары арасында кеңінен таралып келе жатқан дәстүрдің бірі – *Хен party* (хен пати). Тұрмысқа шығайын деп отырған қыздың өз құрбыларымен өткізетін кеші.

Тарихқа көз жүгіртсек, “қызойнақ” деп жүрген басқосу – Австралия елінің дәстүрі. Бұл кеш Ұлыбритания, Ирландия, Жаңа Зеландия елдерінде кеңінен тараған. Америка мен Канадада “*Bachelorette party*” деген атаумен яғни,

“үйленбегендер кеші” деп аталады. Бұл кеш 60-жылдары кеңінен етек алған [145].

Қазақта жалпы тұрмыс құрар алдында құрбылармен кездесіп сауық-сайран құру дәстүрі болмаған. Үйдегі үлкендер басқа жаққа сапарлап кеткенде, жастар жиналып, әзіл-әңгімелер айтылатын, әндер шырқалатын «бастаңғы» сияқты кештер болған.

Ауыл үйдің үлкендері көрші ауылға түрлі жөн-жоралғымен кеткенде, ауылда қалғандар «бастаңғы» деп аталатын тамақ істеп бас қосады. Бірыңғай жастар қысылып-қымтырылмай еркін әзілдесіп, ән-күймен көңіл көтереді. Бастаңғыны әке-шешесі жол жүріп кеткен үйдің бойжеткен қызы да жасай береді. Бұл дәстүр кісіліктің жолы сияқты, қонақжайлылықтың бір белгісі сияқты орныққан [146].

Хен пати сынды ұлттық танымымызға сай келмейтін кештердің қазақ жастарына үлгі болатын тұстары аз. Ұлттық құндылықтарымызды өзіміз күнделікті тұрмыста дәріштеп, ұстанған жағдайда ғана ұлттық болмысымыз сақталады. Жоғарыда келтірілген жаңаша пайда болған: гендер пати, хен пати, тортқа шырақ жағып үрлеу сынды дәстүрлердің орнына қазақи болмысымызды арттыратын дәстүрлерді дәріштеген абзал. Сондықтан да, заманауи қазақ қоғамында ертеден келе жатқан ұлттық дәстүрлеріміздің өз орнымен орындалғаны ел болып сақталуымыздың нышаны болмақ. Мәселен: Дүниеге келетін бала туралы жақсы хабарды «гендер пати» демей-ақ, өзіміздің «құрсақ шашу» дәстүрімізбен жеткізсек, мерекелік шараларда, туған күндерде, әсіресе үйлену тойларында тортқа шырақ жағып үрлеудің орнына, өзіміздің ұлттық сусынымыз қымыз немесе шұбат ішкізіп, жас жұбайларға жаңа өмірлеріне ақ жол тілесек, себебі атам қазақ ақтың жолы қашанда жақсы болған деп санайды, ал «хен пати» сынды мағынасыз сауық кешінің орнына «бастаңғы» кештерін ұйымдастыруды жөн деп есептейміз.



Сурет 12 – Жаңашыл дәстүрлерді ұлттық дәстүрлермен дәріштеу

Осылайша, заманауи отбасылық мәселелерді зерделей келе қандай мәселе болмасын, отбасылық ресайленсті (отбасы тұрақтылығын) сақтаудың маңыздылығы жоғары екенін ескеруіміз керек.

А. Мастен және А. Барнестің пікірінше, тұрақтылық теориясын жүйенің функциясына, өмір сүруіне немесе болашақта дамуына қауіп төндіретін қиындықтарға табысты бейімделу қабілеті деп жалпы түрде анықтама береді. Бұл теория түрлі пәндерде қолданыс таба алады. Тұрақтылық – жеке адамдарға, отбасыларға, экономика мен ұйымдарға қатысты күрделі бейімделу жүйесімен ерекшеленетін теория болып табылады. Жеке адамның бойындағы тұрақтылық

– адамның ағымдағы немесе болашақта кездесетін мәселелерге жауап ретінде, сол уақыттағы контексті ескере отырып бейімделу қабілетін көрсетеді. Тұрақтылық бұл жеке қасиет емес, алайда жеке немесе танымдық дағдылардың айырмашылығы адамдардың бейімделу қабілеттеріне анық ықпал етеді. Қамқорлық қатынастар өмір бойы тұрақтылықта үлкен рөл атқарады. Баланың ата-анасымен тығыз байланысы және ата-анасының қамқорлығы баланы түрлі жолдармен қорғай алады [147].

Ж. Ледесманың пайымдауынша, тұрақтылық теориясы – қиыншылықтардан, көңілсіздіктен және бақытсыздықтан құтылу мүмкіндігі [148].

1970 жылдан бастап зерттеушілердің басты назары жеке адамдардың денсаулықтарына, түрлі жоқшылықтарға сәйкес адамдардың мәселелерді өз бетімен шешуге қабілетін тәжірибеден өткізе бастады. Ресайленс теориясының адамдардың өзіндік күшін дамыту үрдісінде маңыздылығы арта бастады. Бұл ұғымның шығу тарихына сүйенсек ресайленс ұғымы физиология және психология ғылымдары секілді екі пәнге жіктеледі. 1990 жылдары ресайленс теориясы отбасылық мәселелерді зерттеп жүрген ғалымдардың жұмыстарында қолданыла бастады. Отбасындағы күйзеліс және сол отбасының күйзелісті жеңу кезіндегі индивидтердің өзіндік және отбасылық күш-жігерін көрсетуде қолданылды. Сондықтан да, ресайленс теориясы позитивті психологияға енгізілген тақырыптардың бірі болып табылады, себебі ол адамның күші мен қиыншылықтан шығу мүмкіндігін арттырады [149].

Шетелдік зерттеушілер ресайленс теориясын (resilience theory) – қиын жағдайға, қауіпке немесе күйзеліске қарамастан, сол жағдайға сәтті бейімделу қабілеті немесе бейімделу процесі деген түсініктеме береді. Ресайленс теориясы – (ағылшын тілінен «resilience theory» – тұрақтылық, төзімділік) деген мағынада аударылады. Яғни, қоршаған ортадан келетін түрлі жағдайларға адамдардың тұрақты қарым-қатынасы, тез бейімделуі деуге болады. Отбасылық өмірде де түрлі жағдайлар орын алып жатады, әсіресе сол жағдайлардың бала психологиясына тікелей әсер етіп жататын кездері болады. Баланың отбасындағы дағдарыстарды, кейде тіпті ересек адамдардың отбасылық мәселелердің жолын тауып, сол қиындықтардан шығу жолдарын осы теориямен байланыстыруға болады. Ресайленс теориясы адамның психологиялық көңіл-күйіне тікелей байланысты. Бір адамдар отбасындағы қиындықтарға мойынсұнбай мәселелердің шешімін табуға тырысатын болса, ал кейбіреулердің ерік-жігері басылып, сол мәселені шешуге талпынбайды да, мұның бәрін әр адамның жеке өзіне тән қасиеттерімен байланыстыруға болады.

Ф. Уолш, отбасының тұрақтылығы отбасы қызметінің үш кең саласында әрекет ететінін айтады: отбасындағы сенім (қиыншылықтарды түсіну; позитивті көзқарас, руханият), отбасының ұйымдастырушылық қабілеті (икемділік, байланыс, әлеуметтік және экономикалық ресурстар) және қарым-қатынас процестері (айқындық, ашық эмоционалды сұхбат және қиындықтарды бірлесіп шешу) [150].

Ж. Паттерсонның пікірінше, аффективті және инструменталды коммуникациялар сапасы отбасының қорғаны бола алады, себебі олар отбасының негізгі функцияларын орындайды және мәселені жеңілдетеді [151].

Отбасында қарым-қатынасқа түсу, бірін-бірі түсіну болмаған жағдайда, ең бастысы отбасы мүшелері арасында дискурстық мақсат орындалмаған жағдайда отбасының күйзелістен шығуы мүмкін емес. Әсіресе, ата-ана баласымен тілдесу арқылы ғана, баланың бойындағы үрейді жеңіп, мәселені шешуге үйретуге болады. Кез келген отбасында туындайтын қиындықтардың нәтижесінде, отбасы мүшелері күйзеліске түсіп жатады. Отбасындағы мәселелерді, дау-жанжалдарды шешу қабілеті отбасы тұрақтылығын арттыратын маңызды фактор болып табылады. Мәселенің маңызын түсініп, ашық сөйлесіп, талқылаған жағдайда ғана шешілетіні анық.

Отбасының өміршеңдігі барысында түрлі өзгерістер болып тұрады. Өзгерістердің өзі позитивті, яғни адамдарға қуаныш сыйлайтын өзгерістер болса, ал енді біреулері негативті, адамдардың жабырқауына, кейде тіпті күйзеліске тап болып жататын өзгерістер болуы мүмкін. Отбасылық өмірде кездесетін позитивті өзгерістерге: отбасында нәрестенің дүниеге келіп, отбасы мүшелері санының артуын, отбасындағы жарасымдылық, яғни ортақ әңгіменің болуын, дастархан басында бірге бас қосуды, отбасы мүшелерінің жұмыстағы жетістіктері, балалардың оқудағы көрсеткіші жатады. Ал, негативті өзгерістерге: отбасы мүшелерінің бірінің ауырып қалуы немесе отбасы мүшелерінің бірінің өмірден озуы, ажырасу мәселесі, жұмыстан айырылып қалу, қаражаттың тапшылығы деген сияқты мәселелер отбасының күйзеліске ұшырауына әкеліп соғады. Әрине, мұндай кезде отбасының тұрақтылығын, өміршеңдігін сақтау маңызды.

Отбасы ресайленсі – отбасы мүшелерінің ұйымшылдығының және ешқандай бүкпесіз ашық әңгімелесуінің негізінде сақталады.

Жалпы алғанда отбасы институтының екі маңызды функциясы бар. Біріншісі, қоғам алдындағы жауапкершілігі, яғни қоғам бекіткен заңдылықтарды, қағидаларды ұстана отырып өмір сүру және балаларды да сол қоғамның бекіткен нормаларына сай тәрбиелеу және ұлттық құндылықтарды ұстану. Екіншісі, отбасының жеке индивид алдындағы жауапкершілігі, яғни әр отбасы мүшелерінің өзіндік талаптарына, қажеттіліктеріне сай болу. Төзімділігі жоғары отбасылар балаларға мәселелерді шешу дағдыларын үйрету арқылы, оң және сыни емес қолдау көрсету арқылы, ұйымшылдық пен өз-өзіне тәуелділік сезімдерін үйрету арқылы балаларға төзімді мінез-құлықты үйренуге көмектеседі. Үйде үйренген құндылықтар мен дағдылар адамдарға өз өмірлерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қиындықтарды жеңуді және жеке қажеттіліктерді қанағаттандыруды үйренген отбасылар стресс пен дағдарысқа төзімді. Отбасылық тұрақтылық отбасыларға тән ерекше қасиет, оларды отбасылық терапиядан әлеуметтік саясатқа дейінгі әдістер арқылы тәрбиелеуге және қалыптастыруға болады [152].

Сонымен, отбасы ресайленсі (тұрақтылығы) – ата-ананың баланың алдындағы борышын ескере отырып, бүкпесіз, ашық әңгімелесудің нәтижесінде

өзара түсіністікті қалыптастырып, отбасын сақтап, өміршеңдігін арттыруы. Отбасы ресайленсінің негізгі сипатына отбасындағы әңгімелердің эксплициттілігі тән.

2 тарау бойынша тұжырым

Аталмыш тарауда отбасы дискурсының аксиологиялық маңыздылығын арттыратын базалық концептілерге талдау жасалынды. Концепт «құндылық» ұғымдарымен тығыз байланысты болады. Адам өз айналасындағы әлеммен таныса отырып өзі үшін ненің маңызды, ал ненің маңызы жоқ екенін және ненің ерекше мәні бар екенін, ал ненің ол үшін мүлде маңызы жоқ болатынын шешеді, яғни адам қоршаған заттар және құбылыстарды әлемге өзіндік құндылық қатынастарына сүйене отырып бағалайды. Отбасы дискурсында да отбасы макроконцептісінен тарайтын, ұлттың санасында өзіндік құндылыққа ие концептілер бар. Оларға: «әке» концептісін, «ана» концептісін, «бала» концептісін жатқызуға болады. Аталмыш концептілерді тілдік тұрғыда зерттей отырып, отбасы ұғымының маңыздылығын айқындадық. Сондай-ақ, бұл бөлімде отбасылық қатынасты білдіретін атаулардың семантикалық және прагматикалық әлеуетін айқындадық.

Отбасылық дискурс бір сөзді немесе сөйлемді айтып қоюмен шектелмейді, тілдің көмегімен коммуникациялық мақсатқа жетуді көздейді. Дискурстың негізгі мақсаты, коммуниканттардың өз сезімдерін білдіруі немесе біреудің іс-әрекетін бағалауы, маңызды оқиға туралы хабарлауы, адресатты белгілі бір әрекеттер жасауға итермелеуі немесе оларды тоқтатуға мәжбүрлеу деген сияқты коммуникациялық маңызды мәселелерді шешу болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, дискурстың прагмалингвистикалық әлеуеті арта түседі. Дискурс барысындағы сөйлеу актілерінің көмегі сөздердің семантикалық деңгейінен прагматикалық деңгейіне ауысуға көмектеседі. Дискурстық мақсатқа сәйкес сөйлеу әрекеті тиісті эмоционалды-экспрессивті бірліктермен беріледі. Сөйлеу актісінің иллокутивті мақсатын басшылыққа ала отырып, адресант бағалауыштық көрсеткішке ие болатын белгілі бір атаулар жиынтығын қолданады.

Әрине, күнделікті отбасылық әңгімелер барысында біз адресатпен байланысқа түсуге көмектесетін нақты бір сөздер жиынтығын қолданамыз. Алайда, байланысқа түсер алдында біз өзімізбен коммуникация орнататын адамды апеллятивтердің көмегімен өзімізге қаратып, көңіл бөлгенде ғана әңгімеге көшеміз.

Отбасылық дискурс барысында көп жағдайда туыстық атаулар, аты-жөнімен атау, отбасы мүшелеріне тағылған бүркеншік атымен (прозвища) немесе лақап атымен атау жиі ұшырасады. Біз өз тарапымыздан, дискурс кезіндегі қаратпа сөз ретінде қолданылған туыстық атаулардың қызметін қарастырдық, соның ішінде тікелей отбасылық атаулардың және туыстық атаулардың атауыштық функциясы жиі ұшырасады деген қорытындыға келдік.

Дискурстық интенция адресаттың назарын аударатын тілдік құралды анықтап қана қоймай, сонымен қатар, мақсатты, әрі мазмұнды әрекеттің

туындауына түрткі бола алады. Адресант сөйлеу барысында нақты бір мағыналық және коммуникативтік нәтижеге бір уақытта қол жеткізуге тырысады. Дискурстың негізгі міндеті де осылайша жүзеге асады. Дискурс барысында орын алатын коммуниканттардың стратегиялары мен сөйлеу тактикалары коммуникацияның мақсатын айқындайды. Сөйлеу стратегиялары мен тактикалары бір-бірімен байланысты болады, әрі бірін-бірі толықтырып отырады. Зерттеу барысында отбасы дискурсында туындайтын стратегияларды екі топқа бөліп қарастырдық. Отбасының ауызбірішілігінен туындайтын *ынтымақтастық стратегиялары* және отбасы мүшелері арасында туындайтын *қақтығысу стратегиялары*. Сондай-ақ, отбасылық дискурс кезінде басымдыққа ие болатын екі негізгі стратегиялардың өзін анықтайтын бірнеше тактикалар жүйесін қарастырып, оларға түрлі мысалдар беру арқылы отбасылық дискурстың негізгі мағынасын ашуға тырыстық.

Осы бөлімде қазіргі қазақ қоғамындағы отбасылық құндылықтардың маңыздылығын анықтау мақсатында сауалнама жүргізіп, сол сауалнама нәтижесін талдау арқылы заманауи қазақ отбасы құндылықтарының өз жалғасын табуын немесе заманауи өзгерістерге ұшырауын анықтадық. Сауалнаманың бірінші сұрағында жалпы отбасылық құндылық деген ұғымдардың арасында тандау жасалынды. Отбасылық дискурстың аксиологиялық негізі тек әңгімелесу, сұхбаттасу арқылы ғана өрбитінін айта келе, зерттеуіміздің соңғы сұрағы респонденттердің отбасында балаларға түнде жатар алдында аңыз әңгімелер, ертегілер айтылады ма, – деген сұрақты қамтыды. Сонымен қатар, қазақ отбасындағы негізгі құндылықтың көзі, яғни отбасы мүшелерінің өзіндік орны қандай деген мәселеге тоқталдық. Соңғы бөлімді қорытындылай келе, отбасы дискурсының – отбасы ресайленсін (отбасы тұрақтылығын) сақтаудың негізі екені нақтыланды. Отбасы ресайленсі – отбасы мүшелерінің ұйымшылдығының және ешқандай бүкпесіз ашық әңгімелесуінің нәтижесінде сақталады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Заманауи тіл білімінде тіл мен қоғамның өзара байланысын анықтауда және олардың әлеуметтік-коммуникативтік өзара әрекеттесуін ұйымдастыруда дискурстық зерттеулердің өзектілігі артуда. Адам үшін оның бар өмірінің кезеңдерімен тікелей байланысты отбасылық дискурстың маңызы орасан зор. Жалпы құндылықтар түрлі кезеңдерге байланысты трансформацияға ұшырап жатады. Себебі, адамзаттың өз танымына байланысты сол құндылықтарды ұстануына, әрі қарай ұрпаққа таралуына байланысты өзгерістерге ұшырап жатады. Кейбір ұлттық құндылықтарымыз ерте кездегідей, яғни салт-дәстүрді берік ұстанған бабаларымыздың кезіндегідей әдемі сақталып жатса, ал кейбіреулеріне өзгерістер еніп, ал тіпті кейбір құндылықтар мүлде ұмыт болып барады. Құндылықтарды ұстану, сақтау, дәріптеу адамдардың ана тілін жетік білуімен және тұрғылықты жеріне де байланысты болады. Құндылық ұғымын зерделей келе, ұлттық құндылықтар адамның ана тілімен беріледі деп тұжырымдауымызға негіз болды.

Сонымен жүргізілген зерттеу нәтижелері мынадай қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

– Дискурс – адресанттың адресатқа мақсатты түрде бағыттаған ойының адресат санасында интерпретациялануы нәтижесінде туындаған сөйлеу актісі. Дискурс мынадай белгілермен анықталады: нақты мақсатқа бағытталған коммуникативтік жағдаяттың болуымен; екі немесе одан да көп қатысушыларының болуымен; белгілі бір тақырыптық контекст аясында өрбуімен; адресант пен адресаттың аялық білімінің теңдігімен. Отбасындағы түрлі жағдайларды талқылауда, мәселелерді шешуде, отбасы мүшелерінің қарым-қатынасының маңызды формасы отбасылық дискурс болып табылады. Отбасы дискурсы – отбасы мүшелерінің ойы мен ниетінен туындайтын қарым-қатынасқа түсу формасы. Отбасы дискурсы барысында отбасы мүшелерінің, яғни коммуниканттардың өзіндік ерекшеліктерін де анық көруге болады. Отбасы дискурсы ұлттық құндылықтарды ұстанудың және оны одан әрі жас ұрпақтың санасына сіңіртудің бірден-бір жолы. Коммуникация мен дискурс ұғымдарына теориялық талдау жасай отырып, дискурс – мәтінмен анықталып, коммуниканттардың нақты прагматикалық интенциясына негізделеді, ал коммуникация – ақпаратпен анықталып, тіл мен мәтіннің сабақтастығынан туындайды деген қорытынды жасалды. Осылайша, отбасы коммуникациясы ауызекі тілдегі сөйлеудің барлық түрі де, отбасы дискурсы құндылықтарға, мәдениетке негізделген коммуникация.

– Жалпы қоғамда әр нәрсе өзіндік бағалауыштық қасиетке ие болады. Осыдан келіп адамзат үшін дүниенің маңыздылық көрсеткішіне байланысты қалыптасқан құндылық және антиқұндылық деген екі ұғым қатар айтылады. Құндылық және антиқұндылық терминдеріне дискурс барысындағы мысалдардағы тілдік бірліктер негізінде, адамдардың бір-біріне деген қарым-қатынасының негізінде анықтама берілді. Зерттеуімізде, ғалымдардың құндылық және антиқұндылық ұғымдарына берген анықтамаларына талдау

жасау нәтижесінде, құндылық – адамдар үшін маңызы жоғары, өте қасиетті, адамдардың адамгершілік қасиетін арттыратын, жақсы, игі істерге жетелейтін әрекеттер деп, ал антиқұндылық – адами қасиеттерге қарама-қайшы, адамдардың арам пиғылынан туындайтын, зұлымдықтың белгісі деп тұжырымдауға мүмкіндік берді. Отбасы дискурсының лингвоаксиологиялық аспектісін тіл, ұлттық құндылық, отбасылық коммуникациядан тұратын ұштаған ретінде қарастыра келе, қазақ отбасының дискурсивті-лингвоаксиологиялық моделі ұсынылды. Қазақ отбасының дискурсивті-лингвоаксиологиялық моделіне: отбасындағы тұрақтылық, ұрпақ тәрбиесі, отбасы денсаулығы, тектілік, әдептілік, қонақжайлылық, бауырмалдық, салт-дәстүрдің жалғастығы, киенің күші сияқты қазақ танымындағы бағалауыштық қасиеті жоғары, отбасылық қарым-қатынастың негізі бола алатын ұғымдар топтастырылды.

– Отбасы дискурсындағы құндылықты мәнге ие: «әке», «ана», «бала» сынды базалық концептілерге концептуалдық талдау жасалынды. Ұлттық дүниетанымымыздағы «әке» және «ана» концептілерінің құндылықты сипаты мен антиқұндылықты сипаты қолданыстағы тілдік бірліктер арқылы ұсынылды. Қазақ танымында «әке» және «ана» сынды отбасындағы ең қадірлі, аяулы ұғымдардың антиқұндылық маркерленген ұғымдармен сипатталуын, ұлттық сананың, таным-түсініктің өзгеруімен байланыстырылды. Дискурс пен коммуникацияның басты ерекшеліктері дискурста прагматикалық әлеуеттің жоғары болуымен байланыстырылды. Дискурстық мақсатқа сәйкес сөйлеу әрекеті тиісті эмоционалды-экспрессивті бірліктермен беріледі. Дискурстың сәтті шығуына сөйлеу актілері мен белгілі бір атаулар жиынтығы, яғни апелляциялар мен вокативтердің ұтымды қолданылуы көмектеседі. Дискурстағы адресанттың интенциясы арқылы дискурстың мақсаты айқындалады. Адресанттың интенциясы негізінде адресатқа ақпарат жеткізіліп адресаттың адресант қалауын орындауына түрткі болады. Отбасы дискурсының тактикалары мен стратегияларын айқындайтын тілдік амалдарды түрлі отбасылық дискурстық мысалдар арқылы талдау негізінде, отбасы дискурсы барысында екі негізгі стратегиялар түрі көрініс табатыны анықталды. Олар: ынтымақтастық стратегиялары және қақтығысу стратегиялары ретінде топтастырылды және отбасы дискурсы кезінде отбасы мүшелерінің көңіл-күйіне байланысты екі түрі де орын алатыны көрсетілді. Осы берілген стратегиялардың өз кезегінде дискурстық мақсатқа жету үшін түрлі тактикалар жүйесінен құралатыны тілдік бірліктер арқылы айқындалды. Қазақ отбасы дискурсына тән сөз саптау арқылы оның когнитивтік аспектісі мен коммуникативті-прагматикалық қызметі анықталды.

– Келесі бөлімде отбасы дискурсындағы сөз қолданысының когнитивті-семантикалық өрісі отбасы мүшелері жас ерекшеліктеріне сәйкес туындайтын психолингвистикалық ахуалға қатысты сипатталды. Себебі, отбасы дискурсының сәтті шығуы үшін отбасы мүшелерінің жас ерекшеліктерін ескеру маңызды. Жұмысымызда отбасындағы баланың психолингвистикалық күйіне аса мән беруді ескере отырып, балалық шақтағы отбасылық дискурста

сипаттама беріліп, түрлі мысалдар арқылы нақтыланды. Жалпы дискурс адамның психолінгвистикалық жағдайына әсер етеді және қазақ отбасына тән өзіндік тәлім-тәрбиені ұстанған жағдайда ғана отбасының психолінгвистикалық жағдайының тұрақты болатынына дәйектемелер берілді. Заманауи қазақ отбасыларында құндылықтарды ұстанудың маңыздылығын анықтау мақсатында сауалнама жүргізіп, сол сауалнама нәтижесін талдау арқылы отбасы құндылықтарының өз жалғасын табуы немесе заманауи өзгерістерге ұшырағаны анықталды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Harris Zellig. 1952. Discourse analysis. – Language 1952. - Vol. 28, - №. 1. - P. 1-30. <https://doi.org/10.2307/409987>.
- 2 Ван Дейк Т. А. (1998). К определению дискурса. [WWW-документ] URL <http://www.nsu.ru/psych/internet/bits/vandijk2.html>. (дата обращения: 07.11.2019)
- 3 Қалиұлы Б. Дискурс және оның тілдік белгілері. // Қазақ университеті, «Хабаршы» фил. сер. 2002. - 91 б.
- 4 Қалиұлы Б. Тіл білімінің тоғыз қыры./ Монография. - Алматы, 2019. - 208 б.
- 5 Садирова К.Қ. Дискурс талдау теориясы: Оқу құралы. – Ақтөбе: Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті, 2012. - 90 б.
- 6 Кенжеқанова К.Қ. Саяси дискурстың прагматингвистикалық және когнитивтік компоненттері (қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар материалдары бойынша). Философия (PhD) докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған ...дисс.Алматы, 2015. - 187 б.
- 7 Бүркітбаева Г.Г. Текст и дискурс. Типы дискурса. Учебное пособие. – Алматы: Дайк –Пресс, 2006. – 379 с.
- 8 Есенова Қ.Ө. Қазіргі тіл біліміндегі дискурс мәселесі. Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ-нің хабаршысы, «Педагогика ғылымдары» сериясы, 2012. - №1(26). - Б. 157.
- 9 Койлыбаева Р.К., Жунисова М.А.Отбасы дискурсына тән негізгі белгілер // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы, «Филология ғылымдары сериясы», 2020. - №2 (72). – Б.202-206.
- 10 Селезнева Л. В. Исследования дискурса в современной лингвистике: опыт, направления, проблемы. Вестник СВФУ, - 2011. - Т.8, № 4. - 120 б.
- 11 Гуляр Т.Б. Побудительный дискурс // Коммуникативно-функциональный аспект языковых единиц. Сборник научных трудов / Отв. ред. Л. П. Рыжова. – Тверь: Тверской государственный университет, 1993. - С. 37-43.
- 12 Ayman Farid Khafaga. Discourse Interpretation: A Deconstructive, Reader-oriented Approach to Critical Discourse Analysis. International // Journal of Applied Linguistics & English Literature ISSN 2200-3592 (Print), ISSN 2200-3452 (Online). 2017. - Vol. 6, - №. 2. - 139 p. doi:10.7575/aiac.ijalel.v.6n.2p.
- 13 Teun A. van Dijk, Walter Kintsch. Strategies of Discourse Comprehension. New York: Academic Press, 1983. - 387p.
- 14 Макаров М.Л. Основы теории дискурса. - М.: ИТД ГК «Гнозис», 2003. - 280 с.
- 15 Гураль С.К. Дискурс-анализ в свете синергетического видения. - Томск: Изд-во Том. ун-та, - 2009. - 176 с.
- 16 Тичер С., Мейер М., Водак Р., Веттер Е. Методы анализа текста и дискурса. / Пер.с англ. – Х.: Изд-во Гуманитарный Центр, 2009. – 356 с.
- 17 Карлинский А.Е. Методология и парадигмы современной лингвистики. – Алматы: КазУМОиМЯ им. Абылай хана, - Алматы, 2009. - 352 с.

- 18 Карлинский А.Е. Принципы, методы и приемы лингвистических исследований. – Алматы: КазУМОиМЯ им. Абылай хана, 2003. - С.21.
- 19 Werth P. Text worlds: Representing conceptual space in discourse. – Harlow and New York: Pearson Education Limited, 1999. - 390 p.
- 20 Бронник Л.В. Языковая динамика в дискурсе: когнитивносинергетический подход: автореф. ...дис. на соиск. учен. степ. док. филол. наук. - М.: 2012, - 42 с.
- 21 Алефиренко Н.Ф. Дискурсивная синергетика «живого» слова // Научный альманах Ставропольского отделения РАЛК / Под ред. проф. Г.Н. Манаенко. Вып. 6. – Краснодар: Изд-во СГПИ, 2008. - С. 20-26.
- 22 Храмченко Д.С. Конфронтация коммуникантов в письменном английском деловом дискурсе: функционально-синергетический анализ // Мир науки, культуры, образования. 2013. № 5 (42). С. 286-290.
- 23 Halliday Michael. Current Ideas in Systemic Practice and Theory London: Pinter, 1991. -
- 24 Уәли Н. Қазақ сөз м әдениетінің теориялық негіздері. Монография. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2021. – 424 бет.
- 25 Кашкин В.Б. Введение в теорию коммуникации: Учеб. пособие. Воронеж: Изд-во ВГТУ, 2000. - 175 с.
- 26 Русакова О.Ф., Русаков В.М. PR-Дискурс: Теоретико-методологический анализ. Екатеринбург: УрО РАН, Институт международных связей, 2008. С.340.
- 27 Звягинцева В.В. Апеллятивы в семейном дискурсе: межкультурное сопоставление. -Монография / Курск, ЮЗГУ. 2013.
- 28 Анохина В.С. Семейное речевое общение: коммуникативный и адаптационный аспекты, LAP LAMBERT Academic Publishing - 2011. С.204. ISBN-10 : 3845422548.
- 29 Rebekah Johnson, Teachers College, Columbia University, Working Papers in TESOL & Applied Linguistics, 2007. - Vol. 7, - №2, - 26p. The Co-Construction of Roles and Patterns of Interaction in Family Discourse.
- 30 Shoshana Blum-Kulka, Parental Politeness in Family Discourse, Journal of Pragmatics, North-Holland 14 1990. - P. 259-288.
- 31 Shokhayeva K., Zhunissova M., Orynkhanova G., Zhunissova J., Linguistic and communicative aspects of argumentation in the business field of communication. Opción, Año 36, Regular 2020. - №91 – P.684-701. ISSN 1012-1587/ISSNe: 2477-9385.
- 32 Касумова М.Ю. Дискурс как объект междисциплинарного исследования // Язык. Текст. Дискурс. Ставрополь; Пятигорск: СГПИ; ПГЛУ, 2009. - С. 81–86.
- 33 Саденова А.Е. Диалогтық дискурс: қазақ тілін меңгерудің деңгейлік динамикасы: монография, - Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 194 б.
- 34 Лингвистика и аксиология: этносемиотрия ценностных смыслов: коллективная монография. - М.: ТЕЗАУРУС, 2011. - 352 с.
- 35 Арутюнова Н.Д. Дискурс // Лингвистический энциклопедический словарь. М.: Советская энциклопедия, 1990. - С. 136-137.

- 36 Чернявская В.Е. Дискурс как объект лингвистических исследований // Проблемы экономического дискурса: Сб. науч. ст. СПб.:СПбГУЭФ, - 2001. - С. 11-22.
- 37 Фуко М. Археология знания. Киев: НикаЦентр, - 2008. - 554 с.
- 38 Занадворова А.В. Цитата в семейной речи // Жизнь языка: сборник статей к 80-летию М.В. Панова / отв. ред. С.М. Кузьмина. М.: Языки славянской культуры, 2001. - С. 234–240.
- 39 Тұрсын Қ. Mass media және телекоммуникация терминдерінің қазақша-орысша-ағылшыншы анықтамалық сөздігі. «Қазақ энциклопедиясы» баспасы, Алматы, 2015. - 632 б.
- 40 Ширяев Е.Н. Семантико-синтаксическая структура русского разговорного диалога. Русский язык в научном общении. М., 2001. - №1 - С.132-147.
- 41 Красных В.В. Основы психолингвистики и теории коммуникации. Курс лекций-М ИТДГК «Гнозис», 2001. - 270 с.
- 42 Мухамадиев Х.С. Русский язык: учеб.пособие по научному стилю. - Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 147 с.
- 43 Жалалова А.М. Интонацияның дискурстық сипаты (қазақ және ағылшын тілдеріндегі материалдар негізінде. Фил.док.дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация, Алматы 2016. – 192 б.
- 44 Колшанский Т.В. Коммуникативная функция и структура языка. - М.: Наука, 1984. – 175 с.
- 45 Павлова Ю.В. Вербализация невербальных средств привлечения внимания в гендерном аспекте: на материале современного английского языка: дисс. ... канд.филос.наук. - Белгород, 2006. – 228 с.
- 46 Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация. - М., 2008. – 360 с.
- 47 Шалбаева А.Ж. Жақсылық / жамандық концептілерінің танымдық көрінісі (қазақ және орыс тілі материалы бойынша). Фил.ғыл.док.дәр. алу үшін дайындалған диссертация, Алматы 2010. – 133 б.
- 48 Маслова В.А. Лингвокультурология: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2001. – 208 с.
- 49 Багрян А.Ю., Аракелова А.Р. Концептуальное воплощение ценностей и антиценностей в научно-популярном дискурсе сферы информационных технологий как способ актуализации профессиональной аксиологической картины мира. Научный диалог. 2019. - №10 – С.61-78. <https://doi.org/10.24224/2227-1295-2019-10-61-78>.
- 50 Байрамова Л. К. Отражение во фразеологическом словаре ценностей и антиценностей. Проблемы истории, филологии, культуры, 2009. - №4 (26), - С.136-140.
- 51 Разоренов Д. А. Система ценностей и антиценностей в американском политическом сознании. Известия Тульского государственного университета. Гуманитарные науки, 2012. - №1, - С.503-509.

- 52 Adidi Dokpesi & Adidi Timothy & Obiagwu Obinna. A philosophical discourse on family values, domestic violence and divorce. - 2019. - Vol.1 - Issue 6.
- 53 Andreyeva E., Nazmieva E., & Nasrtdinova V. Taxonomy of Values and Anti-Values: the Material of the Russian and German Phraseology. Journal of History Culture and Art Research, 2017. - Vol.6(5), - P.301-309. doi:http://dx.doi.org/10.7596/taksad.v6i5.1251.
- 54 Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. - М.: Про-гресс, 1987. - 261 с.
- 55 Herder I.G. Samtliche Werke. Bd. I-XXXIII. В/1877-1913. Bd. II.
- 56 Аяпова Т.Т., Құрмамбаева Ж.Б. Сан атауларының мәдени бейне ретінде зерттелуі // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Көптілді білім беру және шетел тілдері филологиясы» сериясы, 2018. - №4(24), 28-3766.
- 57 Гумбольдт В.Ф. Избранные труды по языкознанию. - М.: Наука, 1991. - 267 с.
- 58 Звегинцев В.А. История языкознания XIX-XX веков в очерках и извлечениях. - Ч. 2. - М.: Наука, 1965. - 314 с.
- 59 Залевская А. А. Введение в психолингвистику - Москва: Российский государственный гуманитарный университет, 1999. - 382 с.
- 60 Шейгал Е.И. Семиотика политического дискурса: дис. ... док. филол.наук: – Волгоград, 2000. - 431 с.
- 61 Красных В.В. Основы психолингвистики и теории коммуникации: курс лекций – М.: ИТДГК «Гнозис», 2001. - 270 с.
- 62 Аракелова А.Р. Лингвоаксиологические характеристики современного англоязычного дискурса моды: дис. ...к.ф.н, - Пятигорск - 2017. - 222 с.
- 63 Карасик В.И. Коммуникативные нормы массовой культуры // Дискурс, культура, ментальность: коллективная монография /отв. ред. М.Ю. Олешков. – Нижний Тагил: Изд-во Нижнетагильской гос. соц.-пед. академии, 2011. - С. 18-34.
- 64 Койлыбаева Р.К., Жунисова М.А. Дискурстың аксиологиялық сипаты. Рәбиға Сәтіғалиқызы Сыздықтың туғанына 95 жыл толуына орай «Рәбиға Сыздық феномені: Қазақ тіл білімінің бүгіні мен болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы. Алматы, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, 22 қараша 2019, 111-115 б. ISBN 978 – 601-298 – 836-9
- 65 Pawlowski T. Aesthetic Values – Kluwer Academic Publishers. Dordrecht, Boston, London. – 1989. – 138 p.
- 66 Койлыбаева Р.К., Жунисова М.А. Ұлт ерекшелігін көрсететін отбасылық құндылықтар. ҚазҰУ хабаршысы, “Филология ғылымдары сериясы”, 2020. - №3(179), - P.122-129.
- 67 Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке (тарихи-этнографиялық шолу). – Алматы: Ғылым, 1973. – 328 б.
- 68 Исаева Г. Шаңырақ шаттығы. - А., 1997. - 182 б.

- 69 Шағырбаева М.Д. Қазақ қыздарының тәрбиесі туралы педагогикалық ойлардың даму тарихы және тенденциялары. пед.ғыл.канд. ...дисс: - Алматы, - 2010.
- 70 Арғынбаев Х. Қазақ отбасылық дәстүрлері.-Алматы: «Қайнар» баспасы, 2005. - 216 б.
- 71 Нишанбаева С.З. Педагогикалық жоғары оқу орындары студенттерінің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру. философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. - Алматы: 2019. – 192 б.
- 72 Макаренко А.С. Человек должен быть счастливым. - М.: «Карапуз», 2009. - С.288.
- 73 Аймауытов Ж. Тәрбиеге жетекші // Бала тәрбиесі. - 2008. - № 47. - Б. 38-43.
- 74 Педагогический энциклопедический словарь / гл. ред. Б.М.Бим - Бад. - М.: Большая рос. энцикл. 2002. - 528 с.
- 75 Байғұтова А. М. «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты. Алматы, 2008. – 138 б.
- 76 Бағашар Қ. Исламдағы бала тәрбиесі – Алматы; «Көкжиек-Б» баспасы, 2011. - 228 б.
- 77 Жарықбаев Қ. Ақылдың кені. (Ұлағатты сөздер). Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2008 - 216 б.
- 78 Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік) Адам.-Алматы: Дайк –Пресс, 2009. - 784 б.
- 79 Бегманов Қ. Халқы мықтының-салты мықты: этнографиялық сыр-сұхбат/-Алматы: «Өлке», 2010. - 480 б.
- 80 Пірәлиев С.Ж., Қасымбеков М.Б., Жампеисова Қ.Қ. және т.б. Мәңгілік ел: - Оқулық. Абай атындағы ҚазҰПУ- Алматы: «Ұлағат» баспасы, 2015. - 336 б.
- 81 Ахметжанова З.К. Нормы поведения в сфере родственных отношений. Научный журнал Павлодарского государственного университета им. С. Торайгырова. Вестник ПГУ 2010. - №1, - Б.19-26.
- 82 Қобланова А.Ж. Дәстүрлі мәдениеттегі ат тергеу ғұрпының лингвокогнитивтік қырлары. ҚазҰУ хабаршысы, «Филология ғылымдары сериясы», 2015. - №3(53), - Б. 71-75.
- 83 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі Алматы: Ғылым, 1977. - 712 б.
- 84 Кенжеахметұлы С. Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары: көпшілік оқырман қауымға арналған. Алматы, «Ана тілі», 1994 - 80 б.
- 85 Серікбол Х. «Қазақ пен қазан» <https://egemen.kz/article/212147-qazaq-pen-qazan-%E2%80%93-egiz-ughym>© egemen.kz. (дата обращения: 25.10.2022).
- 86 Маслова В.А. Введение в когнитивную лингвистику. - М.: Флинта, 2007. - 296 с.
- 87 Лакофф Дж. Когнитивное моделирование // Язык и интеллект. Москва, 1996. - С. 143-184.

- 88 Маслова В.А. Когнитивная лингвистика: Учебное пособие. Мн.: Тетра Системс, 2004. - С. 35-47.
- 89 Потебня А.А. Мысль и язык - М., 1999. - 300 с.
- 90 Тер-Минасова С.Г. Язык и межкультурная коммуникация, 2008. - 624 с.
- 91 Воркачев С.Г. Счастье как лингвокультурный аспект: Монография.– М.: Гнозис, 2004. - 236 с.
- 92 «Қазақ хандығы тұсындағы ханымдар мен арулар»: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары / (даярлаған Д.Қамзабекұлы). Астана: «Форма Плюс» баспасы, 2015. - 304 б.
- 93 Карасик В.И., Слышкин Г. Г. Лингвокультурный концепт как единица исследования // Методологические проблемы когнитивной лингвистики: Сб. науч. тр. / Под ред. И. А. Стернина. – Воронеж: ВГУ, 2001. - С. 75 - 80.
- 94 Ван Дейк Т.А. Язык. Познание. Коммуникация / Пер.с англ.: Сб. Работ.-М.: Прогресс, 1989. - 311 с.
- 95 Мұсатаева Ш.М., Тымболова А.О., Есенова Қ.Ө., лингвокогнитологияның өзекті мәселелері –Алматы, “Bookprint” ЖШС, 2014. - 257 б.
- 96 Minsky M. 1981 A framework for representing knowledge // D. Metzger ed. Frame conceptions and text understanding. - В.; N.Y.: Gruyter, 1980. - P.1-25.
- 97 Алефиренко Н.Ф. Проблема вербализации концепта. Волгоград: Перемена, 2003. - 154 с.
- 98 Есенова Қ.Ө., Дюсембина Г.Е. Лингвоаксиология (қазақ баспасөз материалдары негізінде). Алматы: ИП «Балауса», 2020. – 296 б.
- 99 Мәмет С. Егемен Қазақстан. <https://egemen.kz/article/164044-donor-ake-%E2%80%93-dubara-urpaq>© egemen.kz. (дата обращения:14.09.2022).
- 100 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008 – 968 б.
- 101 Қазақ халқының тарихи тұлғалары: Қысқаша анықтамалық /Құраст.: Ә.Көпіш. –Алматы: «Өнер» баспасы, 2016. - 3-кітап. –424 б.
- 102 Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. –Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2014. -728 б.
- 103 «Қазақ этикасы және эстетикасы». Құрастырушы: Ғабитов Т.Х. Жиырма томдық. 12-том. Астана: Аударма, 2007. - 455 б.
- 104 Есенова Қ.Ө. Әлеуметтік-семантикалық концептінің медиа кеңістіктегі репрезенттелуі. ҚазҰУ-нің Хабаршысы. Филология сериясы. 2017. - №3 – Б.167.
- 105 Қазақ тілінің сөздігі. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ғалымдар кеңесі басуға ұсынған. «Дайк-пресс» баспасы, көркемдеу, 1999. - 776 б.
- 106 Braun F. Terms of Address: Problems of Patterns and Usage in Various Languages and Cultures – Berlin: de Gruyter, 1988. – 372 p.
- 107 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов – М.: URSS, - 2004. – Изд. 5-е. - 576 с.

- 108 Койлыбаева Р.К., Жунисова М.А. Коммуникативтік контекст және оның отбасылық дискурста интерпретациялануы. Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы, «Филология ғылымдары сериясы», 2020. - №4 (74). – Б.98-102.
- 109 Stankiewicz E. Linguistics, poetics, and the literary genres // *New directions in linguistics and semiotics*. - A.: Benjamins, 1984. - P.155-178.
- 110 Lyons J. *Semantics*. - Cambr. etc.: Cambr. UP, 1977. – P. 897.
- 111 Шуай У. Сопоставительное исследование обращений в русском и китайском языках. Диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук. УФА - 2019, - 188 с.
- 112 Кронгауз М.А. Обращения как способ моделирования коммуникативного пространства // *Логический анализ языка: Образ человека в культуре и языке*. М., 1999. С. 124-134.
- 113 Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы (лингвистикалық және тарихи-этнографиялық талдау). Қазақ ССР-ның «Ғылым» баспасы. Алматы - 1971. - 216 б.
- 114 Формановская Н.И. *Культура общения и речевого поведения*. М.: URSS, 2018. - 238 с.
- 115 Алкебаева Д.А., Заурбекова Л.Ж., Абдуришид Я. Функционалды прагматика теориялары // *ҚазҰУ Хабаршысы, «Филология» сериясы* - Алматы, 2020, №1 (177). Б.87-92.
- 116 Койлыбаева Р.К., Жүніс М.Ә., Умбетбекова К.М. Отбасы дискурсының прагматикалық аспектісі // *Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ, «Филология ғылымдары» сериясы, № 3 (66) 2022. 88-99 бб.*
- 117 Stalnaker R.C. *Context and content: Essays on Intentionality in Speech and Thought*- New York: Oxford University Press, 1999. - 146 p.
- 118 Маслова А.Ю. *Введение в прагмалингвистику: учеб.пособие* / А.Ю. Маслова. – 3-е изд.-М.: Флинта: Наука, 2010. - 152с.
- 119 Остин Дж. *Слово как действие// Новое в зарубежной лингвистике.- Вып. XVI. –М.: Прогресс, 1986. - С.122-131.*
- 120 Почепцов Г.Г. Прагматический аспект изучения предложений (к построению теории прагматического синтаксиса) // *Иностранные языки в школе.-1975. - №6. - С.15-25.*
- 121 Серль Дж. Р. *Классификация иллокутивных актов // Новое в зарубежной лингвистике. – М.: Прогресс, - Вып. 17. – С. 170 – 195.*
- 122 Быковская С.А. *Стереотипные фразы с побудительной интенцией в коммуникации взрослых с детьми (на материале немецкого языка) // Вестн. Новосиб. гос. ун-та. Серия: Лингвистика и межкультурная коммуникация. 2015. - Т. 13, вып. 2. - С. 48–54.*
- 123 Мейірбеков А.Қ. Қазақ тіліндегі қалау, тілек мәнді сөйлеу актісін қатысымдық тұрғыдан оқыту. фил.док.дәрежесін алу үшін дайындалған... .дисс: - Түркістан. 2018. - 162 б.
- 124 Анохина В.С. *Стратегии тактики коммуникативного поведения в малой социальной группе (семье) // Вестник Ставропольского государственного университета. серия «Филология». - 2008. - №56. - С.64-71.*

- 125 Иссерс О.С. Коммуникативные стратегии и тактики русской речи. - М.: КомКнига, 2006. - 284с.
- 126 Винокур Т.Г. К характеристике говорящего. Интенция и реакция // Язык и личность. М.: Наука, 1989. - С. 11—23.
- 127 Формановская Н.И. Коммуникативное намерение и речевой этикет // Русский речевой этикет. - М., 2002. - 160с.
- 128 Темиргазина З.К. Современные теории в отечественной и зарубежной лингвистике. – Павлодар: ТОО НПФ «ЭКО», 2002. - 160 с.
- 129 Лемяскина Н.А., Стернин И.А. Коммуникативное поведение младшего школьника. –Воронеж: Центрально-Черноземное книжное издательство, 2000. - С. 10.
- 130 Сковородников А.П. О необходимости разграничения понятий «риторический прием», «стилистика фигура», «речевая тактика», «речевой жанр» в практике терминологической лексикографии // Риторика – Лингвистика. Вып. 5: Сб. статей. – Смоленск: СГПУ, 2004. - С. 5-11.
- 131 Матвеева Т. В. Учебный словарь: Русский язык, культура речи, стилистика, риторика. М., 2003. - 432 с.
- 132 Лазуткина Е. М. Коммуникативные цели, речевые стратегии, тактики, приемы // Культура русской речи. М.: ИНФРА-М, 2003. - 560 с.
- 133 Резницкая Г. И. Особенности семейного дискурса и его роль в процессе социализации ребенка // Вестник Московского государственного лингвистического университета. 2010. - С. 220–229.
- 134 Rusakov V.M. Category of concept-archetype-discourse: methodological innovation in the research toolkit of modern humanitarian knowledge/V.M. Rusakov//Bulletin of Nizhnevartovsk State University. 2010. - Т. 1, 2. - P.54.
- 135 Baranov A.N. Linguistic theory of argumentation (cognitive approach): abstract. dis.... Dr. Philol. Sciences: 10.02.01. - М.: In Russian. USSR Academy of Sciences. 1990. - 48 p.
- 136 Sevastyanova A.L. The value-conceptual paradigm of FAMILY in political discourse // Philology: scientific research. 2018. - №. 3. - S. 139 - 145. DOI: 10.7256/2454-0749.2018.3.26998.
- 137 Салихова Э.А., Нилова К.В. Интразона семейной коммуникации: социопсихолингвистический аспект. IASHE. Лондон. 2016. - С.203.
- 138 Серебренникова Е.Ф. Лингвистика и аксиология: этносемиотрия ценностных смыслов. – М.: Тезаурус, 2011. - 352 с. - ISBN 978-5-98421-117-8.
- 139 Galvin K. M. Diversity's Impact on Defining the Family: Discourse-Dependence and Identity. In L. H. Turner & R. West (Eds.), The family communication sourcebook. 2006. - P. 3-19.
- 140 Koilybayeva R., Zhunis M., Kusmanova K., Mirov M., & Missyachenko S. Patterns of Interaction in Family Discourse: A Resilience Theory Perspective. International // Journal of Society, Culture & Language, 2023. - №11 (1). - P.76-90. doi: 10.22034/ijscsl.2022.1975742.2850

- 141 Машимбаева А.Ж. Суггестивная форма казахских бата-пожеланий // Филологические науки. Вопросы теории и практики. 2013. Vol. 5 (23). Б. 142-144.
- 142 Гендерная вечеринка. <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%93%D0%B5%>. (дата обращения: 16.01.2023).
- 143 Авакова Р.А. Ұлт этномәдениетінің тілдегі көрінісі. Известия НАН РК. Серия общественных наук. 2011. - №2. - С. 31-36.
- 144 Dawson Paul & Han Inyee & Lynn Danielle & Lackey Jenevieve & Baker Johnson & Martinez-Dawson Rose. Bacterial Transfer Associated with Blowing Out Candles on a Birthday Cake. // Journal of Food Research. Vol. 6, №4. – P. 2017. doi:10.5539/jfr.v6n4p1
- 145 Дауылбайқызы М. Хайп қуамыз деп қара басып қалмасын.Сыр бойы. №17 (20091) 2 ақпан, сейсенбі 2021 ж. <https://syrboyi.kz/wp-content/uploads/2021/02/17-20091.pdf>. (дата обращения: 04.18.2023).
- 146 Сейдімбек А. Қазақ әлемі. Этномәдени пайымдау. Оқу құралы. – Алматы, «Санат» 1997. - 464 б.
- 147 Masten Ann & Barnes Andrew. Resilience in Children: Developmental Perspectives, 2018. - 5(7), - P. 98. <https://doi.org/10.3390/children5070098>.
- 148 Ledesma J. Conceptual frameworks and research models on resilience in leadership. Sage Open, 2014. - № (3), - P.1-8.
- 149 Ike Herdiana, Suryanto & Seger Handoyo Family Resilience: A Conceptual Review. Advances in Social Science, Education and Humanities Research, 2018. – №133. - 3rd Asean Conference on Psychology, Counseling and Humanities (AC-PCH 2017). DOI:10.2991/acpch-17.2018.9.
- 150 Walsh F. A. family resilience framework: Innovative practice applications. Family Relations, 2002. - №51(2), - P.130-137.
- 151 Patterson J. Integrating family resilience and family stress theory. Journal of Marriage & Family, 2002. - № 64(2), - P. 356.
- 152 Jacob Islary., Shagun Saklani Pandey. A discourse on perspectives to strengthening family resilience through social work methods. IAHRW International Journal of Social Sciences. Review, 2019. - №7(6-I), - P. 2109-2112.

ҚОСЫМША А

САУАЛНАМА

Жасыңыз _____

Жынысыңыз _____

Мамандығыңыз _____

Қандай отбасынансыз? Толық (ата-анасымен), толық емес (ерлі-зайыптылардың біреуінің болмауы), кеңейтілген (ата-әже, ата-ана, басқа да отбасы мүшелері), көп балалы.

1.Сіздің отбасыңызда қандай құндылықтар маңызды? Маңыздылық коэффициентіне қарай 1-ден 8-ге дейінгі сандармен белгілеп шығыңыз! Маңыздылығы ең жоғары құндылық 1 санынан басталады!

Отбасындағы сүйіспеншілік	
Отбасында баланың болуы	
Отбасы мүшелерінің бір-бірін қолдауы, қамқорлық көрсетуі, өзара түсіністік	
Бос уақытты отбасымен өткізу	
Материалдық жағдайдың болуы	
Отбасындағы тұрақтылық	
Ата-ананың рұқсаты	
Қоғамық көмектің болуы	

2.Отбасында кім маңызды шешімдерді қабылдайды?

- А) Әке
- Ә) Ана
- Б) Ата-ана екеуара шешім қабылдайды?
- В) Әркім өз мәселесіне жауапты

3. Отбасыңызда қандай отбасылық дәстүрлер бар? 3 жауапқа дейін таңдауыңызға болады

- А) Ұлттық мейрамдарды тойлауға қатысты қалыптасқан отбасылық дәстүрлер
- Ә) Отбасымен бірге кинотеатр, музей, театрға бару
- Б) Отбасылық альбомдар жинау
- В) Кешкі аста отбасы мүшелерінің бәрі бірдей дастархан басына жиналуы
- Г) Отбасылық мәселелерді бірге талқылау
- Д) Отбасы мүшелерінің жетістіктерін атап өтуге арналған дәстүрлер. Мысалы: (баланың алғашқы қадамы, 1-ші сыныпқа баруы)

4. Отбасыңызда аталмыш дәстүрлер қалай пайда болды?

- А) Отбасы ұйымшылдығы үшін мақсатты түрде енгіздік
- Ә) Отбасылық дәстүріміз ата-бабамыздан мұра болып беріліп келеді
- Б) Отбасылық дәстүр өздігінен қалыптасты

5. Отбасыңыз ұстанатын құндылықтарды отбасыңыздағы балалардың бойында қалай қалыптастырасыз?

- А) Отбасындағы қалыптасқан әдеп пен ережеге сәйкес үйренеді
- Ә) Баламен әңгімелесіп, отбасылық дәстүрдің маңыздылығы түсіндіріледі
- Б) Отбасында ата-ананың осы құндылықтарды өз бойынан көрсетуі нәтижесінде бала үйренеді

6. Сіздің отбасыңыздағы жиындарда қандай әндер айтылады?

7. Отбасыңызда балаларға түнде жатар алдында аңыз әңгімелер, ертегілер айтылады ма? Айтылса қандай әңгімелер немесе ертегілер екенін жазыңыз

ҚОСЫМША Ә

«Бекітемін»
Филология институтының
директоры
Ф.А.Д. Қауымд. проф. м. а.
А.В. Танжарықова
«20» қазан 2021 ж.

Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін оқу үдерісіне енгізу

АКТИСІ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті «8D02314 – Лингвистика» білім беру бағдарламасының PhD докторанты Койлыбаева Раушан Қуанышқызының «Қазақ отбасы дискурсының лингвоаксиологиялық аспектісі» тақырыбында орындаған ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері «6B02301 – Филология» білім беру бағдарламасына «Лингвоаксиологиялық дискурс» альтернатив курсы ретінде (2021-2022 оқу жылы) ұсынылды.

Абай атындағы ҚазҰПУ
Академик С.Қирабаев атындағы
қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының
меңгерушісі

Н.Ә. Ильясова

Ғылыми жұмысты орындаушы:

Р.К. Койлыбаева